

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

ӘОЖ 378.016:81

Қолжазба құқығында

ЖЕЛДИБАЕВА РАЙГУЛЬ СЕРИКОВНА

**Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби
құзыреттілігін дамыту**

8D01101 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
доктор PhD
Сапарғалиева А.Ж.

Шетелдік кеңесші
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор
Rimantas Zelvys

Қазақстан Республикасы
Талдықорған, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТИК СІЛТЕМЕЛЕР	4
АНЫҚТАМАЛАР	5
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	19
1.1 «Жаһандану», «Жаһандық білім беру» ұғымдарының мәні.....	19
1.2 Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрамы мен мәндік сипаттамасы.....	28
1.3 Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуының көрсеткіштері мен деңгейлері.....	50
1.4 Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі.....	69
2 ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫ	84
2.1 Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша тәжірибелік-эксперимент жұмысын ұйымдастыру.....	84
2.2 Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің диагностикасы.....	92
2.3 Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемесі.....	116
2.4 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері.....	137
ҚОРЫТЫНДЫ	169
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	171
ҚОСЫМША А – Ендіру актісі.....	184
ҚОСЫМША Ә – Анықтама.....	185
ҚОСЫМША Б – «Болашақ мұғалімдердің сыни ойлау дағдылары: олардың жүйелілігін, өзіне деген сенімділігі мен скептицизмін зерттеу» Patrick Severine Kavenuke, Mjege Kinyo.....	186
ҚОСЫМША В – «Жас зерттеушілердің зерттеу құзыреттілігін өлшеу» Sarah A. Marrs, Carla Quesada-Pallarès, Korinthia D. Nicolai, Elizabeth A. Severson-Irby.....	188
ҚОСЫМША Г – «Кәсіпкерлік дағдылар» Ivana Komarkova, Dimitri Gagliardi, Johannes Conrads, Antonio Collado.....	190
ҚОСЫМША Ғ – «Күнделікті көпмәдениетті құзыреттер/этномәдени эмпатияның қайта қаралған шкаласы» Mallinckrodt B., Miles J.R., Bhaskar T., Chery N.....	192
ҚОСЫМША Д – «Үздіксіз білім беру құзыреттілігі шкаласы: жарамдылық пен сенімділікті зерттеу» Hüseyin Uzunboylu, Çiğdem Hürsen.....	195

ҚОСЫМША Е – «Шиеленістерді шешу бойынша голландиялық тест» Yingshan Bao, Fangwei Zhu, Yue Hu, Ning Cui, Yuan Gu.....	198
ҚОСЫМША Ж – «Білімгерлердің жаһандық құзыреттілігін өлшеу: қытай үлгісіндегі құралды әзірлеу және эмпирикалық зерттеу» Yang Liua, Yue Yinb, Ruilin Wu.....	202
ҚОСЫМША И – «Білімгерлердің жаһандық құзыреттілігін өлшеу: қытай үлгісіндегі құралды әзірлеу және эмпирикалық зерттеу» Yang Liua, Yue Yinb, Ruilin Wu.....	205
ҚОСЫМША К – «Білімгерлердің жаһандық құзыреттілігін өлшеу: қытай үлгісіндегі құралды әзірлеу және эмпирикалық зерттеу» Yang Liua, Yue Yinb, Ruilin Wu.....	207

НОРМАТИВТИК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгіқалыптарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі: Қазақстан халқына жолдауы (01 қыркүйек 2021 ж.)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылдың 28 наурызда, №248 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №726 бекітілген.

Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319-III қабылданған (05.01.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Бұйрығы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы: 2022 жылдың 20 шілдесі, №2 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің м.а. Бұйрығы. «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы: 2022 жылдың 15 желтоқсаны, №500 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы: 2022 жылғы 3 тамызы, №348 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. Бұйрығы. Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы: 2022 жылдың 25 тамызда, №377 бекітілген.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Жаһандану – әлемнің әр түкпіріндегі елдер мен қоғам арасындағы құндылықтарды, білімді, технологияны және мінез-құлық ережелерін білу, бейімдеу және дамытуға қатысты процес.

Жаһандық білім беру – адамдарға қазіргі әлемнің күрделі болмысы мен жүйелерін түсінуге және өзара байланысты әлемнің қиындықтарына төтеп беруге мүмкіндік беретін құндылықтарды, көзқарастарды, білім мен дағдыларды дамытуға бағытталған процес

Педагог-психолог бұл – балалардың әлеуметтік бейімделуіне, олардың психологиялық дамуы мен мінез-құлқына жауап беретін білім беру ұйымының қызметкері.

Құзырет – практикалық тәжірибенің, шеберліктің және білімнің негізінде әрекет ете білу. Адамның ішкі потенциалы, іс әрекет алгоритімі, құндылықтар мен қатынастар жүйесі.

Құзыреттілік – жоғары оқу орнында оқу нәтижесінде алған білім, білік, дағдыны және кәсіби өзін-өзі дамытуға бағытталған іс- әрекеттің жоғары сапалы болуы үшін қажетті өзара байланысты жеке тұлғаның қасиеттер жиынтығы.

Кәсіби құзыреттілік – адамның жеке-тұлғалық сапамен ұштасқан білім, білік, дағдыларын қандай да бір кәсіби салада қолдана алу қабілеті

Жаһандық құзыреттілік – жаһандық сипаттағы және мәдениетаралық өзара әрекеттесу мәселелерін әртүрлі көзқарастардан сыни тұрғыдан қарастыру қабілеті.

Даму – табиғи өзгеру, бір күйден екінші неғұрлым жетілдірілген күйге ауысу, ескі сапалық күйден жаңаға, қарапайымнан күрделіге, төменнен жоғарыға көтерілу үрдісі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	– Қазақстан Республикасы
ЖОО	– Жоғары оқу орны
ЖЖОКБҰ	– Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
PISA	– Programme for International Student Assessment/Халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасы
ЕЖБК	– Еуропалық жоғары білім кеңістігі
БАҚ	– бұқаралық ақпарат қызметі
ЮНЕСКО	– Біріккен ұлттар ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы
NEA	– National Education Association/Ұлттық білім беру ұйымы
ЭЫДҰ	– Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы
LLL	– Life long learning/өмір бойы білім алу
ICC	– Intercultural communicative competence/мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік
IELTS	– International English Language Testing System/ ағылшын тілі бойынша халықаралық тестілеу жүйесі
TOEFL	– Test of English as a Foreign Language/ағылшын тілін шет тілі ретінде тестілеу
SWOT	– Strengths, Weaknesses, Opportunities and Threats / күшті, әлсіз, мүмкіндіктер мен қауіптер

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Бүгінгі таңда кәсіпқойлық – маманның бәсекеге қабілеттілігінің маңызды шарты, жұмысқа орналасуының өзіндік кепілі, ұлттық еңбек нарығының тиімді жұмыс істеуінің негізгі факторы болып табылады. Осыған байланысты білім беру мен ғылым салалары үшін жоғары білімді және жоғары білікті мамандар ұлттық еңбек нарығындағы мемлекеттік саясаттың ажырамас құрамдас бөліктерінің біріне айналуға міндетті. Бұдан бөлек, жоғары білім берудің басым міндеті қазақстандық білім беру мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

ҚР Президенті Қасым – Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халқына жолдауында еліміздің болашағын қазақстандықтардың әлеуетін ашу үшін жаңа мүмкіндіктер құрумен байланыстыра келе, қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалу мүмкіндігін алға тартып, құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндеті тұрғанына тоқталды [1].

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында «2029 жылға дейін жоғары білім беруді дамыту саясатын іске асыру заңнамалық негізді, ЖЖОКБҰ-ның дербестігін, университеттер мен ғылыми институттарға таланттарды тартуды, білім мен құзыреттілік деңгейін арттыруды, жаһандық құзыреттерді ескере отырып, дамушы технологиялар мен болашақ экономикасына негізделген ЖЖОКБҰ-ның заманауи білім беру бағдарламаларын қамтамасыз етуге бағытталған», – деп көрсетілуі [2], өз кезегінде, болашақ педагог-психологтардың бәсекеге қабілетті болуын, кәсіби құзыреттілігін дамытудағы жаңашыл, жаһандық талаптарға сәйкес жолдарын қарастыруды талап етеді.

Педагог-психологтардың кәсіби қызметі мен еңбек функциялары оның кәсіби стандартында бекітілген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Болашақ педагог-психолог білім беру процесіне қатысушылардың қиындықтарын айқындау және диагностикалау, білім беру және әдістемелік-ұйымдастырушылық қызметі кезінде психологиялық көмекті көрсетуді қамтамасыз ету үшін жоғары оқу орнында дайындықтан өтеді [3].

Осыған орай, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының «Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру» міндетінің үшінші іс-шарасы ретінде дағдылар мен құзыреттіліктерді дамыту бойынша үздіксіз білім беруді қамтамасыз ету, оның ішінде техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектерін қолдау және «апгрейд» көрсетілген [4]. Бұл дегеніміз – білім сапасын көтерудегі құзыреттілікті дамытудың өзектілігін дәлелдейді. Олай болса, кәсіби құзыреттілік қазіргі заманғы педагог-психологтардың кәсіби қызметіндегі негізгі шарттардың бірі болып табылады.

Жоғарыда аталған мәселелер өзектілігінің құндылығын Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы [5], Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты [6], Мектепке

дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары және т.б. мемлекеттік құқықтық-нормативтік құжаттар да айқындай түседі [7].

Кәсіби қызметті жеке тұлғаның мәдениеті ретінде анықтай отырып, кеңестік және ресейлік философтар В.Г. Афанасьев [8], А.Н. Аверьянов [9], В.Н. Садовский [10], Э.Г. Юдин [11] мен отандық философтар Ж.М. Абдильдин [12], К.А. Абишев [13], А.С. Балгимбаев [14] ашық ұтымдылық тәсілдері аясында білім беру тұжырымдамаларын қалыптастыруда жеке тұлғаның қажеттіліктерін ескеруді алға тартады. Бұл тәсіл кәсіби білім беруді ашық жоба ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мұнда өзін-өзі тәрбиелеу мүмкіндігі қалыптасқан құзыреттілікке тікелей байланысты.

Ғылым мен практикада, мамандардың кәсіби қызметін ұйымдастыруда әртүрлі ұстанымдар қалыптасқан. Кәсіби дайындық – еңбек қызметінің бір саласы үшін маман қалыптастыру үрдісі, ең алдымен, психологиялық аспектімен байланысты болып табылады. Бұл бағытта зерттеу жүргізген психолог-ғалымдар арасында С.Л. Рубинштейн [15], Б.Г. Ананьев [16], Л.И. Божович [17], А.Н. Леонтьев [18]; қазақстандық ғалымдар арасында Ж.И. Намазбаева [19], Н.Қ. Тоқсанбаева [20], Р.К. Аралбаева [21] сынды ғалымдарды атап өту қажет.

Зерттелетін мәселені педагогикалық тұрғыдан терең және жан-жақты зерттеуге Ю.К. Бабанский [22] өз еңбектерінде назар аударады. Н.В. Кузьмина [23] мұғалімнің кәсіби қызметінің құрылымын зерттеу бойынша үлкен жұмыс атқарды. Кәсіби қызметте мұғалімнің жеке басының ерекшеліктерін зерттейтін В.А. Сластениннің [24] зерттеулері ерекше назар аударуға тұрарлық. Р.И. Хмельок [25] өз зерттеулерінде мұғалімдердің, кәсіби іріктеуіне ерекше назар аударуды ұсынады, Ю.А. Конаржевский [26] мұғалім қызметінің тиімділігі педагогикалық еңбектің ғылыми ұйымдастырылуына байланысты екенін дәлелдеді. В.П. Беспалько [27] педагогикалық шеберлікті қалыптастыруға баса назар аударады. Бұл зерттеулер ғалым педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен дамыту мәселелерін зерттеуге негіз болды.

Қазақстанда педагогикалық кадрларды дайындау мәселесінің әдіснамалық-теориялық негіздерін анықтауда Н.Д. Хмель [28], К.С. Оспанов [29], Ж.А. Караев [30], Н.Н. Хан [31] өз үлестерін қосқан.

Салыстырмалы түрде педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесі жаңа әрі кешенді екені сөзсіз. Себебі бұл бізден бірнеше топтағы ғылыми әдебиеттерге жүгінуді талап етті.

Ең алдымен мамандардың құзыреттілігін түрлі аспектіде зерттеген ғалымдар К.С. Құдайбергенова [32], Г.Ж. Меңлібекова [33], Ш.Т. Таубаева [34], С.С. Құнанбаева [35], Э.Б. Жалолова [36], Г.Ж. Джадрина [37], Д.Т. Қаңлыбаева [38], А.И. Турчинов [39], А.В. Хуторской [40], И.А. Зимняя [41], Ю.В. Варданян [42], Р. Vare [43], R. Voyatzis [44]; құзыреттілік мәселесін педагогикалық тұрғыдан қарастырған ғалымдар қатарында Горбунова Н.В. [45] (құзыреттілік көзқарас призмасы арқылы педагогикалық білім беру), Н.В. Евдокимова [46]

(қазіргі, педагогикалық практикада «құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдарының қалыптасуы), Шадриков В.Д. [47] (педагогикалық қызметтің негізгі құзыреттері) сынды ғалымдардың еңбектерін ескерген жөн.

Педагог-психологтардың кәсіби қызметінің әдістемесі келесі отандық зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты: Р.К. Төлеубекова [48], А.Ж. Жақсыбаева [49], Б. Бақытбекқызы [50], А. Мағауова [51], Ж. Салханова [52], А. Сапарғалиева [53].

Педагог-психологтардың кәсіби қызметін зерттеу нысанына алған шетелдік зерттеушілердің қатарында: L.F. Lowenstein [54], Yu.M. Zabrodin [55], Juan Fernández [56], Е. Славутская [57], Д. Давыдов [58], В. Чмыхова [59] сынды ғалымдардың еңбектерін атап өткен жөн.

Республикада болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен дамыту мәселесінің кейбір аспектілері зерттеледі. Бұл мәселені қарастыруда келесі ғалымдар елеулі үлес қосты: болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру (П. Абдуллаева) [60], болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары (А. Аманова) [61], болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру (Т.М. Есимғалиева) [62], болашақ педагог-психологтардың коммуникативті құзыреттіліктері (А.М. Гани, А.Ж. Аяганова) авторлардың еңбектерінде қарастырылған [63].

Шетелдік ғалымдар арасында: «Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі» (Е.В. Барышникова) [64], «Жаңа білім беру жағдайында педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі» (Е.М. Фещенко) [65], «Болашақ педагог-психологтардың өзіндік білім беру қызметіндегі кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» (З.М. Алисултанова) [66], «Педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің өлшемдері» (А.А. Margolis) [67], «Студенттер тұрғысынан қарастырылатын педагогикалық психология саласындағы кәсіби құзыреттер» (Verónica Marín, Ignacio González López, Jorge F. Figueroa Flores) зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты зерттелген [68].

Диссертациялық жұмысымызда, біз, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды жаһандану жағдайы тұрғысынан зерттедік. Ал, жаһандану, өз кезегінде, бұл – жан-жақты, кең ауқымды үрдіс. Оны біз халықаралық қатынастарды, экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени үрдістерді интернационалдандырудың қазіргі кезеңі ретінде қарастырамыз. Білім беру жүйесінде жаһандану үрдісінің нәтижесінде «жаһандық білім беру», ұғымы пайда болды. Жаһандық білім беру-бұл болашақ мамандарға өз ойлары мен өзара байланысты жаһандық қоғамдағы өзіндік рөлімен бөлісуге және әлеуметтік, экологиялық, саяси және экономикалық күрделі мәселелердің байланысын түсіне отырып, талқылау үшін ойлаудың жаңа тәсілдерін қалыптастыру мүмкіндігі.

Жаһандану жағдайында білім беру мәселесін зерттеуде өз үлесін қосқан ғалымдар қатарына: P. Scott [69], Sandra L.Russo [70], Sadegh Bakhtiari [71], Wing On Lee [72], Н.М. Alhothali [73], K.R. Breitzkreuz, T.D. Songer [74] С.В. Камашев [75], К. Оразбаева кіреді.

Мәселе бойынша әдебиеттерге арнайы шолу бұл ғылыми жұмыстардың барлығы ерекше ғылыми қызығушылық тудыратынын және қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін көрсетеді.

Аталған ғылыми еңбектердің ішінде біздің зерттеу жұмысымызда қарастырылып отырған мәселеге жақын келетін ғылыми еңбектің авторы К. Оразбаеваның «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысына арнайы талдау жасап, біздің ғылыми еңбектен ерекшеліктерін айқындауды жөн көрдік [76].

Біріншіден, ғалым К. Оразбаева [76, б. 3-156] өзінің диссертациялық жұмысының субъектісі ретінде болашақ мұғалімдерді қарастырған. Ал, «Педагог» кәсіптік стандартына сәйкес, мектеп педагогы мамандығының кәсіби қызметіне: оқу процесін жүзеге асыру, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау, мамандыққа деген қоғамдық сенімді қолдау және білім алушыларды құндылықтармен қызықтыру, оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыру кіреді. Яғни мектеп педагогының қызметінің негізгі мақсаты – білім алушының жеке басының білімін, іскерлігін, дағдыларын және интеллектуалдық, адамгершілік, шығармашылық және физикалық дамуын қалыптастыру болып табылады. Ендігі кезекте, осы стандартқа сәйкес, *педагог-психологтардың* кәсіби қызметін қарастыратын болсақ, педагог-психолог білім беру үрдісіне қатысушылардың қиындықтарын айқындау және диагностикалау, білім беру және ұйымдастырушылық-әдістемелік қызмет кезінде психологиялық көмекті сүйемелдеуді қамтамасыз етуді мақсат ете отырып, келесі кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асырады: психологиялық-педагогикалық бейіні мен мақсатына диагностика жүргізу, білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық көмекті көрсетуді, білім беру ортасын құру жағдайында психологиялық-педагогикалық мониторинг жүргізу, білім беру қызметінде дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлауда оқу-әдістемелік жұмысты қамтамасыз ету. Демек, К. Оразбаеваның диссертациялық жұмысының зерттеу пәні болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады, яғни, екі еңбекте зерттеу нысанына алынып отырған болашақ мұғалімдер мен болашақ педагог-психологтардың болашақ кәсіби қызметіндегі функциялары ерекшеленеді және сәйкесінше кәсіби құзыреттілікке деген пайым мен тұғырлар да әртүрлі болатыны сөзсіз.

Екіншіден, автор К. Оразбаева өзінің диссертациялық жұмысында жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін пәнін ғаламдық мәселелерге бағыттай алуға негіз болатын білімдері, ақпараттық, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері, жергілікті және ғаламдық жауаптылықты сезіну қабілеттерінен тұратын, әлем азаматын қалыптастыруға дайындығын көрсететін олардың кіріктірілген күрделі сапасы ретінде түсіндіреді. Яғни, берілген ғылыми еңбекте жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды бірнеше тілдерді меңгерумен, соның арқасында мәдениетаралық біліктері, ғаламдық ортамен тиімді әрекеттесе алу біліктері, ақпараттық сауаттылық, қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарудағы, және өзіне жүктелген жауапкершілікті сезіну сияқты сапаны өзгеріп жатқан әлемнің білім беру кеңістігіндегі педагогикалық

әрекетте жүзеге асыруда көрінетін мұғалімнің кәсіби даярлығының көрсеткіші ретінде ұсынылады. Ал біз өзіміздің диссертациялық жұмысымызда жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға және біздің ойымызша олардың болашақта жаһандану жағдайында ұтымды еңбек етуге кепіл бола алатын үш нақты құзыретті (инновациялық, толеранттылық және жаһандық) және әрқайсына тиесілі өлшемдерді (инновациялық – сыни ойлау, зерттеушілік, кәсіпкерлік; толеранттылық – эмпатия, өзін-өзі дамыту, шиеленістерді шешу; жаһандық – әлемді тану, мәдениетаралық коммуникация, шет тілін меңгеру) ұсынамыз және бұл өлшемдер жаһандық талаптарға сай кәсіби құзыреттілігін шыңдаған білімгерлердің артықшылығын нақты дәлелдеуге мүмкіндік береді деп есептейміз.

Үшіншіден, екі диссертациялық жұмыста зерттеу бағытына сәйкес таңдалған әдістемелер мен сауалнамалар, тесттер өзгеше. Зерттеуші К. Оразбаева ғылыми тұрғыдан дәлелденген төрт әдістемені іріктеп алып, авторлық сауалнама әзірлеген. Оның ішінде: Т.И. Ильиннің «ЖОО-да білім алу мотивациясын зерттеу» әдістемесін, «Өзіндік даму деңгейін анықтау диагностикасы» (Е.П. Никитин, Н.Е. Харламенкова) сауалнамасын, Е.И. Роговтың «Өзіңіздің шығармашылық әлеуетіңізге баға беріңіз» сауалнамасын және «Дж. Роттер бойынша бағалау локусын зерттеу» әдістемесін негізге алған. Ал біз өзіміздің зерттеу жұмысымыздың құрылымдық-мазмұндық моделдің тиімділігін дәлелдей алатын соңғы жылдардағы шетелдік ғалымдардың авторлық сауалнамаларын бейімдеп, қолдандық. Ұсынылған үш құзыретке тиесілі жалпы саны тоғыз өлшемге арнайы жеке әдістеме таңдалып, диагностика жүргізілді.

Берілген талдауда біз екі жұмыстың тек кейбір өзіміз маңызды деп санайтын аспектілеріне тоқталып өттік. Талдаудан көріп отырғанымыздай, екі ғылыми жұмыстың тақырыбының ұқсастығына қарамастан, бұл диссертациялық жұмыстардың мазмұны, құрылымы, негізгі қағидалары мен ғылыми жаңалықтары мүлдем өзгеше әрі дербес. Дегенмен, біз ғалым К. Оразбаеваның «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысының ғылыми маңыздылығын ескере отырып, жаһандану жағдайында болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін зерттеу мәселесіне зор үлесін қосты деп есептейміз.

Сонымен, зерттеу барысында, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымы қандай болуы қажет, бұған дейін зерттелген ғылыми жұмыстардағы ұсынылған болашақ маманның кәсіби құзыреттілік мәселесі жаһандық талаптарға сәйкес қалай өзгеруі тиіс деген сияқты көптеген сұрақтар туындайды. Сондықтан, біздің ойымызша, жоғары оқу орындарында болашақ педагог-психологтарды қазіргі жаһандану жағдайында кәсіби қызметке дайындау үрдісін жаһандық талаптарға сай қайта қарау, оның теориясы мен ғылыми-әдістемелік негіздерін жаңарту мәселесі даярлау аспектісі және «жаһандық талаптарға сәйкес кәсіби құзыретті» түлектерді даярлау мүмкіндігі мен қажеттілігі жаңа әрі зерттеу үшін маңызды мәселе болып табылады.

Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен дамыту мәселесінің кейбір аспектілерінің зерттелгендігін, «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» мәселелерінің басым зерттелгендігін көрсетті. Алайда болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін жаһандық талаптарға сәйкес дамыту мәселесі ғылыми әдебиеттерде қарастырылмағандығы осы процесті теориялық тұрғыдан зерттеп, оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандыру қажеттілігін байқатады. Осы тұрғыдан қоғам сұранысы мен бүгінгі ғылым мен практика арасында келесідей **қарама-қайшылықтар** бар екендігі анық:

а) болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін жаһандық талаптарға сәйкес дамытуға қоғамның сұранысы мен оны дамытуға болашақ педагог-психологтардың дайындығы мәселесінің зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі арасында;

ә) жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесін зерттеу қажеттілігі мен оның теориялық негіздерінің айқындалмауы арасында;

б) жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда жоғары оқу орындарында білім беру процесінің жоғары мүмкіндіктері мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмауы арасында.

Осы аталған қарама-қайшылықтар зерттеу жұмысының өзектілігін арттырады және жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың өз кәсіби іс-әрекетін тиімді атқарудың мазмұны мен қажетті құзыреттердің құрамын анықтауды, оны кәсіби білім алу барысында дамытудың шарттары мен әдістемесін айқындауды қажет етеді және зерттеу **мәселесін** туындатады.

Сол себепті, мәселенің көкейкестілігі мен аталған қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру диссертациялық жұмыстың тақырыбын «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» - деп таңдауға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты: жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды теориялық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеу нысаны: болашақ педагог-психологтарды кәсіби даярлау процесі.

Зерттеу пәні: жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Зерттеудің ғылыми болжамы: *егер*, теориялық-әдіснамалық талдаулар негізінде жаһандану жағдайындағы болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі ұғымының мәні нақтыланса, оның дамуының көрсеткіштері мен деңгейлері айқындалса, аталған дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалса және оны жүзеге асырудың әдістемесі әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілсе, *онда* болашақ педагог-психологтардың жаһандық білім беру талаптарына сәйкес инновациялық, толеранттылық, дүниетанымдық құзыреттері деңгейі жоғарылайды, *өйткені*

аталған дамыту процесі тұжырымдамалық, мазмұндық, нәтижелік тұрғыдан камтамасыздандырылады.

Зерттеудің міндеттері:

1. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі ұғымының мәнін нақтылау.

2. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуының көрсеткіштері мен деңгейлерін айқындау.

3. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау.

4. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеудің жетекші идеясы: Болашақ педагог-психологтарды жаһандық білім беру талаптарына сәйкес кәсіби даярлау жоғары білім беруді жаңа сапалық деңгейге көтеруге және орта білім беру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін жаһандану жағдайында дамыту бойынша философиялық және психологиялық қағидалар, тұлғаны дамытуға бағытталған жүйелік, іс-әрекеттік пен құзыреттілік тұғырдың тұжырымдамалық қағидалары; философтардың, психологтардың, ғалым педагогтардың, әлеуметтанушылар мен мәдениеттанушылардың көзқарастары, еңбектері, тұжырымдары мен зерттеулері және автордың жоғары оқу орнының оқытушысы ретінде жеке тәжірибесі мен жарыққа шыққан ғылыми еңбектері.

Зерттеу көздері: «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, «Педагог» кәсіптік стандарты, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына ұсынатын жолдауының стратегиялық бағдарламалары, ғылыми педагогикалық мерзімді басылымдар.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Бірінші кезең (2019-2020) – зерттеу мәселесі анықталып, оның мақсаты мен міндеттері айқындалды, зерттеудің ғылыми аппараты дайындалды. Отандық, шетелдік іргелі ғылыми зерттеулерге талдау жасау барысында қарастырылып отырған мәселенің теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды. Тақырып бойынша материалдар сұрыпталып, жинақталды. Ғылыми мақалалар дайындалып, басылымдарда жарық көрді. Тәжірибелік алаңдар анықталып, эксперименттік жұмыстың жоспары, таңдау курсының оқу бағдарламасы дайындалды.

Екінші кезең (2020-2021) – жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша материалдар сұрыпталды, «жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі» ұғымына мәндік сипаттама беріліп, құрамы жасалды. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды

жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың көрсеткіштері негізінде деңгейін анықтайтын диагностикалық әдістемесі іріктелді. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемесі жасалды. Элективті курс пен тренинг бағдарламасы әзірленіп, оқу процесіне ендірілді. Анықтау эксперименті жүзеге асырылды.

Үшінші кезең (2021-2023) – жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту моделі негізінде қалыптастыру эксперименті жалғасын тапты, алынған нәтижелер сұрыпталып, өңделіп, құрылымы бойынша жүйеленді. Эксперимент мәліметтерін қорытынды өңдеу, қорытынды жасау, зерттеудің нәтижелерінің қолданылуы мен оны рәсімдеу жұмысы жасалды.

Зерттеудің әдістері:

Зерттеудің мақсатына жету үшін, қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін және бастапқы теориялық ережелерді тексеру үшін мынадай зерттеу әдістері қолданылды:

1) теориялық әдістер: зерттеу мәселесі бойынша философиялық, әлеуметтанушылық, педагогикалық, психологиялық ғылыми әдебиеттерге теориялық-әдіснамалық талдау жасау, салыстыру, озық іс-тәжірибелерді жинақтау, зерттеудің нәтижесін жобалау, үлгілеу, тұжырымдау;

2) эмпирикалық әдістер: сауалнама, бақылау. Зерттеуді сынықтан өткізу барысында шетелдік ғалымдардың бейімделген авторлық сауалнамалары: Patrick Severine Kavenuke, Mjege Kinyo және Joel Jonathan Kayombo [77] «Болашақ мұғалімдердің сыни ойлау дағдылары: олардың жүйелілігін, өзіне деген сенімділігі мен скептицизмін зерттеу», Sarah A. Marrs, Carla Quesada-Pallarès, Korinthia D. Nicolai, Elizabeth A. Severson-Irby және J. Reinaldo Martínez-Fernández «Жас зерттеушілердің зерттеу құзыреттілігін өлшеу» [78], Ivana Komarkova, Dimitri Gagliardi, Johannes Conrads, Antonio Collado «Кәсіпкерлік дағдылар» [79], Mallinckrodt B., Miles J.R., Bhaskar T., Chery N., Choi G., Sung M.R. «Күнделікті көпмәдениетті құзыреттер/этномәдени эмпатияның қайта қаралған шкаласы» [80], Hüseyin Uzunboylu, Çiğdem Hürsen «Үздіксіз білім беру құзыреттілігі шкаласы: жарамдылық пен сенімділікті зерттеу» [81], Yingshan Bao, Fangwei Zhu, Yue Hu, Ning Cui, Yuan Gu «Шиеленістерді шешу бойынша голландиялық тест» [82], Yang Liua, Yue Yinb, Ruilin Wu «Білімгерлердің жаһандық құзыреттілігін өлшеу: қытай үлгісіндегі құралды әзірлеу және эмпирикалық зерттеу» [83];

3) статистикалық әдістер: NCSS графикалық және статистикалық бағдарламасы арқылы сәйкестік индексінің есептеулерін ескере отырып, әрбір сауалнаманың мәндік валидациясы жүргізілді. Компоненттердің түйінділігін талдау есепке алынып, құзыреттердің қорытынды моделі валидацияланды. Алынған нәтижелердің сипаттамасы берілді.

Зерттеудің негізгі базасы: Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы теориялық маңыздылығы:

1. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің мәні анықталып, құрамы айқындалып, оның сипаттамасы негізделді.

2. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуының инновациялық, толеранттылық, дүниетанымдық құзыреттерге сәйкес көрсеткіштері мен деңгейлері айқындалды.

3. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалып, тұжырымдамалық, мазмұндық және нәтижелік бөліктерден тұратын құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды.

4. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың мотивациялық, білімділік, біліктілік кезеңдерден тұратын әдістемесі әзірленді және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: зерттеу барысында қол жеткізген теориялық қағидалар мен тұжырымдар білім беру мазмұнын жаңартуға арналған «Formation of global competence in the context of higher education» атты элективті курсының бағдарламасын және «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты тренингті жоғары оқу орындарында іске асыру арқылы педагог-психологтарды дайындау үрдісін модернизациялау, сапасын арттыруға ықпал етеді.

Диссертациялық жұмыс бойынша қол жеткізілген ғылыми-теориялық нәтижелерді және олардың негізінде әзірленген әдістемелік ұсыныстар ЖОО-ның білім беру үрдісінде, осы бейіндегі мамандардың біліктілігін арттыру және қайта дайындау курстарында, практикаға бағытталған бағдарламаларын әзірлеу кезінде, оқу-әдістемелік құралдарды дайындау үшін пайдаланылуы мүмкін, сондай-ақ ЖОО оқытушылары үшін практикалық семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізу кезінде бағдарламаға енгізілуі мүмкін.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дегеніміз олардың диагностикалық, коррекциялық, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу функцияларын жүзеге асырудағы жаһандық білім беру талаптарына сәйкес гумандық ұстанымдағы толеранттылық тұлғалық сапасы мен инновациялық, дүниетанымдық білім, білік, дағдыларының кіріктірілген жиынтығы.

2. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың көрсеткіштері мен деңгейлері инновациялық, толеранттылық, дүниетанымдық құзыреттерінің құрамына сәйкес және Б. Блумның оқу мақсаттарының дәстүрлі классификациясына негізделіп айқындалады және жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуын бағалаудың тиімділігін көрсетеді.

3. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі тұжырымдамалық

(мақсаты, әдіснамалық тұғырлар, жаһандық білім беру принциптері), мазмұндық (дамыту процесінің мазмұны, формалары, әдістері, құралдары, кезеңдері), нәтижелік (көрсеткіштері, деңгейлері, диагностикалық әдістері) бөліктерінің бірлігін қарастырады.

4. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың деңгейлерін Б. Блум таксономиясына негіздеп айқындайтын диагностикасын; жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін мотивациялық, білімділік, біліктілік кезеңдермен дамытудың әдістемесін: «Formation of global competence in the context of higher education» элективті курсы, «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты тренингін, «Secret of success of educational psychologist» ашық есік күндері мен «10 сұхбат» аудиториядан тыс іс-шараларын практикаға ендіруді біз ұсынған инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданып жүзеге асырғанда нәтижелі болады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі: теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік тұрғыда негізделуімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен, зерттеу мақсатына сәйкес кешенді әдіс-тәсілдер қолданылумен; теориялық білімді және тәжірибеден алынған деректерді салыстырумен, докторанттың өзіндік іс-әрекетінің қалыптасуына арналған философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектердегі қағидалардың басшылыққа алынуымен, ЖОО оқу үдерісіне зерттеудің нәтижелерін енгізуімен дәлелденді.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі. Диссертациялық жұмыстың басты нәтижелері 10 ғылыми еңбекте жарық көрген. Оның ішінде: Scopus деректер қорына енетін шетелдік басылымда 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған журналдарда 5 мақала, халықаралық және республикалық ғылыми журналдар мен ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында 4 мақала жарық көрді:

1. The adaptation and validation of the global competence scale among educational psychology students // International Journal of Education and Practice. – 2023. – Vol. 11, Issue 1. – P. 35-46 (докторанттың үлесі – 100%).

Мақалада болашақ педагог-психологтар арасында жаһандық құзыреттілік шкаласын бейімдеу және валидациялау қарастырылады.

2. Development of professional competencies of future pedagogue-psychologists in the context of globalization // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журналы. – 2020. – №1-2. – Б. 112-117 (Бірлескен автор А.Ж. Сапарғалиева; докторанттың үлесі – 85%).

Мақалада жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесі қарастырылады.

3. Conditions for the development of professional competencies of future pedagogue-psychologists in the context of globalization // Bulletin of KazNPU named after Abai. Series «Psychology». – 2020. – №3(67). – P. 87-91 (Бірлескен автор А.Ж. Сапарғалиева; докторанттың үлесі – 85%).

Мақалада жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың шарттары қарастырылады.

4. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың өзекті мәселелері // Торайғыров университетінің Хабаршысы. – 2021. – №2 – Б. 192-201 (Бірлескен автор А.Ж. Сапарғалиева; докторанттың үлесі – 85%).

Мақалада болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың өзекті мәселелері қарастырылады.

5. Қазақстандық ЖОО-дарындағы болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктеріндегі «жаһандық құзыреттіліктің» рөлі // Торайғыров университетінің Хабаршысы. – 2021. – №4. – Б. 367-375 (докторанттың үлесі – 100%).

Мақалада қазақстандық ЖОО-дарындағы болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктеріндегі «жаһандық құзыреттіліктің» рөлі қарастырылады.

6. The development of critical thinking among future teachers-psychologists in the context of globalization // Bulletin of Toraighurov University. Pedagogic series. – Pavlodar, 2023. – Issue 1. – P. 127-133 (Бірлескен автор Z. Rimantas; докторанттың үлесі – 85%).

Мақалада жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың сыни ойлау дегенді дамыту мәселесі қарастырылады.

7. Defining «global competence» in the framework of Kazakhstani educational psychologists' professional competence // The Scientific Heritage. – 2022. – Vol. 87, Issue 2. – P. 19-23. (Бірлескен авторлар А.Ж. Сапарғалиева, Z. Rimantas 20%; докторанттың үлесі – 80%).

Мақалада қазақстандық педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі шеңберінде «жаһандық құзыреттілікті» айқындау қарастырылады.

8. Critical thinking as a premise for the professional competence in the era of globalization // Болашақ педагогтарды заманауи білім беру кеңістік жағдайында даярлау: республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Талдықорған, 2021. – Б. 181-184; бірлескен авторлар Z. Rimantas, Ш. Мұрат 20%; докторанттың үлесі – 80%).

Мақалада сыни тұрғыдан ойлау жаһандану дәуіріндегі кәсіби құзыреттіліктің алғышарты ретінде қарастырылады.

9. Formation of global competence of future educational psychologists // Болашақ педагогтарды заманауи білім беру кеңістік жағдайында даярлау: республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Талдықорған, 2021. – Б. 174-178; бірлескен автор А.Ж. Сапарғалиева; докторанттың үлесі – 85%).

Мақалада болашақ педагог-психологтардың жаһандық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылады.

10. Научные основы развития профессиональных компетенций будущих педагогов-психологов в условиях глобализации // Глобальная наука и инновация 2020: Центральная Азия. – 2020. – № 5(10). – С. 6-10 (докторанттың үлесі – 100%).

Мақалада болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың ғылыми негіздері қарастырылады.

Диссертация құрылымы: Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Кіріспе бөлімінде зерттеудің өзектілігі, ғылыми аппараты: нысаны, пәні, мақсаты, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық-әдіснамалық негіздері, зерттеу көздері, әдістері, негізгі кезеңдері мен базасы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, ғылыми жаңалығы мен теориялық және тәжірибелік мәні, нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі ашып көрсетіледі.

«Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың теориялық негіздері» атты бірінші тарауда философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге талдау негізінде жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту теориялық тұрғыдан негізделеді. «Жаһандану», «Жаһандық білім беру», ұғымдарының мәні нақтыланады. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің мәндік сипаттамасы беріліп, құрылымы айқындалады. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары анықталып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалады.

«Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың тәжірибелік-эксперимент жұмысы» атты екінші тарауында жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың диагностикасы анықталып, мазмұндалады. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемесі жасалады, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп, нәтижелері баяндалады.

Қорытындыда зерттеу жұмысы бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижелеріне негізделген тұжырымдар жасалынып, ғылыми тұрғыдан ұсыныстар беріледі, зерттеушілерге арналған зерттеу перспективасы ұсынылады.

Қосымшада тәжірибелік-эксперименттік жұмыста пайдаланылған материалдар беріледі.

1 ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 «Жаһандану», «Жаһандық білім беру» ұғымдарының мәні

Бүгінгі таңда жоғары білім берудегі қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру үлкен маңыздылыққа ие, және бұл – Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының басты басымдықтарының бірі болып табылады [2]. Біз, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мақсатына қол жеткізу үшін болашақ мамандарды қажетті біліммен, дағдылармен қамтамасыздандыру, қазіргі заман талабына сәйкес құзыреттерге ие болуын және қазақстандық еңбек нарығында ғана емес, шетелде де сұранысқа ие болу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет деп санаймыз.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін біз педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін қарастырмас бұрын, мұндағы «жаһандану», «жаһандық білім беру» ұғымдарына талдау жасап, мәнін айқындауды жөн көрдік.

«Жаһандану» термині алғаш рет 1980 жылдары Гарвард бизнес мектебінде трансұлттық корпорациялардың жаһандық қызметіне байланысты пайда болды. Экономиканы жаһандандыру мәселелерін зерттеудегі «ізашар» және «жаһандану» терминін енгізуші ретінде американдық ғалым Т. Левитті атап өту қажет [84].

Алғашында экономика саласына ғана қатысты қолданылған «жаһандану» термині қазіргі таңда көптеген салаларды қамтиды, оның ішінде халықаралық сауда, телекоммуникация, халықаралық қаржы, трансұлттық корпорациялардың қызметі, техникалық және ғылыми ынтымақтастық, мәдениет және де білім беру саласы.

Біріккен ұлттар ұйымының даму бағдарламасының (БҰҰ ДБ) адам дамуы бойынша баяндамасы жаһандануды әлем тұрғындарының экономикалық, технологиялық, мәдени, сондай-ақ саяси деңгейдегі өзара тәуелділігін арттыруға бағытталған үрдіс ретінде сипаттайды [85].

Жаһандану феноменін айқындауда маңызды рөл атқарған авторлық ғылыми еңбек ғалым Cheng- ге тиесілі, автордың пайымдауынша, жаһандану әлемнің әр түкпіріндегі елдер мен қоғам арасындағы құндылықтарды, білімді, технологияны және мінез-құлық ережелерін білу, бейімдеу және дамытуға қатысты үрдіс [86].

Ғалым И.Ф. Кефели жаһандануды көп қырлы ұғым ретінде анықтай отырып, оны мәдени-тарихи тұрғыда ұлттық мәдениеттің барлық түрін қамтитын жалпы адамзаттық мәдениет ретінде сипаттайды [87].

Сондай-ақ зерттеуші Mgr. Lenka Pelegrinova-ның еңбегінде де келесідей құнды ақпарат берілген: «...Жаһандану деп әдетте қоғам дамуының алдыңғы тарихи кезеңдерімен салыстырғанда жоғары сапалы деңгейде интеграция үрдісі түсініледі. Ол қолданыстағы ұлттық өзара тәуелділікті, интеграцияны және

ұйымдастыруды қамтитын жаһандық өзара тәуелділік деңгейін анықтайды» [88].

Профессор Р. Scott та аталған зерттеу мәселесіне зор үлесін қосқан зерттеушілердің бірі, автор жаһандануды технологиялар мен бұқаралық мәдениет саласындағы әлемдік тәртіптің түбегейлі өзгеруі ретінде қарастырған. Оның пікірінше, жаһандану – білім беру мен қоғамның жаңа пішіндерін қабылдауға бағытталған үрдіс. Ғалым, әсіресе, жаһандану үрдісінің жоғары білім беру жүйесіне ықпал етуіне көп көңіл бөлген, ол жаңа технологияларды қолдана отырып, жаһандану жоғары білімге айтарлықтай әсер ететініне назар аудартқан (мысалы, трансұлттық білім беру және жоғары білім берудің көптеген баламалары, сонымен қатар виртуалды кеңістіктегі студенттер мен оқытушылардың ұтқырлығының күрт өсуі) [69, р. 3-9].

Жаһандану мәселесінің түрлі аспектілері ресейлік ғалымдардың да еңбектерінде көрініс тапқан. Мысалы, Ю.В. Федорованың анықтамасы бойынша жаһандану, көбінесе, білім берудің сапалы жаңа жағдайларымен байланысты. Жаһанданудың қазіргі кезеңі көбінесе экономикалық, ақпараттық және басқа да қызмет түрлерінің дамып келе жатқан трансұлттануының өзара тәуелділігін сипаттайды [89].

Ғалымдар А.Г. Володин мен Г.К. Широковтың пікірлерінше болмыстың жаңа сапасы жаһандануды кешенді геэкономикалық, геосаяси және геогуманитарлық құбылыс ретінде түсінуді негіздейді, және бұл өз кезегінде, аталған үрдіске кіретін елдердің өмірінің барлық аспектілеріне күшті демонстрациялық әсер етеді [90].

Зерттеуші И.О. Радионова жаһандануды 21 ғасырдың екінші жартысында бүкіл әлемді қамтыған әлеуметтік және экономикалық дағдарыстың ғаламдануы ретінде түсіндіреді [91].

Жаһандану феноменін С.Л. Зарецкая келесідей анықтайды: «Жаһандану – 21 ғасырдың басындағы дүниежүзінің даму үдерістерін сипаттайтын, халықтар мен мемлекеттер арасындағы байланыс пен өзара тәуекелділікті нығайтып, жалпы ғаламшар аумағындағы қоғамдық дамудың жаңа кезеңін көрсететін әлеуметтік байланыстар мен қоғамдық үрдістердің жаңа сапасы» [92].

Сондай-ақ, зерттеуші В.В. Михеев бұл жөнінде келесі анықтаманы ұсынады: «Жаһандану – елдер мен өңірлердің экономикалық және саяси өзара тәуелділігін біртұтас әлемдік құқықтық өріс пен экономикалық және саяси басқарудың әлемдік ұйымдарын құру туралы мәселені көтеру және қажетті деңгейге дейін дамытудың күрделі жүйесі» [93].

Өзге ресейлік ғалым А.Н Чумаковтың пайымдауынша, «Жаһандану – адамзаттың түрлену үрдісіне қарама-қарсы эволюция барысында адамзаттың әр түрлі құрамының артикуляциялық үрдісі» [94].

Отандық зерттеушілер арасында Д.А. Пардабеков пен Б.Б. Мейрбаевтың жаһанданудың теориялық-әдістемелік аспектісіне арналған жұмыстарын атап өткен жөн. Авторлар жаһандануды мәдени және өркениеттік факторлардың күрделі өзара әрекеттесуімен, олардың қоғамдық өмірдің барлық салаларында қарама-қайшы және көпқырлы әрекеттерімен ерекшеленетін құбылыс екенін алға тартады [95].

Өзге отандық зерттеуші К.О. Оразбаева жаһандану ұғымына келесідей анықтама береді: «Жаһандану – жалпы саяси экономикалық, басқа да әлемдік даму кезеңі, өндірістік дамудың жоғары сатысы, ұлттардың мемлекеттердің, технологиялардың, нарықтың бірігуі, әр текті әлемнің біртұтастыққа айналуына байланысты өзгерістердің жиынтығы» [76, б. 4-156].

Жоғарыда біз шетелдік, ресейлік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектерінде «жаһандану» ұғымына берілген анықтамаларына талдау жасадық. Ендігі кезекте біз аталған анықтамаларды жүйелеп, кесте түрінде беруді жөн көрдік (1-кесте).

Кесте 1 – «Жаһандану» ұғымы туралы шетелдік және отандық зерттеушілердің анықтамалары

Автор	Анықтама
Cheng	Жаһандану – әлемдегі саяси, экономикалық, мәдени және білім беру салаларындағы үздік трендтерді бейімдеп, елдердің ортақ мақсаттарға жету үшін интеграциялану процесі.
I.F. Kefeli	Жаһандану – мәдени-тарихи тұрғыда ұлттық мәдениеттің барлық түрін қамтитын жалпы адамзаттық мәдениет.
Mgr. Lenka Pelegrinova	Жаһандану бұл – қоғам дамуының алдыңғы тарихи кезеңдерімен салыстырғанда жоғары сапалы деңгейіндегі интеграция процесі.
P.Scott	Жаһандану – білім беру мен қоғамның жаңа пішіндерін қабылдауға бағытталған үрдіс.
А.Г. Володин, Г.К. Широков	Жаһандану – кешенді геэкономикалық, геосаяси және геогуманитарлық құбылыс.
С.Л.Зарецкая	Жаһандану – 21 ғасырдың басындағы дүниежүзінің даму үрдістерді сипаттайтын, халықтар мен мемлекеттер арасындағы байланыс пен өзара тәуекелділікті нығайтып, жалпы ғаламшар аумағындағы қоғамдық дамудың жаңа кезеңін көрсететін және әлеуметтік байланыстар мен қоғамдық үрдістердің жаңа сапасы.
В.В. Михеев	Жаһандану – елдер мен өңірлердің экономикалық және саяси өзара тәуелділігін біртұтас әлемдік құқықтық өріс пен экономикалық-саяси басқарудың әлемдік ұйымдарын құру туралы мәселені көтеру және қажетті деңгейге дейін дамытудың күрделі жүйесі.
А.Н Чумаков	Жаһандану-адамзаттың түрлену үрдісіне қарама-қарсы эволюция барысында адамзаттың әртүрлі құрамының артикуляциялық процесі.
К.О. Оразбаева	Жаһандану – жалпы саяси экономикалық, басқа да әлемдік даму кезеңі, өндірістік дамудың жоғары сатысы, ұлттардың мемлекеттердің, технологиялардың, нарықтың бірігуі, әр текті әлемнің біртұтастыққа айналуына байланысты өзгерістердің жиынтығы.
Д.А.Пардабеков, Б.Б. Мейрбаев	Жаһандану – мәдени және өркениеттік факторлардың күрделі өзара әрекеттесуімен, олардың қоғамдық өмірдің барлық салаларында қарама-қайшы және көпқырлы әрекеттерімен ерекшеленетін құбылыс.

1-кестеде көрсетілген анықтамалар мазмұны «Жаһандану» ұғымын көп қырлы феномен ретінде сипаттайды. Cheng, Mgr. Lenka Pelegrinova, P. Scott, А.Н. Чумаков сынды зерттеушілер жаһандануды «процес» ретінде анықтайды, А.Г. Володин, Г.К. Широков, Д.А.Пардабеков, Б.Б. Мейрбаев жаһандануды «құбылыс» ретінде танып, саяси, экономикалық және мәдени факторлардың

өзара әрекеттесуімен сипаттайды. Өзге зерттеуші В.В. Михеев жаһандануды күрделі жүйе ретінде анықтаса, шетелдік зерттеуші I.F. Kefeli жаһандануды мәдениет деп түсіндіреді. Аталған анықтамалардың ішінде біздің зерттеу жұмысымыздың бағытына жақын келетін анықтама зерттеуші К.О. Оразбаеваға тиесілі, ғалым жаһандануды әлемнің біртұтастыққа айналуына байланысты өзгерістердің жиынтығы тұрғысынан сипаттайды.

Осы анықтамалардың ешқайсысы бір-біріне қайшы келмейді әрі бірін-бірі толықтырады. Біз берілген анықтамалармен келісеміз, алайда өзіміздің зерттеу жұмысымызда жаһандануды «тенденция» ретінде қарастырамыз, себебі, тенденция белгілі бір саладағы (саясат, экономика, мәдениет, білім беру) тұрақты дамудың бағытын сипаттайды және ұзақ мерзімді құбылыс болып табылады. Ал, жаһандану өз кезегінде, қолдан жасалған процес емес, кей жағдайда жаһандану қай саланы болсын жаппай жаулау арқылы өз позицияларын нығайтады.

Бұл ретте диссертациялық жұмысымызда біз жаһандану ұғымына келесі анықтама береміз: «Жаһандану бұл – әлемнің әр түкпіріндегі елдер мен қоғам арасындағы құндылықтарды, білімді, технологияны және мінез-құлық ережелерін білу, бейімдеу және дамытуға қатысты процес».

Осы орайда, зерттеу шеңберіндегі көптеген ғалымдардың еңбектерін талдай отырып, жаһандану – әртүрлі тәсілдердің көмегімен түсіндіруге болатын күрделі, қарама-қайшы құбылыс деген тұжырым жасалды. Жаһандану процестерінің адамға, қоғамға және жалпы адамзатқа тигізер әсерін зерттеу философияның, әлеуметтанудың, мәдениеттанудың және пәнаралық зерттеулердің перспективалық бағыты болып табылады. Осы анықтамаларға сүйене отырып, заманауи әлемде жаһанданудың келесі артықшылықтарын бөліп көрсетуге болады:

а) әртүрлі деңгейдегі көптеген қажетті біліммен, дағдылармен және зияткерлік активтермен жаһандық алмасу;

ә) елдердің, қауымдастықтардың және жеке тұлғалардың синергияны құру үшін өзара қолдау, толықтыру;

б) жергілікті қажеттіліктер мен дамуды қанағаттандыру үшін жоғарыда аталған жаһандық алмасу және өзара қолдау арқылы құндылықтарды құру және тиімділікті арттыру;

в) халықаралық өзара түсіністікке, ынтымақтастыққа, үйлесімділікке және әртүрлі мәдени әртүрлілікті қабылдауға жәрдемдесу;

г) бұл елдер арасындағы әртүрлі деңгейлерде коммуникацияларды, өзара әрекеттесулерді жеңілдету және көпмәдениетті үлестерді ынталандыру.

Атап өтілгендей, жаһандану үрдісі бизнес, экономика салаларында бастау алып, кейіннен басқа салалар арасында да кең ауқымға ие болды. Білім беру саласы да жаһандану үдерісінің ықпалынан тыс қалмады, бұның салдарынан «жаһандық білім беру» феномені пайда болды және біз өз жұмысымызда осы ұғымға тоқталып өтуді жөн көрдік.

Жаһандық білім беру мәселесін қарастыру кезінде жаһанданудың жоғары білім берудің дамуына әсері де, жоғары білім берудің осы үрдістегі рөлі де қарастырылады. Мысалы, ағылшын зерттеушісі P.Scott барлық университеттер

жаһанданудың объектілері ретінде, тіпті жаһанданудың субъектілері немесе негізгі делдалдары ретінде қатысатынын айтады [69, р. 3-9].

Ендігі кезекте, жаһандық білім берудің рөлін кең мағынада және білім беру қызметі субъектісінің азаматтық ұстанымдары тұрғысынан қарастырып көрейік. Кең мағынада, жаһандық білім беру – бұл білім беру саласының субъектілеріне жаһандық тұрақты даму мәселелерін саналы түрде қарастыруға мүмкіндік беретін ынтымақтастыққа, теңдікке, құштарлыққа негізделген белсенді оқыту үрдісі.

Яғни, жаһандық білім беру – аймақтық шекараларға қарамастан, әлемдік бастамаларға белсенді қатысуға және қоғамның тұрақты даму идеологиясына негізделген ұтымды шешімдер қабылдауға ықпал етеді. Білім беру қызметі субъектісінің азаматтық ұстанымы тұрғысынан жаһандық білім берудің рөлі аз дамыған және кедей елдердің мәселелерін бара бар түсіну болып табылады.

Қазіргі уақытта жаһандық білім берудің кең танымал екі моделі бар. Олардың авторлары американдық философтар Р. Хенви және Э. Боткин. Р. Хенвидің пікірінше, жаһандық білім берудің мәні келесідей:

- а) әлемді қабылдаудың біртектілігін түсіну;
- ә) ғаламшардың экологиялық проблемаларын түсіну;
- б) мәдениет диалогы призмасы арқылы басқа халықтардың мәдениетін түсіну;
- в) әлемдік өркениет дамуының жаһандық динамикасын түсіну;
- г) одан әрі даму жолын саналы таңдау [96].

Э. Боткиннің моделі Р. Хенвидің моделімен ұқсас, оның негізгі идеясы әр адамның әлемге бейсаналы бейімделуден белсенді және мағыналы әлеуметтену позициясына көшу қажеттілігі, оның өмірінде бұрын кездеспеген жаңа жағдайларды шешуге саналы дайындығы, оқиғалар мен олардың салдарын болжау, баламаларды анықтаудағы жеке бастамасы, белгілі бір шешімдер үшін жауапкершілікті қабылдауға дайындығы, сондай-ақ белсенді ынтымақтастық, диалог және өзара түсіну қабілетін дамыту болып табылады [97].

Сонымен, ғалымдардың ойын қорытындылай келе, жаһандық білім беру – әлемдегі жаңартылған үрдістерді қабылдай отырып, білім беру қызметінің субъектісіне қажетті білімдер мен құзыреттіктерді алуға, тұлғалармен үйлесімді қарым-қатынас құруға ықпал ететін дағдыларды жинақтауға көмектесетін ресми және бейресми білімнің бөлігі деген тұжырымдамаға келеміз. Нәтижесінде, тұлғалар білімді, өзіне сенімді және жалпыға ортақ әлемнің жауапты азаматтары болады.

Яғни, жаһандық білім берудің басты мақсаты – әлемнің әрбір тұрғынына жаһандық даму мәселелерін субъектілік ұғынуға және түсінуге мүмкіндігін беру, олардың елдегі және жеке өмірдегі өзекті мәселелерді шешуге тікелей (субъектілік) әсер ету рөлін арттыру, сондай-ақ біздің ғаламшардағы әрбір тұрақты татулық үшін қажетті өз құқықтары мен міндеттерін белсенді іске асыру тәсілдерін ұсыну.

Ал жаһандық білім берудің басты трендтеріне тоқталатын болсақ, автор Р.Р. Хайрутдинов оларға: әлемдегі әділеттілік, орнықты мекендеу ортасы, бейбітшілік пен келісім, мәдениетаралық коммуникация, адам құқықтары мен

ресурстарын жатқызады. Бұл трендтер толеранттылық, ынтымақтастық, теңдік, адалдық, тартымдылық сияқты негізгі құндылықтарды анықтайды [98].

Сонымен, зерттеуші әлемдегі жаһандық білім беру және жаһандық білім әлемі – бұл субъект келесі мәселелерді біліп, түсіне бастаған кезде басталатын үрдіс деп санайды:

- а) әлемдік кеңістіктің жаһандық мәселелері;
- ә) осы мәселелердің артында тұрған күрделі даулы жағдай;
- б) адамдар арасындағы қатынасты субъективті өзгерту қажеттілігі;
- в) болып жатқан жаһандық үдерістердегі субъектілік рөлді айқындау және қайта ойластыру қажеттілігі;
- г) адамдарды субъект ретінде белсенді, жауапты және мағыналы түрде әрекет етуге ынталандырудың рөлі;
- д) жаһандық мәселелерді шешуді жеңілдетудің маңызы [98, с. 82-86].

Жаһанданудың білім беруді дамытуға әсерін зерттей отырып, кейбір сарапшылар жаһанданудың әсерінен жоғары білім беруді дамыту жағдайларының қалай өзгергеніне (ең алдымен, оның мемлекеттік қаржылануының қысқаруы) назар аударады. Ондағы: жоғары білім беру жүйесінің жұмыс істеу және ұйымдастыру негіздеріне, оның мекемелерінің қызметіне әсер етуі (жоғары білімді коммерцияландыру, оның мекемелерін басқарудағы өзгерістер, білім беру қызметтері нарығындағы бәсекелестіктің күшеюі және т.б.). Басқа мамандар, ең алдымен, жаһанданудың (атап айтқанда, жаһандық ақпараттандырудың) және білім беруді интернационалдандырудың өзара байланысына, жаһанданудың университеттер қызметіндегі халықаралық құрамдас бөліктің өсуіне қалай ықпал ететініне (шетелдік білімгерлерді тарту, оқу бағдарламалары мазмұнындағы «жаһандық компонентті» ұлғайту, жоғары оқу орындарының халықаралық ынтымақтастығын және олардың халықаралық коммерциялық қызметін кеңейту, шетелде жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу, интернет арқылы шетелде қашықтықтан білім беру бағдарламаларын тарату және виртуалды университеттерді құру); сонымен бірге, кейбіреулер жаңа ақпараттық технологияларды қолдану негізінде білім берудің жаһандану үдерісі белсенді дамып келеді деп санайды.

Жаһандық білім беру, белгілі бір мағынада, білім беру субъектісіне қажетті білім алуға және әлемдегі үрдістер мен адамдар арасындағы үйлесімді қатынастарды жобалауға ықпал ететін дағды ретіндегі негізгі құзыреттердің рөлін түсінуге көмектесетін ресми және бейресми білім берудің бөлігі болып табылады [99].

Еуропа кеңесінің солтүстік-оңтүстік орталығымен бірлескен «Global Education Week Network» баспасы «Оқытушылар мен саясаткерлер үшін жаһандық білім беру тұжырымдамасы мен әдіснамасы білім беру саласындағы жаһандық принциптері» атты мақалада, жаһандық білім беру адамдарға қазіргі әлемнің күрделі шындығы мен үрдістерін түсінуге және өзара байланысты әлемнің қиындықтарына төтеп беруге мүмкіндік беретін құндылықтарды, көзқарастарды, білім мен дағдыларды дамытуға көмектесу үшін білім берудегі жаһандық өлшем мен тұтас перспективаны ашуға бағытталғанын ерекше атайды [100].

ЮНЕСКО-ның бұрынғы бас директоры Коитиро Мацуураның «Жаһандану – бұл мәдени үрдіс» атты кітабында жаһанданудың технологиялық өлшемі туралы айтылып, онда технологияның ғаламдық таралуына басты назар аударылатынын алға тартады [101].

Қырғыз елінің авторлары «Білім беру саласындағы жаһандану және білім беру реформасы» аты еңбектерінде жаһанданудың басты салдарының бірі кедергілерді жою және еңбек көші-қонын жеңілдету болып табылатынын айтады. Электрондық байланыс құралдарын, соның ішінде бейне байланыстарды дамыту компанияларға мамандарды қашықтан жалдауға жүгінуге мүмкіндік беріп, осылайша өндірістік шығындарды азайтады. Мұның бәрі жоғары білікті мамандар арасындағы бәсекелестікті күшейтеді. Бұл қазіргі заманғы технологияларды қолданудың тамаша дағдыларына ие адамдарға, сондай-ақ дамыған коммуникативтік құзыреттілікке ие адамдарға бірнеше компанияларда, соның ішінде әртүрлі географиялық нүктелерде орналасқан компанияларда жұмыс істеу кезінде үлкен сұранысқа ие болуға мүмкіндік береді [102].

Танымал ғалым Барретт 21 ғасыр білімгерлері өзара байланысты, әртүрлі және тез өзгеретін әлемде өмір сүретіндігін айта келе, дамушы экономикалық, сандық, мәдени, демографиялық және экологиялық күштер бүкіл ғаламшардағы жастардың өмірін қалыптастырады және күн сайын олардың мәдениаралық байланыстарын кеңейтетінін алға тартады [103].

Біз айтылған пікірмен келісе отырып, қазіргі жастар өзара байланысты әлемге бейімделуді үйреніп қана қоймай, мәдени айырмашылықтарды бағалап, оларды тиімді деп санаймыз, себебі жаһандық және мәдениетаралық дүниетанымды қалыптастыру бұл – білім беру арқылы қалыптасатын өмір бойы жалғасатын үрдіс.

Отандық зерттеуші К.О. Оразбаева өзінің «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысында жаһандық білім беруді ұлттық және әлемдік білім беру саясатының аясында жүзеге асырылатын ұлттық білім беру кеңістігінің үлкен жиынтығы ғана емес, мемлекет пен білім беру жүйесі арасындағы мүмкіндіктерді кеңейтуге бағытталған ерекше қарым-қатынас қызметін атқаратын бірегей мега жүйе ретінде айқындайды [76, б. 30].

Отандық зерттеуші Б.Ө. Алтынбасов өзінің «Жаһанданудың Қазақстанның жоғары білім саласына ықпалы: саяси-құқықтық аспектілері» атты еңбегінде жаһанданудың Қазақстанның білім жүйесіне ықпалын қарастыра келе, оның көп ұтымды жақтары бар екенін алға тартады. Қазақстан білім саласындағы көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі болып, білімнің сапасын бағалау және аккредитациялау жүйелерін енгізді. Халықаралық стандарттар бойынша білім беріп, университеттер ішінара автономияға ие болды. Ал кейбір университеттер әлемнің жетекші университеттерімен екіжақты және көпжақты келісімдер арқылы серіктестік қарым-қатынас орната бастағанын атап өтті. Мысал ретінде автор Еуропалық жоғары білім кеңістігіне енген соң қазақстандық жоғары оқу орындардың әлемдік рейтингтерге (QS World University Rankings және т.б.) белсенді қатыса бастағанын және білім

сапасын сырттан бағалаудың механизмі ретінде университеттердің еуропалық аккредитациядан өту міндеттілігі енгізілгенін және ел ішінде жеке меншік тәуелсіз аккредитациялық компаниялар пайда болғанын келтіреді [104].

Жаһандық білім беру саласының негізгі принциптеріне сүйенетін болсақ жаһандық білім беру бұл – оқытудың жаңа әдісі емес, педагогикалық тәсіл екенін және олар әдетте бейбітшілік рухында білім беру, адам құқықтары саласындағы білім беру, даму және экологиялық білім беру салаларын жаһандық білім мазмұнының төрт саласы ретінде анықтайды. Бұл ішінара дұрыс анықтама, алайда мұндай кең және күрделі перспективаны анықтау үшін жеткіліксіз болып табылады. Жаһандық білім беру бұл – парадигма, әлемдік мәселелерді және олардың өзара байланысын түсінудің бастапқы нүктесі [104, б. 4-14].

В. Лысенконың пікіріне сүйенетін болсақ, жаһандық білім беру заман талабына сай өмір салтының мәдени, әлеуметтік, экономикалық және басқа да деңгейлеріндегі өзара байланыс жүйесіне үйлесімді еруге көмектесетін маңызды негіз болып табылады. Оның міндеті әлемді тану мүмкіндігін кеңейту, өз елінің басқа елдермен өзара әрекеттестік механизмдерін, оның әлемдік қоғамдастықтағы алатын орнын түсінуге және әлемге басқа халықтар көзімен қарауды үйренуге ықпал етеді [105].

Жаһандық білім беруде болашақ мамандарға қандай талаптар қойылатынын айқындау біз үшін өте маңызды болып табылады. Осы орайда ғалым Г.Р. Ломакинаның идеялары қызығушылық тудырады. Автор жаһандану дәуірінде дәстүрлі академиялық білімдерден басқа, түлектер келесі құзыреттерге, дағдыларға және қабілеттерге ие болуы керек деп есептейді:

а) коммуникативтік құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие болу: маманнан электронды коммуникация құралдарын пайдалана отырып қашықтан жұмыс істеу кәсіби құзыреттіліктерден басқа, өз ойын, дәлелдері мен нәтижелерін ауызша және жазбаша да нақты баяндай білу дағдысының қалыптасуының жоғары деңгейін маманнан талап етеді;

ә) ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдысының болуы (қашықтықтан жұмыс істеу ақпараттық технологияларды пайдалануды талап етеді; белсенді меңгеру сізге қажетті ақпаратты оңай табуға және өз жұмысыңызды оңтайландыруға мүмкіндік береді);

б) шығармашылық ойлау;

в) үздіксіз білім алу қажеттілігі бар экономиканың инновациялық сипаты, адам қызметінің барлық салаларында үнемі жаңа технологиялардың пайда болуы өз біліктілігін тез және уақтылы арттыра алатын мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді;

г) топта жұмыс істей білу (бірнеше маманның бір тапсырма аясында жұмыс істеуі және олардың жұмысының тиімділігі көбінесе топтың әр мүшесінің қабілеттеріне байланысты болады);

д) шығармашылық, тапқыр, өзін-өзі дамыта алатын, үздіксіз жұмыс істеуге қабілетті, айтарлықтай күш-жігерді талап етеді;

е) тұрақты бәсекелестік жағдайында жұмыс істеуге дайын болу (жоғары бәсекелестік жағдайында жұмыс істеу, өзінің кәсіби білімі мен құзыреттілігін

үнемі жаңартып отыру қажеттілігі үлкен күйзеліске ұшыратуы мүмкін, бұл сөзсіз еңбек тиімділігінің төмендеуіне әкеледі. Осы жағдайларға бейімделе алатын және оларды қалай қабылдауды білетін мамандарды ынталандыру);

ж) өзінің мәдени деңгейін халықаралық деңгейде көрсету;

и) нәтижеге бағытталған және шешім қабылдаудан қорықпау [106].

Жоғарыда көрсетілген авторлардың ғылыми еңбектері мен тұжырымдарына талдау бізге жаһандық білім беруге берілген анықтамаларды келесідей жүйелеуге мүмкіндік берді (2-кесте).

Кесте 2 – «Жаһандық білім беру» ұғымына шетелдік және отандық зерттеушілердің берген анықтамалары

Автор	Анықтама
«Global Education Week Network» баспасы	Жаһандық білім беру – жаһандану дәуірінде әлеуметтік талаптар деңгейінің өсуіне жауап беретін дәстүрлі академиялық білімдердің мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған процес
P.Scott	Жаһандық білім беру – бұл білім беру саласының субъектілеріне жаһандық тұрақты даму мәселелерін саналы түрде қарастыруға мүмкіндік беретін ынтымақтастыққа, теңдікке, құштарлыққа негізделген белсенді оқыту процесі.
Г.Р. Ломакина	Жаһандық білім беру – жаһандану дәуірінде дәстүрлі академиялық білімдерден өзгеше құзыреттер, дағдылар, және қабілеттер жиынтығы
Р.Р. Хайрутдинов	Жаһандық білім беру – әлемдегі әділеттілік, орнықты мекендеу ортасы, бейбітшілік пен келісім, мәдениетаралық коммуникация, адам құқықтары мен ресурстарын негізге алатын тренд.
В. Лысенко	Жаһандық білім беру – заман талабына сай өмір салтының мәдени, әлеуметтік, экономикалық және басқа да деңгейлеріндегі өзара байланыс жүйесіне үйлесімді енуге көмектесетін маңызды негіз.
Б.Ө. Алтынбасов	Жаһандық білім беру бұл – парадигма, әлемдік мәселелерді және олардың өзара байланысын түсінудің бастапқы нүктесі.
К.О. Оразбаева	Жаһандық білім беру – бұл тек қана ұлттық білім беру кеңістігінің көптеген жиынтығы ғана емес, онда ұлттық және әлемдік білім берудің саясаты мақсаты жүзеге асырылады, жеке тұлғаның даму мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған мемлекеттер мен білім беру жүйелері арасындағы арнайы қарым-қатынастық қызмет атқаратын ерекше мегажүйе.

2-кестеден көріп отырғанымыздай, ғалымдардың «жаһандық білім беру» ұғымына көзқарастары бірыңғай емес. Мысалы, P.Scott жаһандық білім беруді ынтымақтастыққа, теңдікке, құштарлыққа негізделген оқу процесі ретінде анықтаса, ғалым Г.Р. Ломакина дәстүрлі академиялық білімдерден өзгеше құзыреттер, дағдылар, және қабілеттер жиынтығы түрінде сипаттайды. Осы орайда, зерттеуші Б.Ө. Алтынбасовтың жаһандық білім беруді әлемдік мәселелерді түсінудің бастапқы нүктесі ретінде түсіндіретін көзқарасы ерекше қызығушылық тудырады.

Ал отандық ғалым К.О. Оразбаева жаһандық білім беруде ұлттық білім беру мен әлемдік білім беру саясатын ұштастырады және жаһандық білім беруді ерекше «мегажүйе» ретінде анықтайды.

Сонымен, ғалымдардың ойын қорытындылай келе, жаһандық білім беру – адамдарға қазіргі әлемнің күрделі болмысы мен жүйелерін түсінуге және өзара байланысты әлемнің қиындықтарына төтеп беруге мүмкіндік беретін құндылықтарды, көзқарастарды, білім мен дағдыларды дамытуға бағытталған процес деген тұжырымдамаға келеміз.

1.2 Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрамы мен мәндік сипаттамасы

Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында жоғары білім берудің басты ұлттық міндеті – елдің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын кәсіби құзыретті тұлғаны қалыптастыру деп көрсетілген. Дамыған елдердің білім беру жүйесінде жана білім беру стандарттары үшін басты бағдар ретінде кеңінен пайдаланылатын «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдары отандық білім беру жүйесіне де кірді. Осындай жауапты міндеттерді шешу осы құзыреттерді игерген және оқу үдерісінің талаптарына сәйкес ұйымдастыра алатын кәсіби білікті мамандарды даярлауды талап етеді [5, с. 3-85].

«Құзыреттілік» терминін алғаш рет 1965 жылы американдық лингвист, Массачусетс университетінің профессоры Ноам Хомский енгізді [107]. Ол құзыреттілік ұғымын адамның кез-келген әрекетті орындау қабілетін сипаттау үшін қолдануды ұсынды. Кейіннен ғалым терминнің мағынасын сөйлеу әрекетімен байланыстырды.

Қазақ энциклопедиясы «құзырет» ұғымын белгілі бір ұйымның немесе лауазымды тұлғаның заң жүзінде белгіленген өкілеттіліктерінің, құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы ретінде анықтайды [108].

Бұл зерттеудің мәселелерін тереңірек ашуға И. А. Зимняяның түсіндірмесі ықпал етеді, автор өз еңбегінде: «құзыреттіліктер оқыту мазмұнын және оның кейінгі қызметін дамытуға ықпал ететін адамның барлық зияткерлік, жеке қасиеттері, психологиялық сипаттамалары ретінде түсініледі» деген анықтама берген [41, с. 34-41]. Сонымен қатар зерттеуші өзінің «Негізгі құзыреттер – білім беру нәтижесінің жаңа парадигмасы» атты еңбегінде құзыреттіліктің үш негізгі тобын бөліп көрсетеді:

а) өзіне жеке тұлға ретінде, тіршілік субъектісі ретінде қатысты құзыреттілік;

ә) адамның басқа адамдармен өзара әрекеттесуіне байланысты құзыреттілік;

б) адамның қызметіне қатысты құзыреттілік: оның барлық түрлері мен формаларында көрініс табады.

Осы бағытта А.И. Турчиновтың да пікірі көңіл аударарлық. Ғалым құзыреттілікті белгілі бір лауазымның құзыреті шегінде адамға тән кәсіби тәжірибенің мәнерлілік дәрежесі, көрінісі деп түсіндіреді [39, с. 3-270].

Ресейлік ғалымдар Т.Б. Гребенюк, В.П. Гурова өздерінің «Жоғары сынып оқушыларының оқу-тәрбие үрдісінде мотивациялық құзыреттілігін қалыптастыру» атты монографиясындағы талдауға сүйене отырып, «құзыреттілік» ұғымы интегративті екенін көрсетеді, және жүйенің элементтерін олардың арасындағы байланыс ретінде сипаттайды. Бұл тұжырымдаманың нақты мазмұны жағдайлардың түрлеріне байланысты болатынын атап өткен жөн. Сондықтан негізгі (ең әмбебап) құзыреттер тек жалпы білімнің ғана емес, сонымен бірге жалпы адамның білім беру тәжірибесінің нәтижесі болып табылады. Бұл түсінікте құзыреттілікке бағытталған білім үздіксіз білім беру идеясының негізі бола алады [109].

Ал С.Е. Шишов пен В.А. Кальней сынды ғалымдардың пікіріне сүйенсек, құзырет ұғымы білімдер емес, дағдылар саласына жатады. Құзырет-бұл білім, тәжірибе, құндылықтар, оқыту арқылы алынған бейімділікке негізделген жалпы қабілет. Құзырет ұғымы білімге де, дағдыларға да байланысты емес. Құзыретті болу - бұл ғалым немесе жоғары білімді болуды білдірмейді. Адамның мінез-құлқын өмір жағдайларының шексіз алуан түріне бейімдеу жеке адамның «белгілі бір жағдайда алған білімі мен тәжірибесін жұмылдыру» қабілетімен байланысты деп тұжырымдайды [110].

Біздің зерттеу жұмысымыздың нысаны ретінде қарастырылып отырған «құзыреттілік» мәселесін зерттеуде батыс ғалымдары да зор үлесін қосқанын атап өту қажет, мысалы, американдық зерттеуші R. Boyatzis құзыреттілікке келесідей анықтаған: «Құзыреттілік қабілет ретінде анықталады, бұл біз «ниет» деп атайтын негізгі құрылымның айналасында ұйымдастырылған, өзара байланысты, бірақ әртүрлі мінез-құлық жиынтығы» [44, p. 150-161].

Ғалым R.P. Milrud құзыреттілікті белгілі бір салада сыртқы әлеммен тиімді өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз ететін және адамның әртүрлі құзыреттіліктерінің өзара әрекеттесуіне байланысты кешенді жеке ресурс ретінде қарастырады. Сонымен қатар, құзыреттілік адамға әртүрлі жағдайларда, соның ішінде ол үшін жаңа жағдайларда әрекет етуге көмектесетін білімді, іскерлікті, дағдыларды қолданудың белгілі бір саласы ретінде түсіндіріледі [111].

Ұлыбританиялық зерттеуші Paul Vare құзыреттілікке бет бұру оқу бағдарламасының мазмұнына, оқытылатын нәрседен қарағанда үйренген нәрсеге, яғни оқытудың нәтижесіне көбірек назар аудару деп есептейді. Бұл өте маңызды тарихы бар ауысым. Ғалым тіпті құзыреттілікке бет бұрудан туындайтын кейбір қауіптерді талқылайды. Оларды келесідей қорытындылауға болады: тұжырымдамалық шатасу; контекстің орталық рөлі; педагогикаға әсері; білім берудің кең мақсатына қатысты іргелі мәселелерден алшақтату [43, p. 11-17]. Байқап отырғанымыздай, автордың көз-қарасында құзыреттілікке бет бұрудың жағымды жақтарымен қоса жағымсыз тұстарына да сипаттама беріледі.

Гонконг университетінің профессоры Wing On Lee 21 ғасырдың құзыреттілік дискурсына үлесін қоса отырып, құзыреттілік «білуді үйрену», «әрекет етуді үйрену», «болуды үйрену» және «бірге өмір сүруді үйрену» атты оқытудың төрт тірегін құрайтынын алға тартады. Автордың пікірінше, 21

ғасырдағы құзыреттілік ұғымы білім экономикасының пайда болуымен және студенттердің қоғамның тез өзгертін экономикасына бейімделуі үшін өмір бойы білім алу қажеттілігімен сипатталады. Бұл өз кезегінде 21 ғасырдағы білімгерлердің сыни және шығармашылық ойлау қабілеті, өздігінен және бірлесе оқу қабілеті, ресми және бейресми түрде оқу қабілеті, бәсекелестік және ынтымақтастық қабілеті және т.б. Сол сияқты дағдыларға қойылатын талаптардың өзгеруіне әкелді [72, p. 22-23].

Құзыреттілікке «білімдерді, стандарттарды, әдістерді, рәсімдерді, қабілеттер мен дағдыларды, көзқарастар мен құндылықтарды біріктіруге және жандандыруға негізделген әртүрлі шынайы мазмұндағы іс-әрекет жиынтығы» деген анықтама да берілген. Өмір бойы білім алуға (LLL) арналған Еуропалық біліктілік жүйесінің ұсынымдары құзыреттіліктің мәнін «жауапкершілік» және «автономия» терминдерімен байланыстырып, оны «жұмыс немесе оқу жағдайларында, сондай-ақ кәсіби және жеке даму» білімді, дағдыларды және жеке, әлеуметтік және/немесе әдіснамалық қабілеттерді пайдаланудың дәлелденген қабілеті» ретінде сипаттайды [112].

Испан зерттеушісі Fernández March анықтамасына сүйенетін болсақ, құзыреттілік жалпы сипаттамалары бар жағдайларға қабілеттер мен дағдыларды біріктіру және бейімдеу нәтижесінде пайда болатын жан-жақты жаңашылдық ретінде анықталуы мүмкін [113].

Juan A. Martín-García бастаған зерттеушілер тобы құзыреттілікті комбинаторлық, тұрақты, контекстік және эволюциялық деп ажыратады. Олар құзыреттіліктерді, қабілеттер мен дағдыларды контекстік ноу-хауда күрделіліктің үш категориясы ретінде қарастырады. Ғалымдардың пайымдауынша, құзыреттілік қабілеттер жиынтығымен қалыптасады және олар өз кезегінде бірқатар дағдыларға айналады. Олардың барлығы нәтижесінде күрделі кәсіби қызмет атқару үшін қажет. Құзыреттілік көптеген ресурстарды қажет етеді, бұл, өз кезегінде, білім беру бағдарламаларында оқу нәтижелерінің түрлерін шектеуді қажет етеді, сонымен қатар көптеген ресурстардың динамикалық түрде ұйымдастырылуының себебі болып табылады. Оның дамуы уақытты қажет етеді және мансап бойы жалғасады. Бұл саналы, рефлексивті оқытуға әкелетін ресурстарды таңдау және біріктіру қажеттілігін тудыратын шеңбер. Барған сайын қиын жағдайларда жұмыс істей отырып, ресурстарды жұмылдыру және біріктіру тиімдірек бола түсуде [114].

Құзырет, құзыреттілік ұғымдарын талдаған шетелдік ғалымдардың тәжірибелеріндегі көтерілген мәселер отандық жүйеде де орын алып отыр.

Отандық ғалымдар Б.А. Жекибаева «педагогикалық құзыреттілік» ұғымына талдау жасай келе, «құзыреттілік» мазмұны едәуір кеңейгенін және мұғалімнің функционалды міндеттерімен ғана шектелмейтінін көрсетеді. Мұғалімнің негізгі құзыреттеріне авторлар келесі ұғымдарды жатқызады: іскерлік құзыреттілік бұл – мұғалімнің өзінің және басқа адамдардың қызмет түрлеріне рефлексия негізінде шешім қабылдауымен байланысты; арнайы құзыреттілік – болашақ мұғалімнің оқушыларға оқытылатын пәндерді жетік білуі; әлеуметтік құзыреттілік-әлеуметтік өзара іс-қимылда өмір сүру, өзгеру және бейімделу қабілеті мен дайындығы; болашақ мұғалімнің эмпатияға,

қарым-қатынасқа, ынтымақтастыққа, штеленістерді шешуге қабілеттілігі; әдістемелік құзыреттілік-алынған білімді, дағдыларды басқа ғылымдармен бірге өз бетінше білім алу үшін мақсатты пайдалану мүмкіндігі жеке (дербес) құзыреттілік-болашақ педагогтың дербестігі, жеке құзыреттілігі, аутопсихологиялық дайындығы, сенімділігі, саналы жауапкершілігі, өзін-өзі ынталандыруы, құндылықтарға өзін-өзі саналы бағдарлауы [115].

Отандық ғалым С.С. Құнанбаева «құзырет, құзыреттілік» ұғымын «әлеуетті бүтін» және «актуалдандырылған жеке» қарым-қатынасын көрсететін бірлік ретінде қарастырып, білім берудің түпкілікті нәтижесі ретінде білім беру үрдісінде мазмұнды және оны қолдана білуін жүйе құраушы фактор ретінде әрекет ететін «түлек-маман» моделін құру кезінде көрініс табатын, құзыреттілік жүйесі ретінде айқындалатынын айтса [35, с. 3-260], өзге отандық зерттеуші К.С. Құдайбергенова құзыреттілікті белгілі бір сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынада қарастыра отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алу ретінде түсіндіреді [32, б. 3-330].

Ғылыми еңбектерде кездесетін «құзыреттілік» ұғымдарының бірқатар анықтамаларын қамтып, олардың негізгі сипаттамаларын 3-кестеде көрсетуді ұйғардық.

Кесте 3 – «Құзыреттілік» ұғымы туралы отандық және шетелдік зерттеуші ғалымдардың анықтамалары және олардың сипаттамалары

Анықтама көзі (аторлары)	«Құзыреттілік» ұғымына берілген анықтамасы	Негізгі сипаттамалары
1	2	3
Сөздік	Құзырет – белгілі бір ұйымның немесе лауазымды тұлғаның заң жүзінде белгіленген құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы Құзыреттілікке ие болу, яғни маманның белгілі бір саладағы білімі мен тәжірибесі	- құқықтар мен міндеттер жиынтығы; - білім мен тәжірибе
Н. Хомский	Құзыреттілік – адамның кез-келген әрекетті орындау қабілеті	- қабілеттілік
И. А. Зимняя	Құзыреттілік – оқыту мазмұнын және оның кейінгі қызметін дамытуға ықпал ететін адамның барлық зияткерлік, жеке қасиеттері, психологиялық сипаттамалары	-зияткерлік, жеке қасиеттер; -психологиялық сипаттамалар
А.И.Турчинов	Құзыреттілік-белгілі бір лауазымның құзыреті шегінде адамға тән кәсіби тәжірибенің мәнерлілік дәрежесі, көрінісі	-кәсіби тәжірибе
А.В. Хуторской	Құзыреттілік - адамның өзіне және қызмет нысанына жеке көзқарасын қамтитын тиісті құзыреттерге ие болуы	-жеке көзқарас

3-кестенің жалғасы

1	2	3
R. Boyatzis	Құзыреттілік қабілет ретінде анықталады, бұл біз «ниет» деп атайтын негізгі құрылымның айналасында ұйымдастырылған өзара байланысты, бірақ әртүрлі мінез-құлық жиынтығы	-мінез-құлық жиынтығы
R.P. Milrud	Құзыреттілік - белгілі бір салада сыртқы әлеммен тиімді өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз ететін және адамның әртүрлі құзыреттіліктерінің өзара әрекеттесуіне байланысты кешенді жеке ресурс	-кешенді жеке ресурс
Б.А. Жекибаева мен Г. Абилякасымова	Құзыреттілік - өзінің және басқа адамдардың қызмет түрлеріне рефлексия негізінде шешім қабылдауы	-рефлексия негізінде шешім қабылдау
Ш.Т. Таубаева	Құзыреттілік – ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті	білім мен тәжірибеге негізделген тұлғаның кіріктірілген қасиеті
С.С. Құнанбаева	Құзыреттілік -«әлеуетті бүтін» және «өзектендірілген жеке» қарым-қатынасын көрсететін бірлік	- «әлеуетті бүтін» - «өзектендірілген жеке»
К.С. Құдайбергенова	Құзыреттілік –белгілі бір сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қарастыра отырып, қандай да бір сұрақ төңірегінде беделді түрде шешім шығара алу дегенді білдіреді	- жан-жақты хабардар; - білгір.

Берілген анықтамаларды талдау негізінде, кестеден көрініп тұрғандай, ғалымдар құзыреттілікті кәсіби тәжірибе ретінде сипаттайды және құзыреттілікке ие болу, маманның белгілі бір саладағы білім мен тәжірибеге қол жеткізуі екенін жоққа шығармайды (А.И. Турчинов, Ш.Т. Таубаева). Сондай-ақ, А.В. Хуторской мен R.P. Milrud «құзыреттілікті» жеке көзқарас, жеке ресурс тұрғысынан түсіндірсе, ғалым R. Boyatzis құзыреттілікті өзара байланысты, бірақ әртүрлі мінез-құлық жиынтығы ретінде анықтайды.

Осы тұста авторлардың ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, құзыреттілік ұғымын екі тұрғыдан сипаттауға болады:

а) құзыреттілік – нақты білімдері мен дағдылары арқылы кейбір міндеттерді шешуге қатыса алатын немесе мәселені өз бетінше шеше алатын жеке тұлға мүмкіншіліктері;

ә) құзыреттілік – танымдық және тәжірибелік іс-әрекеттің теориялық тәсілдерін меңгеру дәрежесімен анықталған жеке тұлғаның білімділік деңгейі [62].

Сонымен, жоғарыда көрсетілген ғылыми еңбектерді саралау жоғары оқу орнында оқу нәтижесінде алған білім, білік, дағдыны және кәсіби өзін-өзі дамытуға бағытталған іс-әрекеттің жоғары сапалы болуы үшін қажетті өзара байланысты жеке тұлғаның қасиеттер жиынтығы ретінде «құзыреттілік» терминінің жалпылама анықтамасын беруге мүмкіндік берді.

Біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда құзыреттілік, құзырет терминдерін талдау барысында оларды бір-бірінен ажырату маңызды деп санаймыз. Алайда бұл терминдердің бірегей анықтамасы болмағандықтан, екі ұғымның ара жігін ажыратуда қиындықтар туындайды. Ғылыми-педагогикалық еңбегерде бұл ұғымдар мәнделс ұғымдар ретінде де (R. Boyatzis, R.P. Milrud), бір-бірінен ерекшеленетін ұғымдар ретінде де (А.В. Хуторской, И. А. Зимняя) сипатталады.

Халықаралық стандарттарға сәйкес «құзырет» ұғымына *білім мен түсінік* (академиялық саладағы теориялық білім, білуге және түсінуге деген қабілет), *әрекет етуге бағытталған білім* (практикалық білімді нақты жағдаяттарда қолдану), *өмір сүруге бағытталған білім* (қоғамда өмір сүрудің маңызды құралы ретіндегі құндылықтар) жатады.

Құзыреттілік мәселесін зерттеуде атақты зерттеуші А.В. Хуторской өз еңбегінде былай деп жазады: «Құзыретке белгілі бір объектілер мен үрдістер шеңберіне қатысты берілген және оларға қатысты сапалы қызмет үшін қажетті өзара байланысты жеке қасиеттердің жиынтығын (білім, дағдылар, қызмет әдістер) жатқызамыз, ал құзыреттілік – адамның өзіне және қызмет нысанына жеке көзқарасын қамтитын тиісті құзыреттерге ие болу» [40, с. 58-63]. Демек, құзыреттілікке ие болу дегеніміз – белгілі бір білімге, белгілі бір сипаттамаға ие болу, бір нәрсені білу; құзыретке ие болу дегеніміз – кез-келген салада белгілі бір мүмкіндіктерге ие болу.

Олай болса, «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарының ара жігін ажырату үшін, біз екі ұғымның түбегейлі айырмашылығын 4-кесте түрінде көрсетуді жөн көрдік.

Кесте 4 – Авторлар берген анықтамаларға сәйкес «Құзырет» пен «құзыреттілік» ұғымдарының айырмашылығы

Автор	Құзырет	Құзыреттілік
1	2	3
А.В. Хуторской	Сапалы қызмет үшін қажетті өзара байланысты жеке қасиеттердің жиынтығы	Адамның өзіне деген және қызмет нысанына деген жеке көзқарасын қамтитын тиісті құзыреттерге ие болуы
С.Е. Шишов пен В.А. Кальней	Білім, тәжірибе, құндылықтар жиынтығын тәжірибеде бейімдеуге негізделген жалпы қабілет	Адамның белгілі бір жағдайда алған білімі мен тәжірибесін жұмылдыру
А.М. Лукашенко	Жеке тұлға жақсы білетін және іс-әрекетке дайын болатын пәндік сала	Белгілі бір салалардағы қызметті орындау үшін түлекті даярлау нәтижесі ретінде сипатталатын жеке қасиеттердің интеграцияланған жиынтығы

4-кестенің жалғасы

1	2	3
С.В. Коляда	Адам білуі қажет құқықтар мен міндеттер шеңбері	Адамның білімі мен білігі
Г.А.Сергеев	Объектілердің немесе процестердің белгілі бір шеңберіне қатысты берілген және оларға қатысты сапалы және нәтижелі әрекет ету үшін қажетті өзара байланысты жеке қасиеттердің жиынтығы	Адамның өзіне және қызмет саласына қатысты жеке көзқарасын қамтитын тиісті құзыретке ие болуы

4-кестеде берілген анықтамаларға сүйене отырып, осы екі ұғымның шекаралары анық емес екенін байқауға болады. Алайда, құзыреттілік құзыретке қарағанда кең ұғым екендігі анық. Білім, білік, дағдылардан құралған құзыреттер жиынтығы адамның құзыреттілігінде көрініс табады.

Өзіміздің зерттеу жұмысымыздың шеңберінде біз құзырет ретінде білім, білік, дағдының интегративті жиынтығын түсінеміз. Ал, құзыреттілік, біздің түсінігімізде, аталған білім, білік, дағды мен жеке тұлғалық қасиеттердің жиынтығын белгілі бір міндеттерді орындауда, тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылады.

Сонымен, бірінші ұғым құзыреттер жиынтығын білдіре отырып, нақты кәсіби білімнің және берілген пән саласындағы тиімді қызмет үшін қажетті жеткілікті тәжірибенің болуын білдіреді. Екінші ұғымға тоқталатын болсақ, алынған білімді, дағдыларды қолдану қабілетін, сондай-ақ негізделген іс-әрекеттердің сәтті жүргізілуін қамтамасыздандыратын жалпы және кәсіби қызмет саласындағы міндеттерді шешудегі практикалық тәжірибе ретінде қарастырылады.

Осы орайда, жаһанданған жылдам өзгеріске ұшырап жатқан әлемдегі адамның кәсіби іс-әрекетінің жетістіктеріне байланысты кәсіби құзыреттілік кез келген кәсіби қызмет үшін қажет. Біздің қарастырып отырған мәселеміз жаһандану жағдайында қызмет ететін болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі болғандықтан, осы мәселеге тереңірек тоқталуды жөн көрдік.

Кәсіби құзыреттілік ұғымы бұл – күрделі және көп қырлы категория. Аталған ұғым философия, психология, педагогика, әлеуметтану, кәсіптік білім берудің теориясы мен әдістемесі, акмеология, андрагогика, еңбек психологиясы және басқа да гуманитарлық ғылымдарда жіті назарға алынып жан-жақты зерттелуде.

А.К. Маркова кәсіби құзыреттілікті мұғалімнің білімі мен дағдылар жүйесін, оның құндылық бағдарларын, іс-әрекет мотивтерін қамтитын көп факторлы құбылыс ретінде анықтайды және, ең бастысы, сөйлеу, стиль, қарым-қатынас, өзіне және өзінің қызметіне деген көзқарас сияқты өзге білімнің аралас салаларына байланысты мәдениеттің интеграцияланған көрсеткіштерінің маңызды сипаттамасын енгізеді [116]. Педагог-психолог үшін білімнің аралас салалары бұл – білім беру үрдісіне қатысушыларды оқытуға және психологиялық сүйемелдеуге жүйелі көзқарасты қамтамасыз ететін ақпараттың

тұтас қабаты, сондықтан эрудиция мен ізденгіш ақыл бұл – психологиялық-педагогикалық білім саласындағы кәсіпқойдың маңызды жеке сипаттамалары.

Сондай-ақ, Е.В. Семёнованың пайымдауынша құзыреттер мыналарды қамтиды: білім, іскерлік, дағдылар, өзгертін орта жағдайында кәсіби міндеттерді тиімді шешу қабілеті, кәсіби қызметті тиімді іске асыруға дайындық [117].

Келесі маңызды пікір О.Е. Лебедевке тиесілі. Зерттеуші құзыреттілік тұрғысынан пәннің мақсаттарын анықтау оның мазмұнын таңдаудан бұрын болуы керек деп есептейді: алдымен сіз осы пәннің не үшін қажет екенін анықтап, содан кейін қажетті нәтижелерді алуға мүмкіндік беретін мазмұнды таңдауыңыз қажет. Бұл ретте кейбір нәтижелерді оқу пәнінің білім беру үрдісінің басқа компоненттерімен өзара әрекеттесуі кезінде ғана алуға болатындығын, ал кейбір нәтижелерге тек пән аясында қол жеткізуге болатындығын және олардың басқа пәндерді оқыту есебінен алу мүмкін емес (немесе қиын) екенін ескеру қажет [118].

Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін зерттей отырып, А.П. Кустова оның құрамына болашақ маманның коммуникативті, эмоционалды-еріктік, мотивациялық, интеллектуалдық қасиеттері мен бейімделу, тұлғаралық түсіну, стресске қарсы тұру сияқты кәсіби құзыреттерін жатқызады [119].

Ғалым В.А. Далингер кәсіби қызметтегі құзыреттілік тәсіл пәндік білім беруден қарағанда, пәндер арқылы білім беруге баса назар аудару қажет деп санайды. Осылайша, адамды тұлға ретінде қалыптастыру, оқушының адамгершілік және зияткерлік әлеуетін дамыту, шығармашылық ойлау және әлеуметтік белсенді тұлғаларды даярлауды неғұрлым тиімді қамтамасыз етеді [120].

М.Б. Аржаник болашақ психологтардың кәсіби құзыреттілігі ретінде «сапалы кәсіби қызмет үшін қажетті кәсіби білім, білік, қарым-қатынас және жеке қасиеттер жиынтығын» түсінеді [121]. Сондай-ақ ол кәсіби құзыреттер құрылымында арнайы немесе пәндік (математикалық) құзыреттердің болу қажеттілігін атап көрсетеді.

Осылайша, негізгі кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру тек оқу пәндерін оқу арқылы ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаны тәрбиелеуді, оқытуды және дамытуды қамтитын жалпы білім беруді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Демек, оқу үрдісін білім беру үрдісімен сәйкестендіру дамуға кері әсерін тигізеді себебі тұлға ретінде тәрбиелеу мен дамытуды назардан тыс қалдырады. Білім беру үрдісі оқу іс-шараларынан басқа міндетті түрде білім алушыларға қосымша білім беруді, болашақ маманның күнделікті өмірінің практикасы болып табылатын олардың әлеуметтік-шығармашылық қызметін қамтуға тиіс. Бұл жағдайда құзыреттілік білімге қосымша талаптар қояды, өйткені жоғары кәсіби білім берудің мақсаты – білім мен дамуға негізделмеген, оқу пәндерінің мақсаттарының жиынтығы түрінде ұсынылуы мүмкін емес.

В.И. Байденконың зерттеулеріне [122], сондай-ақ автордың көпжылдық тәжірибесіне сүйене отырып, біз кәсіби құзыреттілік тәсіл түріндегі кәсіби құзыреттілікті игерудің заманауи анықтамаларына көшуді ұсынамыз, ал ол өз

кезегінде басқа да оқытудағы инновациялық тәсілдер сияқты кезең-кезеңімен енгізуді талап етеді. Енгізудің бірінші кезеңінде, мысалы, білімгерлердің қарапайым жалпы білім алу құзыреттерін қалыптастыруға болады, мысалы:

а) практикалық сабақтар үдерісінде оқыған, естіген, көрген және алған негізгі мазмұнынан қажетті кәсіби дағдыларды алу;

ә) кәсіби қызметке қатысты оқу материалын логикалық қабылдау;

б) ең тиімді ситуациялық шешімдерді таңдау, таңдалған нұсқаларды бағалаудың жеке критерийлерін құру;

в) шағын және үлкен топтарда тұлғааралық өзара іс-қимылды ұйымдастыру және қатысу;

г) нәтижелердің сапасын кейіннен анықтай отырып, орындалатын әрекеттерге уақыт бөлу.

Біздің ойымызша, жоғарыда пайымдалған білімгерлердің дағдылары жеке-жеке емес, интеллектуалдық және моторикалық дағдылар қалыптасатын құзыреттілік блоктарының тұтас жүйесінде қалыптасуы керек екені анық.

«Кәсіби құзыреттілік» мәселесі отандық зерттеу нысандарының арасында да зор өзектілікке ие. Біз, өзіміздің зерттеу жұмысымызда қазіргі отандық ғалымдардың «кәсіби құзыреттілік» феноменін зерттеген авторлардың жұмысын тереңірек зерттеп, талдауды жөн көрдік. Оның ішінде болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесін қарастырған көрнекті ғалым А.К. Аманова диссертациялық жұмысында: «Кәсіби құзыреттілік – белгілі бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін алған білімі мен дағдыларын практикада, күнделікті өмірде қолдана білу. Оқытудағы құзыреттілік білім беру нәтижесінде оқытудың сапасын қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде кешенді тәсілді жүзеге асыруды, оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді» деген тұжырымдамаға келеді [61, б. 3-140].

Отандық зерттеуші Т. Есимғалиева болашақ педагог- психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды көптілді білім беру жағдайында тұрғысынан жан-жақты зерделеген. Автор кәсіби құзыреттілікті педагогикалық қызметті тиімді жүзеге асыруға арналған қажетті білім, дағдылар мен тәжірибені игеру ретінде сипаттайды [62, б. 3-189].

Біздің зерттеу жұмысымыз үшін өте маңызды болып табылатын еңбектің авторы К.О. Оразбаева кәсіптік білім берудегі құзыреттілік түйіні нәтижеге жетуді көздейтінін алға тартады және болашақ мұғалімдерді даярлауда осыны ескеру жаһандық қайта құрулар жағдайында қызмет атқаратын болашақ мұғалімдердің ең қажетті сапасын дамыту мәселесін шешеді деп есептейді [76, б. 45].

Отандық зерттеуші О.Х. Аймағамбетованың пайымдауынша, кәсіби құзыреттілік категориясы болашақ мамандарды дайындауда маңызды болып табылады, өйткені ол жеке және топтық сананың мәнін салыстырмалы түрде тұтас, тұрақты білім ретінде ашады. Осы тұжырымдаманың көмегімен жеке тұлғаның дайындық дәрежесі ашылады және белгілі бір кәсіби қызмет саласына қатысты жаңалықтары, кәсіби салада өзін-өзі толыққанды жүзеге асыру үшін қажетті белгілі бір жеке қасиеттері мен сипаттамаларында көрініс табады [123].

Оқытушылардың кәсіби дайындығын дамыту мәселесін зерттеуге зор үлесін қосқан өзге отандық ғалым Н.Д. Хмель кәсіби құзыреттілік студенттердің жеке басының дамуын ынталандыратын, шығармашылық қабілеттерін және өзін-өзі тануға және өзін-өзі танытуға дайындығын қалыптастыратын осындай іс-әрекетке бағытталған мұғалімнің трансформациялық және басқарушылық іс-әрекетінде көрінеді деп санайды. Сондай-ақ, автор кәсіби құзыреттілік элементтеріне келесілерді жатқызады:

а) мазмұнды жеткізуде және аудиторияның ерекшеліктеріне бейімделуде көрінетін оқытылатын пәннің материалын еркін меңгеру;

ә) оқушылардың білім, білік және дағдыларды меңгеру тәсілдерін қалыптастыру үшін оқыту әдістерін қолданудағы әдістемелік құзыреттілігі;

б) оқушылардың өзара іс-қимылы және оқу процесін ұйымдастыру саласындағы психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі;

в) оқушылардың танымдық іс-әрекетінің, қабілеттерінің және тұлғаның бағыттылық мотивтерін қалыптастыру кезінде іске асырылатын дифференциалды-психологиялық құзыреттілігі;

г) педагогикалық іс-әрекеттің рефлексиясы немесе аутопсихологиялық құзыреттілігі [124].

Отандық ғалымдардың құзыреттілікті талдаудағы бағыттарын зерделей келе, оларды төмендегіше топтастыруды жөн көрдік (5-кесте).

Кесте 5 – Отандық ғалымдардың еңбектеріндегі «кәсіби құзыреттілік» ұғымына берген анықтамалары

Автор	«Кәсіби құзыреттілік» ұғымына берген анықтамасы
1	2
Ш.Т.Таубаева	Кәсіби құзыреттілік – тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқарудағы теориялық және практикалық даярлығының бірлігі. Маманның жұмыс мақсаттарына, талаптарына сай өзіндік шешім қабылдай алуы, күрделі мәселелер жағдайында тиімді жол таба алу іскерлігі, және іс-әрекет нәтижесін бағалауға даярлығы.
Б.Т. Кенжебеков	Кәсіби құзыреттілік – белгілі бір әрекеттерді орындауға даярлығы мен тәжірибелік қабілеттілігі
Т. Есимғалиева	Кәсіби құзыреттілік – педагогикалық қызметті тиімді жүзеге асыруға арналған қажетті білім, дағдылар мен тәжірибені игеру
А.К. Аманова	Кәсіби құзыреттілік – белгілі бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін алған білімдері мен дағдыларын практикада, күнделікті өмірде қолдана білу
Д.К.Садирбекова	Кәсіби құзыреттілік – тұлғаның психологиялық, педагогикалық және пәндік саладан білімділік, біліктілік деңгейін тиімді жүзеге асырудағы кіріктірілген қасиеті
У.К. Орынбаева	Кәсіби құзыреттілік – адамның қандай да бір салада игерілген білімдерді, дағдыларды тәжірибеде тиімді жүзеге асыру қабілеті
К.О. Оразбаева	...кәсіптік білім берудегі құзыреттілік түйіні нәтижеге жетуді көздейтінін алға тартады және болашақ мұғалімдерді даярлауда осыны ескеру жаһандық қайта құрулар жағдайында жұмыс істейтін болашақ мұғалімдердің ең қажетті сапасын дамыту мәселесін шешеді

5-кестенің жалғасы

1	2
А.Б.Тасова	«оның өзара субъектіліктілік түсінушілік қарым-қатынасындағы жаңа проблемаларды айрықша, жылдам, маңызды, тиімді қоюды, шешуді қамтамасыздандыратын кәсіби-тұлғалық сапасы»
С.Т.Тлеубай	Кәсіби құзыреттілік – білім мен біліктің және дағдының жиынтығы, сонымен қатар субъектінің күнделікті өмірде кездесетін түрлі проблемалық ситуацияда қандай іс-әрекет қолдану керектігін анықтай алуы және оны іске асыру жолында меңгерген білімі мен біліктілігін және іс-әрекет дағдысын ұштастыра алу қабілеті.

Жоғарыда келтірілген авторлардың басым көпшілігі кәсіби құзыреттілікті тұлғаның кәсіби біліктерін тәжірибеде қолдануымен байланыстырады. Мысалы, Б.Т. Кенжебеков кәсіби құзыреттілікті тұлғаның белгілі бір іс-әрекеттерді орындауға даярлығы мен тәжірибелік қабілеттілігі деп тұжырымдайды. Сондай-ақ, зерттеуші А.К. Аманова да кәсіби құзыреттілікті тұлғаның алған білімдері мен дағдыларын тәжірибеде қолдана білуі ретінде сипаттайды. У.К. Онгарбаеваның анықтамасы да осы айтылған тұжырымдамаларға негізделеді. Автор кәсіби құзыреттілікті адамның қандай да бір салада игерілген білімдерді, дағдыларды тәжірибеде тиімді жүзеге асыру қабілеті деп көрсетеді. Осы орайда, біздің ойымызша, ғалым Ш.Т. Таубаеваның кәсіби құзыреттілік ұғымына берген анықтамасына ерекше назар аударған жөн, себебі автор өз анықтамасында кәсіби құзыреттілікті тек тәжірибелік даярлық қырынан сипаттамай, тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқарудағы теориялық және практикалық даярлығының бірлігі ретінде анықтайды.

Кәсіби құзыреттілікке берілген барлық басқа да түсіндірмелер осы анықтамаларға қайшы келмейді, алайда біз кәсіби құзыреттілік ұғымының мәнін толықтай ашатын жеке дара анықтамасын ұсыну қажет деп есептейміз.

Сонымен, біз зерттеу жұмысымыздың шеңберінде кәсіби құзыреттілікті адамның жеке-тұлғалық сапамен ұштасқан білім, білік, дағдыларын қандай да бір кәсіби салада қолдана алу қабілеті ретінде анықтап, осы анықтамаға сүйенеміз.

Яғни, кәсіби құзыреттілікті тек білім, білік, дағдының кіріктірілген жиынтығын белгілі бір кәсіби салада қолдана алу қабілеті ретінде ғана емес, сонымен бірге кәсіби қызметті тиімді атқаруға оң әсер ететін тұлғалық сапа да кәсіби құзыреттіліктің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады.

Зерттеу жұмысымызда «кәсіби құзыреттілік» ұғымы жан-жақты қарастырылып, оған талдау жасалды. Ендігі кезекте педагог-психологтың кәсіби қызметіне тоқталамыз. Осы негізде бізге педагог-психологтардың кәсіби қызметіне талдау жүргізу орынды болып көрінді. Сондықтан да біз «педагог-психологтың кәсіби қызметі» ұғымының мәнін нақтылау және педагог-психологтың кәсіби портретін құру міндеттерін алға қоямыз.

Қоғамның әлеуметтік өмірінің барлық салаларын қамтыған серпінді және жаһандық өзгерістер білім беру саласында да айтарлықтай өзгерістерге септігін тигізді. Қазіргі заманғы болмысқа сәйкес келу үшін жоғары оқу орнының түлегі жаңа жағдайға бейімделіп қана қоймай, оны өзгерте алады, сонымен бірге өзін-

өзі өзгерте отырып дамыта алады. Бұл жағдайда жоғары білім берудің маңызды міндеті болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзіреттілігінің ерекшеліктерін анықтау [125].

Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары нормативтік құқықты актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесіне сәйкес анықталады. Соның ішінде педагог-психологтардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес педагог-психологтарға келесідей біліктілік талаптар қойылады: білім беру процесіне қатысушылардың қиындықтарын анықтау және диагностикалау, білім беру және ұйымдастырушылық-әдістемелік қызмет кезінде психологиялық көмекті сүйемелдеуді қамтамасыз ету [3]. «Педагог» кәсіптік стандартының кәсіптік карточкасының 9-қосымшасына сәйкес педагог-психологтың кәсіби қызметі келесі бағыттарды қамтиды:

1. Психологиялық-педагогикалық бейіні мен мақсатына диагностика жүргізу.

2. Білім беру процесі қатысушыларына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

3. Білім беру ортасын құру жағдайында психологиялық-педагогикалық мониторинг жүргізу.

4. Білім беру қызметінің дамытушылық және түзету бағдарламаларын жоспарлау мен әзірлеуде оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру.

М.Р. Битянованың пікірінше, «педагог-психолог» мамандығы психологиялық және педагогикалық бағыттағы кәсіби қызметті жүзеге асыруды көздейді. М.Р. Битянова педагог-психолог қызметінің төрт негізгі бағытын атап өтеді: психодиагностика, психокоррекциялық және дамытушылық жұмыс, кеңес беру және ағарту, әлеуметтік-бақылаушылық қызмет [126].

Ресейлік зерттеуші А. Марголис өзінің «Педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілік критерийлері» атты еңбегінде педагог-психологқа қажет құзыреттер ретінде келесі құзыреттерді көрсетеді: психологиялық қызметтің қажеттілігі бойынша диагностикалық бағалау; тұлғааралық қарым-қатынас, ынтымақтастық, кеңес беру, құзыреттілік шекараларын анықтау; психологиялық-тәрбиелік принциптер, оқу орнындағы психологиялық іс-әрекеттің жүйелі құрылымын ұйымдастыру; балалардың психологиялық және әлеуметтік құзыреттілігін арттыруға ықпал ететін алдын алу және түзету жұмыстарын жүршізу; рефлексия; арнайы терминологияны, логиканы, дұрыс сөйлеуді білу, ұсыныстарды тұжырымдау; құқықтық және этикалық принциптерді сақтау [67, с. 15].

Отандық ғалым П.Т. Абдуллаева өзінің университеттік білім беру жүйесінде болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған диссертациялық жұмысында «Заманауи педагог-психолог – бұл жоғары психологиялық-педагогикалық білім алған маман, ол білім беру үрдісін психологиялық қамтамасыз етуге, тұлғалық даму мен тиімді әлеуметтенуді қамсыздандыруға, білім алушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға, балалар мен жасөспірімдердің құқығын қорғауға, олардың

дамуындағы және мінез-құлқындағы ауытқулардың алдын алуға бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асырушы» [60, б. 303-308].

Бүгінгі таңда педагог-психологтың білім берудегі маңыздылығы жеке тұлғаның дамуын психологиялық-педагогикалық қолдаудың өзекті мәселелерін шешумен және қазіргі қоғам жағдайында білімгерлерді әлеуметтендірумен байланысты. Балалардың психологиялық денсаулығын нығайтуға байланысты өзекті мәселелерді шешу үшін білім беру ұйымдарының психологиялық қызметтерін одан әрі дамыту қажеттілігі артып келеді. Осыған орай кәсіби стандартқа сәйкес еңбек функцияларын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагог-психологтың біліктілігі мен кәсіби құзыреттеріне қойылатын талаптар артып келеді.

Жоғарыда көрсетілген ғылыми еңбектер мен нормативтік құжаттарды талдау бізге педагог-психологтың кәсіби портретін келесі 1-сурет арқылы сипаттауға мүмкіндік берді.



Сурет 1 – Педагог-психологтың кәсіби портреті

Білім мен озық тәжірибені басқалармен бөлісуге дайын болу – кәсіби педагог-психологтың маңызды қасиеттерінің бірі деп санаймыз. Психология бұл – практикалық сала, сондықтан оқушылармен қарым-қатынас жасаудың қай әдістері ұтымды болатынын білу үшін оларды сыныпта тәжірибеден өткізу қажет. Біздің ойымызша, заманауи педагог-психолог болу бұл – өз жетістіктерімен және озық тәжірибелерімен осы саладағы басқа мамандармен бөлісу.

Жыл сайын цифрландыру қамтыған салалардың саны өсуде және білім беру саласы да бұл заңнамалықтан тыс қалмады. Заманауи педагог-психолог «*трендте*» болуы және оқушылармен жұмыс жүргізу әдістемелерінде жаңа технологияларды қолдануы маңызды. Мысалы, бүгінде Instagram, Tik-Tok сынды әлеуметтік желілер қазақстандық оқушылардың өмірінің ажырамас бөлігіне айналып үлгерді, ал педагог-психологтардан өз кезегінде осы жаңа заманауи трендтерді зерттеп, олардың балаларға деген кері әсерімен қатар берер пайдасын да назардан тыс қалдырмай оңтайлы ұсыныстар беруі күтіледі.

Сонымен қатар, біздің ойымызша, педагог-психолог үшін ең маңызды қасиеттердің бірі – оқушылардың *жеке-тұлғалық ерекшеліктерін* назардан тыс қалдырмау. Яғни, оқушылардың жеке мүмкіндіктерін барынша толық анықтау, өзінің белсенділігін нығайту, оның жеке басының бірегейлігін ашу. Әр баланың дамуы мүмкін және оның күшті жақтарына айналуы мүмкін жеке ерекшеліктері бар. Жалпы, баланың қабілеттерінің дамуы әрқашан оның ерекше, тек өзіне тән қасиеттерінің дамуымен байланысты болуы керек. Ең бастысы – жеке ерекшеліктермен күресу емес, оларды дамыту, балалардың мүмкіндіктерін зерттеу және жеке даму ережелері бойынша тәрбие жұмысын құру педагог-психологтың принципіне айналу қажет деп есептейміз.

Осы орайда, балалардың мүмкіндіктерін зерттеуде педагог-психолог үшін маңызды қағида – *гумандық ұстаным*. Бұл ретте педагог-психологтың балаларға деген құндылықтарға негізделген адами қарым-қатынасы сүйіспеншіліктен, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудан, олардың денсаулығы мен әл-ауқатына қамқорлық жасаудан, диалогтық қарым-қатынастан, әр баланы сол күйінде жылы қабылдаудан, әр баланың даралығын қолдаудан көрінеді.

Бұдан бөлек кәсіби педагог-психолог психологиялық-педагогикалық өзара іс-әрекетті жоспарлау және қамтамасыз ету процесінде сұраныс бойынша білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу үшін келесі білімдерді жүйелі түрде қамтуы тиіс:

1. Педагогикалық, жас ерекшелік және арнайы психологияның негіздері, теориясы, принциптері, әдістемесі мен мазмұны.

2. Дамыту, оқыту және әлеуметтену процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламаларын құру.

3. Білім алушыны жеке сүйемелдеу бағдарламасын жасау үшін жүргізілетін психологиялық бақылауды талдау.

4. Білім алушыларды тиімді сүйемелдеу мақсатында тәжірибелік кейстермен қамтамасыз ету.

5. Психологиялық диагностика нәтижелерін статистикалық және математикалық өңдеу әдістері.

6. Білім алушыларды оқыту, дамыту және тәрбиелеу үшін алынған диагностика нәтижелерінің негіздемелерін психологиялық-педагогикалық интерпретациялау және рәсімдеу талаптары.

7. Білім беру жүйесіне және психологиялық-педагогикалық қызметті жүзеге асыруға қатысты нормативтік-құқықтық актілер [127].

Кәсіби әрі сұранысқа ие педагог-психологтың негізгі ұстанымдарының бірі – үздіксіз білім алуға ұмтылу және оқуға жаңаны зерттеуге деген мотивация. Себебі, педагог-психолог өзінің кәсіби саласы туралы көп білсе де, қарым-қатынастың жаңа әдістерін үйренсе де, тіпті өзінің диагностикалық әдістемелеріне көбірек технологияны қалай енгізу керектігін білсе де, өз білімін үнемі кеңейту маман ретінде дамудың кілті болып табылады.

Сондымен, біздің ойымызша, жоғарыда көрсетілген педагог-психологқа қажет ұстанымдар, қағидалар, білімдер мен тәжірибелердің тұтастығы ғана педагог-психологтың функционалдық міндеттерін ұтымды түрде атқаруға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысымыздың кіріспе бөлімінде көрсетілгендей, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда нәтиженің сапасы түлектің белгілі бір жалпы және кәсіби құзыреттердің қалыптасуын білдіреді. Бұл кәсіби құзыреттілік кез келген маманның соның ішінде педагог-психологтың кәсіби қызметін сәтті жүзеге асыруға дайындығын қамтамасыз ететіні анық.

Біз зерттеу жұмысымыздың барысында «Жаһандану», «Жаһандық білім беру», «Құзыреттілік», «Кәсіби құзыреттілік» ұғымдарына көптеген ғалымдардың зерттеу жұмыстарына сүйене отырып, талдау жасау арқылы, аталған ұғымдардың мәнін нақтыладық. Ендігі кезекте, біз үшін жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің мәнін ашу міндеті тұр. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің мәнін сипаттауда біз Азия қоғамы жанындағы жаһандық білім беру орталығының директоры Veronica Voix Mansilla ұсынған бес білікті негізге алдық [128]. Оның ішінде:

- 1) әлемді зерттеу;
- 2) перспективаларды таразылау;
- 3) идеялармен бөлісу;
- 4) әрекет ету;
- 5) тәжірибені қолдану.

1. Әлемді зерттеу. Бұл бағытқа сәйкес болашақ педагог-психологтар өз сұрақтарының маңыздылығын нақты дәлелдей алады және әртүрлі жергілікті, ұлттық және халықаралық дереккөздерден, соның ішінде бірнеше тілде сенімді ақпаратты анықтау, жинау және талдау арқылы осы сұрақтарға қалай жауап беру керектігін біледі. Олар жергілікті мәселені жаһандық мәселемен байланыстыра алады, мысалы, университеттегі қоқысты қайта өңдеу жобасы сияқты жергілікті мәселе олардың оқу орнынан тыс жаһандық процестің бір бөлігі екенін жақсы түсінеді.

2. *Перспективаларды таразылау.* Болашақ мамандар өздерінің белгілі бір көзқарасы бар екенін және басқалар оны бөлісуі немесе бөліспеуі мүмкін екенін мойындайды. Олар басқа адамдардың, топтардың көзқарастарын тұжырымдап, түсіндіре алады және осы көзқарастарға әсер ететін факторларды, соның ішінде білімге, технологияға және ресурстарға қол жеткізу адамдардың көзқарастарына қалай әсер ететінін анықтай алады. Олардың басқа адамдардың көзқарастарын түсінуі басқа мәдениеттер туралы, сондай-ақ қазіргі оқиғалар туралы терең тарихи білімге негізделген.

3. *Идеялармен бөлісу.* Бұл параметрге сәкес болашақ педагог-психологтар әр халықтың мәдениеті, географиясы, сенімі, идеологиясы, байлығы және басқа факторлары бойынша ерекшеленетінін және олар бір ақпаратты өзгеше қабылдай алатынын түсінеді. Олар әртүрлі мәдениет өкілдерімен тиімді түрде тілдесе алады. Ағылшын тілі әлемде кең таралған сауда және коммуникация тіліне айналғандықтан, жаһандық білімі бар студенттер кем дегенде ағылшын тілін шет тілі ретінде меңгерген.

4. *Әрекет ету.* Болашақ педагог-психологтар өздерін сырттан бақылаушылар емес, әрекет етушілер ретінде көреді. Олар мүмкіндіктерді жақсы қабылдайды – адам құқықтарын мақсатты қорғаудан бастап, бизнеске қажет дайын өнімді құруға дейін. Жалғыз немесе топта, жаһандық, этикалық және шығармашылық тұрғыдан сауатты студенттер қадамдарын дәлелдер мен түсініктерге сүйене отырып таразылай алады.

5. *Тәжірибені қолдану.* Бұл болашақ педагог-психологтардан кез келген мәселенің өзара байланысын және оның кең ауқымын, сондай-ақ кейбір нюанстарын түсіну үшін пәнаралық призма арқылы әлемдік жағдайларды, проблемалар мен тенденцияларды түсіну қабілетін талап етеді. Бәсекелестік басым әлемде не болып жатқанын білетін білімгерлер, экологиялық, қаржылық, әлеуметтік және басқа жүйелердің өзара байланысын түсінеді және қоғамдар мен мәдениеттер арасындағы күштердің салыстырмалы тепе-теңдігінің айтарлықтай қысқа және ұзақ мерзімді салдары бар екенін жақсы түсінеді.

Осы аталған біліктерді игеру үшін болашақ педагог-психолог дәстүрлі академиялық құзыреттерден тыс жаһандық талаптарға жауап беретін құзыреттер мен тұлғалық сапаларды дамыту қажет деп санаймыз. Сондықтан да, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін жаһандық талаптарға сәйкестендіру үшін, яғни, ғаламдық тәжірибенің өзгеруіне, білім беру қызметтерін қайта жаңартуды жүзеге асыруға, білім беру үрдісіне инновациялардың енгізілуіне, әлеуметтік талаптардың деңгейінің өсуіне жауап беретін инновациялық, толеранттылық және дүниетанымдық құзыреттер жиынтығын қарастыру өте маңызды болып табылады. Осы айтылғандарға сәйкес жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін төмендегідей 2-сурет түрінде бейнеледік.



Сурет 2 – Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрамы

Білім мен ғылымдағы жаңарулар мен өзгерістер инновацияға бағытталған мемлекет құруда маңызды рөл атқарады. Ал, педагог-психологтар ғылым мен білім беру саласындағы инновацияларға бағытталған мемлекеттің дамуында өте маңызды миссияны орындайтыны сөзсіз. Жаңашыл педагог-психологтарды даярлау мәселесі маңызды және өзекті мәселе болып табылады және біз болашақ педагог-психологтардың инновациялық құзыретінің маңыздылығын түсіну жаңашыл мамандарды дамытудың алғышарты мен негізі деп санаймыз. Сондықтан да біздің ойымызша, жаһандану жағдайында болашақ педагог - психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін қажет құзыреттердің бірі - *инновациялық құзырет*.

Әлем жаһандық сын-қатерлер кезеңін өткеруде. Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT-технологияларды жедел дамытуды қажет етеді [129].

Жаһандану үрдісі күшейген сайын инновация елдер арасындағы бәсекелестіктің кілтін айналды. Шетелдік ғалым Jian Li өзінің «Инновациялық құзырет моделі» еңбегінде философиялық академиялық зерттеулердегі инновациялар ескі нәрселерден, ескі теориялардан және ескі әдістерден тыс

жаңа нәрселерді, жаңа теориялар мен жаңа жолдарды құруды білдіреді деп тұжырымдайды [130].

Зерттеушілер Е.С. Симбирских мен Ю.Б. Суворов «Инновациялық құзырет» ұғымы негізінен менеджмент, бизнес туралы мақалаларда кездесетінін ерекше атап өте, инновациялық құзыреттілік - бұл маманның инновацияны тез және тиімді игеруіне ықпал ететін қабілеттер, қасиеттер мен дағдылардың жиынтығы екенін айқындайды [131].

Алайда, біздің ойымызша, болашақ педагог-психологтардың инновациялық құзыреттілікті игеру қажеттілігі-бұл тек қана жаңа нәрселерді, жаңа теорияларды және жаңа әдістерді құрумен ғана шектелмейді. Біз зерттеу жұмысымызда басшылыққа алған модель болашақ педагог-психологтардың инновациялық құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін үш дағдыға негізделген: сыни ойлау, зерттеушілік және кәсіпкерлік.

Біздің ойымызша, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін қажет келесі құзырет – толеранттылық құзырет. Әрине, «*толеранттылық*» ұғымы зерттеу бағытының кең спектріне ие, сондықтан толеранттылық мәселесін дамытумен бірқатар ғылымдар айналысады: психология, әлеуметтану, құқықтану, өйткені бұл ұғым адам құқықтарымен, оның қоғамдағы өмір сүру ерекшеліктерімен және осы қоғамдағы қатынастарды реттеумен байланысты.

Толеранттылық ұғымы өте кең ауқымды. Әр мәдениетте толеранттылықтың өзіндік анықтамалары бар, олар көп жағынан ұқсас және көбінесе адамды немесе құбылысты наразылықсыз қабылдауға, басқаның бостандығын құрметтеуге, рұқсат етуге, тануға, жомарттық, шыдамдылық, төзімділік, татуласуға дайын болу, басқа адамды қабылдау қабілеттеріне негізделеді. Толеранттылықты түсінудің әртүрлі тәсілдері – оның маңызды әлеуметтік құндылық, әлеуметтік өмір нормасы, адамдар арасындағы қарым-қатынас пен мінез-құлық принципі және жеке қасиет ретінде қарастырылатындығын көрсетеді. Толеранттылықтың басты талабы – басқа адамды өзіне тең деп тануға бағытталған. Халықаралық қағида ретінде ол «біз бәріміз бір-бірімізден ерекшеленеміз, бірақ бәріміз теңбіз» деген тіркес түрінде анықталады.

О.Ю. Коновалованың «толеранттылық» ұғымдарына жүргізілген талдауы осы ұғымның педагогикалық түсіндірмесін анықтады, мұнда толеранттылық бұл – қоршаған әлемге төзімді қатынастар жүйесін білдіретін тұлғаның интегративті сапасы ретінде қарастырылады [132].

Тұлғааралық қарым-қатынаста тепе-теңдікті орнату және адамдарды біріктіру, төзімділік, эмоционалды қатынас ретінде, өз сенімдері мен өзін-өзі сәйкестендіруге қатысты мәселелер мен жеңілдіктердің барлық түрлеріне келісуді, елемеуді немесе немқұрайлылықты білдірмейді, бірақ айырмашылықтарды мойындау және әртүрлі идеялар мен сәйкестіктерге төзімділік танытуды білдіреді [133].

Толеранттылық бұл – біреуге ұнамайтын немесе келіспейтін пікірлердің немесе мінез-құлықтың болуына төзімділік немесе дайындық [134]. Толеранттылық бұл – адамдар арасындағы айырмашылықтарды қабылдау.

Толерантты болу дегеніміз – адамдар көбінесе күткеннен өзгеше болатындығын түсіну [135]. Сондай-ақ, толеранттылық бұл – төзімділік; бұл басқа сенімге, басқа пікірге құрмет. Көпмәдениетті қоғамның қазіргі проблемалары тұрақты қатар өмір сүру үшін жалғыз төзімділік жеткіліксіз екенін көрсетеді; әртүрлі топтарды құрметтеуді үйрену керек. Толеранттылықтың тиісті дәрежесі тұлғааралық қатынастардың беріктігі мен оған қажетті алғышарт болып табылады [136].

Сонымен, толеранттылық ар-ождан мен сөз бостандығымен бірге адамның жалпыға бірдей қадір-қасиетінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде келтірілген. Толеранттылық, ең алдымен, адамның төзімділікке деген көзқарасын немесе қасиетін көрсетеді.

«Толеранттылық бұл – әр адамның ерекше екенін білу». Бұл қысқа, бірақ өте терең идея көп мәдениетті команданы басқару және дамыту тұрғысынан өте маңызды. Көпмәдениетті топтың көшбасшысы төзімділікті келесідей жағдайларда қолдана алады [137]:

а) топтың барлық мүшелеріне өздерінің (ерекше) пікірлерін, қиялдарын, ұсыныстарын ешқандай сынсыз білдіруге мүмкіндік беретін жаңа шешімдер мен мүмкіндіктер табылған кезде;

ә) жұмыс істеу және белгілі бір мақсаттарға жету кезінде барлық қатысушыларға өздерінің тәжірибелік әдістері мен қадамдарымен жеке қарқынмен жұмыс істеуге мүмкіндік беру;

б) шығармашылық атмосфераны қорғау және топта қарым-қатынас орнату арқылы топ мүшелеріне басқаларға және олардың көшбасшысына түсіністік, шыдамдылық және дайындық туралы сұрауға мүмкіндік беріңіз және бір уақытта сұрау;

в) топтың тиімділігін арттыру кезінде топ мүшелері арасындағы жұмыс пен қарым-қатынастағы кішігірім қателіктерді мойындау, бірақ ережелерді, нормаларды, күтілетін нәтижелерді және т. б. компрамиссіз сақтауды талап ету.

Жоғарыда көрсетілген қабілеттер тек белгілі бір топты басқаруда ғана емес, белгілі бір ұжыммен немесе мектеп оқушыларымен жұмыс жасағанда, әсіресе, болашақ педагог-психологтар үшін аса қажет қабілеттер деп санаймыз. Себебі, қазіргі кезде толеранттылықтың, әсіресе, жасөспірімдермен жұмыс жүргізуде маңызды. Біздің ойымызша, білім беру, тәрбие беру үрдістері сенім, шыдамдылық, құрмет ұғымдарымен ұштастырылуы қажет, сонда ғана біз нәтижеге қол жеткізе аламыз. Ал бұл мәселедегі маңызды көпір ретінде педагог-психолог болуы әбден мүмкін, сол үшін де болашақ-педагог психологтарға толеранттылық құзыретін дамыту өте маңызды деп санаймыз.

Сонымен, толеранттылық жалпымәдени құзырет. Ол адамның тұлғалық дамуының негізі болып табылады және адамдарға деген құндылық көзқарасқа негізделеді. Яғни, адам өзінің жеке өмірлік ұстанымдары бола тұра, басқа адамдардың өзгеше көзқарастарын, түсініктерін, іс-әрекеттерін құрметпен қабылдайды және әртүрлі көзқарастар негізінде қарым-қатынас құра алады.

Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігінің үшінші құрамдас бөлігі – *дүниетанымдық құзырет*.

Қазіргі белсенді дамып келе жатқан қоғамда жүйелік трансформациялық процестер жағдайында, қоғам өмірінің барлық салаларын, оның ішінде білім беруді қамтитын ғылыми-технологиялық және әлеуметтік-мәдени жаңғыртудың тиімді жолдарын үздіксіз іздеу жүргізілуде.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық, қоғамдық және басқа да қызмет салаларындағы инновациялық белсенділігін, еңбекке және шығармашылыққа деген ынтасын, рухани адамгершілік, азаматтық-патриоттық, эстетикалық қабілеттерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін жеке тұлғаны қалыптастыру өте маңызды болып табылады [138].

Осындай нәтижеге қол жеткізу өсіп келе жатқан тұлғаның қоршаған әлемді тану, ақиқатты және өзін-өзі тану, баға беру, ережелерді тұжырымдау және құру қажеттілігін өзектендіру негізінде мүмкін болады. Субъектінің жоғарыда аталған іс-әрекетке қабілеттілігі оның дүниетанымын жеке сананың өзегі ретінде қалыптастырады.

«Дүниетанымдық құзырет» терминін Longview қоры «Әлем өңірлері, мәдениеттер мен жаһандық мәселелер туралы білім, сондай-ақ жауапты және тиімді өзара іс-әрекет жасау біліктері мен дағдыларының жиынтығы» ретінде анықтайды [139]. Сәйкесінше, Мансилла мен Джексон бұл терминді адамның ғаламдық маңызы бар мәселелерді түсіну мен іс-әрекетке деген қабілеті және көзқарасы ретінде сипаттайды және бұл 21 ғасырда өмір сүру үшін қажет білім мен дағдыларды қамтитынына ерекше назар аударады [128, p. 3-130].

Мансилла мен Джексонның пікірінше, дүниетанымы жоғары дәрежеде дамыған білімгер білуі қажет:

1. Қоршаған ортадан тыс әлемді зерттеу, маңызды мәселелерді тұжырымдау және жақсы ойластырылған және жасына сәйкес зерттеулер жүргізу.

2. Басқа адамдардың және өз көзқарастарын тану, тұжырымдау және мұндай көзқарастарды мұқият және құрметпен қабылдау.

3. Әртүрлі аудиторияға идеяларды тиімді жеткізу, географиялық, тілдік, идеологиялық және мәдени кедергілерді жеңу.

4. Өзін әлемдік аренада ойыншы ретінде қарастыру арқылы жағдайды жақсарту үшін шаралар қолдану [128, p. 10-25].

Сандра Н. Руссоның пайымдауынша дүниетанымы кең студент халықаралық өзара түсіністік құндылығын өзі үшін де, өзінің жеке өзін-өзі жүзеге асыруы үшін де мойындайды. Осылайша, дүниетанымның маңыздылығы тек оқуды аяқтағаннан кейін жақсы жұмысқа орналасуға кепілдік береді деген түсінікке негізделмейді. Жаһандық сауатты білім алушы өмір бойы осы белгіленген шеңберге сүйенеді. Жаһандық бәсекеге ие университетте оқу нәтижесінде білімгер үлкен қоғамдық игілік істер үшін жеке құзыреттіліктерді пайдаланады. Болашақта білімгер жергілікті және жаһандық деңгейде өз үлесін қоса алатын жаһандық құзыретті азамат болады деп күтіледі [70].

Ресейлік ғалым педагог-психолог Н.С. Куклина дүниетанымдық құзыретке келесідей анықтама береді: «Дүниетанымдық құзырет бұл – нақты

дағдылар емес, ол өзге мәдени ортаға жататын адамдармен жеке немесе виртуалды өзара іс-әрекет кезінде және ұлттық шекарасы жоқ әрі қазіргі және болашақ ұрпақтың өміріне әсер ететін жаһандық мәселелерді шешуге қатысу кезінде қолданылатын білім, білік, көзқарас пен құндылықтардың үйлесімі» [140].

PISA зерттеуіндегі дүниетанымдық құзыреттілік келесі құзыреттерді қамтитын көп өлшемді қабілет ретінде анықталады: жаһандық және мәдениетаралық мәселелерді зерттеу, әртүрлі дүниетанымдар мен перспективаларды түсіну және бағалау, басқалармен сәтті және құрметпен өзара әрекеттесу және ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты даму үшін әрекет ету [141].

Дүниетанымдық құзырет көп қырлы құрылым ретінде жүзеге асырылады, ол көбінесе мәдениетаралық құзыреттілік сияқты альтернативті терминдермен алмастырылып қолданылады [142]. Қазіргі уақытта дүниетанымдық құзыреттің бірыңғай анықтамасы, сондай-ақ дүниетанымдық құзыретті деп танылуы мүмкін дүниетаным мен мінез-құлыққа қатысты консенсус жоқ. Сонымен қатар, дүниетанымдық құзыреттілік қандай да бір түрде білімнің, дағдылардың және көзқарастардың аспектілерін қамтиды және соған сәйкес сипатталуы мүмкін деген кең таралған пікір болуы мүмкін. Дүниетанымдық құзырет адамның әртүрлі ортадағы адамдармен өнімді және құрметті қарым-қатынасқа түсуіне және инклюзивті және тұрақты қоғамға ұмтылуына мүмкіндік беретін дағдыларды, білім мен көзқарастарды қамтиды деп мәлімдейді. Алайда, бұл анықтамалар әлемді түсінуге, позитивті қатынастарға және қоғамға бейімделуге ықпал етудің жалпы мақсатын көздейді.

Осы тақырып бойынша көптеген әдебиеттерді зерттей отырып, Leal, Gómez және Тома дүниетанымдық құзыретті жаһандық құзыретпен байланыстыра келе, өмір бойы оқытудың мақсаты ретінде түсіндіруді ұсынды, ол өзін-өзі көрсетуден басталады, жеке тұлғаның жергілікті, жаһандық және мәдениетаралық мәселелерді тануға, жаһандық өзара тәуелділікті, әртүрлі көзқарасты түсінуге және бағалауға қабілеттілігі мен дайындығына ықпал етеді. Әлеуметтік әділеттілік пен жер шарының тұрақтылығына ұмтылатын трансформацияға қабілетті адамдар болу мақсатында теңдік пен құрмет жағдайында оң қарым-қатынас орнату деп түсіндіреді [143].


Шын мәнінде, «дүниетанымдық құзырет» феномені Қазақстан үшін ерекше өзекті, себебі бүгінде Қазақстан әлемдік білім беру және ақпараттық кеңістікке кірігіп, көп мәдениетті әлемде еркін бағдарлай алатын заманауи маманның тұлғасын қалыптастырудың жаңа жолдарын іздеуде. Әрине, жоғары білім берудің жаһандануы студент алмасу және ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қоюмен ғана шектелмейді. Бұл үрдіс мемлекеттік деңгейде де, білім беру мекемелері деңгейінде де ғылыми және білім беру қызметінің барлық аспектілеріне халықаралық стандарттарды енгізуді көздейді. Қазақстан үшін бұл өзгерістер түлектердің жаһандық деңгейде қызмет атқаруға, сондай-ақ халықаралық деңгейде танылған ғылыми қызметті жүзеге асыруға қажетті құзыреттердің кең жиынтығына толық көлемде ие болуы тиіс екенін білдіреді. Қазақстан университеттерінің сапасын арттыру, шетелдік студенттер мен

оқытушыларды тарту, сондай-ақ шетелде қазақстандық мамандардың сұранысын арттыру үшін халықаралық тәжірибе мен шетелдік сарапшыларды пайдалану.

Осы зерттеу нысанындағы зерттеушілердің зерттеулеріне сүйене отырып, біз «дүниетанымдық құзырет» ұғымын белгілі бір дағды және басқа мәдени ортаға жататын адамдармен жеке немесе виртуалды өзара әрекеттесуде және жеке тұлғалардың қатысуымен сәтті қолданылатын білім, дағды, көзқарас, құндылықтар жиынтығы ретінде анықтадық.

Жоғарыда көрсетілген талдауға сәйкес, әлемді зерттеу, перспективаларды таразылау, идеялармен бөлісу, әрекет ету және тәжірибені қолдану біліктерін игеру үшін болашақ педагог-психолог меңгеруі тиіс инновациялық, толеранттылық (тұлғалық сапа) және дүниетанымдық құзыреттердің жиынтығы қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде болашақ педагог-психолог кәсіби қызметін ұтымды жүзеге асыруда аса маңызды деп есептейміз.

Сонымен, жоғарыда берілген педагог психологтың кәсіби портретіне (1-сурет), жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымына (2-сурет) жасалған талдаулар бізге жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін анықтауға және мәндік сипаттамасын беруге мүмкіндік берді (3-сурет).



Сурет 3 – Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің мәндік сипаттамасы

Қорыта келгенде, біз жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дегеніміз олардың диагностикалық, коррекциялық, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу функцияларын жүзеге асырудағы жаһандық білім беру талаптарына сәйкес гумандық ұстанымдағы толеранттылық тұлғалық сапасы мен инновациялық, дүниетанымдық білім, білік, дағдыларының кіріктірілген жиынтығы деген тұжырымдамаға келеміз.

Бұл, өз кезегінде, басқа да бағыттар бойынша мамандар даярлауда зерттеу нысанына алынуды талап ететін пәнаралық күрделі мәселе, алайда, біз бұл мәселені өз зерттеу нысанымыздың аясында ғана қарастырамыз.

Зерттеу жұмысымыздың келесі параграфында жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың көрсеткіштері мен деңгейлерін сипаттаумен жалғастырамыз.

1.3 Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуының көрсеткіштері мен деңгейлері

Берілген параграфта жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуының көрсеткіштері мен деңгейлері қарастырылғандықтан, ең алдымен, «даму» ұғымына тоқталуды жөн көрдік.

Білім берудің мазмұны адамның білім беру процесінің сандық және сапалық параметрлерін және оның нәтижелерін сипаттайтын «құру», «қалыптасу», «даму» ұғымдарының көмегімен сипатталады. Сонымен қатар, педагогика бойынша ғылыми жобалардың, диссертациялық жұмыстардың және белгілі бір кәсіби қасиеттер мен қабілеттерді жетілдіруге бағытталған бағдарламалардың атауы мен мазмұнында «даму» ұғымы жиі кездеседі.

Сонымен қатар, «Даму» ұғымының өзі семантикалық, гносеологиялық және логикалық тұрғыдан нақты айқындалмаған болып табылады, өйткені оны анықтау үрдісі көмекші ұғымдарды қажет етеді. Сол себепті, әлеуметтік зерттеулер, соның ішінде педагогика үшін көптеген ұғымдарды түсіндіретін философия да оған күмәнмен қарайды.


Сонымен «даму» терминіне келетін болсақ, оның анықтамасы бойынша нақты тұжырым болмаса да, бұл ұғымның мәні өте терең болып келеді. Алайда, ғылым әлемінде даму ескіден жаңаға, төменнен жоғарыға, қарапайымнан күрделіге бағытталған. Ресми логика заңдарына сәйкес құрылған дамудың жоғарыда аталған түсінігі, бір қарағанда, сенімді және айқын көрінеді. Оның сыртқы дәлелі аксиома түрінде болады және бір философиямен шектелмей, басқа ғылымдарға таралады. Аталған терминге ондаған анықтамалар келтіруге болады, алайда олардың барлығы жоғарыда көрсетілген үш постулаттың айналасында өрбиді.

Әрине, даму белгілі бір кезеңдерді қамтуы қажет, олардың әрқайсысы кәсіби қызметтің сәтті жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін психофизиологиялық және әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларға ие.

Зерттеу жұмысымыздың шеңберінде, біз, «даму» термині ретінде табиғи өзгеру, бір күйден екінші неғұрлым жетілдірілген күйге ауысу, ескі сапалық күйден жаңаға, қарапайымнан күрделіге, төменнен жоғарыға көтерілу процесі ретінде түсінеміз.

Диссертациялық жұмыстың 1.2-параграфында біз жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтарының кәсіби құзыреттілігін сипаттап, оның құрылымы ретінде инновациялық, толеранттылық және дүниетанымдық құзыреттер жиынтығын көрсеттік. Ендігі кезекте біз аталған құзыреттердің көрсеткіштеріне толығырақ тоқталуды жөн санаймыз.

Сонымен жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымына сәйкес, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі инновациялық, толеранттылық және дүниетанымдық құзыреттер жиынтығынан тұрады, аталған құзыреттердің әрқайсына тиесілі көрсеткіштер бізге жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі даму дәрежесін өлшеуге мүмкіндік береді. Осы құзыреттер мен оларға тиесілі көрсеткіштерді 4-сурет түрінде беруді жөн көрдік.



Сурет 4 – Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуының көрсеткіштері

Ең алдымен, біз инновациялық құзырет блогына жататын *сыни ойлауды* және оның педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін дамытудағы рөлін қарастырамыз. Бүгінде Қазақстанда жаңартылған білім беру контенті белсенді түрде енгізіліп жатқаны белгілі. Позитивті сценариймен студенттер болашақта кәсіби қызметі үшін пайдалы болмайтын материалды механикалық жаттаудан бас тарта алады, сонымен бірге жеке тұлға ретінде дамуға, таланттарын ашуға, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ ақпаратты іздеуді дұрыс және дербес жүзеге асыруға және сыни ойлауды дамытуға мүмкіндік ала отырып, академиялық еркіндікке ие болады [144].

Докме теориясына сәйкес, сыни тұрғыдан ойлау дағдылары мен үрдістерін игеру кезінде оқушылардың ақыл-ойы мен санасы ғылыми зерттеулерге белсенді және ашық болуы керек [145]. Сыни ойлау дағдыларын меңгеру адамдарға жаңа интеллектуалды перспективаларға ие бола отырып, зейіннің жаңа деңгейіне өтуге мүмкіндік береді. Ол сондай-ақ адамдарға жаңа мүмкіндіктерді ашуға және осылайша әртүрлі зерттеу салаларына қызығушылықты дамытуға мүмкіндік береді.

Өзге ғалым Mertes, L. пікірінше, адамдар мәселені шешуге, дәлелді бағалауға, сендіру туралы шешім қабылдауға немесе жалпы шешім қабылдауға тырысқанда сыни тұрғыдан ойлайды. Осы мақсаттарға жету үшін сыни ойлау тек ойлаудың өнімі мен нәтижелерін, яғни сенімдерді, таңдауды, қорытындыларды, гипотезаларды және т.б. пайдаланады, сонымен қатар оларды тудырған үрдістерді, яғни осындай тұжырымдарға әкелген пайымдауларды және шешім қабылдау үрдісінің сипатын бағалайды [146].

Жалпы алғандағы, «сын» сөзіне тоқталатын болсақ, бұл термин жалпы мағынаны бағалау, кемсіту үшін қолданылады. Басқаша айтқанда, оны тақырыпты бағалау немесе тақырыпқа түсініктеме беру ретінде сипаттауға болады. Сыни тұрғыдан ойлаудың көптеген анықтамалары бар. Алайда, бұл әдетте заттарға түсініктеме беру және бағалау қабілеті ретінде анықталады [147].

«Сыни тұрғыдан ойлау» ұғымына келтірілген анықтамаларды негізінен шетелдік ғалымдардың еңбектерінен көруге болады. Американдық ғалым D. Klooster - сыни ойлауды әлеуметтік сипаттағы ойлаудың бір түрі ретінде қарастыра отырып, оның төрт жетекші компонентін ажыратады. Оның пікірінше, сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қоюға және жауапты анықтауға, сенімді дәлелдер келтіруге ұмтылудан тұрады [148].

D. Klooster сыни ойлауды келесідей сипаттайды:

- тәуелсіз ойлау қабілеті, яғни ойлау үрдісінде жеке тұлғаның болуы;
- кез келген ақпарат сыни ойлаудың соңғы не бастапқы кезеңі емес, себебі ақпаратсыз ойлануға ешқандай себеп жоқ;
- сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қоюдан, проблемаларды анықтаудан басталады.

Осындай міндеттерді шешу барысында білім алушы шынымен терең ойлана бастайды;

- сыни тұрғыдан ойлау дәлелдерді, фактілерді, статистикалық деректерді, эксперимент нәтижелерін тартуды талап етеді;
- сыни ойлау әлеуметтік сипатқа ие, яғни кез-келген идея басқалармен бөліскенде шындалады, сондықтан сыни тұрғыдан ойлау пікір алмасуға мүмкіндік береді [148, p. 36-39].

Сыни тұрғыдан ойлау бұл – адамның ақпаратты біріктіретін, талдайтын және бағалайтын ойлау тәсілі [149]. Барған сайын кеңейіп келе жатқан білім қорын алу үшін, қарапайым ресми білімнің жеткіліксіздігі адамдардың мәселелерді өз бетінше шеше отырып, өз бетінше ақпарат алу қажеттілігіне әкелді. Осы соңғы талаптарды қанағаттандыру үшін сыни тұрғыдан ойлау қабілетінің қажеттілігі тұжырымдаманы кеңінен талқылауға түрткі болды. Сыни тұрғыдан ойлау әртүрлі элементтер мен ережелерден тұрады және жаңа идеяларды немесе әртүрлі көзқарастарды дамыту үшін қажет. Осы ерекшеліктерді талдағанда, Глейзер сыни тұрғыдан ойлау үш фактордан тұрады деп болжаған [150]:

1. Мәселелерді бағалау және ойлану арқылы шешу.
2. Ойлау әдістері туралы ақпаратқа ие болу және ойлау арқылы сұрақтар қоя білу.

3. Бұл әдістерді күнделікті өмірде қолдана білу.

Демирелдің пікірінше, сыни тұрғыдан ойлаудың 5 ережесі бар [151]:

1. Жүйелілік: сыни ойлау үрдісінде ойдағы қайшылықтарды жою керек.

2. Комбинация: сыни тұрғыдан ойлайтын адам ойлаудың барлық аспектілерін зерттеп, олардың арасындағы байланысты орнатуы қажет.

3. Қолдану мүмкіндігі: адам өз ойын білгендерімен біріктіріп, оны модельде қолдануы керек.

4. Жеткіліктілік: сыни тұрғыдан ойлайтын адам тәжірибелер мен олардың салдары туралы түсінігін нақты фактілерге негіздеуі керек.

5. Қарым-қатынас: сыни тұрғыдан ойлайтын адам өз ойын нақты және тиімді түрде жеткізуі керек.

Адамдар мәселені шешуге, дәлелді бағалауға, сендіру немесе жалпы шешім қабылдауға тырысқанда сыни тұрғыдан ойлайды. Осы мақсаттарға жету үшін сыни ойлау тек ойлаудың өнімі мен нәтижесін, яғни сенімдерді, таңдауды, қорытындыларды, гипотезаларды және т.б. ғана емес, сонымен қатар оларды тудырған үрдістерді, яғни осындай тұжырымдарға әкелген пайымдауларды және осы баламаға әкелетін шешім қабылдау үрдісінің сипатын бағалайды. Осылайша, сыни тұрғыдан ойлау-бұл жоғары деңгейлі процесс, сондықтан автоматты емес, өзін-өзі анықтауды, рефлексияны, күш-жігерді, өзін-өзі бақылауды және метатануды қажет етеді. Басқаша айтқанда, бұл ақпаратты немесе тәжірибені түсіндіру мен бағалауды қамтитын саналы және ойластырылған үрдіс [152].

Сыни тұрғыдан ойлау, ең алдымен, алынған автоматизмдер негізінде жұмыс істемейді, керісінше, жеке адамдар өздерінің когнитивті ресурстарын (есте сақтау, зейін) белсендіретін және ойлауды басқаратын ережелер мен логикалық принциптердің қолданылуын метакогнитивті бақылауды (бақылау және бағалау) жүзеге асыратын рефлексивті және мақсатты ойлау тәсілі болып табылады. Әдеттегі жағымсыздықтар, бұл пайымдаудағы қателіктерге әкеледі (мысалы, қате түсініктер). Осылайша, ойлаудың бұл түрі ұғымдар, түсініктер және т.б. арасындағы ассоциациялар негізінде жұмыс істейтін және бір уақытта тітіркендіргіштермен автоматты түрде іске қосылатын және ерік-жігерді басқарусыз бірнеше операцияларды орындайтын әдеттегі үрдіске балама болар еді. Бұл процестің когнитивті тұрғыдан әлдеқайда жылдам болуына әкеледі [152, р. 505-509]. Жоғарыда айтылғандардың барлығы сыни тұрғыдан ойлау әдетте уақытты, энергияны, шоғырлануды және күш-жігерді жұмсау тұрғысынан күрделі үрдіс деп қабылданады [153].

Жалпы, конструктивистік шетелдік және қазақстандық әдебиеттер сыни ойлауды дамытудың әртүрлі модельдері мен стратегияларын ұсынады, олардың көпшілігі проблемалық жағдайларды шешуге, дәлелдер қарсы дәлелдерді тұжырымдауға, шешім қабылдауға негізделген. Осы ғылыми еңбектер мен әдебиеттерді талдай отырып, біз сыни ойлауды келесідей топтастырамыз:

– фактілерді талдау, идеяларды құру және жүйелеу, шешімдерді қолдау, ұмтылыстарды салыстыру, білдіру, аргументтерді бағалау және шешу қабілеті;

– пікірлер мен әрекеттерді анықтайтын рефлексиялық қабілеттер мен көзқарастар жиынтығы негізінде ақпарат пен тәжірибені түсіндіру және бағалау үшін қолданылатын саналы үрдіс;

– дәлелдерді түсінетін және бағалайтын белсенді және жүйелік үрдіс.

Сонымен, біз болашақ педагог-психологтардың сыни тұрғыдан ойлауы үшін қажетті дағдыларын игеруін қамтамасыз ету олардың дайындығына айтарлықтай оң әсер етуі мүмкін деп есептейміз [154].

Өздерінің кәсіби қызметінде кездесетін мәселелерді шешу үшін сыни ойлау дағдыларын дамытудан басқа, білімгерлер өздерінің ізденісіндегі келесі кадамның қандай болатынын анықтай алуы қажет; олар өздерінің зерттеу жұмыстарын дамыта алуы қажет. Сондықтан да біз өзіміз ұсынған модельге сәйкес болашақ педагог-психологтардың инновациялық құзыреттілігін дамытудағы қажетті келесі көрсеткіш – *зерттеушілік* деп санаймыз [155].

Басқа сөзбен айтқанда, сыни ойлауды дамытумен қатар, білім алушыдан зерттеу жүргізу қабілетін дамытуы күтіледі, яғни қажетті дереккөздерді тауып, оларды пайдалану, содан кейін алған білімдерін академиялық тапсырмаларда (жобалар, семинар жұмыстары, презентациялар) қалыптастыру. Академиялық тапсырмаларды орындау үшін білімгерлер, ең алдымен, ақпарат көздерін іздеуді және оларды дұрыс пайдалануды қамтитын зерттеулер мен дайындықтар жүргізуі керек. Тәжірибелі ғылыми қызметкерлер мен зерттеушілерді салыстырғанда, жас білімгерлерде сенім артуға болатын академиялық тәжірибе жоқ және олар тапқан нәрсеге, әсіресе ғаламтор желісінде сыни көзқарасты пайдалану үшін академиялық салада, өкінішке орай, білімдері мен тәжірибелері жеткіліксіз.

Ал, қазіргі қоғам өз алдында тұрған мәселелерді тиімді шешу үшін қажетті білімі мен тәжірибесі бар мамандарды қажет етеді. Сонымен қатар, бұл мамандар ғылыми әдіс арқылы өз білімін қоршаған ортаның әртүрлі қажеттіліктері мен талаптарына сәйкес жұмылдыруға мүмкіндік беретін зерттеу құзыреттілігін дамытуы қажет. Дәл осы мәселе алдында жоғары оқу орындарының атқарар рөлі жоғары, себебі олар өз студенттерінің сапалы маман болуына мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар олардың контекстінде туындайтын жағдайларды оңтайлы шешуге мүмкіндік беретін құзыреттерді дамытуды қамтамасыз етуі керек.

Зерттеу-бұл тақырып туралы толық түсінік алудың ең жақсы тәсілі. Қандай пәнді таңдасаңыз да, зерттеу әлемдегі барлық жетістіктердің негізі болып табылады. Зерттеуге қатысатын білімгерлер болашақта өздерінің зерттеу дағдыларын жаңа нәрсе жасау және қоғамның алға жылжуына көмектесу үшін пайдалана алады. Білім алушылардың сенімдері мен үміттерін қанағаттандыру үшін зерттеу тәжірибесін жақсартуға көбірек көңіл бөлу қажет [156].

A.V. Gonzalez университет зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру үшін қажетті жағдайларды жасаудан бөлек, ЖОО оқытушысынан білімгерлерді ынталандыратын зерттеу стратегияларын әзірлеуге дайындалу қажет екенін атап өтті, дерексіз көзқарастарды қалыптастыру мен өмірге деген тар көзқарастан бас тарту; сондықтан зерттеу дағдыларын сыни тұрғыдан ойлаумен

қатар, өзінің танымдық дамуы үшін дағды ретінде дамыту қажеттілігі туындайтыны сөзсіз [157].

Осылайша, қазіргі уақытта кәсіби білікті педагог-психолог инновациялық модельдерді, әдістемелерді, технологияларды әзірлеуге және оларды пайдалануға, оқушылармен жұмыс жасаудың жаңа құралдары мен әдістерін іздестіруге, диагностикалық әдістерді бейімдеуге, эксперименттік жұмыс жүргізуге, алынған эксперименттік деректерді өңдеуге, жұмыс тәжірибесін жинақтауға және таратуға, ата-аналармен интерактивті өзара әрекеттесуді ұйымдастыруға және т.б. функцияларға қабілетті болуы тиіс. Сондай-ақ, педагог-психолог өзінің қызмет саласына байланысты зерттеу міндеттерінің кешенін шеше алуы қажет. Осыған орай, біздің ойымызша, зерттеу дағдылары педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігінің ажырамас бір бөлігі болуы тиіс.

Біз жоғары мектепте инновацияларды сәтті жүргізу үшін тек зерттеу дағдылары мен сыни ойлау жеткіліксіз деп санаймыз, білім алушы жаңа білім алып, оны игеріп қана қоймай, сонымен бірге жасалған өнімді тауар түріне, яғни әлеуметтік және экономикалық әсерге жеткізуі керек. Ол үшін білім алушыға белгілі бір экономикалық білім, кәсіпкерлік дағдыларға қабілеттілік қажет. Сондықтан, біз өз жұмысымызда *кәсіпкерлік көрсеткішті* инновациялық құзыреттіліктің үшінші құрамдас бөлігі ретінде ұсынамыз, өйткені бұл экономиканы қалпына келтіру, өсу, жұмыс орындарын құру, интеграция, кедейлікті азайту, сондай-ақ инновация мен бәсекеге қабілеттілік үшін өте маңызды дағды деп санаймыз.

Қазіргі кезде үкімет деңгейінде де кеңінен талқыланатын басым бағыттардың бірі – жастар кәсіпкерлігі тақырыбы. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев қазіргі уақытта жастарға әлеуметтік жүктеме күрт артып келе жатқанын, олардың Қазақстанның әлемдік қауымдастықта позициясын нығайтудағы және еліміздің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудегі рөлі артып келе жатқанын бірнеше рет атап өтті. Сондықтан, бүгінгі таңда қоғамның бастамашыл, жігерлі, мақсатты, кәсіпкерлік қызметке, инновациялық идеяларды жасауға және жүзеге асыруға қабілетті жастарға деген сұраныс артып келеді. Педагогикалық қауымдастық өскелең ұрпақтың бойына қажетті білімді, қасиеттерді, кәсіпкерлік қызметке дайындықты қалыптастырудың тетіктерін іздеуі қажет. Жастардың кәсіпкерлік құзыреттілігін қалыптастырудың мәні мен тетіктерін ғылыми-әдістемелік негіздеуде педагогикалық тәжірибе қажет [1].

Кәсіпкерлік – осы ғасырдың маңызды және ерекше тақырыптарының бірі. Атап айтқанда, университеттерде жұмыс істейтін ғалымдар студенттердің осы дағды туралы білімін және болашаққа деген көзқарасын дамытуға айтарлықтай мүмкіндік туғызуына жауапты. Кәсіпкерлер-бұл елдің жақсаруы мен дамуына қатысты болашақты болжайтын, миссиясы бар және тәуекел ете отырып, ел мен қоғамның дамуында ізашар болатын адамдар. Кіліс, Р. кәсіпкерлік дағдысы бар адамдарды кәсіпкерлікке тарту және кәсіпкерлер санын көбейту қоғамды дамыту және тұрақты бәсекелестік артықшылыққа қол жеткізу үшін маңызды екенін атап өтті [158].

Роберт Д. Хисрич және Питерс кәсіпкерлікті жаңа сұрақтар қою және тәуекелдер мен пайданы болжау процесі ретінде анықтады [159].

Yılmaz бен Sümbül зерттеуіне сәйкес, психолог кәсіпкерді «бір нәрсеге иелік етуді, қол жеткізуді және тырысуды, сондай-ақ басқалармен күш бөлісуді қалайтын жоғары ынталы адам» ретінде анықтайды.

Яғни, тәуекелді қалай азайтуға болатынын білу, инновацияның жаңа көздерін іздеу, шығармашылық құралдарды пайдалану және нарықты үйрену-бұл әр кәсіпкер иеленуі керек дағдылар [160].

21 ғасыр адам өмірінің барлық аспектілерін сипаттайтын ғылым мен техниканың жетістіктерімен ерекшеленді, сонымен қатар жаһандық бәсекелестік кезі екені сөзсіз. Сондықтан, кәсіпкерлік дағдыларды игеру өте маңызды және оны игеру үшін бәсекеге қабілетті адами ресурстар қажет. Ал құзыретті және бәсекеге қабілетті адам ресурстарын дайындау, өз кезегінде, ерте кезеңнен білім беру арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен, кәсіпкерлік дағды тек қана бизнес жүргізуге бағытталған қабілет ретінде қарастырылмауы тиіс, ол жауапты шешімдер қабылдау, оның ішінде тәуекел аймағында, жағдайды бақылауда ұстау мүмкіндігі, мақсатқа жетуде кедергілерге берілмеу, керісінше оларды жеңуге ұмтылу сияқты, біздің ойымызша, болашақ педагог-психологтар үшін жаһандану дәуіріндегі өте қажет дағдылар мен қабілеттер жиынтығы.

Өз зерттеулерімізде *эмпатия, өзін-өзі дамыту және шиеленістерді шешу* сияқты болашақ педагог-психологтар үшін қажетті дағдылар болып табылатын үш көрсеткішті *толеранттылық* құзыретке қажетті негізгі компоненттер ретінде бөліп көрсетеміз.

Педагог-психологтың кәсіби қызметінің ерекшелігі маманнан кәсіби қабілеттер мен қатар белгілі бір жеке қасиеттерді талап етеді [161], біздің ойымызша, олардың ішіндегі ең маңыздысы – адамдармен қарым-қатынастағы *эмпатия*. Кәсіби қызметінің әртүрлі түрлерінде психологқа эмпатияның тиісті элементтері қажет. Егер профилактика және диагностика жүргізу кезінде қарым-қатынаста тұлғаны түсіну жеткілікті болса, түзету және кеңес беру жұмыстары кезінде көмекке мұқтаж балалар мен ересектерге жанашырлық пен нақты көмек көрсету қажет.

Педагогикалық психологияда эмпатия психологтың, мұғалімнің, тәрбиешінің жеке қасиеті ретінде қарастырылады, ол балалармен өзара әрекеттесу жағдайларында көрініс табады. Эмпатия баланың ішкі әлемін түсінуде, оның өміріне эмоционалды тұрғыдан араласуда байқалады. Эмпатия мұғалімнің жеке басын моральдық жетілдіру, оның қызметі мен қарым-қатынасында қалыптасқан тұлғааралық қатынастарды оңтайландыру үшін ерекше әлеуметтік-практикалық маңыздылыққа ие [162].

Зерттеуші Т.П. Гаврилованың пайымдауынша мұғалімдегі эмпатия коммуникативті құзыреттіліктің негізі болып табылады. Мұғалімнің эмпатикалық қабілеті оның кәсіби қасиеттеріне, кәсіби шеберлік деңгейіне, субъектінің позициясына (мәртебесіне) және көптеген жеке сипаттамаларына байланысты. Бей-жай, өзіншіл, талапшыл адамдарда эмпатияның төмен деңгейі

байқалады. Эмпатияның жоғары деңгейі ашық, жомарт, оптимистік адамдарда жиі кездеседі [162, с. 3-170].

Адамдар арасындағы қарым-қатынастағы «жылулықтың» жетіспеушілігі, әлеуметтік-экономикалық құрылымның күрт теріс өзгеруі жағдайында адамдар жалғыздық пен немқұрайлылық проблемасына тап болады. Осыған байланысты эмпатия мәселесі педагог-психологтың кәсіби дайындығы аясында ғана емес, сонымен бірге біздің заманымыздың өзекті әлеуметтік-психологиялық проблемасыретінде қарастырылады.

М.Ю. Тюлин педагогикалық іс-әрекеттің стилін оңтайландыру үшін, ең алдымен, мұғалімнің кәсіби қызметінің келесі компоненттерін жетілдіру қажет деген қорытындыға келді: педагогикалық қызметтің сәттілігін қамтамасыз ететін мотивтер, жеке іс-әрекет стилі, оқушыларға деген эмпатия деңгейі, психологиялық және кәсіби қасиеттерді өздігінен бағалау [163].

Балаларға деген эмпатияны дамыту және тереңдету арқылы мұғалім жанжалды жағдайларды шешудің тиімді әдістерін қалыптастыруға ықпал етеді [164].

Сонымен педагог-психологтың толеранттылық құзыретін дамытуға ықпал ететін маңызды адамгершілік қасиеті – адамдармен қарым-қатынастағы эмпатия. Эмпатия тұлғааралық қатынастардың тепе-теңдігіне, тұлғаның моральдық-адамгершілік өсуіне, психологиялық көмек көрсету кезінде тиімді өзара түсіністікке оң әсер етеді.

Біз, толеранттылық құзыреттілікке қажет келесі көрсеткіш ретінде *өзін-өзі дамытуды* қарастырамыз. Қазіргі заманның білім беру жүйесіне қоятын талаптарының бірі бұл – болашақ мамандардың кәсіби іс-әрекетін инновациялық мазмұнмен қамтамасыздандыру. Жаһандану дәуірі мамандардан көптеген күрделі жағдайларға, белгісіздікке, күйзелістерге төтеп бере алатындай тұлғалық дамуды талап етеді. Бұл үшін маман өз білімін белсенді түрде жетілдіре отырып, өзінің жеке және кәсіби қасиеттерін үнемі жетілдіріп отыру қажет.

Тез өзгеретін дәуірге бейімделу адамдардың өмір сүруі үшін өте маңызды. Атап айтқанда, ғылым мен техника саласындағы жетістіктер әлеуметтік, экономикалық және мәдени тәжірибеге әсер етеді; мансап салалары мен лауазымдық нұсқаулықтар өзгереді. Өзгерістер мен дамуға бейімделе отырып, ақпараттық қоғамға жылжу және трансформация тек адамдардың үздіксіз білім алуы мен дамуы арқылы мүмкін болады. «Өзін-өзі дамыту» саясаты мамандарға ақпаратқа қол жеткізе алатын, ақпаратты тиісті жерде пайдаланатын, шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлайтын маман ретінде өзін танытуға мүмкіндік береді [165].

Өзін-өзі дамыту, жылдам өзгеріске ұшырайтын қызмет салаларында тәжірибесі жеткіліксіз мамандарға әсер ету және оқу үрдісінде жауапкершілікті өз мойнына алатын адамдарды ынталандыру олардың әлеуетін барынша арттыруға көмектесу арқылы олардың дамуына ықпал етеді және олардың дағдыларын дамытуға көмектесу арқылы әлеуметтік әл-ауқатты арттырады [166].

Соңғы 20 жыл ішінде Болон үрдісінің негізгі миссиясы және жоғары білім беру саласындағы құрылымдық реформалардың негізгі мақсаты білім берудің сапасы мен өзектілігін қамтамасыз ету және арттыру болды. Өзін-өзі дамыту біздің қоғамымыз бен экономикамыз үшін, сондай-ақ азаматтарымыздың әлауқаты үшін маңызды бола түсуде. Сондықтан біз өздігінен білім алу арқылы дамудың жаңа және жан-жақты тәсілдерін әзірлеуге міндеттенеміз және бұған академиялық еркіндік пен институционалдық дербестікке толық сәйкес келетін еуропалық жоғары білім беру қоғамдастығымен тығыз ынтымақтастықта жасаған жағдайда ғана қол жеткізуге болады [167].

Сонымен, бүкіл әлемде адамның негізгі күштерінің дамуына ықпал ету білім берудің жалғыз және өзгермейтін мақсаты болып табылады. Қазіргі қоғамда білім беру тек оқу орындарының қабырғаларымен немесе білім беру кезеңінің аяқталуымен шектелмейді. Адам өмір бойы үздіксіз білім алады.

Жаһандану жағдайында, әлем жедел даму және өзгеру үстінде, сондықтан да, біздің ойымызша, болашақ мамандарға жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін де білімдерін үнемі жетілдіріп, шындап отыру қажет, әсіресе, бұл болашақ педагог-психологтар үшін өте маңызды, себебі педагогика мен психология салалары үнемі даму үстінде және университет қабырғасында алынған білім көп ұзамай өзектілігін жоғалтуы әбден мүмкін.

Сонымен, өзіміздің зерттеу жұмысымыздың шеңберінде біз өзін-өзі дамытуды келесідей сипаттаймыз:

– өзін-өзі тану, өзін-өзі айқындау, өзін-өзі өзектендіру сынды тұлғаның қажеттіліктеріне негізделетін құндылық;

– өзіндік мақсаты, пәні, шарттары мен орындалу механизмі бар мақсатты іс-әрекет;

– өзін-өзі тану әдісі, яғни адам өзінің кәсіби қызмет шеңберінде білімін жеткіліксіз деп танып, қосымша ақпарат іздеу арқылы өзінің пайда болған сұрақтарына жауап беруге тырысады.

Жоғарыда айтылғанды тұжырымдай келе, өзін-өзі дамыту бұл – жеке, әлеуметтік немесе кәсіби қажеттіліктерге байланысты жаңа білімді, дағдыларды, біліктілікті меңгеру және жетілдіру мақсатында адам өмір бойы жүзеге асыратын үздіксіз процес.

Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін қажет толеранттылық құзыреттің келесі маңызды көрсеткіші – *шиеленістерді шешу*. Әлемде орын алып жатқан шиеленістердің күрт өсуі бұл мәселені шешудің қажеттілігін еселейді.

Қазіргі білім беру жасөспірімге оқу материалының үлкен көлемін игеруге, тәуелсіз шешім қабылдауға, білім алудың мақсатын түсінуге, өз уақытын тиімді басқаруға жаңа талап қоя білуге дағдылануы тиіс. Бұл оның түрлі саладағы жүктемесін арттырады мәселен психикалық, жеке, физиологиялық, т.б., және осындай жүктемелер оқушыларды ашуланшақтыққа, жүйке жүйесінің әлсіреуіне әкелуі мүмкін, сондықтан да, болашақ педагог-психологтар үшін шиеленістерді шешуге қабілетті болу аса маңызды.

Әлемнің түкпір-түкпіріндегі ғалымдар қақтығыстар санының күрт өсуін атап өтуде. Ц.А. Шамликашвили адам өміріндегі шиеленістерді шешу

сапасының үнемі өсіп келе жатқан қауіпін көрсетеді. Бұл тараптар арасындағы келісімге қол жеткізу үрдісінің негізі және қол жеткізілген уағдаластықтардың тұрақтылығына тәуелді болатын фактор [168]. Біздің де ойымызша, қақтығыстар тәуекелдің жоғары дәрежедегі жағдайында жаңа өмір сүру жағдайлары жанжалдарды диагностикалауға, алдын алуға және шешуге байланысты арнайы құзыреттерді қажет етеді.

Зерттеушілердің пікірінше, шиеленістерді шешу дағдылары жоқ балалар мен жасөспірімдер агрессиямен байланысты ауытқулардың жоғары қаупіне тап болады: қылмыстар, зорлық-зомбылықтың құрбаны болу және т.б. [169]. Дәл осы себепті бүкіл әлемде шиеленістерді бейбіт жолмен шешу бағдарламалары жасалуда. Олар мектеп оқушыларына да, университет студенттеріне де бағытталған. Мазмұны мен қолданылатын әдістердегі айырмашылықтарға қарамастан, барлық шиеленістерді шешуге арналған оқу бағдарламалары екі негізгі мақсатты көздейді. Біріншісі, оқушылар өз әлеуетін толық жүзеге асыра алатын қауіпсіз білім беру ортасын құруға және сақтауға байланысты. Екінші мақсат, оқушылардың өмір сүру сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған жалпы құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін жағдайларды қалыптастыруымен байланысты. Осы мақсаттарға қол жеткізу бейбіт өзара іс-әрекетке, бейбіт қоғамға бағдарланған және өз мәселесін бейбіт жолмен шеше алатын жаңа ұрпақты тәрбиелеу мүмкіндігіне үміт артуға мүмкіндік береді.

Педагог-психолог кеңесші, делдал рөлін атқара отырып, нақты жағдайларда психологиялық көмек көрсете алады. Алайда, бұл бағыттың негізгі міндеті-мұғалімдерге, ата-аналарға қарым-қатынаста өз мәселелерінің сындарлы шешімін өз бетінше табуға үйрету. Демек, педагог-психологтан шиеленістердің алдын алу және шешу тәсілдерін меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар педагогтарға, оқушыларға, ата-аналарға нақты жағдайларды шешуде көмек көрсетуі, шиеленіс жағдайлары мен жанжалдарды шешуде делдал ретінде әрекет етуі, білім беру мекемесінің әлеуметтік саласын үйлестіруге ықпал етуі; білім алушылардың, педагог қызметкерлер мен ата-аналар психологиялық мәдениетін қалыптастыруы күтіледі. Осылайша, қоғамның және кәсіби қызметтің талаптарын ескере отырып, педагог-психолог білім беру мекемесіндегі шиеленістермен практикалық жұмыс істеуге дайындық ретінде шиеленістерді шешу қабілетіне ие болуы қажет.

Біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда дүниетанымдық құзырет шеңберінде қажет нақты үш бағытты атап өткіміз келеді және олар *әлемді тану, мәдениетаралық коммуникация және шетел тілін меңгеру көрсеткіштері*. Әрбір көрсеткіштің қажеттілігін дәлелдеу үшін, әрқайсысына жеке тоқталып, негіздеуді жөн көрдік.

Әлемді тану компонентіне келетін болсақ, біз оны «Global Competence Scale for graduate students» [83, p. 6] сауалнамасына сүйене отырып үш фактор бойынша қарастыруды қажет деп есептейміз: әлемді тану, жаһанданды түсіну және ғылыми эрудиция. Veronica Boix Mansilla және Anthony Jackson өздерінің «Educating for Global Competence: Preparing Our Youth to Engage the World» атты ғылыми еңбегінде жаһандық сауатты адамдар әлем туралы және оның қалай жұмыс істейтіні туралы ақпарат алып, қызығушылық танытады және

білуге тиіс екенін алға тартады. Олар біздің заманымыздың өзекті мәселелерін шешу үшін кез келген пәннің (математика, әдебиет, тарих, жаратылыстану ғылымдары және өнер) негізгі бағыты болып табылатын тамаша идеяларды, құралдарды, әдістерді және тілдерді пайдалана алады. Олар осындай мәселелерді зерттеу, әртүрлі көзқарастарды тану үшін, өз көзқарастарын тиімді көрсетіп, жағдайды жақсарту үшін әрекет ету арқылы осы тәжірибені пайдаланады және дамытады [128, p. 2-130].

Бұл көрсеткіш жаһандық сауатты адамдардың жаһандық мәселелерді, сондай-ақ басқа адамдардың көзқарасы мен мінез-құлқын өзгелерден ажыратуға дайын және қабілетті екенін көрсетеді. Адамдар басқа мәдениеттің тарихы жайлы, құндылықтары, қарым-қатынас стильдері, нанымдары мен тәжірибелері туралы білім алған сайын, олардың көзқарастары мен мінез-құлқы көптеген факторлардың әсерінен қалыптасатынын, олар әрқашан бұл әсерлерді толық біле бермейтінін және басқалардың әлемге деген көзқарастары өздерінің көзқарастарына ықпал ету мүмкіндігін толықтай түсінеді [170].

Яғни, әртүрлі көзқарас пен дүниетанымның өзара әрекеттесуі адамдардан басқалардың шығу тегі мен өз болжамдарын зерттеуді талап етеді. Бұл өз кезегінде басқа адамға, оның шынайы тұжырымдамасына және оның эмоцияларына деген терең құрмет пен қызығушылықты білдіреді. Мұндай құзыреттілікке ие адамдар айырмашылықтарды жеңуге және ортақ негіз құруға мүмкіндік беретін байланыстарды (мысалы, адамның негізгі құқықтары мен қажеттіліктері, ортақ тәжірибе) ескереді және бағалайды. Олар өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтайды, бірақ сонымен бірге айналасындағы адамдардың мәдени құндылықтары мен нанымдарын біледі. Басқа адамның ұстанымын немесе сенімін мойындау міндетті түрде бұл ұстанымды немесе сенімді қабылдауды білдірмейтінін ескеру қажет [171].

Ал басқа адамның ұстанымын сыйлау, өзге мәдениеттің құндылықтары мен нанымдарын білу – біз ұсынып отырған келесі көрсеткіш – *мәдениетаралық коммуникация* деңгейінің жоғары болуын талап етеді.

Жаһандану ұлттарды жақындастырды және мәдениетаралық коммуникациядағы құзыреттілік (ICC) бүкіл әлемдегі әртүрлі топтармен байланыс мәселелерін шешу үшін қажет [172].

Мәдениетаралық коммуникациядағы құзыреттілік мәдени деңгейдегі «айырмашылық арқылы» дұрыс қарым-қатынас жасау үшін маңызды дағдыларды, мінез-құлықты түсінуді қамтиды [173].

Ал қазіргі жаһанданған әлемде мәдениетаралық коммуникацияның маңыздылығы күмән келтірмейді. Әртүрлі елдердің ғалымдары осы саланың дамуына өз үлестерін қосты және оқу материалдарын – әртүрлі мәдениеттердің жіктелуі мен ерекшеліктеріне, мәдениетаралық коммуникация оқулықтарын, сондай-ақ күнделікті және кәсіби контексте мәдениетаралық дағдыларды дамытуға бағытталған жаттығуларды қамтитын шет тілдері оқулықтарын құрастырды. Көріп отырғанымыздай, атқарылған жұмыс аз емес, алайда, мәдениетаралық коммуникация мәселесі әлі де толық қанды зерттеліп, шешімін тапқан емес.

Құзыретті студенттер әртүрлі мәдени ортадан шыққан адамдармен тиімді және сыйластық қарым-қатынас құра алады. Егер сізде сол мәдениет өкілімен келіспейтін, не іштей қарама-қайшы көзқараста болсаңыз, тиімді қарым-қатынас өзіңізді анық, сенімді және ашусыз ұстануыңызды талап етеді. Сыйластық қарым-қатынас әртүрлі аудиторияның үміті мен перспективаларын түсінуді және аудиторияның қажеттіліктерін қанағаттандыруды білдіреді. Құзыретті коммуникаторлар мәдениетаралық диалогқа қатысқан кезде сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын тексере және түсіндіре алуға қабілетті. Мәдениетаралық контекстте дұрыс қарым-қатынас тыңдай білудің арқасында құралады. Бұл – тек айтылғандарды ғана емес, сонымен бірге дауыс ырғағы мен дене тілін қолдана отырып, оның қалай айтылғанын да қадағалап отыруды да білдіреді. Сонымен, біздің ойымызша, құзыретті студенттер – жаһандық мәселелерді талқылағанда, жеке пікірін білдіргенде және негіздегенде және басқаларды белгілі бір әрекет бағытын ұстануға сендіргенде вербалды және бейвербалды әдістерді тиімді пайдалана алатын қабілетті спикерлер.

Еліміздің әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайында білім берудегі қазіргі тенденциялар болашақ мамандарды кәсіби даярлауға қойылатын талаптарды күшейту, соның ішінде адами қарым-қатынас дағдыларын дамыту, кәсіби біліктілік пен кәсіби ұтқырлықты үнемі арттыру қажеттілігін қалыптастыру, сондай-ақ адам мәдениетін тәрбиелеу болып табылады. 21 ғасырдағы адамды әлемдік мәдениетке баулу, оның мәдени деңгейін әлемдік стандартқа жақындату, бірнеше шет тілдерін меңгеру туралы мәселе туындайды, бұл өз кезегінде тілдік тұлғаны және оның оқыту жүйесінің негізін құрайтын нақты коммуникативтік, когнитивтік және мәдени құзыреттіліктерін қалыптастыруды талап етеді. Мәдени байланыстардың кеңеюі, еліміздің әлемдік өркениетке қосылуы шет тілінің қоғам өміріндегі және қазіргі маманның кәсіби қызметіндегі рөлінің артуына әкелді. Шет тілі бүгінде тұлғааралық қана емес, этносаралық, мемлекетаралық, мәдениетаралық қарым-қатынастың объективті құралы ретінде қызмет етеді [174].

Сонымен, біздің ойымызша, шетел тілін меңгеру тиімді мәдениетаралық қарым-қатынастың айқын артықшылығы болып табылады. Сондықтан да біз жаһандық құзыреттіліктің ажырамас бөлігі ретінде *шет тілін меңгеру* дағдысын қарастырдық.

Бүгінгі цифрлық дәуірде барлығымыз пайдаланатын әлеуметтік желілер бізге әлеммен қарым-қатынас құруға, тіпті бір-бірімізбен тікелей эфирге шығуға мүмкіндік беріп отыр. Ал онда өзге мәдениет өкілімен түсінісе алуымыз үшін шет тілін білу қажеттілігі туындайды. Шет тілі – бұл әлеуметтік медианың тамаша құралы. Шет тілін білу-бұл 21 ғасырдағы ең жоғары, жан-жақты жаһандық құзыреттілігі, мансап жолындағы қажетті құралы және бүкіл әлемдегі жергілікті тұрғындар мен азаматтардың өмірінде маңызды талап [175].

Білім – бұл күш, ал шет тілін білу және мәдениетті білу жеке, кәсіби және әлем азаматтары ретінде біздің мүмкіндіктерімізді кеңейтеді. Шет тілін білу және басқа мәдениеттерді білу 21 ғасырдағы адамдар үшін жеке өмірдегі, жаһанданған нарықтағы кәсіпқойлар ретінде және жаһанданған әлемдегі әлем азаматтары ретінде маңызды әлеуметтік дағды болып табылады.

Жаһандану дәуірінде шет тілдерін үйрену өзектілігін жоғалтпайды. Білімгерлер өздерінің кәсіби, шығармашылық және әлеуметтік-мәдени ұмтылыстарын сәтті жүзеге асыру үшін шет тілдерін әсіресе ағылшын тілін меңгеруі [176].

Әрине, 21 ғасырдың қозғаушы күшінің бірі ол-ақпарат. Ал шет тілін білетін мамандар білім мен ақпараттың кең көзіне қол жеткізе алады, бұл жақсы ақпараттандырылған және теңдестірілген дағдылар мен дүниетанымға әкеледі. Қазіргі кезде, өкінішке орай, әлеуметтік кеңістік тіпті теледидар ақпараттары жалған (фэйк) жаңалықтарға толы. Ал бүкіл әлем бойынша жаңалықтар мен ақпараттарға түпнұсқа тілінде тыңдау үшін, шет тілін түпкілікті, жан-жақты меңгеруді талап етеді. Шет тілін білу – бұл жеке шеберлік, кәсіби шеберлік, ақпараттық шеберлік және оларды байланыстыру, әлеуметтік шеберлік және жаһандық шеберлік. Тілді еркін меңгеру нақты мақсат болғанымен, тіпті негізгі коммуникативтік дағдылар шет тілін үйренушіні бәсекеге қабілетті жұмыс орнында ерекшелендіреді [177].

Бұдан бөлек шет тілін білу және басқа мәдениетті тану когнитивті, әлеуметтік және мәдени артықшылықтарды қамтамасыз етеді. Әлеуметтік артықшылықтарға өз елінде және шетелде басқа адамдармен тікелей қарым-қатынас жасау мүмкіндігі кіреді. Мәдени артықшылықтарға әдебиетті, вокалды музыканы, фильмдерді және танымал бұқаралық ақпарат құралдарын түпнұсқа тілінде бағалау мүмкіндігі кіреді.

Тіл үйрену арқылы қалыптастырылған жаһандық құзыреттілік, теориялық тұрғыдан шетелде оқыту бағдарламалары және т.б. арқылы мәдени әртүрлілікті қабылдауға көпір салуға қызмет ете алады [169, p. 30-44].

Шетел тілдерінің ішіндегі халықаралық тіл статусына ие және біздің еліміздің азаматтары арасындағы ең сұранысқа ие тілі – ағылшын тілі. Ол тілде әлем халқының төрттен бір бөлігі, шамамен 1,75 миллиард адам базалық деңгейде сөйлейді. Байланыс, ғылым, ақпараттық технологиялар, бизнес, ойын-сауық және дипломатия тілі бола отырып, ол жаһандық коммуникацияның операциялық жүйесіне айналуда [178].

Education First (EF) жыл сайынғы есебіне сәйкес, Қазақстан ағылшын тілін меңгеру деңгейі бойынша басқа елдер арасында төменгі орынды алады. 2020 жылы ол әлемнің 100 елі арасында ағылшын тілін меңгеру индексі тізімінде 92-ші орынға ие болды. Жағдай біршама қарама-қайшы болып көрінеді, өйткені көптілді білім беру Қазақстанның білім беру саясатындағы басым бағыттардың бірі болып табылады [179].

Ағылшын тілін үйренудің маңыздылығы оның халықаралық қарым-қатынаста қолданылып, әрі әлем бойынша кең таралғандығынан туындап отыр. Әлемдегі ағылшын тілінде сөйлейтіндердің жалпы саны 1,5 миллиардқа бағаланса, оның ішінде ағылшын тілі ана тілі болып табылатын адам саны осы санның үштен бірінен де аз. Ағылшын тілі – халықаралық саяси істерде, дипломатияда, ғылымда, бизнесте және кез-келген трансұлттық институттарда қолданылатын негізгі тіл [180].

Осылайша, тілді меңгерудің жалпы деңгейін елдің осы саладағы жетістігі мен дамуына әсер ететін айнымалылардың бірі ретінде қарастыруға болады.

Ағылшын тілін жетік білетін елдер басқаларға қарағанда тезірек дамитыны және ағылшын тілін меңгеруге инвестиция салу экономикалық өсуге айтарлықтай ықпал ететіні анықталды. Сонымен қатар, ағылшын тілін білу еңбек нарығында, әсіресе дамушы елдерде Жеке табысқа жете алатын маңызды бәсекелестік артықшылық бәсекелестіктің талабы ретінде қарастырылады [181]. Осылайша, болашақ педагог-психологтарға ағылшын тілін үйренуді насихаттау және оған мүмкіндік туғызу оны адамдардың дағдысының негізгі элементіне айналдыру саяси және әлеуметтік-экономикалық маңызға ие етеді.

Сонымен, жоғарыда талданған көрсеткіштерді талдау бізге көрсеткіштер мен олардың мазмұны мен деңгейлерінің қысқаша сипаттамасын 6-кестеде жүйелі түрде беруге мүмкіндік берді.

6-кестеде көрсетілгендей, әрбір көрсеткіштерге сәйкес жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың *үш деңгейін* Б. Блумның оқу мақсаттарының дәстүрлі классификациясына негіздеуді жөн көрдік. Себебі бұл жүйе білімгерлердің құзыреттерінің даму деңгейлерін нақты өлшеуге мүмкіндік береді деп санаймыз.

Б. Блум 1956 жылы ойлау мінез-құлқының жіктелуін (немесе таксономиясын) фактілерді түсіндіруден талдау мен бағалау үрдісіне дейін ұсынды. Ол ақыл-ой дағдысының категорияларын әртүрлі деңгейдегі дағдылар ретінде қарастырады: қарапайым шеберліктен күрделіге дейін. Когнитивтік саладағы мақсаттардың жіктелуі жоғары дамыған және жиі қолданылады, ол иерархиялық алты деңгейлі құрылым болып табылады [182]. Когнитивтік саладағы оқу мақсаттарының санаттары:

- білу;
- түсіну;
- қолдану;
- талдау;
- жинақтау;
- бағалау.

Білу деңгейі. Бұл – ең төменгі, бастапқы деңгей. Осы деңгейге қатысты барлық мақсаттар фактілерді жеткізу тұрғысынан тұжырымдалған.

Түсіну деңгейі. Осы деңгейге жетуді көрсету үшін білім алушылар зерттелген материалды өз сөздерімен баяндауы қажет. Ұсынылған ақпаратты қорытындылау, оны өз сөздерімен баяндау қабілеті білім алушылардың оны игергенін растайды.

Қолдану деңгейі. Бұл деңгейде мақсаттар алынған білімді зерттелген және жаңа (ішінара өзгертілген немесе жаңа) жағдайда қолданады деп тұжырымдалады.

Талдау деңгейі. Осы деңгейдің аясында білім алушылар зерттелген материалды жеке құрамдас бөліктерге бөле алады, оның ішкі мазмұнын сипаттай алады деп күтіледі.


Жинақтау деңгейі. Осы деңгейдегі мақсаттарға қол жеткізе отырып, білім алушылар алған білімдерін тиімді үйлестіре алады, олардан жаңа құрылымдар қалыптастыра алады.

Кесте 6 – Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуының көрсеткіштері, мазмұны мен деңгейлері

Құзырет	Көрсеткіш	Мазмұны
Инновациялық	Сыни ойлау	Ақпараттың құндылығын, сенімділігін, деректілігін, оның ішкі сәйкестігін нақты мәліметтерге, өзінің білімі мен тәжірибесіне сәйкес бағалай білу, практикада қолдану
	Зерттеушілік	Заманауи психологиялық-педагогикалық технологияларды, ғылыми негізделген қолдау бағдарламаларын әзірлеу және қолдану, оқушылармен жұмыс жасаудың жаңа құралдары мен әдістерін іздестіруге, диагностикалық әдістерді бейімдеуге қабілетті болу, практикада қолдану
	Кәсіпкерлік	Тәуекелді қалай азайтуға болатынын білу, инновацияның жаңа көздерін іздеу, шығармашылық құралдарды пайдалану және нарыққа бейімдей білу, практикада қолдану
Толеранттылық	Эмпатия	Басқа адамдардың құқықтарын тану және құрметтеу, қарым-қатынаста агрессияның болмауы, эмпатия қабілеті, өз мәдениетінің құндылықтарын түсіну арқылы басқа мәдениеттерге құрметпен қарау, өзін-өзі бағалауға қабілетті болу.
	Өзін-өзі дамыту	Өзгерістер мен дамуға бейімделе отырып, ақпараттық қоғамға жылжу және трансформацияға қабілетті болу
	Шиеленістерді шешу	Халықаралық, азаматтық, қауымдық және тұлғааралық шиеленістердің себептері мен салдарын түсіну және олардың рөлі мен әсерін зерттеу. Шиеленістерді шешудің әртүрлі тәсілдерін және олардың адамдарға, қоршаған ортаға және әлемге әсерін білу.
Дүниетанымдық	Әлемді тану	Жаһандық маңызы бар мәселелерге қызығушылық таныту және оларға бейімделу. Заманымыздың өзекті мәселелерін шешуге өз үлестерін қосуға талпыну
	Мәдениетаралық коммуникация	Өзге мәдениет өкілдерімен шығармашылық, бірлескен және этикалық тұрғыдан қарым-қатынасқа түсу үшін білімділік, танымдық және шығармашылық дағдыларды, құндылықтар мен көзқарастарды жұмылдыра білу
	Шет тілін меңгеру	Тиісті қайнаркөздер мен бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау, бағалау және «фильтрден» өткізу үшін, түрлі деструктивті манипуляцияларға еліктемеу үшін отандық және халықаралық көздерді қолдана білу үшін кем дегенде бір шетел тілін қолдана білу
<p>Деңгейлер. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың үш деңгейін Б. Блум әзірлеген оқу мақсаттарының дәстүрлі классификациясына негізделген. Алғашқы екі деңгейін (білу, түсіну) төмен деңгей, алғашқы екі деңгейін және одан кейінгі екі деңгейді (білу, түсіну, қолдану, талдау) орта деңгей және бұл классификация жүйесінің барлық деңгейлері қамтылған (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) деңгейді жоғары деңгей ретінде ажыратылады.</p>		

Бағалау деңгейі. Бұл – ең жоғары, алтыншы деңгей, онда білім алушылар қарым-қатынасты көрсетеді, зерттелген материал туралы, зерттелген салаға қатысты жаңа деректерге конструктивті баға береді.

Біз өз зерттеу жұмысымызда аталған классификацияның алғашқы екі деңгейін (білу, түсіну) төмен деңгей, алғашқы екі деңгейін және одан кейінгі екі деңгейді (білу, түсіну, қолдану, талдау) орта деңгей және бұл классификация жүйесінің барлық деңгейлері қамтылған (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) деңгейді жоғары деңгей ретінде ажыратамыз (5-сурет).



Сурет 5 – Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің даму деңгейлері (Блум Таксономиясы негізінде)

Әр деңгейдің сипаттамасы төмендегі кестеде беріліп отыр (7-кесте).

Кесте 7 – Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің даму деңгейлері (Блум Таксономиясы негізінде)

Қ-т	Көрсеткіш	Деңгейлер		
		төмен	орта	жоғары
1	2	3	4	5
Инновациялық	Сыни ойлау	Алынған ақпаратты түсінеді, басты идеясын жеткізе алады. Қарапайым ситуацияларды түсіндіре алады.	Алынған ақпараттың басты идеясын анықтай отырып, жүйелі түрде интерпретациялай алады. Түрлі қайнаркөздерден мақсатты түрде ақпарат-дәлелдерді жинап, жіктеуге (классификациялауға) қабілетті. Ақпаратты	Алынған ақпаратты жақсы түсінеді. Қарапайым сонымен қатар күрделі ситуацияларды түсіндіре алады. Түрлі қайнаркөздерден мақсатты түрде ақпарат-дәлелдерді жинап, жіктеуге (классификациялауға) қабілетті. Ақпаратты қажетті бөліктерге бөліп, салыстырулар жүргізіп, маңызды тұжырымдарды ажырата отырып, талдауға қабі

7-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
			қажетті бөліктерге бөліп, салыстырулар жүргізіп, маңызды тұжырымдарды ажырата отырып, талдауға қабілетті.	летті. Теорияларды зерттеп, дамыту арқылы жаңа гипотизаларды, модель дерді ұсына алады. Ақпарат тың құндылығы мен сенімді лігін өзінің тәжірибесіне сүйене отырып бағалай алады
	Зерттеушілік	Өзінің білім алу бағдарламасы шеңберінде зерттеу нәтижелерімен таныс. Зерттеу жұмысын жүзеге асырудың қадамдарын біледі.	Өзінің зерттеу саласындағы ғылыми тәжірибелерден хабардар. Зерттеу жүргізудің алгоритмі мен әдіс-тәсілдерін айқындай алады. Зерттеу мәселесін шешу үшін деректерді, әдебиеттерді, ақпарат көздерін, фактілерді таңдау, салыстыру, жіктеу және топтастыру арқылы дұрыс талдай алады.	Түрлі қайнаркөздерден мақсатты түрде ақпарат-дәлелдерді жинап, жіктеуге (классификациялауға) қабілетті. Ақпаратты қажетті бөліктерге бөліп, салыстырулар жүргізіп, маңызды тұжырымдарды ажырата отырып, талдауға қабілетті.Нақты зерттеу мәселесі бойынша гипотеза құра алады. Диагностикалық әдістердің тиімділігін бағалай отырып, оларды бейімдеуге қабілетті. Инновациялық моделдерді әдістемелерді, технологияларды әзірлеп, оларды ендіре алады.
	Кәсіпкерлік	Өзінің мықты және әлсіз тұстарын біледі. Тәуекелді анықтау жолдарын біледі	Өзінің мықты және әлсіз тұстарын ажырата алады, тиісті шешімдерді қабылдауда тәуекелді анықтауға қабілетті. Инновациялық көздер мен шығармашылық құралдарды қажеттілігіне қарай жіктей алады, тиісті салыстыруларды жүргізіп, арасын дағы байланысты орната алады	Өзінің мықты және әлсіз тұстарын ажырата отырып, бағалай алады. Тиісті шешімдерді қабылдауда тәуекелді азайтуға қабілетті. Үнемі жаңа инновациялық көздерді, шығармашылық құралдарды қажеттілігіне қарай жіктеп, ортақ мақсаттарына қарай топтастырып, тиісті салыстыруларды жүргізіп, оларды бизнес идея етіп ұсынып, бизнес жоспар құру арқылы нарыққа бейімдей алады.
Толеранттылық	Эмпатия	Өз және өзге адамдардың қателігін түсіне алады. Өз елінің мәдени құндылықтарын біледі.	Өз және өзге адамдардың қате лігін түсіне алады. Өз және өзге елдердің мәдени құндылықтарын қабылдай отырып, өзге мәдениеттерге құрметпен қарайды.	Өзінің және өзге мәдениет өкілдерінің құқықтарын, мәдени құндылықтарын таниды әрі құрметтейді. Мәдени стереотиптермен күресу жолдарын ұсына алады. Өзге мәдениеттен өзі үшін бағалы әрі пайдалы құндылықтарды бейімдей алады.

7-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	Өзін-өзі дамыту	Мансап немесе білім алу саласына қатысты барлық іс-шаралардың бағдарламаларын орындау қажеттігін түсінеді. Өзгерістер мен дамуға бейімделудің қажеттілігін біледі	Мансап немесе білім алу саласына қатысты барлық іс-шаралардың бағдарламаларын орындау қажеттігін түсінеді. Өзгерістер мен дамуға бейімделе отырып, ақпараттық қоғамға жылжудың және трансформацияланудың қажеттілігін түсінеді. Үздіксіз білім алудағы жауапкершілікті өз мойнына алады, өмір бойы білім алудың жолдарын салыстыра отырып, ең оңтайлы жолдарды таңдап, бейімдеуге қабілетті.	Мансап немесе білім алу саласына қатысты барлық іс-шаралардың бағдарламаларын орындау қажеттігін түсінеді. Өзгерістер мен дамуға бейімделе отырып, ақпараттық қоғамға жылжудың және трансформацияланудың қажеттілігін түсінеді. Үздіксіз білім алудағы жауапкершілікті өз мойнына алады, өмір бойы білім алудың жолдарын салыстыра отырып, ең оңтайлы жолдарды таңдап, бейімдеуге қабілетті. Жеке, әлеуметтік немесе кәсіби қажеттіліктерге байланысты жаңа білімдерді, дағдыларды кәсіби қызметінде пайдалана алады.
	<i>Шиеленістерді шешу</i>	Өзге тараптың мақсаттары мен қызығушылықтарын түсінеді. Әрбір даулы жағдайлардың себебін анықтау жолдарын біледі.	Өзге тараптың мақсат-мүдделерін құрметтей отырып, шиеленістің себеп-салдарын анықтауға күш салады. Даулы мәселерді шешу мақсатын да екі тараптың аргументтерін қарсы қойып, салыстырып, жан-жақты саралауға мүдделі.	Өзге тараптың мақсаттары мен қызығушылықтарын түсінеді. Даулы мәселерді шешу мақсатында екі тараптың аргументтерін қарсы қойып, салыстырып, жан-жақты саралауға мүдделі. Халықаралық, азаматтық, қауымдық және тұлғааралық қақтығыстардың себептері мен салдарын айқындап, баға бере алады. Шиеленістерді шешудің түрлі әдістерін біледі және практика жүзінде қолдана алады.

7-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
Дүниетанымдық	Әлемді тану	Өз елінің саяси-экономикалық жүйесімен таныс. Кейбір халықаралық танылған ұйымдарды біледі.	Өзінің және өзге елдердің саяси-экономикалық жүйесімен таныс. Халықаралық ұйымдар мен институттарды біледі әрі олардың қоғамдағы рөлі бойынша түсінігі бар. Жаһандану үрдісінің даму трендтерін салыстыра отырып, зерттеуге қабілетті	Өзінің және өзге елдердің саяси-экономикалық жүйесіне баға бере алады. Халықаралық танылған ұйымдар мен институттардың функцияларын біледі. Өзінің зерттеу саласы аясындағы халықаралық танылған теорияларды өз зерттеу жұмысына бейімдей отырып, қолдана алады. Жаһанданудың ел дамуына, қоғамның өмір-салтына және ғылыми зерттеу қызметіне деген әсерін бағалай отырып, тиімді шешімдерді ұсына алады.
	Мәдениетаралық коммуникация	Әртүрлі мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас нормаларын біледі. Өз мәдениетінен тыс қарым-қатынасқа бейімделу жолдарынан хабардар.	Өзінікінен басқа мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас ережелерін әрі оған бейімделу жолдарын біледі. Өз мәдениетінен тыс қарым-қатынасқа бейімделу жолдарынан хабардар. Мәселелерді шетелдік мәдениет тұрғысынан талдауға қабілетті.	Өзінікінен басқа мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас ережелерін әрі оған бейімделу жолдарын біледі. Өз мәдениетінен тыс қарым-қатынасқа бейімделу жолдарынан хабардар. Мәселелерді шетелдік мәдениет тұрғысынан талдауға қабілетті. Өзге мәдениет өкілдерімен шығармашылық, бірлескен және этикалық тұрғыдан қарым-қатынасқа түсу үшін, білімді, танымдық және шығармашылық дағдыларды, құндылықтар мен көзқарастарды жұмылдыра біледі.
	Шет тілін меңгеру	Шет тіліндегі мәтіндерді жалпылама түсінеді. Шет тіліндегі мәтіндердің басты идеясын өз тілінде жеткізе алады.	Шет тіліндегі мәтіндерді өз деңгейінде түсінеді. Шетелдік әдебиеттердегі ақпаратты мақсатына қарай жіктеп, топтастыру арқылы өзіне қажетті тұстарын қолдана алады. Шетелдік қайнаркөз дердегі ақпараттар легін сараптап, дәйексіз ақпараттан бастарта алады.	Шет тіліндегі мәтіндерді жақсы түсінеді. Шетелдік әдебиеттердегі ақпаратты мақсатына қарай жіктеп, топтастыру арқылы өзіне қажетті тұстарын қолдана алады. Өзінің білім беру саласындағы шетел әдебиеттерін және басқа да ақпарат көздерінің арасында байланыс орнатып, жаңа ғылыми теорияларды бейімдей алады. Халықаралық ғылыми конференцияларда шетелдік ғалымдармен, зерттеу мәселеріне баға бере отырып, шет тілінде еркін түрде талқылай алады

Сонымен, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін жоғары деңгейде дамыту үшін ЖОО-да арнайы ұйымдастырылған жұмыс қажет екені сөзсіз. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз ЖОО-ның білім беру үрдісінде жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған құрылымдық-мазмұндық моделді жасау қажеттілігі туралы қорытындыға келдік.

1.4 Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Біздің зерттеу жұмысымызда алға қойылған міндеттердің бірі – жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу болатын, және біз зерттеу жүргізу барысында педагогикалық әдебиеттер мен ғылыми зерттеулерді зерделеу негізінде «модель» ұғымының мәнін сипаттаудан бастауды жөн көрдік.

Этимологиялық тұрғыдан алғанда, «модель» термині итальяндық «modello» сөзінен шыққан, оның негізі «modellus» (латынша) сөзі, «өлшеу, шектеу, шекара» дегенді білдіреді. Сонымен қатар, «модель» сөзі француз тілінен енген (франц. «modele»), мұндағы сөзбе-сөз аударғандағы мағынасы «үлгі, мысал».

В.А. Штофтың пікіріне сүйенсек, бұл термин құбылыстардың белгілі бір аймағын басқа, жақсы зерттелген, оңай түсінілетін, таныс құбылыстардың көмегімен суреттеу үшін қолданылады [183].

А. Дахин болса, ғылымның көптеген (мүмкін барлық) салаларында қолданылатын «модель» ұғымына келесідей анықтама береді: «Модель – зерттелетін объектіге (немесе құбылысқа) ұқсас бола отырып, құрылымын, қасиеттерін қарапайым және күрделі түрде көрсететін және қайта шығаратын схема, физикалық құрылымдар, иконикалық формалар немесе формулалар түріндегі жасанды түрде жасалған үлгі, осы объектінің элементтері арасындағы байланыстар мен қатынастар» [184].

Өзінің «Педагогикалық модельдеу» атты еңбегінде автор, педагогикада білім беру мазмұны да, оқу әрекеті де моделденеді (үлгіленеді) деп есептейді. Тар пәндік утилитарлық мағынада ғылыми моделдер нақты оқу пәндерін оқытуға арналған аппарат ретінде құрастырылады. Моделдеу әдістемесін меңгеру қажеттілігі ғылыми танымның жалпы әдісімен және психологиялық-педагогикалық пайымдаулармен байланысты. Білімгерлер зерттелетін субъектілердің әртүрлі моделдерін құрастырған кезде моделдеу оқу материалын жалпылаудың, сонымен қатар оны жүйеленген түрде берудің әрі оқу құралы, әрі тәсілі ретінде қызмет етеді [184, с. 11-19].

Отандық зерттеуші Ш. Таубаева өзінің «Педагогикалық зерттеулердің әдістемесі мен әдістері» атты еңбегінде моделдеу ұғымына «Моделдеу-модель деп аталатын кейбір объектінің сипаттамаларын көбейту» деген анықтама береді. Автордың зерттеуіне сүйенсек, модель мен түпнұсқаның арасында шектеулі ұқсастық бар, оның формасы айқын көрінеді: ғылыми таным үрдісінде

модель түпнұсқаны алмастырады; моделді зерттеу түпнұсқа туралы ақпарат береді деген қорытындыға келеміз [34, с. 3-80].

Қазіргі педагогикада моделдеу әдісі теориялық және практикалық мәселелерді шешу үшін кеңінен қолданылады. Мысалы, Е.А. Лодатко білім беру жүйесінің моделін, яғни осы жүйені құру тұжырымдамасын ұсына отырып, оған сәйкес басқару позицияларына сүйеніп, оқу орындарының тиімділігі мен құндылықтары туралы түсінік қалыптасатынын алға тартады [185].

Соңғы жылдардағы диссертациялық жұмыстар мен ғылыми еңбектердің талдауы ғылымдағы педагог-психологтардың құзыреттілігіне қарасты түрлі моделдердің ұсынылғанын көрсетеді. Олардың ішінді біздің зерттеуімізге жақын келетіндері: А.К. Аманованың болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделі; Т.М. Есимғалиеваның көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі; П.Т. Абдуллаеваның университеттік білім беру жүйесіндегі болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру моделі. Шетелдік ғалымдардың жұмыстарының арасында, біз, аса зер салған Е.В. Барышникованың болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың моделі.

Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған осы моделдерінің ерекшеліктеріне тоқталып өтуді жөн көрдік.

А.К. Аманова құрастырған болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға арналған моделі ғылымилық, белсенділік, бірізділік пен жүйелік және ізгілендіру принциптеріне негізделген. Ғалым кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың мазмұндық, іс-әрекеттік, коммуникативтік және мотивациялық-құндылықтық компоненттерін көрсеткен. Ал болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары ретінде кәсіби іс-әрекетті орындауға қажетті білім, іскерлік; инновациялық-педагогикалық технологияларды кеңінен қолдану; оқытудың репродуктивтік және белсенді әдістерін қолдану; мамандығына деген мотивациялық- құндылықтық қатынасты қалыптастыруды ұсынған [61, с. 3-38].

Өзге отандық ғалым Т.М. Есимғалиева көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсына отырып, моделінде танымдық-мазмұндық, мотивациялық және іс-әрекеттік көрсеткіштерді негізге алады, ал көптілді білім беру жағдайында оқу-тәрбие жүйесінің қамтамасыздандырылуын оқытуды ұйымдастыру формалары, оқытудың әдістері, тәрбие әдістері мен ресурстық қамтамасыз етумен ұйымдастырады [62, с. 3-59].

Университеттік білім беру жүйесіндегі болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыруды мақсат ететін зерттеуші П.Т. Абдуллаеваға тиесілі модель мақсаттан, тұғырлардан, принциптерден, кезеңдерден, компоненттерден, өлшемдерден, деңгейлер мен шарттардан тұрады [60, р. 303-308].

Сондай-ақ ресейлік ғалым Е.В. Барышникованың болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға арналған моделі мақсаттық, әдіснамалық, мазмұндық, ұйымдастырушылық және диагностикалық компоненттерден тұрады және де бұл модель өзге келтірілген модельдерден білімгер мен педагог арасындағы өзара байланысты көрсетуімен ерекшеленеді [64, с. 3-49].

Жоғарыда келтірілген педагогикалық модель ұғымының анықтамаларында моделдеудің жалпыланған пәндері аталған, яғни моделді бейнелеуге болатын нәрсе көрсетілген:

- объектінің қасиеттері, белгілері, сипаттамалары;
- объектіні ішкі ұйымдастыру принциптері;
- объектінің жұмыс істеу принциптері.

Объектінің қасиеттері, белгілері, сипаттамалары және басқа атрибуттары оның *мазмұнын* құрайды, ішкі ұйымның принциптері *құрылымды* анықтайды, ал жұмыс істеу принциптері оның *функционалдығын* сипаттайды, оны зерттелетін объектінің белгілі бір функцияларды жүзеге асыруға бағдарлануымен байланыстырған жөн, мысалы, коммуникативті, когнитивті, тәрбиелік, білім беру, құзыреттілік, басқару және т. б.

Осылайша, педагогикалық моделдердің бастапқы типологиясының мазмұны, құрылымы, функционалдығы бар жалпыланған моделдеу пәндеріне негізделуі керек. Осы пәндерге сәйкес педагогикалық моделдердің негізгі түрлерін қолдануға кеңес беріледі:

- мазмұндық;
- құрылымдық;
- функционалдық.

Педагогикалық моделдердің негізгі түрлері моделдердің туынды түрлерін қалыптастыруға негіз болады, олардың негізі моделдеудің екі пәні арқылы қалыптасады: құрылымы мен мазмұны, құрылымы мен функционалдығы немесе зерттелетін объектінің мазмұны мен функционалдығы. Осылайша моделдеу пәнін кеңейту ғылыми айналымға сәйкес «квзиптердің» педагогикалық моделдерінің тұжырымдамаларын енгізуге мүмкіндік береді:

- құрылымдық-мазмұндық;
- құрылымдық-функционалдық;
- функционалдық-мазмұндық.

Біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда осы аталған моделдердің туынды түрі *құрылымдық-мазмұндық* моделді негізге алдық. Себебі, моделдің бұл түрі бізге жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымдық және мазмұндық сипаттамаларын жобаланған әдіс-тәсілдер мен құралдар арқылы ЖОО-дағы білім беру үрдісіне енгізуге мүмкіндік береді.

Құрылымдық-мазмұндық моделді құруда оның бірнеше кезеңдерін бөліп көрсетеміз:

- зерттеу мәселесінің қоғамдық, әлеуметтік сұранысқа сәйкестігі;
- зерттеу мақсатының айқындығы;

- құрылымды моделдеуге арналған нақты әдіснамалық негіздердің таңдалуы;
- моделдің негізгі мақсатына сәйкес міндеттердің анықталуы;
- моделдің мазмұны мен жүзеге асуын қамтамасыз ететін құрамдас бөліктерін айқындау, моделді құрастыру;
- құрастырылған моделдің тиімділігін тәжірибелік-эксперимент барысында тексеру.

Осы айтылғандарға сәйкес, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту моделінің құрылымдық элементтері тұрғысынан келесі сипаттамаларға ие: мақсаты, әдіснамалық тұғырлары, әдіснамалық қағидалары, психологиялық-педагогикалық шарттары, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың мазмұны мен ұйымдастыру формалары, оның дамуын қамтамасыз ететін әдістер мен құралдар, бағалау кешені тұрғысынан көрсеткіштер мен диагностикалық әдістер, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамыған деңгейі тұрғысынан нәтиженің болуы (6-сурет).


Сонымен, біз ұсынып отырған құрылымдық-мазмұндық моделге сәйкес, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың моделі *тұжырымдамалық, мазмұндық және нәтижелік* блоктардан тұрады. Берілген модель жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту процесіндегі жоғарыда көрсетілген барлық элементтердің өзара байланысы мен бірлестігін қамтиды.

Біріншіден, *тұжырымдамалық* блогқа сәйкес, педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін жаһандық талаптарға сәйкестендіру бойынша әлеуметтік сұраныс туындайды. Осыған сәйкес, қазіргі жоғары білім беруді жаңартудың заманауи талаптарына сәйкес, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту *мақсатын* қарастырамыз. Аталған мақсаттың өзектілігі Қазақстан Республикасында жоғары білім беруді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен, педагог-психологтардың кәсіби қызметі мен еңбек функциялары оның кәсіби стандартында бекітілген талаптарымен және «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының міндеттерімен нақтыланып отыр.

Осы тұжырымдамалық блогта жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымы (инновациялық, теолеранттылық және дүниетанымдық құзыреттер жиынтығы) ұсынылады. Аталған құрылымның құрамдас бөліктері диссертациялық жұмыстың 1.2, 1.3-параграфтарында жан-жақты мазмұндалған.

Зерттеу жұмысымызда зерттеу нысаны ретінде қарастырылып отырған мәселені тиімді шешу үшін оның зерттеу тұғырларын анықтап алу қажет. Себебі, әдіснамалық тұғырлардың дұрыс анықталуы зерттеу мәселесінің ішкі бірлігі мен сәйкестігін, өзара байланысын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Осыған орай, ғылымда бар теориялық-әдіснамалық тұғырларды зерттей келе, біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда *жүйелік, құзыреттілік және іс-арекеттік* тұғырларды негізге алдық.



Сурет – 6 Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Дәл осы тұғырларды таңдау зерттеліп отырған мәселенің ерекшелігіне, сондай-ақ күрделілігіне негізделген, себебі бұндай бағыттағы зерттеу тек бір көзқараспен зерттелмей, әртүрлі сипаттамаларды зерделеуді қамтамасыздандыратын әдіснамалық тұғырлар кешенін талап етеді.

Ендігі кезекте біз жоғарыда берілген әдіснамалық тұғырлардың мәні мен мазмұнына толығырақ тоқталуды қажет деп санаймыз. Біз қарастырып отырған зерттеу мәселесінің ерекшелігі – болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту процесі жаһандану жағдайында қарастырылғандығы. Ал жаһандану дәуірі білім берудің жаңа жағдайларымен байланысты.

Жүйелік тұғыр объектілерді жүйе ретінде қарастыруға негізделген ғылыми таным мен әлеуметтік практика әдіснамасының бағытын білдіреді. Бұл тәсілдің әдістемесі В.П. Беспалько, Ю.А. Конаржевский, В.А. Сластенин, Э.Г. Юдин және т.б. зерттеулерінде мазмұндалады. Жүйелік тәсіл зерттеу тақырыбын жан-жақты зерттеуді қамтамасыз етеді, қарастырылып отырған процесті белгілі бір мақсатқа бағытталған біртұтас жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Біздің зерттеуіміздің шеңберінде жүйелік тұғыр жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үрдісін оның ішкі және сыртқы жүйелік қасиеттері мен байланыстары тұрғысынан күрделі педагогикалық жүйе ретінде тұтас зерттеуді көздейді, болашақ педагог-психологтарда кәсіби құзыреттілікті дамыту моделінің жүйелік құрылымын анықтауға және зерттелетін феноменнің сипаттамаларын мазмұндауға бағытталған.

Біздің зерттеуіміз үшін үлкен маңыздылыққа ие келесі тұғыр – құзыреттілік тұғыр. Ғалымдар құзыреттілік тұғырды білім беру мазмұнын жаңартудың маңызды тұжырымдамалық ережелерінің бірі ретінде қарастырады [34, с. 3-80]. Бұл ғылыми тұғыр алынған білім емес, қойылған міндеттерді өз бетінше шешу қабілеті қарастырылатын білім берудің нәтижесіне назар аударады. Құзыреттілік тұғыр білім алудың нәтижелері ретінде білім, білік пен дағдыларды қалыптастырудан білім беру құзыреттеріне көшуді қамтиды.

Осы тәсіл шеңберінде білім беру процесінің субъектілері білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін көрсете алатын білім, білік, дағдылар, қабілеттер мен жеке қасиеттердің жиынтығы болып табылатын құзыреттілік білім алудың нәтижелері болып табылады. Бұл ретте құзыреттілік білім, білік дағды компоненттерінен басқа, мінез-құлық аспектісін, яғни әлеуметтік, адамгершілік және кәсіби бағдарлар жүйесін қамтиды.

Біздің зерттеу жұмысымыз үшін аса маңызды болып табылатын келесі тұғыр – іс-әрекеттік тұғыр. Теориялы-әдіснамалық тұғырларды зерттеу нысанына алған көптеген ғылыми еңбектерді талдау нәтижесінде біз іс-әрекеттік тұғыр қызмет санаты тұрғысынан ғылыми тұрғыдан қарастыруды қажет ететін әртүрлі пәндерді сипаттауды, түсіндіруді және жобалауды қамтитын зерттеудің әдіснамалық бағыты деген тұжырымдамаға келдік.

Іс-әрекеттік тұғыр білім беру процесінің субъектілерін «іс-әрекетте» зерттеуге мүмкіндік береді:

1) болашақ мамандардың қызметінің негізгі компоненттерін бірыңғай әдіснамалық тұрғыдан қарастыруға және сол арқылы олардың өзара іс-әрекетінің сипатын ашуға мүмкіндік береді;

2) педагогикалық салаға қызмет теориясының жалпы тұжырымдамалық ережелерін жобалау арқылы педагогикалық процестің барлық қатысушылары қызметінің ерекшеліктерін зерделеуге мүмкіндік береді;

3) тұлғаның дамытудың аса маңызды факторы ретінде арнайы іріктелген қызметті тануға міндеттейді;

4) білім беру процесін әртүрлі қызмет түрлерінің үздіксіз ауысуы ретінде айқындайды;

5) адамдың кәсіби қызметінің компоненттеріне сәйкес педагогикалық процесті құрайды [24, с. 49].

Бұл ретте іс-әрекеттік тұғыр жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту процесінің құрылымдық компоненттерін қарастыруға, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту процесінің мазмұнын оның барлық компоненттерін тұтас қарастыруға мүмкіндік берді (сұраныс– мақсат – құрылым – мазмұн – шарттар– әдістер – құралдар – формалар – нәтиже).

Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту процесі әдіснамалық тұғырлар ерекшеліктерін көрсететін жалпы дидактикалық және кәсіби білім беретін қағидаларға негізделеді.

Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту процесі жаһандық білім беру принциптеріне негізделеді. Олардың ішінде: көпмәдениетті білім беру, жаһандық азаматтық және әлеуметтік жауапкершілік.

Көпмәдениетті білім беру. бұл негіз жаһандану жағдайында ерекше маңызды болып табылатын әртүрлі мәдениеттерді тану мен құрметтеудің маңыздылығын көрсетеді. Бұл болашақ педагог-психологтарға өз тәжірибелерінде инклюзивтілік пен мәдени сезімталдықты сақтауға көмектеседі. Педагог-психологтар өздерінің тәжірибелері мен көзқарастарына әсер ететін жалпы әлемдік контекст сияқты өз қамқорлығындағы білімгерлердің мәдени тәжірибесін ескеріп, бағалауы керек. Бұл негіз R.H. Sheets жасаған әртүрлілік педагогикасының теориясына негізделген [186]. Бұл мәдениет пен таным арасындағы табиғи және ажырамас байланысты көрсететін принциптер жиынтығы. Мәдени сауатты педагог-психологтар оқушыларды танымдық іс-әрекетке қалай бейімдеу керектігін түсіну арқылы білім алуға ынталандырады. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда осы негізді пайдалану мақсатты топта білімгерлердің әртүрлі топтарымен тиімді өзара әрекеттесу үшін қажетті білім, дағдылар мен көзқарастарды қалыптастыруға бағытталған.

Жаһандық азаматтық. Бұл принцип адамдарға әлемді түсінуге және онымен белсенді және жауапты жаһандық азаматтар ретінде өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін білім, дағдылар мен көзқарастарды меңгеруді қамтиды. Жаһандық азаматтықты оқыту болашақ педагог-психологтарға өз

шәкірттерінде жаһандық ойлау мен әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға көмектесе алады, бұл өз кезегінде инклюзивті және жаһандық бағдарланған білім беру бағыттарының қалыптасуына ықпал етеді. Бұл принцип J. Dewey, J. Piaget және L. Vygotsky [187] әзірлеген конструктивизм теориясына негізделген. Жаһандық азаматтықты оқыту контекстінде білімгерлер жаһандық мәселелерді, мәдени әртүрлілікті және әртүрлі мәдениеттер арасындағы байланыстарды белсенді түрде зерттейді. Олар әртүрлі көзқарастарды сыни тұрғыдан зерттеу, диалогқа қатысу және өздерінің сенімдері мен құндылықтарына сүйене отырып өз білімдерін қалыптастырады. Проблемалық бағдарланған оқыту, сұранысқа негізделген оқыту және бірлескен оқыту сияқты конструктивистік тәсілдерді оқушылардың белсенділігін, сыни ойлауын дамытуға және жаһандық менталитетті қалыптастыруға ықпал ететін жаһандық азаматтықты дамытуда тиімді пайдалануға болады. Мұндай тәсілдер оқушыларды әлемдік проблемалар туралы өз түсініктерін белсенді түрде дамытуға, мәселелерді шешуге қатысуға және жаңа білім мен көзқарастар алу үшін басқалармен серіктестік орнатуға ықпал етеді.

Әлеуметтік жауапкершілік. Болашақ педагог-психологтар этикалық принциптерді ұстанып, өздерінің кәсіби тәжірибелерінде әлеуметтік жауапкершілікті көрсетуі қажет. Бұл принцип кәсіби этиканы сақтаудың, студенттердің құқықтары мен олардың жеке өмірін құрметтеудің және оқушылар арасындағы этикалық мінез-құлықты ынталандырудың маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, педагог-психологтар қоғам өміріне оң үлес қосатын және жаһандық мәселелерді шешетін іс-шараларға қатысу арқылы студенттерді әлеуметтік жауапкершілік сезімін дамытуға ынталандыруы керек.

Моделдің *мазмұндық блогы* жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту процесінің ішкі мазмұндық және ұйымдастырушылық тұстарын сипаттауға мүмкіндік береді.

Мазмұндық блок жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарынан, оны жүзеге асырудың формаларынан, әдістерінен, құралдарынан тұрады.

Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды нәтижелі жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтамас бұрын «Шарт» ұғымына тоқталуды жөн көрдік.

Философия ғылымында «Шарт» объектінің айналасындағы құбылыстарға, сондай-ақ өзіне және өзінің ішкі әлеміне қатынасын білдіретін философиялық категория ретінде анықталады [188]. Н.М. Борытконның пайымдауынша, «шарт» термині философиялық категория ретінде заттың айналасындағы құбылыстарға қатынасын білдіреді және онсыз ол өмір сүре алмайды. Заттың өзі шартты нәрсе ретінде әрекет етеді, ал шарт салыстырмалы түрде объективті әлемнің сыртқы объектісі ретінде қарастырылады [189].

«Шарт» ұғымының этимологиясына үңілетін болсақ, оны бір жағынан бір нәрсеге тәуелді болатын жағдай ретінде, екінші жағынан бір нәрсені жүзеге асыратын жағдай ретінде түсіндіре аламыз.

Ғалым Р.С. Немов «Шарт» терминін психологиялық тұрғыдан зерттей келе, оны адамның психологиялық дамуын анықтайтын және оны жеделдететін немесе баяулататын, даму процесіне, оның динамикасы мен түпкілікті нәтижелеріне әсер ететін ішкі және сыртқы себептердің жиынтығы ретінде түсіндіреді [190].

«Педагогикалық шарттар» ұғымының да әртүрлі түсіндірмелері бар. Кейбір зерттеулерде педагогикалық шарттарды білімгерлердің педагогикалық қызметтің жоғары деңгейіне жетуін қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үрдісіндегі өзара байланысты шаралар жиынтығы ретінде анықтайды. Өзге еңбектерде педагогикалық шарттарды қойылған міндеттерді шешуге бағытталған мазмұнның, формалардың, әдістердің және материалдық-кеңістіктік ортаның объективті мүмкіндіктерінің жиынтығы ретінде қарастырады.

С.Н. Павлов «педагогикалық шарттар» ұғымына адамдарды оқыту мен тәрбиелеудің объективті мүмкіндіктерінің, ұйымдастырушылық нысандары мен материалдық мүмкіндіктерінің жиынтығын енгізу қажеттілігін мақұлдайды [191].

Біздің зерттеу жұмысымыз үшін ерекше маңыздылыққа ие З.М. Алисултанованың диссертациясы болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарына арналған. Зерттеу барысында ол болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін келесі педагогикалық шарттарды анықтады және оны оңтайлы деп тапты:

- білім беру қызметіндегі жеке-типологиялық ерекшеліктерін есепке алу;
- студенттің өзін-өзі тәрбиелеу қызметінің ерекшеліктерін педагогикалық диагностикалау;
- болашақ педагог-психологтарда өзіндік білім беру қызметін қалыптастыру үрдісіне педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру;
- өзін-өзі тәрбиелеу іс-әрекетінің моделін және тұлғаға бағытталған әдістерді қолдану;
- студенттік топтардың кураторларын өз бетінше білім беру қызметіне тарту [192].

Н.В. Ипполитова педагогикалық шарттарды педагогикалық жүйенің құрылымымен байланыстыра отырып, онда олар педагогикалық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде әрекет ететінін алға тартады:

- оның тиімді жұмыс істеуін және одан әрі дамуын қамтамасыз ететін ішкі (білім беру үрдісі субъектілерінің тұлғалық аспектісін дамытуды қамтамасыз ететін) және сыртқы (жүйенің үрдістік аспектісін іске асыруға жәрдемдесетін) элементтердің жиынтығын көрсететін педагогикалық жүйенің құрамдас бөлігі;
- педагогикалық жүйенің құрамдас бөліктерінің бірінің мазмұндық сипаттамасы, оның мазмұны, ұйымдастырушылық формалары, оқыту

құралдары және мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас сипаты [193].

Осылайша, «Педагогикалық шарттар» ұғымын анықтауға қатысты әртүрлі зерттеушілердің ұстанымдарын талдауды қорытындылай келе, осы терминді түсіну және оны мүмкіндігінше толық анықтау үшін маңызды бірқатар ережелерді бөліп көрсетуге болады:

- шарттар педагогикалық жүйенің, оның ішінде тұтас педагогикалық үрдістің құрамдас бөлігі ретінде қызмет етеді;

- педагогикалық шарттар білім беру ортасының мүмкіндіктерін толық көрсетуі керек: мақсатты түрде білім беру субъектілерінің ықпалы мен өзара іс-әрекетінен құрылатын шаралары;

- оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны, әдіс-тәсілдері мен формалары;

- бүгінгі таңда педагогикалық үрдісті толыққанды жүзеге асыру ақпараттық-коммуникативтік технологияларды белсенді түрде пайдаланбай елестету мүмкін емес;

- педагогикалық шарттар құрылымында білім беру үрдісі субъектілерінің жеке саласының дамуына әсер етуді қамтамасыз ететін ішкі элементтер де, үрдістік компоненттің қалыптасуына ықпал етуге арналған сыртқы элементтер де үнемі қатысады [194].

Ғалым С.А.Мухамедьянов педагогқа тиімді оқу-тәрбие қызметін жүзеге асыру үшін қажет психологиялық және педагогикалық факторлардың жиынтығын өзара тығыз іс-әрекетте құрылған, мақсатқа бағытталған шарттарды педагогикалық шарттар деп анықтайды [195].

Б. Баймұханбетов педагогикалық шарттарға келесідей анықтама береді: «Оқу-тәрбие үрдісінде оқыту-педагогикалық және ұйымдастырушылық бағыттар бойынша бір-бірімен тығыз байланыстағы жағдаяттардың жиынтығы» [196].

Психологиялық-педагогикалық шарттар деп педагогикалық үрдістің субъектілерінің немесе объектілерінің жеке басының дамуына әсер етудің белгілі бір педагогикалық шараларын қамтамасыз етуге арналған жағдайлар түсініледі, бұл, өз кезегінде, білім беру үрдісінің тиімділігін арттыруға әкеледі. Мұндай жағдайлардың негізгі функциясы – тұлғаны дамытудың, тәрбиелеудің және оқытудың нақты сипаттамаларын өзгертуді қамтамасыз ететін педагогикалық өзара әрекеттесуді ұйымдастыру. Біздің зерттеуімізде, біз, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін нәтижелі түрде дамыту үшін тиімді шарттар деп қажетті және жеткілікті шаралардың жиынтығын түсінеміз [197].

Қазақстандық психологиялық-педагогикалық ғылыми еңбектерде де «психологиялық-педагогикалық шарт» ұғымының түрлі түсіндірмелері негізделген. Мысалы, зерттеуші Г.С. Таженова өзінің «Студенттердің медиа құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары» атты еңбегінде студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарты ретінде келесі кешенін анықтайды:

- сананы билеушілік (манипуляциялық) медиа өнімдердің салдарын түсінуге жағдай жасау;

– медиа өнімдерді тұтынуға студенттердің сыни көзқарасын қалыптастыру;

– студенттердің медиамәтіндерді қабылдау және түсіну үрдісін технологиялық қамтамасыз ету [198].

Сондай-ақ, ғалым Э.А. Айтенова дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары ретінде дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын «мектеп-колледж-жоо өзара әрекеттестігінде жүзеге асыруды психологиялық, теориялық, практикалық тұрғыдан қамтамасыздандыратын іс-шаралардың жиынтығын атайды [199].

Өзге отандық зерттеуші А.Д. Сыздықбаева болашақ бастауыш сынып мұғалімінің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың келесі педагогикалық шарттарын ұсынады:

– оқу үрдісін имитацияланған кәсіби қызметте студенттердің субъективті зерттеу позициясын жүзеге асыру әдістері мен құралдарымен қанықтыру;

– оқу ақпаратын қабылдау процесіне сенсорлық компоненттердің көпшілігін тарту;

– студенттердің, ЖОО оқытушыларының және бастауыш мектеп мұғалімдерінің оқу-зерттеу қауымдастығын «студенттердің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру кеңістігі» ретінде құру.

Жоғарыда көрсетілген еңбектерге талдау педагогикалық шарттарда зерттелетін объектінің дамуы мен жұмысына әсер ететін жағдайлардың, себептердің жиынтығы ретінде кеңінен көрсететін бірқатар белгілерді қалыптастыруға мүмкіндік береді:

– құрама элемент;

– өзара әрекеттесу және әсер ету шарасы;

– ғылыми-техникалық жабдықты пайдалану;

– кеңістіктік орта;

– білім беру үрдісінің сыртқы және ішкі элементтері;

– даму шаралары, жұмыс істеу тиімділігі;

– объективті мүмкіндіктер жиынтығы;

– педагогикалық үрдіс әдістерінің, формаларының, мазмұнының дәйектілігі [200].

Сонымен, ЖОО-да болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін жаһандық талаптарға сәйкес дамыту мүмкіндіктері мол екені анық. Дегенмен, бұл міндетті нәтижелі түрде жүзеге асыру үшін жаңа тұғырлар мен тиімді әдістердің қажеттілігі сөзсіз. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін, ең алдымен, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту шарттарын айқындау қажет.

Әрине, кездейсоқ таңдалған немесе жеке педагогикалық шарт бұл міндетті орындаудың тиімді шешімі бола алмайды, сондықтан да, біз, өз зерттеу жұмысымызда жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша ЖОО-да білім беру үрдісінің ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне, ғалымдардың зерттеу мәселесін

қарастырудағы теориялық және практикалық нәтижелеріне, автордың жоғары оқу орнындағы оқытушы-дәріскер ретіндегі тәжірибесіне сүйене отырып, келесі психологиялық-педагогикалық шарттарды ұсынамыз:

1. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға ыңғайлы орта құру.

2. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды теориялық қамтамасыздандыру.

3. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды практикалық қамтамасыздандыру.

Жоғарыда көрсетілген психологиялық-педагогикалық шарттарды жүзеге асыруда келесі іс-шаралар кешені таңдалды:

Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға ыңғайлы орта құру мақсатында, білімгерлердің мотивациясын арттыру үшін «Secret of success of educational psychologist» ашық есік күндері мен «10 сұхбат» жобасы сынды аудиториядан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды.

Аудиториядан тыс жұмыстарды жүргізуде студенттердің кәсіби бағыты, адамдармен қарым-қатынасқа, олардың жеке ерекшеліктеріне қызығушылықты дамыту, студенттердің өзін-өзі тануға, өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысы ерекше рөл атқарады, бұл педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін дамытудағы мотивациялық компонентін құрайды. Жоғарыда аталған іс-шаралардың мазмұны диссертациялық жұмыстың 2.3-параграфында баяндалған.

Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды теориялық қамтамасыздандыратын психологиялық-педагогикалық шарт «Formation of global competence in the context of higher education» элективті курсына оқу үрдісіне ендіруге негізделеді.

Элективті курс басқа міндетті пәндермен қатар жүргізіледі. Элективті курстардың мазмұны негізгі оқу пәндерінің шеңберінен шығып, білімді тереңдетуге бағытталады. Яғни білімгер элективті оқу пәнінің тізімінен өзіне қажетті деп санайтын курсты таңдау арқылы, өзінің кәсіби білім мазмұнын қалыптастыруға тікелей қатысады деп есептеледі [201].

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудағы және олардың көмегімен жеке оқу жоспарларын құрудағы элективті курстардың рөлі мен орнын дәлірек анықтау үшін элективті курс ұғымымен танысып, олардың міндеттері мен сипаттамаларын анықтау қажет.

В.А. Далингер элективті курстарды жеке танымдық іс-әрекет кеңістігін құру құралы ретінде анықтайды [202]. Бұл анықтамадан элективті курстар әр білімгерге олардың қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жеке оқу бағдарламаларын ұйымдастыруға мүмкіндік беретіндігін көруге болады.

П.С. Лернердің пайымдауынша, элективті курс бейінді білім беруді дараландыруды тереңдетуге, білімгерлердің дүниетанымдық идеяларын кеңейтуге ықпал ететін курс болып табылады [203].

Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру мәселесін зерттеген отандық ғалым

Э.А. Айтенова элективті курсты таңдау кезінде студентке көптеген факторлар ықпал ететінін алға тартады. Олардың ішінде: мерзімділік (маңызды істер); әлеуметтік айна (айналасындағылар мақұлдап, құптайтындар); басқа адамдардың және өзінің күтетін нәтижелері; тереңдетілген және ағымдағы құндылықтар (адам ұзақ мерзімді немесе жақын болашақта маңызды деп санайтын); іргелі қажеттіліктер мен сол сәттегі тілектер, өзін-өзі ұғыну [199, б. 27].

Сол сияқты, біз, зерттеу жұмысымыздың негізінде ұсынған «Formation of global competence in the context of higher education» элективті курс келесі міндеттерді шешуге арналған:

– сыни ойлау, зерттеушілік, кәсіпкерлік, ұтымды оптимизм, жаңашылдық, эмпатия және мәдениеттің адам мінез-құлқы мен әлемдік оқиғаларға әсерін түсіну сияқты дағдыларды қалыптастыру;

– білімгердің айналасынан тыс әлемді зерттеуге, ағымдағы мәселелерді тұжырымдауға және оқу бағдарламасының бағытына сәйкес зерттеулер жүргізуге ынталандыруды дамыту;

– географиялық, тілдік, идеологиялық және мәдени кедергілерді жеңе отырып, әртүрлі аудиториялармен тиімді қарым-қатынас жасай білу қабілетін дамыту.

Біздің зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде болашақ педагог-психологтар жаһандану жағдайында кәсіби қызметін нәтижелі атқару үшін жоғарыда көрсетілген міндеттерді орындауы шарт. Элективті курстың мазмұны мен құрылымы диссертациялық жұмыстың 2.3-бөлімінде толығымен баяндалады.

Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды практикалық қамтамасыздандыру үшін «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты тренингтік бағдарламаны жүзеге асыруды қарастырамыз.

Кәсіби құзыреттілік педагог-психологтың кәсіби қызметінің тиімділігі мен табыстылығының негізі болып табылады. Тек жақсы дайындалған білікті маман ғана кәсіби қызметті сапалы және жауапкершілікпен орындай алады. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру ЖОО-да маман даярлаудың басты мақсаттарының бірі болып табылады [46, с. 18-24].

Тренинг білім мен дағдыларды берумен ғана шектелмейді, бірақ зерттелетін ақиқатпен тікелей байланысу мүмкіндігін тудыратын мамандарды даярлаудың инновациялық технологияларының бірі. Ол – адамдардың топтық өзара әрекеттесуінде модельденген өмірлік және кәсіби тәжірибені игеру және түсіну арқылы оқыту [204]. Сонымен, тренингтер – болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған қарқынды қысқа мерзімді оқу сабақтары.

Әрине, біз ұсынып отырған «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты тренингтік бағдарлама көптеген тренингтердің бір нұсқасы ғана, алайда аталған тренинг оқытудың әртүрлі инновациялық формалары мен әдістерінің көмегімен жүзеге асырылады. Олар: шағын дәрістер, топтық пікірталастар, жағдайларды талдау, іскерлік және рөлдік ойындар, қажетті дағдыларды дамыту жаттығулары және

т.б. Олардың үйлесімі тренингтегі материалдардың дәстүрлі сабақтарға қарағанда әлдеқайда тиімді игерілуіне ықпал етеді. Тренингтік бағдарламаның мазмұны 2.3 бөлімінде толығырақ сипатталады, ал біз, алдымен, тренингтік бағдарламамызда қолданылатын кейбір интербелсенді (инновациялық) әдістерге тоқталып өтуді жөн көрдік.

Біздің зерттеуіміз үшін аса маңызды әдіс «Миға шабуыл», қазіргі кезде «Brainstorming» әдісі ретінде кеңінен танымал. Зерттеуші Е.А. Реутова миға шабуылды сынның жоқтығымен, шешімдердің, гипотезалар мен ұсыныстардың барлық нұсқаларын толықтай қабылдаумен, оларды әрі қарай пайдалану немесе іс жүзінде жүзеге асыру перспективасы тұрғысынан талдаумен сипатталатын топтық пікірталастың бір түрі ретінде сипаттайды [205]. Бұл әдістің пікірталастан айырмашылығы проблемалық мәселелерді топтық шешуді ұйымдастыруға бағытталған және оны шешудің нақты нұсқаларын ұсынбайды. Бұл әдісті жүзеге асыру барысында кез-келген идеялар сынсыз қабылданады, барлық идеялар бағаланады, талқыланады, содан кейін белгіленген мәселені шешудің ең жақсы нұсқасы таңдалады.

А.А. Вербицкий атап өткендей, коммуникативті дағдыларды тиімді қалыптастыруға, болашақ мамандыққа байланысты мәселені шешудің балама нұсқаларын сәтті таңдауға ықпал ететін кейс-әдісі (case-study) біздің зерттеуіміз үшін үлкен қызығушылық тудырады [206]. Нақты жағдайларды (кейстерді) талдау білім алушылардың белсенді танымдық қызметін ұйымдастырудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады.

Сонымен, кейс бұл – адамның белгілі бір қызмет саласында нақты бір орын алған жағдай шеңберіндегі мәселе. Біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты оқу үрдісінде психологиялық-педагогикалық бағытта кәсіби қызметте болған оқиғаларды сипаттайтын жағдайларды қолдану қажет. Бұл әдіс нақты жағдайды баяндауды, оны талдауды және шешімнің дайын нұсқасын негіздеуді немесе белгіленген мәселенің нақты шешімін ұсынуды көздейді. Проблемалық жағдайды сипаттаудан басқа, кейсте талдауға арналған сұрақтар немесе сұлба келтіріледі. Әсіресе, жаһандану жағдайында тез өзгеріске ұшырап жатқан әлемде нақты шынайы мәселелерді (real world challenges) қарастыру болашақ мамандар үшін қажетті қабілеттерді шыңдауға түрткі болады деп санаймыз.

Осылайша, бір жағынан, кейс-әдіс кәсіби мәселелерді шешу үшін оқу үрдісінде кәсіби мәселелерді (кейстерді) қолдануды көздейді, екінші жағынан, бұл «Педагог» кәсіптік стандартында белгіленген құзыреттердің сәтті қалыптасуына ықпал ететін кәсіби міндеттер, себебі, олар кәсіби қызметте туындауы мүмкін жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді.

Яғни, интербелсенді әдістерді қамтитын «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты тренинг болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін тиімді дамытуға ықпал етеді. Олар білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен шығармашылық әлеуетін едәуір дәрежеде ашады, жеке, топаралық және ұжымдық іс-әрекеттің тәжірибесіне ықпал етеді, талқыланатын мәселелерді шешуге білім алушылардың ынтасы мен мотивациясын арттырады, кәсіби білімді игеруге, өз бетінше іске асыруға дәйекті көшуді қамтамасыз етеді. Тренингтік

бағдарламаның мазмұны мен құрылымы диссертациялық жұмыстың 2.3 бөлімінде толығымен баяндалады.

Біз бөліп көрсеткен психологиялық-педагогикалық шарттар ең алдымен, әлеуметтік тапсырысты ескере отырып, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде анықталды және болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін жаһандандық талаптарға сәйкес дамыту үшін қажет деп санаймыз. Сонымен қатар, белгіленген психологиялық-педагогикалық шарттар біздің зерттеу мәселеміз аясында жеткілікті деп есептейміз, себебі олар қойылған міндеттерді тиімді іске асыру үшін және болашақ педагог-психологтардың жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін дамытудың біз ұсынған құрылымдық-мазмұндық моделі негізінде жеткілікті болып табылады. Анықталған шарттардың жеткіліктілігі диссертациялық жұмыстың екінші тарауында ұсынылған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен дәлелденген.

Мазмұндық блоктың тағы бір маңызды құралы болып жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың кезеңдері белгіленген. Бұл *мотивациялық, білімділік және біліктілік* кезеңдерінен тұрады. Аталған кезеңдердің мазмұны диссертациялық жұмыстың 2.3 параграфында мазмұндалған.

Моделдің үшінші *нәтижелік* блогы жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың көрсеткіштері, оларды бағалаудың диагностикалық әдістері мен деңгейлерінен тұрады.

Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың көрсеткіштері мен деңгейлерінің мазмұны диссертациялық жұмыстың 1.3-параграфында жан-жақты сипатталған.

Сонымен, біз ұсынып отырған моделдің барлық құрамдас блоктары жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған кешенді көп қырлы процес.

Ұсынылған моделдің тиімділігін анықтау үшін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілді. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының ұйымдастырылу барысы мен мазмұны келесі тарауда баяндалады.

2 ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ БҮЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМУЫСЫ

2.1 Жағандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін даму бүйынша тәжірибелік-эксперимент жұмысын ұйымдастыру

Зерттеу жұмысымыздың жетекші идеясына сәйкес, болашақ педагог-психологтарды жағандық білім беру талаптарына сәйкес кәсіби даярлау жоғары білім беруді жаңа сапалық деңгейге көтеруге және орта білім беру сапасын жақсартуға мүмкіндік беретінін ескере отырып, міндеттерінің бірі ретінде жағандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамудың әдістемесін әзірлеп, тәжірибелік-эксперимент жұмысында оның тиімділігін тексеру қарастырылғандықтан, біздің алдымызда теориялық бөлімдегі ізденістерден туындаған тұжырымдар негізінде дайындалған материалдарды эксперименттен өткізу қажеттілігі тұрды.

Тәжірибелік эксперимент үш кезеңде жүзеге асырылды:

- дайындық кезеңі (2019-2020);
- негізгі кезең (2020-2021);
- қорытынды кезең (2021-2023).

Дайындық кезеңінде зерттеу мәселесі анықталып, оның мақсаты мен міндеттері айқындалды, зерттеудің ғылыми аппараты дайындалды. Отандық, шетелдік іргелі ғылыми зерттеулерге талдау жасау барысында қарастырылып отырған мәселенің теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды. Тақырып бүйынша материалдар сұрыпталып, жинақталды. Тәжірибелік алаңдар анықталып, эксперименттік жұмыстың жоспары, таңдау курсының оқу бағдарламасы дайындалды.

Негізгі кезең барысында жағандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін даму бүйынша материалдар сұрыпталды, «жағандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі» ұғымына мәндік сипаттама беріліп, құрылымы айқындалды. Жағандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамуды жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық шарттары, көрсеткіштері, деңгейлері айқындалды және құрылымдық-мазмұндық моделі мен оның мазмұны жасалды. Жағандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамудың деңгейін анықтайтын диагностикалық әдістемесі іріктелді. Жағандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамудың әдістемесі жасалды. Элективті курс, тренинг, аудиториядан тыс жұмыс бағдарламасы әзірленіп, оқу процесіне ендірілді. Анықтау эксперименті жүзеге асырылды.

Қорытынды кезеңде жағандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін даму моделі негізінде қалыптастыру эксперименті жалғасын тапты, алынған нәтижелер сұрыпталып, өңделіп, құрылымы бүйынша жүйеленді. Эксперимент мәліметтерін қорытынды өңдеу, қорытынды жасау, зерттеудің нәтижелерінің қолданылуы мен оны рәсімдеу

жұмысы жасалды. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс жоспарын жүйелі түрде 8-кестеде беруді жөн көрдік.

Кесте 8 – Тәжірибелік-эксперимент жұмыс жоспары

<i>Дайындық кезеңі 2019-2020 оқу жылы</i>	
<i>Міндеттері</i>	1. Эксперименттік жұмысты ұйымдастырудың және өткізудің мақсаты, міндеттері, принциптері, шарттары мен кезеңдерін анықтау. 2. Диагностика объектісін айқындау, диагностиканың мақсаттары мен міндеттерін қою, сыналушылар тобын (бақылау және эксперименттік) іріктеу. 3. Эксперимент нәтижелерін бағалаудың статистикалық әдістері мен критерийлерін таңдау. 4. Респонденттердің әр өлшемге байланысты (жалпы саны 9) деңгейін айқындау.
<i>Әдістері</i>	Анықтау эксперименті: сауалнама, бақылау, талдау, жинақтау, салыстыру, шкалалау, сұхбат
<i>Нәтижелері</i>	Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған бағдарлама
<i>Негізгі кезең 2020-2021 оқу жылы</i>	
<i>Міндеттері</i>	1. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған тұжырымдамалық-мазмұндық модель әзірлеу. 2. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған моделдің тиімділігін анықтау. 3. Эксперимент нәтижелерін бастапқы өңдеу және статистикалық бағалау
<i>Әдістері</i>	<i>Қалыптастырушы эксперимент.</i> Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту бағытында құрастырылған эллективті курс, тренинг және т.б. жұмыстар жүргізу.
<i>Нәтижелері</i>	Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту бағдарламасы жүзеге асырылады, тиімділігі эксперименталды түрде сыналады.
<i>Қорытынды кезең 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары</i>	
<i>Міндеттері</i>	1. Нәтижелерді шығару, қорытынды жасау. 2. Эксперимент нәтижелерін теориялық мәліметтермен сабақтастыру. 2. Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу.
<i>Әдістері</i>	Теориялық талдау, материалды жалпылау, жүйелеу, эксперимент нәтижелерін екінші реттік өңдеудің статистикалық әдістері (болжамды дәлелдеу әдістері) экспериментті компьютерлік өңдеу әдістері (Cronbach's alpha, <i>Exploratory factor analysis</i> , <i>Path analysis</i>).
<i>Нәтижелері</i>	Қорытынды тұжырым, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін жаһандану жағдайында дамыту мәселесіне арналған диссертациялық зерттеудің ұсыныстарын дайындау.

Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша тәжірибелік-эксперимент жұмыстары келесі оқу орындарында жүзеге асырылды: С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті (Қосымша А) 6В01101 – Педагогика және психология – 45 білімгер, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қосымша Ә) 6В01101 –

Педагогика және психология - 45 білімгер. Жалпы тәжірибелік-эксперимент жұмысына 90 білімгер қатысты (9-кесте).

Кесте 9 – Зерттеу бойынша эксперимент жүргізілетін базалар және қатысушылар жайлы мәлімет

Топтар	ЖОО/БББ	Қатысушылар саны
Бақылау тобы	С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің /Педагогика және психология	45
Эксперименттік топ	І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті/Педагогика және психология	45

Төменде жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту деңгейі диагностикасының бағдарламасы ұсынылады (10-кесте).

Кесте 10 – Әрбір өлшем бойынша диагностикалық құралдар кешені

Құзырет	Көрсеткіш	Диагностикалық әдістер (сауалнама)
<i>Инновациялық</i>	Сыни ойлау	Patrick Severine Kavenuke, Mjege Kinyo және Joel Jonathan Kayombo «Болашақ мұғалімдердің сыни ойлау дағдылары: олардың жүйелілігін, өзіне деген сенімділігі мен скептицизмін зерттеу»
	Зерттеушілік	Sarah A. Marrs , Carla Quesada-Pallarès, Korinthia D. Nicolai , Elizabeth A. Severson-Irby және J. Reinaldo Martínez-Fernández «Жас зерттеушілердің зерттеу құзыреттілігін өлшеу»
	Кәсіпкерлік	Ivana Komarkova, Dimitri Gagliardi, Johannes Conrads, Antonio Collado «Кәсіпкерлік дағдылар»
<i>Толеранттылық</i>	Эмпатия	Mallinckrodt, B., Miles, J. R., Bhaskar, T., Chery, N., Choi, G., & Sung, M. R. «Күнделікті көпмәдениетті құзыреттер / этномәдени эмпатияның қайта бейімделген шкаласы»
	Өзін-өзі дамыту	Hüseyin Uzunboylu , Çiğdem Hürsen «Үздіксіз білім алу құзыреттілігі шкаласы: жарамдылық пен сенімділікті зерттеу»
	Шиеленістерді шешу	Yingshan Bao , Fangwei Zhu , Yue Hu , Ning Cui , Yuan Gu «Шиеленістерді шешу бойынша голландиялық тесті».
<i>Дүниетанымдық</i>	Әлемді тану	Yang Liua, Yue Yinb, Ruilin Wu «Білімгерлердің жаһандық құзыреттілігін өлшеу: қытай үлгісіндегі құралды әзірлеу және эмпирикалық зерттеу».
	Мәдениет-аралық коммуникация	
	Шет тілін меңгеру	

Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша тәжірибелік-эксперимент жұмысын ұйымдастырудың дайындық кезеңі барысында біз, ең алдымен, респонденттердің зерттеу жұмысы мәселесіне деген қызығушылығын айқындауды жөн көрдік және аталған міндетті шешу үшін келесі әдістер қолданылды:

1) болашақ педагог-психологтар (білімгерлер) мен педагог психологтардың (практик мамандар) зерттеліп отырған мәселеге қызығушылығын анықтауға бағытталған сауалнама;

2) ЖОО оқытушыларының зерттеліп отырған мәселеге жеке көзқарастары мен тәжірибесі бойынша сұхбат.

Сұхбат пен сауалнама «Педагогика және психология» мамандығы бойынша білім алатын білімгерлер (саны 24 адам), педагог- психологтар (10 адам), ЖОО «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының оқытушылары (10 адам) арасында жүргізілді. Педагог-психологтар (практик мамандар) санатын таңдау олардың педагогикалық және психологиялық жағдаяттармен тікелей байланыста болуымен, яғни кәсіби қызметпен айналысатындығымен түсіндіріледі. Одан бөлек аталған мамандар, өздерінің күнделікті қызметінде кездесетін қиындықтармен бөлісіп, ЖОО-дағы білім беру әдістемесіне және бағдарлама мазмұны бойынша белгілі бір ұсыныстар жасай алады. Оқытушыларды экспериментке қосу қажеттілігі олардың студенттермен ЖОО-дағы оқу үрдісі кезеңінде тығыз байланыста болып және тиісінше педагог-психологты кәсіптік даярлаудың қолданыстағы жүйесінің тиімділігіне объективті баға бере алатындығымен негізделген.

Болашақ педагог-психологтар (білімгерлер) мен педагог психологтардың (практик мамандар) зерттеліп отырған мәселеге қызығушылығын анықтауға бағытталған сұхбатты жүргізу үшін «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының білімгерлері және педагог-психологтар қатысты. Сауалнама бес сұрақтан тұрды:

1. Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі деп нені түсінесіз?
2. «Жаһандану» ұғымы сіз үшін нені білдіреді?
3. Жаһандану жағдайында маманға қандай құзыреттер қажет?
4. Сіздің ойыңызша, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің дамуына қандай жағдайлар оң әсер етеді (элективті курс, тренинг, семинарлар, практика, тағылымдама)?
5. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үрдісін жетілдіру үшін қандай ұсыныстар берер едіңіз?

Жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау көрсеткендей, қатысушылардың көпшілігі (барлық сұралғандардың шамамен 85,0%) зерттеліп отырған мәселеге қызығушылық танытты және сұхбатқа белсенді қатысты.

Бірінші сұраққа жауап берген білімгерлердің 65,5% педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі – бұл маман мансап сатысымен көтерілу және өз жұмысын сапалы орындауы үшін қажетті дағдылардың жиынтығы екенін атап өтті. 20,3% педагог-психологтың кәсіби қызметі үшін маңызды білім мен тәжірибе үйлесімі деп есептейді. Ал 14,2% бірінші сұраққа жауап беруден қиналды және нақты жауап бере алмады, олардың педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі туралы түсініктері жеткіліксіз деңгейде қалыптасқаны көрінді.

Талдаудан көрініп тұрғандай, білімгерлер бірінші сұраққа үстірт жауап берсе, педагог-психологтар сауалнаманың бірінші сұрағына неғұрлым нақты, егжей-тегжейлі және терең жауаптар бере алды. Сұралған педагог-психологтардың 78,0%-ы кәсіби құзыреттілік әдіснамалық, кәсіби-практикалық

және жеке құзыреттілікті қамтитынын айтты. Сауалнамаға қатысқан педагог-психологтың 13,0% – кәсіби құзыреттілік бұл – тек білімге ие болу ғана емес, сонымен қатар өндірістік мәселелерді кәсіби деңгейде шешуге дайын болу деген жауап қайтарды. Алайда, сұхбатқа қатысқан педагог-психологтардың 8,0%-ы бұл сұраққа жауап беруге қиналды.

Екінші сұрақтың жауаптарының шеңберінде келесі тұжырымдарды жасауға болады: білімгерлердің 87,8%-ы жаһандану сонымен қатар адам құқықтарын, сондай-ақ табиғат пен жануарлар құқығын демократияландыруға және нығайтуға ықпал ететінін атап өтті, сонымен қатар берілген категорияның көпшілігі жаһанданудың ілгері дамуына интернет, Tik-Tok, Instagram сынды әлеуметтік желілер әсер ететінін ерекше бөліп көрсетті. Сауалнамаға қатысқан студенттердің 11,9%-ы «Жаһандану – бүгінде бүкіл әлемде болып жатқан және барлық мемлекеттерге әсер ететін әлеуметтік, мәдени, экономикалық, саяси және басқа да жақындасу үрдісі», – деген анықтама берді. Ескере кететін жайт, білімгерлердің тек 0,2%-ына ғана бұл сұраққа жауап беру қиынға соқты, яғни жалпылама алғанда білімгерлер жаһандану ұғымымен таныс және бұл феномен олар үшін жат емес екенін аңғартады.

Ал, педагог психологтарда керісінше жаһандану тенденциясын тек барлық мемлекеттердің өзара байланысы ретінде қарастырып, (78,5%), тіпті жаһандану сонымен қатар жағымсыз нәрселердің тез таралуына ықпал етеді деп, мысал ретінде, Covid-19 пандемияны келтірді (21,5%).

Сауалнаманың төртінші сұрағы респонденттердің болашақ педагог-психологтардың жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін жеткілікті түрде дамытуға не ықпал етуі мүмкін екендігі туралы пікірін анықтауға мүмкіндік берді. Білімгерлер өз жауаптарын былайша дәлелдеді: 32,2% – педагог-психологтардың жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған элективті курсты енгізу қажеттігін атап өтті; 44% – педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге іс-тәжірибе көбірек ықпал ететінін көрсетті. Оның құндылығы оның қандай да бір жұмыс тәжірибесін алуға, педагогикалық шындықпен жанасуға, кәсіби қызметтің қалай жүзеге асырылып жатқанын көруге мүмкіндік беретіндігінде; 23,8% – педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігіне педагог-психологтың жаһандану жағдайында нақты қызметін модельдейтін элементтері бар тренинг, мастеркласстар өткізу қажеттігін атап өтті.

Педагог-психологтардың 65,7%-ы аталған әдістерді кешенді түрде қолданғанда ғана нәтиже болатынын алға тартты (элективті курс, тренинг, семинарлар, т.б.), сонымен қатар педагог-психологтар жоғары білім алған кезде, тек теориялық тұрғыда білімдерін шыңдағанын және қазіргі күнделікті өзгеріске ұшырап жатқан және новаторлықты қажет ететін заманда, бірден қызметке кірісіп кету қиын болғанын жасырмады. Бұдан бөлек, педагог-психологтардың 34,3%-ы сыни ойлау, аналитикалық ойлау, мәселені шешу дағдыларын шыңдау үшін «case study», «brain-storming», «SWOT analysis» әдістерін жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілікті дамытудың неғұрлым тиімді шарты ретінде бөлуді қажет деп есептейді.

Сауалнаманың ең маңызды әрі күрделі сұрақтарының бірі жаһандану жағдайында маманға қандай құзыреттер қажет деген сұрақ болатын. Білімгерлердің басым көпшілігі (78,8%) әртүрлі мәдениеттегі әртүрлі адамдар арасында тиімді қарым-қатынас орнату мүмкіндігіне ие болу үшін шет тілін, әсіресе, ағылшын тілін меңгеру қажет деп тілдік құзыреттілікті, мәдениетаралық құзыреттілікті бөліп көрсетті. Респонденттердің 12%-ы жаһандану жағдайында ақпарат алу және алмасу өте маңызды екенін ескере отырып, сыни ойлау дағдысы маңызды деп таныды. Өкінішке орай, білімгерлердің 10,8%-ы бұл сұраққа жауап бере алмады.

Педагог-психологтардың көпшілігі де мәдениетаралық құзыреттілікті ерекше атап өтті (70,7%), айтып өту керек, педагог-психологтардың 32,3%-ы көшбасшылық дағды, топта жұмыс істеу дағдысы, сонымен қатар өзін-өзі ұйымдастыру мен қысымға төтеп беру дағдыларын жаһандану жағдайында педагог-психологқа кәсіби қызмет етуге және ЖОО қабырғасында шыңдалу қажет дағдылары ретінде айқындады. Осы категорияның респонденттерінің тек 7%-ы өздері жоғары мектепте алған базалық құзыреттіліктер мен дағдыларының қызметтері үшін жеткілікті екенін және қосалқы дағдыларды қажеттілік ретінде қарастырмайтындарын алға тартты.

Болашақ педагог-психологтардың жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін дамыту үрдісін жетілдіру үшін білімгерлер шетелдік тәжірибенің қажеттілігін көрсетті (58,9%). Олардың пікірінше, шетелдік тәжірибемен тек шетелде оқу немесе жұмыс істеу ғана байланыстырылмайды, одан бөлек шетелдік әріптестермен, ғалымдармен тығыз байланыста болу, тәжірибе алмасу, өз зерттеу саласы бойынша түрлі халықаралық семинарлар мен конференцияларға қатысу арқылы, өзінің кәсіби дамуына қажет озық технологиялар мен әдістерді зерттеу, ол тек білімін шыңдап қана қоймай, өзін әртүрлі ситуацияларды ұстау, түрлі ортада коммуникацияға түсу және мәселелерді өздігінен шешу сияқты дағдыларды қамти алады. Кейбір респонденттер бұл тенденцияларды өзінің айналасындағы, осындай тәжірибеден өткен таныс адамдарынан байқағанын және осындай тәжірибе алуға ниетті екенін білдірді. Респонденттердің басқа бөлігі (31,3%) жаһандану жағдайында білімгерлерге қажет құзыреттіліктерді дамыту тек оқу бағдарламасының мазмұны мен сапасына ғана емес, оқытушылардың кәсібилігіне және заманауи талаптарға сәйкес болуымен ұштастырды. Мысал ретінде, білімгерлер оқытушылар жаһандық талаптарға сәйкес әдебиеттерді және ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде пайдалану үшін шет тілін жетік меңгеруі тиіс деп есептейді. Білімгерлердің тек 9,8%-ына ғана ұсыныс беру қиындық тудырды.

Педагог-психологтардың басым көпшілігі (71,3%) ұсыныс ретінде ЖОО-дарында оқу бағдарламасын теориядан гөрі, көбірек практикалық білімге бейімдеуді жөн санайды. Егер бұл тенденция оқу орындарында тиімді түрде жүргізілсе, түлектер оқуды бітіргеннен кейін ешқандай қиындықсыз және қосалқы дайындықсыз өз қызметтерін атқаруға мүмкіндік алар еді дейді мамандар. Сонымен қатар педагог-психологтар (16,7%) университетке шетелдік лекторлар тартылуы қажет деп есептейді, егер білімгерлерде бұл қызмет түрін

салыстырмалы түрде (шетелдік ЖОО тәжірибесінде) зерттеуге мүмкіндіктері болса, онда бұл жаһандық жағдайда болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мүмкіндігін еселей түсері анық. Бұдан бөлек сұхбаттасқан педагог-психологтардың 13%-ы жаһандану жағдайында педагог-психологтардың құзыреттілігін дамыту үшін жаһандық құзыреттілікті дамытуды ұсынады, алайда жаһандық құзыреттілік деген не және оны қалай дамытуға болатынын нақты көрсете алмады.

Біз жүргізген сауалнама нәтижесінде педагог - психологтар, «Педагогика және психология» мамандығының білімгерлері арасында қозғалған мәселенің бүгінгі күні өзекті екені расталды. Респонденттердің көпшілігі өздерінің жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігінің деңгейіне қанағаттанбайтынын және оны дамыту үрдісіне тиісті көңіл бөлінбейтінін алға тартты. Сонымен қатар, олардың едәуір бөлігі жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге белсенді қызығушылық танытады. Кәсіби құзыреттілікті дамыту педагог-психологтардың кәсіби қызметінің тиімділігі мен табыстылығының негізі болып табылатынын барлығы дерлік атап өтті. Демек, педагог-психологтардың жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін ЖОО-да оқыту кезеңінде дамыту қажет.

Оқытушылармен сұхбаттасу барысында жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін ЖОО-да дамыту мәселесі, сондай-ақ осы мамандарды кәсіби қызметке даярлауды жетілдіру жолдарын іздестіру талқыланды. Барлық оқытушылар бұл мәселенің өзекті екендігімен келіседі және қазіргі білім беру саласындағы жаһандық өзгерістерге байланысты педагог-психологты кәсіби дайындауға басқаша көзқарасты талап ететінін мақұлдады. Оқытушылардың көпшілігі кәсіби білікті маман дайындауда инновациялық әдістерді қолданудың маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, оқытушылар педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін қазіргі заман талаптарына сәйкес сапалы түрде дамытуда тек бір құзыреттілікке емес құзыреттіліктер кешенін қарастыру қажет деп санайды, сондай-ақ бұл құзыреттіліктердің компоненттері уақыт талабына сәйкес өзгеріп отыруы мүмкін екеніне назар аудартты.


Мәселенің өзектілігі және сауалнамадан, сұхбаттан алынған деректерді талдау – ұсынылған көрсеткіштерге, деңгейлерге сәйкес жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігінің бастапқы деңгейін анықтау мақсатында диагностика жүргізу қажеттілігін көрсетті. Диагностикалық жұмыстың барысы диссертациялық жұмыстың келесі 2.2-параграфында жан-жақты сипатталады, ал біз, ендігі кезекте, жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуының деңгейін бағалау және алынған нәтижелерді өңдеу бойынша қолданылған графикалық және статистикалық әдістерге тоқталып өтуді жөн көрдік.

Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған инновациялық, толеранттылық және жаһандық құзыреттердің индикаторларын бағалау үшін таңдалған шкалалардың өлшемділігін тексеру үшін зерттеушілік (эксплуатациялық) факторлық талдау қолданылды. Әрбір сауалнаманың деректері үшін Кайзер

критерийін қолдана отырып, негізгі компоненттерге талдау жүргізілді, онда параллелді талдаумен бірге коварианттық матрицада өзіндік мәні бар компоненттер алынып тасталды.

Сауалнама құрылымының жиналған эмпирикалық деректерге сәйкестігін тексеру үшін келесі көрсеткіштерді есептей отырып, растаушы факторлық талдау жүргізілді: икс-квадрат (χ^2), сәйкестіктің салыстырмалы критерийі (comparative fit index, CFI), Такер-Льюис индексі (Tucker-Lewis fit index, TLI), жуықтаудың орташа квадраттық қатесінің түбірі (root mean square error of approximation, RMSEA) және стандартталған орташа квадрат қалдық түбірі (standardized root mean square residual, SRMR). Сауалнаманың сенімділігі Альфа Кронбах коэффициенттері (мұнда және одан әрі α), Гуттманның жартылай бөлінуі (зерттелетін сауалнаманың кездейсоқ таңдалған нүктелерінің қосындылары арасындағы Спирман бойынша корреляция коэффициенті) және корреляцияланған нүктелердің орташа мәні негізінде ішкі консистенция бойынша бағаланды.

Корреляцияланған тармақтардың орташа мәні үшін 0,15-0,50 шекті мән ретінде қабылданды (Kim et al., 2022) α үшін $\geq 0,65$ (Haruna et al., 2019), tli және CFI үшін ≥ 0.80 , rmsea және SRMR үшін ≤ 0.08 , χ^2 үшін $P > 0.05$ (Hassim et al., 2020). Факторлық жүктемесі бар сауалнамалардың пункттері $> 0,3$ барабар деп есептелді. Топтар арасындағы айырмашылықтар тәуелсіз үлгілер үшін Стьюденттің t-тесті арқылы сыналды. Айырмашылық $P < 0.05$ кезінде статистикалық маңызды деп түсіндірілді. Сауалнамалар барысында алынған сандық мәліметтер құрылымдық теңдеулерді модельдеудің бір түрі болып табылатын жол талдауы (Path analysis) арқылы сыналған жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымдық моделі түрінде нәтижелерді қорытындылауға мүмкіндік берді Барлық статистикалық процедуралар R бағдарламалық ортасында бастапқы мәліметтерге арнайы статистикалық пакеттерді қолдану арқылы жүргізілді. 7-суретте R-де жиналған сандық деректерді өңдеудің фрагменті көрсетілген.



Сурет 7 – R бағдарламалық ортасындағы эмпирикалық деректерді статистикалық өңдеудің фрагменті

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін бағалау бойынша бастапқы диагностиканың нәтижелері келесі 2.2 бөлімде берілген.

2.2 Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің диагностикасы

Диссертациялық жұмыстың 1-бөлімде ғылыми тұжырымдармен негізделген жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуы мәселесінің мәнін ашатын теориялық негіздемені дәлелдеу мақсатында тәжірибелік-эксперимент жұмысы жүргізілді.

Осы мақсатқа сәйкес бірнеше міндеттер қойылды:

- жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің бастапқы деңгейін анықтау;
- айқындалған көрсеткіштер мен психологиялық-педагогикалық шарттар негізінде жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемесін әзірлеу;
- жасалған әдістеменің көмегімен жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қажетті деңгейде дамыту.

Экспериментке І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті педагогика және психология мамандығының 6В01101 – «Педагогика және психология» мамандығы 2 курсының 45 білімгері қатысты. Бақылау тобын С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің 6В01101 – «Педагогика және психология» мамандығы 2 курсының 45 білімгері құрады.

Сонымен, аталған мақсатқа сәйкес, диагностикалық жұмыстың міндеттері келесідей:

Инновациялық құзырет блогына кіретін:

- сыни ойлау көрсеткішінің деңгейін анықтау;
- зерттеушілік көрсеткішінің деңгейін анықтау;
- кәсіпкерлік көрсеткішінің деңгейін анықтау;

Толеранттылық құзырет блогына кіретін:

- эмпатия көрсеткішінің деңгейін анықтау;
- өзін-өзі дамыту көрсеткішінің деңгейін анықтау;
- шиеленістерді шешу көрсеткішінің деңгейін анықтау;

Дүниетанымдық құзырет блогына кіретін:

- әлемді тану көрсеткішінің деңгейін анықтау;
- мәдениетаралық коммуникация көрсеткішінің деңгейін анықтау;
- шет тілін меңгеру көрсеткішінің деңгейін анықтау.

Диагностиканың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес тоғыз серияға бөлінген әдістер жиынтығы таңдалды және бейімделді.

1. Инновациялық құзырет блогының сыни ойлау көрсеткішінің диагностикасы

Респонденттердің сыни ойлау көрсеткішін өлшеу құралы ретінде диагностиканың анықтаушы кезеңінде өткізілген «Critical Thinking Skills of Prospective Teachers» (Kavenuke et al., 2020) сауалнамасын қарастырамыз. Сауалнамада Лайкерттің жеті балдық шкаласы бойынша бағаланатын 9 мәлімдеме бар. Негізгі компоненттерді таңдай отырып, зерттеушілік факторлық


талдау нәтижесінде анкета үшін факторлардың оңтайлы саны 3 екендігі анықталды, бұл түпнұсқа құралдың құрылымына сәйкес келеді. Промакс-ротация (promax rotation) әдісі үш факторлы құрылым жалпы дисперсияның 35,13%-ын құрайтынын анықтады. Растау факторлық талдау арқылы сауалнаманың үш факторлы құрылымы расталды: барлық тармақтар тиісті факторларға қолайлы жүктемелермен сипатталды (0,352-0,624), модельдің жарамдылық индексі жалпы қанағаттанарлық болды ($\chi^2(24) = 34,620 (P=0,074)$; RMSEA=0,070 (0,0-0,119); CFI=0,896; TLI=0,843; SRMR=0,065), бұл жиынтықта конструктордың құрылымдық дұрыстығын және теориялық үш факторлы модельдің эмпирикалық деректерге сәйкестігін көрсетеді. Жалпы коэффициент α (0,713 (0,615-0,794)), жартылай бөліну коэффициенті (0,766 (0,643-0,846)) және корреляцияланған пункттердің орташа көрсеткіші (0,22) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді (11-кесте).

Кесте 11 – Сыни ойлау көрсеткіші деңгейінің диагностикасы

Факторлар	μ (σ)	
	бақылау тобы (n=45)	эксперименттік топ (n= 45)
I. Жүйелілік	1,70 (0,80)	1,73 (0,90)
Мен өзімнің немесе басқалардың пікірін әділ бағалаймын	4,58 (0,75)	4,73 (0,96)
Мәселені шешкен кезде мен әдетте осы мәселені шешу үшін дерек көздерін жүйелі түрде ұйымдастырамын	2,71 (0,76)	2,56 (0,81)
Мен мәселені шешу үшін қорытындыларды тұжырымдамаларыма сүйене отырып жасаймын	4,80 (0,89)	4,89 (0,91)
II. Өзіне деген сенімділік	4,66 (0,92)	4,66 (0,87)
Мен кез-келген күрделі мәселені шеше аламын деп ойлаймын	2,64 (0,77)	2,71 (1,01)
Мен күрделі мәселені ынталы түрде шешемін	6,62 (0,83)	6,78 (0,82)
Мен әдетте өзім белгілеген критерийлерді қолдана отырып, күрделі мәселелерді шешемін	2,71 (1,14)	2,49 (0,73)
III. Скептицизм	2,75 (0,98)	2,83 (1,0)
Маған сұрақ қойылғанда, жауап бермес бұрын бірнеше рет ойланамын	2,78 (0,95)	2,71 (0,92)
Әдетте менің кез-келген шешімімде ақылға қонымды дәлелдер бар	4,47 (0,84)	5,64 (0,96)
Менің ойымша, кез-келген пікірде дәйекті себеп болуы қажет	7,00 (1,09)	6,13 (1,08)
Ескерту – Анықтаушы эксперимент		

Әр респонденттің сауалнама нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді: төмен (1-3 балл), орташа (4-5 балл) және жоғары (6-7 балл). Сауалнаманың мазмұны қосымшада көрсетілген (Қосымша Б).

Әр фактор бойынша топтар арасындағы айырмашылық төмендегі 8-суретте көрсетілген.



Сурет 8 – «Critical Thinking Skills of Prospective Teachers» сауалнамасының шкаласы бойынша мәндер

Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара сегмент орташа (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік маркерлер) көрсетеді. Тікбұрышты жақшалардың үстінде Р мәндері орналасқан (екі таңдаулы t-тест).

Диагностикалық жұмыс бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі төмендегі 12-кестеде көрсетілген.

Кесте 12 – Сыни ойлау көрсеткішінің диагностикасы

Фактор	Топ	Деңгей		
		төмен	орта	жоғары
Сыни ойлау	Бақылау тобы Сандық/пайыздық	22/49%	15/33%	8/18%
	Эксперименттік топ Сандық/пайыздық	20/44%	16/36%	9/20%

Анықтау экспериментінен алынған нәтижелерге сүйене отырып, біз, сауалнаманың нәтижелері бойынша БТ мен ЭТ сыни ойлау компоненті бойынша үлкен айырмашылықтар айқындалмағанын көре аламыз. Осылайша, орташа арифметикалық мәнге сәйкес, БТ бойынша төмен деңгейді 22 респондент көрсетті, ал ол барлық қатысқан 45 респонденттің 49%-ын құрайды, ЭТ бойынша бұл сәйкесінше 22 респондентті құрайды (44%). Біздің ойымызша, бұл өз тұрғысында, болашақ педагог-психологтардың сыни ойлау дағдысын дамыту бойынша мақсатты және жүйелі жұмысты ұйымдастыруды қажет етеді.

Анықтаушы эксперимент нәтижелері бойынша сыни ойлау тұрғысынан орта деңгейді көрсеткен жалпы білімгерлер саны 31, оның 15 (33%) БТ, ал 16 (36%) ЭТ тиесілі. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, сыни ойлау дағдысы бойынша жоғары деңгейді көрсеткен респонденттердің пайызы БТ тек 18%, ЭТ 20% құрайды, екі топтан сыни ойлаудың жоғары деңгейін көрсеткен жалпы білімгерлер саны 17. Біз бұл көрсеткіштерді қазіргі білім беру талаптары аясында жеткіліксіз деп санаймыз, сондықтан да бұл жағдай болашақ педагог-психологтардың жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін сыни ойлау қабілетін жетілдіру қажет екенін растайды.

2. Инновациялық құзырет блогының зерттеушілік көрсеткішінің диагностикасы

Білімгерлердің зерттеушілік көрсеткішін өлшеу құралы ретінде диагностиканың анықтаушы кезеңінде өткізілген «Research Competence scale» (Marrs et al., 2022) сауалнамасын таңдадық. Қазақ тіліне аударылған құрал бес балдық лайкерт шкаласы бойынша бағаланған 10 мәлімдемені қамтиды. Негізгі компоненттерді талдау бойынша жиналған мәліметтерге қатысты сауалнама үшін факторлардың онтайлы саны 1, алайда бір факторлы құрылым жалпы дисперсияның тек 19,21%-ын қамтыды, сондықтан сауалнаманың бастапқы құрылымын сақтау үшін жалпы дисперсияның 33,16% қамтитын екі факторлы модель таңдалды. Растау факторлық талдау (Confirmatory factor analysis) арқылы сауалнаманың екі факторлы құрылымы расталды: барлық тармақтар тиісті факторларға қолайлы жүктемелермен сипатталды (0,315-0,454), модельдің жарамдылық индексі қанағаттанарлық болды ($\chi^2(34)=47,008$ ($P=0,068$); $RMSEA = 0,065$ (0,0-0,119); $CFI=0,851$; $TLI=0,802$; $SRMR=0,072$), бұл жиынтықта конструктордың құрылымдық тұрғыдан дұрыстығын және теориялық үш факторлы модельдің эмпирикалық деректерге сәйкестігін куәландырады. Жалпы коэффициент α (0,673 (0,562-0,765)), жартылай бөліну коэффициенті (0,695 (0,536-0,800)) және корреляцияланған пункттердің орташа көрсеткіші (0,17) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді. Зерттеушілік компонент бойынша анықтаушы эксперимент нәтижелері 13-кестеде келтірілген.

Кесте 13 – «Research Competence scale» зерттеушілік көрсеткішінің деңгейлік диагностикасы


Факторлар	μ (σ)	
	бақылау тобы (n = 45)	эксперименттік топ (n = 45)
1	2	3
I. Зерттеуді жоспарлау	1,92 (0,68)	1,92 (0,67)
Маған нақты зерттеу сұрақтарын / гипотезаларын құру қиын.	1,84 (0,67)	1,93 (0,54)
Зерттеу мәселесін айқындау үшін қандай деректер / көздер / материалдар қажет екенін шеше аламын.	1,96 (0,60)	5,02 (0,69)
Мен зерттеу үрдісін жоспарлай аламын	1,80 (0,81)	1,69 (0,76)
Зерттеу үрдісінің әрбір кезеңін жүзеге асыру маған қиынға соғады.	5,09 (0,60)	3,02 (0,62)

13-кестенің жалғасы

1	2	3
II. Әдістерді таңдау және қолдану	2,93 (0,77)	1,95 (0,58)
Белгілі бір зерттеу тақырыбын қарастыру үшін қандай әдістерді қолдану керектігін шешу мен үшін оңай.	1,89 (0,71)	1,98 (0,58)
Белгілі бір зерттеу тақырыбын қарастыру үшін қандай әдістерді қолдану оңтайлы емес екендігін шешу мен үшін оңай.	1,87 (0,84)	1,91 (0,47)
Мен сапалы деректерді сенімді түрде талдай аламын.	3,02 (0,87)	1,93 (0,58)
Мен зерттеу тақырыбыма сәйкес келетін әртүрлі зерттеу әдістерін қолдана аламын.	1,96 (0,71)	1,89 (0,57)
Мен деректерді/дереккөздерді / материалдарды талдау үшін күрделі әдістерді сенімді түрде қолдана аламын	1,91 (0,85)	3,0 (0,71)
Мен деректерді талдаудың әртүрлі әдістерін сенімді түрде қолдана аламын	1,93 (0,65)	5,98 (0,54)
Ескерту – Анықтаушы эксперимент		

Әр респонденттің сауалнамасының нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді: төмен (1-2 балл), орташа (3 балл) және жоғары (4-5 балл). Сауалнаманың мазмұны қосымшада көрсетілген (Қосымша В).

Әр фактор бойынша топтар арасындағы айырмашылықтар 9-суретте көрсетілген.



Сурет 9 – «Зерттеу дағдыларын бағалау» шкаласы бойынша мәндер

Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара сегмент орташа (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік

маркерлер) көрсетеді. Тіктөртбұрышты жақшаның үстінде Р мәні орналасқан (екі таңдаулыға жататын t-тест).

Диагностикалық жұмыс бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі төмендегі 14-кестеде көрсетілген.

Кесте 14 – Зерттеушілік көрсеткішінің диагностикасы

Фактор	Топ	Деңгей		
		төмен	орта	жоғары
Зерттеушілік	Бақылау тобы Сандық/пайыздық	36/80%	7/16%	2/4%
	Эксперименттік топ Сандық/пайыздық	33/73%	11/24%	1/3%

Білімгерлердің зерттеушілік дағдысының деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама нәтижелерін талдай отырып, біз, диагностика нәтижелері бойынша БТ мен ЭТ зерттеушілік компоненті бойынша үлкен айырмашылық айқындалмағанын байқаймыз. Осылайша, орташа арифметикалық мәнге сәйкес, БТ бойынша төмен деңгейді 36 респондент көрсетті, ал ол барлық қатысқан 45 респонденттің 80%-ын құрайды, ЭТ бойынша бұл сәйкесінше 33 респондентті құрайды (73%). Бұл дегеніміз зерттеушілік дағдының 2 топта да төмен деңгейін айқын көрсетеді. Анықтаушы эксперимент нәтижелері бойынша зерттеушілік дағды тұрғысынан орта деңгейді көрсеткен жалпы білімгерлер саны – 18, оның 7 (16%) – БТ, ал 11(24%) – ЭТ тиесілі. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, зерттеушілік дағдысы бойынша жоғары деңгейді көрсеткен респонденттердің пайызы БТ – 4%, ЭТ – 3% құрайды, екі топтан зерттеушілік компоненті жоғары деңгейін көрсеткен жалпы респонденттер саны тек 3 білімгерді құрайды. Бұл зерттеу жұмысын жүргізуге дайын білімгерлердің екі топта да аздығын және зерттеу дағдысын жетілдіру бойынша үлкен жұмыс талап етілетінін аңғартады.

3. Инновациялық құзырет блогының «кәсіпкерлік» көрсеткішінің диагностикасы

Зерттелетін білімгерлердің кәсіпкерлік көрсеткішін тестілеу Youth Start Framework (фреймворк komarkova et al. 2015 сипатталған) тұжырымдалған оқу мақсаттары негізінде құрастырылған «Entrepreneurial Skills» сауалнамасының көмегімен жүзеге асырылды. Сауалнамада Лайкерттің жеті балдық шкаласы бойынша бағаланатын 10 мәлімдеме бар. Негізгі компоненттерді таңдауды қолдана отырып, зерттеу факторлық талдау нәтижесінде сауалнама үшін факторлардың оңтайлы саны 1 екендігі анықталды. Промакс-ротация әдісі бір факторлы құрылым жалпы дисперсияның 44,73%-ын қалыптастыратынын анықтады. Растау факторлық талдау арқылы сауалнаманың бір факторлы құрылымы расталды: барлық тармақтар факторға қолайлы жүктемелермен сипатталды (0,308-0,739), модельдің жарамдылық индекстері ұсынылған шекті мәндерге сәйкес келді ($\chi^2(35)=32,343$ ($P=0,597$); $RMSEA=0,0$ (0,0-0,068); $CFI=1,0$; $TLI=1,0$; $SRMR=0,043$), бұл мәндердің құрылымдық дұрыстығын және теориялық бір факторлы модельдің эмпирикалық мәліметтерге сәйкестігін

көрсетеді. Ал жалпы коэффициенті (0,888 (0,849-0,919)), жартылай бөліну коэффициенті (0,844 (0,762-0,897)) және корреляцияланған пункттердің орташа көрсеткіші (0,45) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді. Эксперименттік әсер басталғанға дейін жүргізілген сауалнама нәтижелері 15-кестеде келтірілген. Сауалнаманың мазмұны қосымшада көрсетілген.


Кесте 15 – «Entrepreneurial Skills» кәсіпкерлік көрсеткіш деңгейінің диагностикасы

Пункттер	μ (σ)	
	бақылау тобы (n=45)	эксперименттік топ (n=45)
Мен өз идеяларымды ұсына аламын	2,93 (0,99)	2,91 (1,10)
Мен күнделікті өмірдегі тәуекелдерді анықтай аламын және олардан аулақ болу жолдарын білемін	2,82 (0,78)	2,87 (1,01)
Мен идеяларды дамыта аламын және оларды жүзеге асыру мақсаттарын негіздей аламын	5,02 (0,89)	5,93 (0,96)
Мен тәуекелдерді түсінемін және өз әрекеттерім үшін жауапкершілікті өз мойныма аламын	2,98 (0,89)	5,02 (1,14)
Мен тұжырымдаманың жобасын елестете аламын және бизнес-жоспардың мақсатын түсіне аламын	2,80 (0,76)	2,84 (1,0)
Мен идеяларды бизнес ұсыныстарына айналдырып, олардың инновациялық тәсілдері мен нарықтық әлеуетін бағалай аламын	2,93 (0,65)	2,0 (0,93)
Мен кейс-стади әдісі арқылы бизнес тәуекелдерін бағалай аламын және тиісті шешімдер қабылдай аламын	2,89 (0,75)	2,84 (1,07)
Басқалармен пікірталаста мен өз идеяларымды құрылымдық түрде қолдайтын дәлелдер таба аламын	5,07 (0,78)	6,02 (1,10)
Мен бизнес-жоспарларды оқи, түсіндіре және бағалай аламын	2,96 (0,82)	5,0 (1,09)
Мен әлеуметтік кәсіпорынның бизнес-моделі аясында / өз бизнес-жоспарымды жасай аламын	4,98 (1,03)	5,09 (1,06)
Ескерту – Анықтаушы эксперимент		

Әр респонденттің сауалнамасының нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді: төмен (1-3 балл), орташа (4-5 балл) және жоғары (6-7 балл). Сауалнаманың мазмұны қосымшада көрсетілген (Қосымша Г).

Сауалнама нәтижелеріндегі топтар арасындағы айырмашылықтар 10-суретте көрсетілген.

Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара сегмент орташа (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік маркерлер) көрсетеді. Тіктөртбұрышты жақшаның үстінде Р мәні орналасқан (екі таңдамаға жататын t-тест).



Сурет 10 – «Кәсіпкерлік дағдылар» шкаласы бойынша мәндер

Диагностикалық жұмыс бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі төмендегі 16-кестеде көрсетілген.

Кесте 16 – Кәсіпкерлік көрсеткішінің диагностикасы


Фактор	Топ	Деңгей		
		төмен	орта	жоғары
Кәсіпкерлік	Бақылау тобы Сандық/пайыздық	28/62%	13/29%	4/9%
	Эксперименттік топ Сандық/пайыздық	24/47%	16/35%	8/18%

Білімгерлердің кәсіпкерлік дағдысының деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама нәтижелерін талдай отырып, біз, диагностика нәтижелері бойынша БТ мен ЭТ зерттеушілік компоненті бойынша үлкен айырмашылықтар айқындалмағанын байқаймыз. Осылайша, орташа арифметикалық мәнге сәйкес, БТ бойынша төмен деңгейді 28 респондент көрсетті, ал ол барлық қатысқан 45 респонденттің 62%-ын құрайды, ЭТ бойынша бұл – 24 респондентті құрайды (47%). Бұл дегеніміз зерттеушілік дағдының 2 топта да төмен деңгейін айқын көрсетеді. Анықтаушы эксперимент нәтижелері бойынша кәсіпкерлік дағды тұрғысынан орта деңгейді көрсеткен жалпы білімгерлер саны – 29, оның 13(29%) – БТ-ға, ал 16 (35%) – ЭТ-ға тиесілі.

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, кәсіпкерлік дағдысы бойынша жоғары деңгейді көрсеткен респонденттердің пайызы БТ тек – 4%, ЭТ – 8% құрайды, екі топтан зерттеушілік компоненті жоғары деңгейін көрсеткен жалпы респонденттер саны тек – 12 білімгерді құрайды, ал ол сәйкесінше сыналған 90 білімгердің тек 13%-ы. Бұл зерттеу жұмысын жүргізуге дайын білімгерлердің

екі топта да аздығын және кәсіпкерлік дағдысын жетілдіру бойынша үлкен жұмыс талап етілетінін аңғартады.

Сонымен, төмендегі диаграммаға сүйене отырып, инновациялық құзырет блогына кіретін 3 көрсеткіштің (сыни ойлау, зерттеушілік және кәсіпкерлік) диагностика нәтижелері бойынша дайындық деңгейлерін тұжырымдауға болады (11-сурет).



Сурет 11 – Инновациялық құзырет блогының сыни ойлау, зерттеушілік және кәсіпкерлік көрсеткіштерінің деңгейін анықтау бойынша диагностикалық жұмыстың нәтижелері

Берілген диаграммадан көрініп тұрғандай, инновациялық құзыреттілік блогына кіретін үш дағданың ең үлкен үлесі төмен деңгейге тиесілі. Оның ішінде БТ мен ЭТ білімгерлері зерттеушілік дағды бойынша ең төмен нәтиже көрсеткен (80 және 73%). Жоғары деңгей бойынша критикалық деңгей көш бастайды, алайда екі топта да бұл көрсеткіш 20%-дан аспаған. Орта деңгей бойынша екі топ білімгерлері де бір-біріне жақын нәтижелер көрсеткен. Магистратура деңгейінде білім алатын білімгерлер үшін бұл көрсеткіштер жеткіліксіз деп санаймыз, сондықтан да бұл жағдай болашақ педагог-психологтардың жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін сыни ойлау, зерттеушілік және кәсіпкерлік дағдыларын жетілдіру қажеттігін растайды.

2. Толеранттылық құзырет блогының эмпатия көрсеткішінің диагностикасы

Зерттелетін білімгерлердің эмпатия деңгейін анықтау мақсатында «Everyday Multicultural Competencies/ revised Scale of Ethnocultural Empathy» (Mallinckrodt et al., 2014) сауалнамасы қолданылды. Біз «Мәдени ашықтық», «Өзара әрекеттесу» және «Эмпатия» элементтерін таңдап, қазақ тіліне


аудардық. Сауалнамада алты балдық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланған 10 мәлімдеме бар. Негізгі компоненттерді іріктеуді қолдана отырып, зерттеушілік факторлық талдау нәтижелері үш факторлы модель жиналған мәліметтерге қатысты оңтайлы екенін дәлелдеді. Промакс-ротация әдісі үш факторлы құрылым жалпы дисперсияның 27,61%-ын құрайтынын анықтады. Растау факторлық талдау арқылы сауалнаманың үш факторлы құрылымы бекітілді: барлық тармақтар тиісті факторларға қолайлы жүктемелермен сипатталды (0,306-0,450), модельдің жарамдылық көрсеткіштері қанағаттанарлық болды ($\chi^2(32)=32,356$ ($P=0,449$); $RMSEA=0,011$ (0,0-0,079); $CFI=0,994$; $TLI=0,991$; $SRMR=0,062$), бұл жиынтықтағы мәндердің құрылымдық тұрғыдан дұрыстығын және теориялық үш факторлы модельдің эмпирикалық мәліметтерге сәйкестігін көрсетеді. Жалпы коэффициент α (0,645 (0,524-0,745)), жартылай бөліну коэффициенті (0,720 (0,574-0,816)) және корреляцияланған пункттердің орташа көрсеткіші (0,21) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді. Жүргізілген сауалнама нәтижелері 17-кестеде келтірілген.

Кесте 17 – «Everyday Multicultural Competencies/ revised Scale of Ethnocultural Empathy» эмпатия көрсеткішінің деңгейінің диагностикасы

Факторлар	μ (σ)	
	бақылау тобы (n = 45)	эксперименттік топ (n = 45)
I. Мәдени ашықтық	1,73 (0,81)	1,75 (0,73)
Мен әртүрлі мәдениет өкілдерімен қарым-қатынаста болу мүмкіндігі бар ұйымда жұмыс істегім келеді.	1,69 (0,87)	1,71 (0,55)
Мен университеттің түрлі мәдени іс-шараларына қатысуға мүдделімін.	3,76 (0,71)	3,73 (0,78)
Менің елімнің тұрғындарының көпшілігіне басқа елдердің мәдениеті туралы көбірек білу пайдалы болар еді.	5,73 (0,84)	5,80 (0,84)
II. Өзара әрекеттесу	3,72 (0,90)	3,61 (0,76)
Мен оқу үрдісі немесе топтық жобалар аясында басқа мәдениет өкілдерімен өзара әрекеттесуге қарсы емеспін.	1,67 (0,83)	1,60 (0,78)
Өзге мәдениет өкілдерімен қарым-қатынасқа түсу мен үшін ыңғайсыздық тудырады.	3,82 (1,03)	4,64 (0,80)
Мен басқа нәсілдегі адамдардан қорқамын.	3,73 (0,86)	3,62 (0,81)
Менің мәдениетімнен тыс мәдениет өкілдерімен берік достық қарым-қатынасым болуы мүмкін екеніне күмән келтіремін.	1,64 (0,88)	5,58 (0,66)
III. Эмпатия	1,69 (0,88)	1,61 (0,81)
Маған өзімнен басқа нәсілдік немесе этникалық адам болуды елестету оңай.	5,76 (0,80)	3,82 (0,81)
Маған нәсілдік немесе этникалық жағынан өзгеше адамның орнына өзімді қою қиын.	1,58 (0,89)	1,42 (0,66)
Адамдар өздерінің нәсілдік немесе этникалық шығу тегіне байланысты қиындықтарға тап болуы мені алаңдатады	3,73 (0,94)	1,60 (0,91)
Ескерту – Анықтаушы эксперимент		

Әр респонденттің сауалнамасының нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді: төмен (1-2 балл), орташа (3-4 балл) және жоғары (5-6 балл). Сауалнаманың мазмұны қосымшада көрсетілген (Қосымша F).

Әр фактор бойынша топтар арасындағы айырмашылықтар 12-суретте көрсетілген.



Сурет 12 – «Everyday Multicultural Competencies/ revised Scale of Ethnocultural Empathy» сауалнамасының шкаласындағы мәндер

Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара жолақ орташа мәнді (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік маркерлер) білдіреді. Тікбұрышты жақшаның үстінде Р мәндері берілген (екі таңдамаға жататын t-тест).

Диагностикалық жұмыс бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі төмендегі 18-кестеде көрсетілген.

Кесте 18 – Эмпатия көрсеткіші бойынша диагностика нәтижелері

Фактор	Топ	Деңгей		
		төмен	орта	жоғары
Эмпатия	Бақылау тобы Сандық/пайыздық	23/51%	17/38%	5/11%
	Эксперименттік топ Сандық/пайыздық	21/47%	15/33%	9/20%

Білімгерлердің эмпатия дағдысының деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама нәтижелерін талдай отырып, біз, диагностика нәтижелері бойынша БТ мен ЭТ зерттеушілік компоненті бойынша үлкен айырмашылықтар айқындалмағанын байқаймыз. Осылайша, орташа арифметикалық мәнге сәйкес,

БТ бойынша төмен деңгейді 23 респондент көрсетті, ал ол барлық қатысқан 45 респонденттің 51%-ын құрайды, ЭТ бойынша бұл сәйкесінше – 21 респондентті құрайды (47%). Бұл дегеніміз зерттеушілік дағдының 2 топта да төмен деңгейін айқын көрсетеді. Анықтаушы эксперимент нәтижелері бойынша эмпатия дағды тұрғысынан орта деңгейді көрсеткен жалпы білімгерлер саны – 32, оның 17(38%) – БТ-ға, ал 15 (33%) – ЭТ-ға тиесілі. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, тол еранттылық дағдысы бойынша жоғары деңгейді көрсеткен респонденттердің пайызы БТ тек – 11%, ЭТ – 20% құрайды, екі топтан зерттеушілік компоненті жоғары деңгейін көрсеткен жалпы респонденттер саны тек – 14 білімгерді құрайды.

3. Толеранттылық құзырет блогының өзін-өзі дамыту көрсеткішінің диагностикасы

Өзін-өзі дамыту дағдысын бағалау үшін қазақ тіліне аударылған «Lifelong learning Competence scale» сауалнамасынан (Uzunboylu & Hürsen, 2011) білімгерлерді «Competencies of learning how to learn» шкаласы бойынша тестілеу қолданылды. Шкалада бес балдық лайкерт шкаласы бойынша бағаланатын 12 мәлімдеме бар. Негізгі компоненттерді таңдауды қолдана отырып, эксплуатациялық факторлық талдау нәтижесінде сауалнама үшін факторлардың оңтайлы саны 1 екендігі анықталды. Промакс-ротация әдісі бір факторлы құрылым жалпы дисперсияның 31,27%-ын құрайтынын анықтады. Растау факторлық талдау арқылы сауалнаманың бір факторлы құрылымы расталды: барлық тармақтар факторға қолайлы жүктемелермен сипатталды (0,299-0,479), модельдің жарамдылық индексі ұсынылғанға сәйкес келді ($\chi^2(54)=47,145$ ($P=0,734$); $RMSEA=0,0$ (0,0-0,051); $CFI=1,0$; $TLI= ,038$; $SRMR=0,054$), бұл жиынтықтағы мәндердің құрылымдық тұрғыдан дұрыстығын және теориялық бір факторлы модельдің эмпирикалық мәліметтерге сәйкестігін көрсетеді. Ал жалпы коэффициенті (0,841 (0,787-0,885)), жартылай бөліну коэффициенті (0,832 (0,744-0,889)) және корреляцияланған пункттердің орташа көрсеткіші (0,31) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді. Эксперименттік әсер басталғанға дейін жүргізілген сауалнама нәтижелері 19-кестеде келтірілген. Сауалнаманың мазмұны қосымшада көрсетілген.

Кесте 19 – «Lifelong learning Competence scale» өзін-өзі дамыту көрсеткішінің деңгейінің диагностикасы


Пункттер	μ (σ)	
	бақылау тобы (n = 45)	эксперименттік топ (n = 45)
1	2	3
Мансаптық дамуға қолжетімді мүмкіндіктерді анықтай алу	1,44 (0,59)	1,36 (0,71)
Мансап немесе білім алу саласына қатысты барлық оқу іс-шараларының бағдарламаларын орындау	1,38 (0,58)	1,40 (0,69)
Оқу үрдісінде еш кідірместен сұрақ қою қабілеті	1,49 (0,73)	1,42 (0,66)
Өз кәсіби саласында кез келген мәселе бойынша қызығушылық таныта білу	1,42 (0,66)	1,38 (0,72)

19-кестенің жалғасы

1	2	3
Қызықтыратын пән бойынша білім алу кезінде тұжырымдамалық карталарды қалыптастыру мүмкіндігі	3,38 (0,58)	4,42 (0,72)
Зерттелетін пән бойынша маңызды тұстарды таңдау мүмкіндігі	3,40 (0,62)	3,38 (0,61)
Мансаптық өсуге ықпал ететін құжаттарды таңдау мүмкіндігі	1,31 (0,89)	3,38 (0,65)
Оқуды жеңілдететін материалдарды таңдау мүмкіндігі	1,40 (0,58)	4,47 (0,73)
Оқу үрдісінде жаңа ақпаратқа зейін салу мүмкіндігі	4,49 (0,63)	1,40 (0,62)
Оқу үрдісінде туындайтын қиындықтарды түсіну қабілеті	1,36 (0,74)	1,40 (0,78)
Оқу үрдісінде тілді тиімді пайдалану мүмкіндігі	1,33 (0,56)	1,40 (0,69)
Оқу үрдісінде эмпатияны қалыптастыру қабілеті	1,29 (0,63)	1,33 (0,64)
Ескерту – Анықтаушы эксперимент		

Әр респонденттің сауалнамасының нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді: төмен (1-2 балл), орташа (3 балл) және жоғары (4-5 балл). Сауалнаманың мазмұны қосымшада көрсетілген (Қосымша Д).

Сауалнама нәтижелеріндегі топтар арасындағы айырмашылықтар 13-суретте көрсетілген.



Сурет 13 – Экспериментке дейінгі өзін-өзі дамыту көрсеткіші шкаласы бойынша мәндер

Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара жолақ орташа мәнді (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік маркерлер) білдіреді. Тікбұрышты жақшаның үстінде Р мәні (екі үлгілі t-сынағы) берілген.

Диагностикалық жұмыс бойынша алынған нәтижелердің деңгейі бойынша жіктелуі төмендегі 20-кестеде көрсетілген.

Кесте 20 – Өзін-өзі дамыту көрсеткіші бойынша диагностика нәтижелері

Фактор	Топ	Деңгей		
		төмен	орта	жоғары
Өзін-өзі дамыту	Бақылау тобы Сандық/пайыздық	32/74%	6/13%	6/13%
	Эксперименттік топ Сандық/пайыздық	31/68%	9/20%	5/12%

Білімгерлердің өзін-өзі дамыту көрсеткіші деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама нәтижелерін талдай отырып, біз, диагностика нәтижелері бойынша БТ мен ЭТ өзін-өзі дамыту компоненті бойынша үлкен айырмашылықтар айқындалмағанын байқаймыз. Осылайша, орташа арифметикалық мәнге сәйкес, БТ бойынша төмен деңгейді 32 респондент көрсетті, ал ол барлық қатысқан 45 респонденттің 71%-ын құрайды, ЭТ бойынша бұл сәйкесінше – 31 респондентті құрайды (69%). Бұл дегеніміз өзін-өзі дамыту дағдысының 2 топта да төмен деңгейін айқын көрсетеді. Анықтаушы эксперимент нәтижелері бойынша дағды өзін-өзі дамыту тұрғысынан орта деңгейді көрсеткен жалпы білімгерлер саны бар жоғы – 15, оның 6 (13%) – БТ-ға, ал 9 (20%) – ЭТ-ға тиесілі. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, өзін-өзі дамыту дағдысы бойынша жоғары деңгейді көрсеткен респонденттердің пайызы БТ тек – 13%, ЭТ – 12% құрайды, екі топтан өзін-өзі дамыту компоненті жоғары деңгейін көрсеткен жалпы респонденттер саны тек – 13 білімгерді құрайды.

4. Толеранттылық құзырет блогының шиеленістерді шешу көрсеткішінің диагностикасы.


Зерттелетін білімгерлердің шиеленістерді шешу дағдыларын диагностикалау қазақ тіліне аударылған «Dutch Test of Conflict Handling» (Bao et al., 2019) сауалнамасының бейімделген нұсқасын пайдалана отырып жүргізілді. Сауалнама бес балдық Лайкерт шкаласымен бағаланатын 18 мәлімдемеден тұрады. Негізгі компоненттерді таңдау арқылы зерттеу факторлық талдау нәтижелері жиналған деректерге қатысты төрт факторлы модельдің оңтайлы екенін көрсетті. Promax ротация әдісі төрт факторлы құрылым жалпы дисперсияның 52,13%-ын түсіндірді. Растайтын факторлық талдау арқылы сауалнаманың төрт факторлы құрылымы расталды: барлық тармақтар сәйкес факторлар бойынша қолайлы жүктемелермен сипатталды (0,502-0,757), үлгі жарамдылық көрсеткіштері жалпы қанағаттанарлық болды ($\chi^2(129) = 168,868$ ($P = P =$). 0,011); RMSEA = 0,059 (0,030 - 0,082); CFI=0,943; TLI = 0,933; SRMR = 0,060), берілген мәндердің құрылымдық жарамдылығын және теориялық төрт факторлы модельдің эмпирикалық деректерге сәйкестігін көрсетеді. Жалпы α коэффициенті (0,897 (0,863-0,926)), жартылай бөлу коэффициенті (0,892 (0,835-0,929)) және орташа корреляциялық пункт ұпайы (0,33) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді. Эксперименттік әсер ету басталғанға дейін жүргізілген сауалнама нәтижелері 21-кестеде келтірілген. Сауалнаманың мазмұны қосымшада келтірілген.

Кесте 21 – «Dutch Test of Conflict Handling» шиеленістерді шешу көрсеткіші деңгейінің диагностикасы

Факторлар	μ (σ)	
	бақылау тобы (n = 45)	эксперименттік топ (n = 45)
I. Бінтымақтастық	1,30 (0,99)	4,46 (0,96)
Мені және өзге тарапты қанағаттандыратын шешімді қабылдамас бұрын мен мәселені жан-жақты саралаймын	1,29 (1,04)	4,36 (0,98)
Мен ортақ компромисс табудың қажеттілігін жақсы түсінемін	3,31 (0,92)	4,51 (1,01)
Мен мәселені өзімнің және өзгелердің пайдасына шешу үшін барынша тырысамын	1,20 (1,06)	1,33 (0,95)
Мен оптималды шешімді қабылдау үшін мәселені екі жақты қарастырамын	3,31 (0,90)	3,44 (0,94)
Мен 50/50 компромисын табу үшін барынша тырысамын	3,36 (1,07)	3,40 (0,96)
Мен екі жақтың да компромиске бет бұруын қадағалаймын	3,27 (1,03)	4,58 (1,01)
Мен «алтын ортаны» табуға тырысамын	1,36 (0,98)	4,62 (0,91)
II. Жалтару	3,26 (1,05)	1,17 (1,07)
Мен басқаларға қарсы тұрмауға тырысамын	3,27 (0,94)	1,22 (0,95)
Мен пікірлердің әртүрлігінен сескенемін	1,20 (1,10)	3,11 (1,09)
Мен біздің әртүрлігімізге қатысты шиеленістерден аулақпын	4,31 (1,12)	3,18 (1,17)
III. Көңгіштік	1,31 (0,96)	3,34 (0,91)
Мен өзге тараптың мақсат-мүдделеріне бейімделемін	1,31 (1,08)	3,27 (1,07)
Мен өзге тараптың қызығушылығын бірінші орынға қоямын	4,53 (0,81)	4,58 (0,81)
Мен өзге тарапқа қол ұшымды созуға тырысамын	1,09 (0,97)	1,18 (0,89)
Мен өзге тараппен толықтай келісемін	1,31 (0,95)	4,36 (0,80)
IV. Табандылық	4,34 (0,99)	4,56 (1,06)
Мен үнемі өз пайдамды іздеймін	1,22 (1,04)	3,36 (1,09)
Мен өзіме жағымды нәтиже шығару үшін барынша күресемін	1,24 (0,96)	3,44 (1,08)
Мен барлығын жеңу мақсатында жасаймын	1,38 (1,09)	4,64 (1,07)
Мен өз көзқарасымды дәлелдеймін	4,53 (0,84)	4,78 (0,97)
Ескерту – Анықтаушы эксперимент		

Әр респонденттің сауалнамасының нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді: төмен (1-2 балл), орташа (3 балл) және жоғары (4-5 балл). Сауалнаманың мазмұны қосымшада көрсетілген (Қосымша Е).

Факторлардың әрқайсысы үшін топаралық айырмашылықтар 14-суретте көрсетілген.



Сурет 14 – Анықтаушы эксперимент кезеңіндегі «Dutch Test of Conflict Handling» сауалнамасы шкаласының мәндері

Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара жолақ орташа мәнді (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік маркерлер) білдіреді. Шаршы жақшаның үстінде Р мәндері берілген (екі үлгілі t-тест).

Диагностикалық жұмыс бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі төмендегі 22-кестеде көрсетілген.


Кесте 22 – Шиеленістерді шешу көрсеткіші бойынша диагностикалық жұмыс нәтижелері

Фактор	Топ	Деңгей		
		төмен	орта	жоғары
Шиеленістерді шешу	Бақылау тобы Сандық/пайыздық	29/64%	10/22%	6/14%
	Эксперименттік топ Сандық/пайыздық	31/68%	7/16%	7/16%

Білімгерлердің шиеленістерді шешу дағдысының деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама нәтижелерін талдай отырып, біз, диагностика нәтижелері бойынша БТ мен ЭТ шиеленістерді шешу компоненті бойынша үлкен айырмашылықтар айқындалмағанын байқаймыз. Осылайша, орташа арифметикалық мәнге сәйкес, БТ бойынша төмен деңгейді 29 респондент көрсетті, ал ол барлық қатысқан 45 респонденттің 64%-ын құрайды, ЭТ бойынша бұл сәйкесінше – 31 респондентті құрайды (68%). Бұл дегеніміз шиеленістерді шешу дағдысының 2 топта да төмен деңгейін айқын көрсетеді. Анықтаушы эксперимент нәтижелері бойынша шиеленістерді шешу

тұрғысынан орта деңгейді көрсеткен жалпы білімгерлер саны – 17, оның 10 (22%) – БТ-ға, ал 7 (16%) – ЭТ-ға тиесілі. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, шиеленістерді шешу дағдысы бойынша жоғары деңгейді көрсеткен респонденттердің пайызы БТ тек – 14%, ЭТ – 16% құрайды, екі топтан шиеленістерді шешу компоненті жоғары деңгейін көрсеткен жалпы респонденттер саны тек – 13 білімгерді құрайды.

Сонымен, төмендегі диаграммаға сүйене отырып, толеранттылық құзырет блогына кіретін 3 дағдының (эмпатия, өзін-өзі дамыту және шиеленістерді шешу) диагностика нәтижелері бойынша дайындық деңгейлерін тұжырымдауға болады (15-сурет).



Сурет 15 – Толеранттылық құзырет блогының эмпатия, өзін-өзі дамыту және шиеленістерді шешу көрсеткіштерінің деңгейін анықтау бойынша диагностикалық жұмыстың нәтижелері

Демек, БТ мен ЭТ білімгерлерінің берген жауаптарына сүйенсек, зерттеліп отырған үш деңгей бойынша да олардың көпшілігі төмен деңгейді көрсеткен, әсіресе өзін-өзі дамыту дағдысы бойынша төмен деңгейдің көрсеткіші өте жоғары БТ 74%-ды ЭТ 68%-ды құрайды, соңғы көрсеткіш шиеленістерді шешу дағдысының төмен деңгейіне тең. Алайда эмпатия дағдысы бойынша орта деңгейдің екі топтағы да көрсеткіші үмітартарлық деп айтуға келеді, бұл дағдының орта деңгейдегі көрсеткіштері сәйкесінше 38% және 33%-ды құраған. Жоғары деңгейге келетін болсақ, мұндағы үш дағдының да үлестері 20%-дан аспайды. Жаһандық деңгейдегі талаптарды ескере отырып, болашақ педагог-психологтар үшін бұл көрсеткіштер жеткіліксіз деп санаймыз, сондықтан да бұл жағдай болашақ педагог-психологтардың жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін эмпатия, өзін-өзі дамыту және шиеленістерді шешу дағдыларын жетілдіру қажет екенін растайды.

5. Дүниетанымдық құзырет блогының әлемді тану көрсеткішінің диагностикасы

Әлемді тану көрсеткішінің бастапқы деңгейін анықтау үшін «Global Competence Scale for graduate students» (Liu et al., 2020) сауалнамасы қолданылды. Қазақ тіліне аударылған және бейімделген құрал бес балдық лайкерт шкаласы бойынша бағаланды, сауалнама 10 мәлімдемені қамтиды.

Негізгі компоненттерді іріктеуді қолдана отырып, эксплуатациялық факторлық талдау нәтижелері үш факторлы модель жиналған мәліметтерге қатысты оңтайлы екені дәлелденді. Промакс-ротация әдісі үш факторлы құрылым жалпы дисперсияның 65,64%-ын құрайтынын анықтады. Растау факторлық талдау арқылы сауалнаманың үш факторлы құрылымы расталды: барлық тармақтар тиісті факторларға қолайлы жүктемелермен сипатталды (0,615-0,895), модельдің жарамдылық көрсеткіштері тұтастай алғанда қолайлы болды ($\chi^2(32) = 51,812$ ($P=0,015$); $RMSEA = 0,083$ (0,037-0,123); $CFI = 0,956$; $TLI=0,938$; $SRMR=0,056$), бұл берілген мәндердің құрылымдық жарамдылығын және теориялық үш факторлы модельдің эмпирикалық деректерге сәйкестігін көрсетеді. Ал жалпы коэффициенті (0,866 (0,820-0,904)), жартылай бөліну коэффициенті (0,891 (0,834-0,928)) және корреляцияланған пункттердің орташа коэффициенті (0,39) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді.

Эксперименттік әсер басталғанға дейін жүргізілген сауалнама нәтижелері 23-кестеде келтірілген.

Кесте 23 – «Global Competence Scale for graduate students» әлемді тану дағдысының деңгейінің диагностикасы


Факторлар	μ (σ)	
	бақылау тобы (n = 45)	эксперименттік топ (n = 45)
1	2	3
I. Әлемді тану	1,73 (0,99)	1,64 (0,99)
Өз елімнен басқа, мен кем дегенде бір басқа елдің тарихы мен географиясымен таныспын.	2,69 (0,95)	1,62 (0,91)
Өз елімнен басқа, мен кем дегенде бір басқа елдің саяси -экономикалық жүйесімен таныспын	4,58 (1,03)	1,47 (1,06)
Өз елімнен басқа, мен кем дегенде бір басқа елдің тілі, мәдени нормалары, діні, нанымдары мен әдет-ғұрыптарымен таныспын	2,93 (0,96)	3,84 (0,98)
II. Жаһандануды білу	1,67 (0,96)	1,63 (0,96)
Мен жаһандану феноменін және оның даму тенденцияларын түсінемін.	1,56 (0,99)	4,53 (1,06)
Мен жаһанданудың елдің дамуына, қоғамның жеке өмір салтына және ғылыми-зерттеу жұмыстарына әсерін түсінемін.	4,69 (0,92)	3,71 (0,97)
Мен халықаралық ұйымдар мен институттардың қазіргі әлем мен қоғамдағы рөлін түсінемін.	4,78 (1,02)	1,60 (0,89)
Мен жаһандық оқиғалар мен халықаралық іс-шараларға назар аударамын.	1,67 (0,90)	4,69 (0,95)

23-кестенің жалғасы

1	2	3
III. Ғылыми эрудиция	1,57 (0,96)	1,53 (1,04)
Мен өзімнің білім алу немесе кәсіби саладағы халықаралық танылған теориялар мен ғылыми мектептермен таныспын.	1,62 (1,01)	1,51 (1,06)
Мен өзімнің білім алу немесе кәсіби саладағы озық халықаралық зерттеу мәселелерімен, мәселелерімен және теорияларымен таныспын.	1,47 (0,87)	4,58 (1,03)
Мен өзімнің білім алу немесе кәсіби саладағы негізгі халықаралық танылған зерттеу әдістерін білемін.	4,62 (1,01)	4,51 (1,06)
Ескерту – Анықтаушы эксперимент		

Әр респонденттің сауалнамасының нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді: төмен (1-2 балл), орташа (3 балл) және жоғары (4-5 балл). Сауалнаманың мазмұны қосымшада көрсетілген (Қосымша Ж).

Факторлардың әрқайсысы бойынша топтар арасындағы айырмашылықтар 16-суретте көрсетілген.



Сурет 16 – Анықтау эксперимент кезеңіндегі «Әлемді тану» сауалнамасының шкаласы бойынша мәндер

Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара сегмент орташа (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік маркерлер) көрсетеді. Тікбұрышты жақшалардың үстінде Р мәндері орналасқан (екі таңбалы t-тест).

Диагностикалық жұмыс бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі төмендегі 24-кестеде көрсетілген.

Кесте 24 – Әлемді тану көрсеткіші бойынша диагностика нәтижелері

Фактор	Топ	Деңгей		
		төмен	орта	жоғары
Әлемді тану	Бақылау тобы Сандық/пайыздық	23/51%	8/18%	13/31%
	Эксперименттік топ Сандық/пайыздық	26/58%	4/9%	15/33%

Білімгерлердің әлемді тану дағдысының деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама нәтижелерін талдай отырып, біз, диагностика нәтижелері бойынша БТ мен ЭТ әлемді тану компоненті бойынша үлкен айырмашылық айқындалмағанын байқаймыз. Осылайша, орташа арифметикалық мәнге сәйкес, БТ бойынша төмен деңгейді 23 респондент көрсетті, ал ол барлық қатысқан 45 респонденттің 51%-ын құрайды, ЭТ бойынша бұл сәйкесінше – 26 респондентті құрайды (58%). Бұл дегеніміз шиеленістерді шешу дағдысының екі топта да төмен деңгейін айқын көрсетеді. Анықтаушы эксперимент нәтижелері бойынша әлемді тану тұрғысынан орта деңгейді көрсеткен жалпы білімгерлер саны – 12, оның 8 (18%) – БТ-ға, ал 4 (9%) – ЭТ-ға тиесілі. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, әлемді тану дағдысы бойынша жоғары деңгейді көрсеткен респонденттердің пайызы БТ тек – 31%, ЭТ – 33% құрайды, екі топтан өзін-өзі дамыту компоненті жоғары деңгейін көрсеткен жалпы респонденттер саны – 28 білімгерді құрайды.


б. Дүниетанымдық құзырет блогының мәдениетаралық коммуникация көрсеткішінің диагностикасы

Зерттелетін білімгерлердің мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілеттілігін диагностикалау «Global Competence Scale for graduate students» (Liu et al., 2020) сауалнамасы арқылы жүргізілді. Сауалнамада бес балдық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланатын 5 мәлімдеме бар. Негізгі компоненттерді таңдауды қолдана отырып, зерттеушілік факторлық талдау нәтижесінде сауалнама үшін факторлардың оңтайлы саны 1 екендігі анықталды. Промакс-ротация әдісі бір факторлы құрылым жалпы дисперсияның 47,0%-ын түсіндіретінін анықтады. Растау факторлық талдау арқылы сауалнаманың бір факторлы құрылымы расталды: барлық тармақтар факторға қолайлы жүктемелермен сипатталды (0,472-0,852), модельдің жарамдылық индексі ұсынылғанға сәйкес келді ($\chi^2(5) = 1,750 (P = 0,883)$; RMSEA = 0,0 (0,0-0,070); CFI = 1,0; TLI = 1,049; SRMR = 0,018), бұл дизайнның құрылымдық дұрыстығын және теориялық бір факторлы модельдің эмпирикалық мәліметтерге сәйкестігін көрсетеді. Ал жалпы коэффициенті (0,801 (0,727-0,859)), жартылай бөліну коэффициенті (0,788 (0,678-0,861)) және корреляцияланған пункттердің орташа көрсеткіші (0,45) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді. Эксперименттік әсер басталғанға дейін жүргізілген сауалнама нәтижелері 25-кестеде келтірілген. Сауалнаманың мазмұны қосымшада көрсетілген.

Кесте 25 – «Global Competence Scale for graduate students» мәдениетаралық коммуникация көрсеткіші деңгейінің диагностикасы

Пункттер	μ (σ)	
	бақылау тобы (n=45)	эксперименттік топ (n=45)
Мен мәселелерді шетелдік мәдениет тұрғысынан талдай және бағалай аламын.	3,76 (0,80)	2,62 (0,83)
Мен шетелдіктерді түсінуге күш салдым, сондықтан біз бірге жұмыс істей аламыз немесе бірге өмір сүре аламыз.	1,42 (1,12)	1,58 (0,84)
Мен әртүрлі мәдениеттердегі адамдармен қарым-қатынасымдағы мәдени айырмашылықтарды түсіне аламын.	2,58 (1,10)	4,64 (0,86)
Мен әртүрлі мәдениеттердегі адамдармен қарым-қатынасым кезінде ортақ тілде тез сөйлесе аламын.	2,56 (0,97)	1,58 (0,92)
Мен өз мәдениетімнен тыс оқи аламын, жұмыс істей аламын және өмір сүре аламын.	1,42 (1,10)	2,38 (0,98)
Ескерту – Анықтаушы эксперимент		

Әр респонденттің сауалнамасының нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді: төмен (1-2 балл), орташа (3 балл) және жоғары (4-5 балл). Сауалнаманың мазмұны қосымшада көрсетілген (Қосымша II). Сауалнама нәтижелеріндегі топтар арасындағы айырмашылықтар 17-суретте көрсетілген.



Сурет 17 – Анықтаушы эксперимент кезеңіндегі «Мәдениаралық коммуникация» шкаласы бойынша мәндер

Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара сегмент орташа (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік маркерлер) көрсетеді. Тікбұрышты жақшаның үстінде Р мәні орналасқан (екі таңбалы t-тест).

Диагностикалық жұмыс бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі төмендегі 26-кестеде көрсетілген.

Кесте 26 – Мәдениаралық коммуникация көрсеткіші бойынша диагностика нәтижелері

Фактор	Топ	Деңгей		
		төмен	орта	жоғары
Мәдениетаралық коммуникация	Бақылау тобы Сандық/пайыздық	21/47%	14/31%	10/22%
	Эксперименттік топ Сандық/пайыздық	23/51%	13/29%	9/20%

Білімгерлердің мәдениетаралық коммуникация көрсеткіші деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама нәтижелерін талдай отырып, біз, диагностика нәтижелері бойынша БТ мен ЭТ мәдениаралық коммуникация компоненті бойынша үлкен айырмашылықтар айқындалмағанын байқаймыз. Осылайша, орташа арифметикалық мәнге сәйкес, БТ бойынша төмен деңгейді 21 респондент көрсетті, ал ол барлық қатысқан 45 респонденттің 47%-ын құрайды, ЭТ бойынша бұл сәйкесінше – 23 респондентті құрайды (51%). Бұл дегеніміз мәдениаралық коммуникация дағдысының екі топта да төмен деңгейін айқын көрсетеді. Анықтаушы эксперимент нәтижелері бойынша мәдениаралық коммуникация тұрғысынан орта деңгейді көрсеткен жалпы білімгерлер саны – 27, оның 14 (31%) – БТ-ға, ал 13 (29%) – ЭТ-ға тиесілі. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, мәдениаралық коммуникация дағдысы бойынша жоғары деңгейді көрсеткен респонденттердің пайызы БТ – 22%, ЭТ – 20% құрайды, екі топтан мәдениетаралық коммуникация компоненті жоғары деңгейін көрсеткен жалпы респонденттер саны – 19 білімгерді құрайды.

7. Дүниетанымдық құзырет блогының шет тілін меңгеру көрсеткішінің диагностикасы


Шет тілдерін меңгеру дағдысының бастапқы деңгейін анықтау үшін «Global Competence Scale for graduate students» сауалнамасы таңдалды (Liu et al., 2020). Қолданылған құралда бес балдық Лайкерт шкаласы бойынша бағаланатын 6 мәлімдеме бар. Негізгі компоненттерді таңдауды қолдана отырып, эксплуатациялық факторлық талдау нәтижесінде сауалнама үшін факторлардың оңтайлы саны 1 екендігі анықталды. Промакс-ротация әдісі бір факторлы құрылым жалпы дисперсияның 59,87%-ын құрайтынын анықтады. Растау факторлық талдау арқылы сауалнаманың бір факторлы құрылымы расталды: барлық тармақтар факторға қолайлы жүктемелермен сипатталды (0,565 - 0,941). Модельдің барлық көрсеткіштері ұсынылған мәндерге сәйкес келді ($\chi^2(9) = 26.766$ ($P = 0.002$); $RMSEA = 0.148$ (0.085-0.214); $CFI = 0.944$; $TLI = 0,907$; $SRMR = 0,049$), және жалпы коэффициент α (0,894 (0,857-0,925)), жартылай бөліну коэффициенті (0,906 (0,858-0,939)) және корреляцияланған тармақтардың орташа көрсеткіші (0,50) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді. Эксперименттік әсер басталғанға дейін жүргізілген сауалнама нәтижелері 27-кестеде келтірілген.

Кесте 27 – «Global Competence Scale for graduate students» шет тілін меңгеру көрсеткіші деңгейінің диагностикасы

Пункттер	μ (σ)	
	бақылау тобы (n = 45)	эксперименттік топ (n = 45)
Мен әртүрлі мәдениеттердегі адамдармен қарым-қатынас кезінде ортақ тілде тез тілдесе аламын.	3,56 (0,97)	3,82 (0,81)
Мен оқу немесе кәсіп саласында шетел әдебиетін оңай түсіне аламын.	3,42 (1,03)	3,73 (0,75)
Кәсіби әдебиеттерді түсінудегі қиындықтарға тап болған кезде мен бастама көтеріп, автормен байланысып, кеңес ала аламын.	3,42 (0,89)	3,44 (0,94)
Мен өзімнің ғылыми кеңесшіммен бірге SCI, SSCI, ISTP, EI және басқа индекстелген журналдарда немесе конференцияларда мақалалар жариялауға күш салдым	1,31 (0,97)	1,04 (1,11)
Мен халықаралық академиялық конференцияларда зерттеу мәселелерін талқылау үшін шетелдік ғалымдарды белсенді түрде іздей аламын.	1,18 (1,03)	1,27 (1,10)
Мен халықаралық академиялық конференцияларда шетелдік ғалымдармен зерттеу мәселелерін оңай талқылай аламын.	1,27 (1,12)	1,18 (1,07)
Ескерту – Анықтаушы эксперимент		

Әр респонденттің сауалнамасының нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді: төмен (1-2 балл), орташа (3 балл) және жоғары (4-5 балл). Сауалнаманың мазмұны қосымшада көрсетілген (Қосымша К).

Сауалнама нәтижелеріндегі топтар арасындағы айырмашылықтар 18-суретте көрсетілген.



Сурет 18 – Анықтаушы эксперимент кезеңіндегі «Шет тілін меңгеру» шкаласы бойынша мәндер

Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара сегмент орташа (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік маркерлер) көрсетеді. Тікбұрышты жақшаның үстінде Р мәні орналасқан (екі таңбалы t-тест).

Диагностикалық жұмыс бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі төмендегі 28-кестеде көрсетілген.

Кесте 28 – Шет тілін меңгеру көрсеткіші бойынша диагностика нәтижелері


Фактор	Топ	Деңгей		
		төмен	орта	жоғары
Шет тілін меңгеру	Бақылау тобы Сандық/пайыздық	26/58%	10/22%	9/20%
	Эксперименттік топ Сандық/пайыздық	24/53%	9/20%	12/27%

Білімгерлердің шет тілін меңгеру көрсеткіші деңгейін анықтауға бағытталған сауалнама нәтижелерін талдай отырып, біз, диагностика нәтижелері бойынша БТ мен ЭТ әлемді тану компоненті бойынша үлкен айырмашылықтар айқындалмағанын байқаймыз. Осылайша, орташа арифметикалық мәнге сәйкес, БТ бойынша төмен деңгейді 26 респондент көрсетті, ал ол барлық қатысқан 45 респонденттің 58%-ын құрайды, ЭТ бойынша бұл сәйкесінше – 24 респондентті құрайды (53%). Бұл дегеніміз шет тілін меңгеру дағдысының екі топта да төмен деңгейін айқын көрсетеді. Анықтаушы эксперимент нәтижелері бойынша шет тілін меңгеру тұрғысынан орта деңгейді көрсеткен жалпы білімгерлер саны 19, оның 10 (22%) – БТ-ға, ал 9 (20%) – ЭТ-ға тиесілі. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, шет тілін меңгеру дағдысы бойынша жоғары деңгейді көрсеткен респонденттердің пайызы БТ тек – 20%, ЭТ – 27% құрайды, екі топтан шет тілін меңгеру компоненті жоғары деңгейін көрсеткен жалпы респонденттер саны 21 білімгерді құрайды, ал ол жалпы анықтаушы экспериментке қатысқан 90 білімгердің 23%.

Сонымен, төмендегі диаграммаға сүйене отырып, дүниетанымдық құзырет блогына кіретін 3 көрсеткіштің (әлемді тану, мәдениетаралық коммуникация және шет тілін меңгеру) диагностика нәтижелері бойынша дайындық деңгейлерін тұжырымдауға болады (19-сурет).

Берілген диаграммадағы нәтижелерге сүйене отырып, келесі қорытындыларды жасай аламыз: инновациялық және толеранттылық құзыреттердің көрсеткіштер деңгейімен салыстырғанда, дүниетанымдық құзыретке тиесілі үш көрсеткіштің деңгейлері біршама жоғары. Мысалы, БТ мен ЭТ төмен деңгейдің пайыздық көрсеткіш ауқымы 47 бен 53% аралығында, ал жоғары деңгейде 20 бен 33% аралығында. Әсіресе, шет тілін меңгеру бойынша көрсеткіш басқаларына қарағанда жоғарылау, алайда бұндай көрсеткіштің өзі жаһандану жағдайында заман талабына сәйкес шет тіліндегі ақпаратты қабылдап, өз ойымен бөлісу үшін жеткіліксіз. Сондықтан да, біз

ұсынған құзыретер кешені мен оларға тиесілі көрсеткіштерді дамыту бойынша ауқымды жұмыс жүргізілу қажеттігі расталды.



Сурет 19 – Дүниетанымдық құзырет блогының әлемді тану, мәдениетаралық коммуникация және шет тілін меңгеру көрсеткіштері деңгейін анықтау бойынша диагностикалық жұмыстың нәтижелері


Алынған мәліметтерді талдау болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін тиімді дамытуға ықпал ететін әдістемені жасау қажеттілігін көрсетті.

2.3 Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемесі

Анықтау эксперименті болашақ педагог-психологтардың біз ұсынып отырған инновациялық, толеранттылық және дүниетанымдық құзыреттерінің төмен деңгейінің басымдығын көрсетті. Осыған орай, аталған мәселе бойынша қалыптастыру эксперименті жүргізу қажеттілігі туындайды.

Қалыптастырушы эксперимент 2021-2022 оқу жылында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Педагогика және психология» мамандығының 2 курс эксперименттік тобының студенттерімен (45 адам) өткізілді.

Қалыптастыру экспериментті тиімді түрде жүзеге асыру үшін, ең алдымен, оның әдістемесін жасауды жөн көрдік (20-сурет).



Сурет – 20 Жаһандану жағдайында болашақ педагог психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту әдістемесі

Әдістеменің мақсаты – психологиялық-педагогикалық шарттарды жүзеге асыруды әдістемелік қамтамасыздандыру.

Аталған әдістемені жасау негізіне психологиялық-педагогикалық шарттар алынды. Психологиялық-педагогикалық шарттарды жүзеге асыру үш кезеңмен айқындалады: *мотивациялық, білімділік және біліктілік*.

Осы әдістеменің мотивациялық, білімділік, біліктілік кезеңдерін жүзеге асыру үшін біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда келесі психологиялық-педагогикалық шарттарды ұсынамыз:

1. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға ыңғайлы орта құру.

2. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды теориялық қамтамасыздандыру.

3. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды практикалық қамтамасыздандыру.

Ендігі кезекте біз жоғарыда көрсетілген әр психологиялық-педагогикалық шартты жүзеге асыру жолдарына тоқталуды жөн санаймыз.

Бірінші психологиялық-педагогикалық шарттың шеңберінде біз жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда, олардың инновациялық, толеранттылық және дүниетанымдық құзыреттерін жетілдіруге деген *мотивациясын* арттыру үшін ыңғайлы орта құру мақсатында аудиториядан тыс іс-шаралар кешенін ұйымдастыруды қарастырамыз:

1. «Secret of success of educational psychologist» (педагог-психологтың табыстылығының құпиясы) атты ашық есік күндері І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің педагогика және психология кафедрасының жетекшілігімен ұйымдастырылады. Аталған іс-шараның мақсаты еліміздің әр түрлі өңірлерінде және алыс жақын шетелде қызмет ететін білікті, тәжірибелі, жаңашыл практик педагог-психологтармен онлайн/офлайн форматта кездесулер өткізіп, олардың өздерінің кәсіби салаларына қосқан үлесін насихаттау арқылы білімгерлерге үлгі ету.

«Secret of success of educational psychologist» атты ашық есік күндерін ұйымдастыруда келесі міндеттер шешіледі: білімгерлердің болашақ қызметіне деген оң көзқарасын қалыптастыру; кәсіби құзыреттерін дамытуда қызығушылықтарын арттыру; өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту қажеттіліктерін қалыптастыру; белсенділікті, дербестікті, жауапкершілікті, креативтілікті дамыту; педагогика және психология саласындағы мәселелер бойынша білімдерін кеңейту және тереңдету.

Іс-шара барысында болашақ педагог-психологтар мамандардан өздерінің кәсіби саласындағы үздік трендтер, диагностикалық әдістемелер, диагностика нәтижелерін интерпретациялау әдістері, кеңес беру тәжірибесін жүзеге асыру бойынша мағлұмат алып, қызықтырған сұрақтарын қоюға мүмкіндік алады.

«Secret of success of educational psychologist» ашық есік күндері мастер класс, әңгімелесу, дөңгелек үстел формаларында өткізіледі.

2. «10 сұхбат» жобасы. Аталған жоба аясында әлемнің үздік ЖОО-дары мен ғылыми орталықтарында «Болашақ», «Erasmus+», «Stipendium Hungaricum», «DAAD» сынды халықаралық бағдарламалар аясында шетелде білім алған немесе тағылымдамадан өткен білім беру, ғылым, экономика, бизнес, мәдениет,

IT, денсаулық сақтау, т.б. салаларында қызмет атқаратын табысты әрі сұранысқа ие қазақстандық және шетелдік мамандармен сұхбат жүргізіледі.

Жобаның мақсаты – болашақ педагог-психологтарды өздерінің және басқа да кәсіби салалардағы озық тәжірибемен және жаһандану дәуірінде қажет құзыреттермен таныстыру. Аталған іс-шараның бірінші кезеңінде білімгерлер сұхбаттасуға шақыру алған қонақтар жайлы бейнематериал көріп, кейіпкерлерді жақынырақ танып, түрлі салаларда жеткен жетістіктеріне көз жеткізуге мүмкіндік алады. Екінші кезең барысында халықаралық тәжірибесі бар кәсіби мамандар білімгерлердің сұрақтарына онлайн және офлайн форматта жауап беріп, кері байланыс алуға мүмкіндік алады. «10 сұхбат» жобасы диалог, сұхбат, әңгімелесу, пікірталас формалары негізінде жүзеге асырылады.

Қалыптастырушы эксперименттің *білімділік* сатысында жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың екінші психологиялық-педагогикалық шарты (дамытуды теориялық қамтамасыздандыру) жүзеге асырылады. Аталған психологиялық-педагогикалық шартты жүзеге асыру үшін біз «Formation of global competence in the context of higher education» элективті курсының негізге алдық.

Өзірленген арнайы курс элективті пәндер (таңдау бойынша курстар) цикліне кіреді. Ұсынылып отырған элективті курс ЖОО-да маман ретінде болашақ педагог-психологты кәсіби даярлаудың бір бөлігі бола отырып, «Formation of professional competence in preparation of future teacher», «Organization of scientific and pedagogical research in a foreign language», «Жоғары білім беруді интернационализациялау», «Research organization and planning», сияқты пәндерінің мазмұндық бірліктерін жинақтайды, жүйелейді.

Элективті курс бағдарламасын толығырақ қарастырайық. Элективті курстың негізгі мақсаты – дүниетанымдық құзыреттілікті дамыту арқылы болашақ педагог-психологты кәсіби қызметке дайындау. Біз ұсынып отырған элективті курс инновациялық, толеранттылық және дүниетанымдық құзыреттерді игеруге арналған бағдарламаны қамтиды. Ұсынылған элективті курс келесі міндеттерді шешуге арналған:

– сыни ойлау, зерттеушілік, кәсіпкерлік, ұтымды оптимизм, жаңашылдық, эмпатия және мәдениеттің адам мінез-құлқы мен әлемдік оқиғаларға әсерін түсіну сияқты дағдыларды қалыптастыру;

– білімгердің айналасынан тыс әлемді зерттеуге, ағымдағы мәселелерді тұжырымдауға және оқу бағдарламасының бағытына сәйкес зерттеулер жүргізуге ынталандыруды дамыту;

– географиялық, тілдік, идеологиялық және мәдени кедергілерді жеңе отырып, әртүрлі аудиториялармен тиімді қарым-қатынас жасай білу қабілетін дамыту.

«Formation of global competence in the context of higher education» элективті курсының жобалау алгоритміне сәйкес біз оқыту мазмұнын іріктеу және құрылымдау принциптерін анықтадық:

– *ғылыми принцип* – педагогикалық және психологиялық ғылымның қазіргі даму деңгейіне сәйкес материал мазмұнын таңдау;

– *практикалық-бағдарлау* принципі – материал мазмұнын таңдау, заманауи білім беруді модернизациялауды ескере отырып, кәсіби педагогикалық-психологиялық міндеттерді шешуге бағытталған; алған білімінің сипатына сәйкес әртүрлі практикалық іс-әрекеттерді ұйымдастыру;

– *мәдени сәйкестік принципі* – нақты әлеуметтік-мәдени мәселелерде кәсіби мәселелерді шешуге көмектесетін материал мазмұнын таңдау шарттары;

– *ізгілендіру принципі* – білімгерлерді әртүрлі көзқарастарды салыстыруға, әр адамның жеке басын құрметтеуге, жағымды психологиялық ахуал жасауға бағыттайтын оқу материалының диалогтық сипаты.

Қойылған мақсаттарға сәйкес, оқытудың оңтайлы нысандары мен әдістері жабдықталды. Дәрістерді ұйымдастырудың жетекші формасы дәстүрлі және проблемалық дәрістер болып табылады. Практикалық сабақтарды ұйымдастыру оқытудың инновациялық әдістері мен нысандарын қолдануға негізделеді: brain storming, case-study, SWOT analysis, project based learning, problem-based learning, Fishbone method және т.б., сондай-ақ білімгерлердің ұжымдық топтық жұмысқа, пікірталастарға, нақты жағдайларды талдауға, іскерлік, рөлдік ойындарға, кейінгі рефлексиямен тренингтік жаттығулар, шығармашылық тапсырмаларды орындауға т.б. қатысуын көздейді. Практикалық сабақтарды өткізу кезінде білімгерлердің қажеттіліктері мен мүдделері ескеріледі. Студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыру (СӨЖ) тапсырмаларын, жаттығуларды орындауды; тақырыптың жеке мәселелерін зерделеуді, баяндамалар, эссе жазуды; ғылыми әдебиетпен жұмыс жасауды көздейді. Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттердің өзіндік жұмысына (ОСӨЖ) ерекше назар аударуды талап ететін мәселелер бойынша білімгердің аудиториядан тыс жұмысын (консультация) білдіреді.

Болжамдалады: білімді игеру сапасын бақылаудың ағымдағы, аралық және қорытынды нысандары. Ағымдағы бақылау білімгерлердің өзіндік жұмысы үшін тапсырмалардың, практикалық сабақтардағы тапсырмалар мен жаттығулардың орындалуын бағалау арқылы жүргізіледі. Тапсырмалар мен жаттығулар – бұл курстың негізгі талаптарын көрсететін тапсырмалар жиынтығы. Аралық бақылау студенттердің тест, эссе жазуынан тұрады. Қорытынды бақылау емтиханды қамтумен қатар ағымдағы және аралық бақылау бойынша балдарды жинақтайды.

Курсты аяқтағаннан кейін білімгерлер дағдыланады:

1. Маңызды мәселелерді тұжырымдап, жақсы ойластырылған және жасына сәйкес зерттеулер жүргізу арқылы айналасынан тыс әлемді зерттеуге.

2. Түрлі көзқарастарды мұқият және құрметпен тұжырымдап, түсіндіре отырып, бөтен және өзінің көзқарасын қабылдай білуге.

3. Географиялық, тілдік, идеологиялық және мәдени кедергілерді жеңе отырып, идеяларды әртүрлі аудиторияға тиімді жеткізуге.

4. Өзін әлемнің бір бөлшегі ретінде қарастырып, рефлексивті түрде қатысу арқылы әлемдегі жағдайды жақсарту үшін әрекет етуге.

Элективті курстың оқу-тақырыптық жоспары берілген 29-кестеде көрсетілген.

Кесте 29 – Элективті курстың оқу-тақырыптық жоспары

Тақырып атауы	Сағат саны				
	барлығы	лекция	практика	СОӨЖ	СӨЖ
Жаһандану концепциясы және оның даму тенденциялары	4	2	1	1	
Жаһанданудың елдің дамуына, жеке өмір салтына және ғылыми-зерттеу қызметіне әсері	4	2	1	1	
Жаһандық проблемаларды білу және түсіну	4	2	1	1	
Қазіргі әлемдегі және қоғамдағы халықаралық ұйымдар мен мекемелердің рөлі.	5	2	1	1	1
Педагогика және психология саласындағы негізгі халықаралық танылған зерттеу әдістері	4	2	1	1	
<i>Модуль 2 Intercultural communication</i>					
Халықаралық мәдени ынтымақтастықтың халықаралық интеграциялық процестерге әсері	4	2	1	1	
Мәдениетаралық диалогтың дипломатиясы	4	2	1	1	
Өртүрлі мәдениеттердің жаһандық құзыреттілігі туралы көзқарастары.	4	2	1	1	
Жаһандық азаматтық ұстанымды тәрбиелеудегі мәдениетаралық қарым-қатынастың рөлі.	5	2	1	1	1
Мәдениетаралық коммуникацияны зерттеудің прогресі мен болашағы	4	2	1	1	
<i>Модуль 3 Foreign language proficiency</i>					
Шет тіліне және оны меңгеруге сұраныс саласындағы жаһандық трендтер	4	2	1	1	
Ағылшын тіліне деген жаһанды сұраныстың артуы мен оның себептері	4	2	1	1	
Зерттеу жүргізудегі ағылшын тілінің рөлі	4	2	1	1	
Жаһанды құзыретті болудағы шетел тілін меңгерудің рөлі	5	2	1	1	1
Болашақ педагог-психологты кәсіби бағытталғын шет тілінде оқытудың маңызы.	5	2	1	1	

Тақырып 1. Жаһандану концепциясы және оның даму тенденциялары (Лекция – 2сағат).

Лекцияның мақсаты: білімгерлердің жаһандану феномені жайлы жалпы түсінігін қалыптастыру, білім берудегі жаһандану үрдісімен, оның ішінде Қазақстанның жоғары оқу орындарында жаһанданудың даму бағыттарымен таныстыру.

Практикалық сабақ барысында жаһандану феномені жайлы түрлі ғалымдар, журналисттер мен эксперттердің ой пікірлері және PISA сынды

ұйымдардың жаһандану үрдісіне арналған зерттеу жұмыстарымен және нәтижелерімен білімгерлерді таныстыру жүргізіледі.

Тақырып 2. Жаһанданудың елдің дамуына, жеке өмір салтына және ғылыми-зерттеу қызметіне әсері (Лекция – 2 сағат).

Екінші тақырыпта жаһандану үрдісінің еліміздің дамуына ықпалы қарастырылады, сонымен қатар, жаһандық үрдістің ажырамас бөлігі ретінде танылған ғаламтордың, Tik-Tok, Instagram, Facebook сынды әлеуметтік желілірдің жалпы қоғамдағы орны мен жасөспірімдердің өмірінде алатын рөліне тереңірек тоқталамыз.

Практикалық сабақ білімгерлердің жаһандану үрдісінің ықпал ететін бағыттарымен (экономика, саясат, геополитика, білім беру, масс-медиа.), жалпы бұл үрдістің артықшылықтары мен кемшіліктерімен тереңірек танысуға мүмкіндік береді.

Тақырып 3. Жаһандық проблемаларды білу және түсіну (Лекция – 2 сағат).

Лекцияның мақсаты білімгерлерді жаһандық мәселелермен таныстыру және бұл мәселерді шешудің кейбір жолдарын талдау.

Практикалық сабақ барысында білімгерлер экологиялық проблемалар, экономикалық өзгерістер, жаһандық кедейлік, халықтың өсуі, адам құқықтары мен саяси қақтығыстар бойынша шешілмейтін болып көрінетін мәселерді Brain storming, Case study сынды тәсілдер арқылы талдап, бұл мәселерді шешуге өз үлестерін қосуға деген мотивацияларын арттыру көзделеді.

Тақырып 4. Қазіргі әлемдегі және қоғамдағы халықаралық ұйымдар мен мекемелердің рөлі(Лекция – 2 сағат).

Лекция қазіргі ең беделді халықаралық ұйымдардың жаһандану үрдісіндегі рөліне және функцияларына негізделеді. Сонымен қатар, ҚР-ның аталған ұйымдарға мүше болу тарихы қарастырылады.

Практикалық сабақ барысында БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕО, ДДҰ, ДСҰ, НАТО сынды ұйымдарға жеке-жеке тоқталып, өзекті мәселелері бойынша SWOT талдау жасау ұсынылады.

Тақырып 5. Педагогика және психология саласындағы негізгі халықаралық танылған зерттеу әдістері (Лекция – 2 сағат).

Берілген тақырып аясында келесі сұрақтар тізімін қамту көзделген: болашақ педагог-психологтың кәсіби шеңберіндегі әлем мойындаған зерттеу әдістері, қолдану аясы және даму тарихы.

Практикалық сабақ барысында келесі зерттеу әдістеріне талдау жүргізіледі: сауалнамалар, пәнаралық және трендік зерттеулер, ғаламторға негізделген зерттеулер, эксперименттер, квази-эксперименттер, сұхбаттар және т.б.

Тақырып 6. Халықаралық мәдени ынтымақтастықтың халықаралық интеграциялық процестерге әсері (Лекция – 2 сағат).

Алтыншы тақырыпта мемлекеттердің өзара іс-қимылының жаңа нысандарын құратын, сондай-ақ ынтымақтастықтың жаңа бағыттары мен тетіктерін табатын қазіргі заманғы интеграциялық үрдістер қарастырылады. Қазіргі уақытта мемлекетаралық бірлестіктер негізгі міндеттер ретінде тек

экономикалық және саяси бірлестікті ғана емес, сонымен бірге халық және олардың мәдениеттерін біріктіруді де қоятынына назар аударылады.

Практикалық сабақ барысында білім деңгейін көтеру және жетілдіру Қазақстанның мәдениеті мен тарихының таралуы; мемлекеттік маңызы бар мәдени мұраны сақтау және қорғау; коммерциялық емес сипаттағы мәдени алмасулар бойынша бірнеше халықаралық келісімшарттар қарастырылып, талданады.

Тақырып 7. Мәдениетаралық диалогтың дипломатиясы (Лекция – 2 сағат).

Лекцияның мақсаты мәдениетаралық диалогты жүргізудің теориялық негіздері мен мәдени ерекшеліктерін қарастыру.

Практикалық сабақ барысында кейбір мәдениет өкілдерімен диалог құру мысалдары талданып, ерекшеліктері айқындалады (АҚШ, Қытай, Жапония, Венгрия).

Тақырып 8. Әртүрлі мәдениеттердің жаһандық құзыреттілік туралы көзқарастары (Лекция – 2 сағат).

Тақырып шеңберінде назар аударылатын мәселелер тізімі: білім берудегі мәдени әртүрліліктің құндылығын насихаттау, білім берудегі мәдени әртүрліліктің негізгі ерекшеліктері, білім берудегі мәдени әртүрліліктің негізгі ерекшеліктері.

Практикалық сабақ барысында рөлдік ойындар әдісі арқылы түрлі мәдениет өкілдерімен танысу жүргізіледі.

Тақырып 9. Жаһандық азаматтық ұстанымды тәрбиелеудегі мәдениетаралық қарым-қатынастың рөлі (Лекция – 2 сағат).

Тақырып шеңберінде қарастырылатын сұрақтар: басқа мәдениеттер туралы ақпаратқа ашық көзқараспен қарау және өздерінен басқа мәдениет өкілдерінің стереотиптік санаттарынан босату; әлемді басқа мәдениеттердің әртүрлі көзқарастарынан көруге тырысу.

Практикалық сабақ барысында «Fishbone» тәсілі арқылы мәдениетаралық қақтығыстарды азайту және алдын-алу талданады.

Тақырып 10. Мәдениетаралық коммуникацияны зерттеудің прогресі мен болашағы (Лекция – 2 сағат).

Тақырып аясында, мәдениетаралық қарым-қатынасты оқудың маңыздылығы негізделіп, бұл ғылымның болашақтағы перспективалары талқыланады.

Практикалық сабақ барысында Martin, J.N. and Nakayama, T. (2010) «Университеттерде мәдениетаралық қарым-қатынастың маңызды екенін көрсететін көрнекі мысалдар қандай?» атты еңбегіндегі мәдениетаралық қарым-қатынастың нақты моделдері мен мысалдары талданады.

Тақырып 11. Шет тіліне және оны меңгеруге сұраныс саласындағы жаһандық трендтер (Лекция – 2 сағат).

Көрсетілген тақырып аясында шет тілі әлеуметтік, ақпараттық және кәсіби шеберлік, бірақ ең бастысы-жаһандық ойлауды дамытуға ықпал ететін жаһандық құзыреттілік және жаһанданған әлемдегі жаһандық азаматтықтың негізгі құндылығы ретінде қарастырылады.

Практикалық сабақ барысында әлемдегі сұранысқа ие топ 10 шет тілдер тізімі және олардың сұранысқа ие болу себептері талқыланады.

Тақырып 12. Ағылшын тіліне деген жаһанды сұраныстың артуы мен оның себептері (Лекция – 2 сағат).

Он екінші тақырып ағылшын тілінің жаһандық тіл ретіндегі маңыздылығын атап көрсетеді, себебі әлемдегі коммуникациялардың көп бөлігі ағылшын тілінде жүзеге асырылады. Сондай-ақ, ағылшын тілі ғылыми зерттеулерде, бизнесте және білім беруде қалай кеңінен қолданылатынын көрсетеді. Сонымен қатар саяхат, туризм және ойын-сауық салалары ағылшын тілін негізгі қарым-қатынас тілі ретінде қабылдаудан қалай пайда көретініне назар аударылады.

Практикалық сабақ барысында ағылшын тілі деңгейін тестілейтін IELTS, TOEFL сынды халықаралық емтихандар және олардың функциялары, сонымен қатар ағылшын тілінің беретін мүмкіндіктері талқыланады.

Тақырып 13. Зерттеу жүргізудегі ағылшын тілінің рөлі (Лекция – 2 сағат).

Он үшінші тақырып шеңберінде ағылшын тілі – ең маңызды академиялық және кәсіби құралдардың бірі сонымен қатар мобильді халықаралық қоғамдастық үшін ең маңызды тіл және ғылыми әлемнің ресми тілі ретінде қарастырылады.

Практикалық сабақ барысында Scopus базасына енетін бірнеше ғылыми журналдың ресми сайтымен дұрыс жұмыс жасау нұсқаулығы ұсынылады.

Тақырып 14. Жаһанды құзыретті болудағы шетел тілін меңгерудің рөлі (Лекция – 2 сағат).

Осы тақырып аясында кем дегенде бір шетел тілін меңгеру жаһанды құзыретті болудың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады, шетел тілінде білім алуда, зерттеу жүргізуде, кәсіби қызметтегі ұтымды тұстары айқын көрсетіледі.

Практикалық сабақ барысында электрондық ортадағы жазбаша іскерлік қарым-қатынаста шет тіліндегі коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесі ұсынылып, білімгерлерге ағылшын тілінде шетелдік ғалымға электрондық хат жазу бойынша нұсқаулық ұсынылады.

Тақырып 15. Болашақ педагог-психологты кәсіби бағытталғын шет тілінде оқытудың маңызы (Лекция – 2 сағат).

Лекция барысында кәсіби бағытталған шет тілін оқытудың мақсаттары мен міндеттері құзыреттілік тұрғысынан негізделеді, шет тіліндегі, кәсіби бағытталған коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасуын бағалаудың мүмкін әдістері талданады.

Практикалық сабақ болашақ педагог-психологтардың белгілі бір жағдайларда тілдік тәжірибені қолдану қабілетін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған жаттығулар кешенінен құралған.

Қалыптастырушы эксперименттің *біліктілік* сатысында жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың үшінші психологиялық-педагогикалық шарты (дамытуды практикалық қамтамасыздандыру) жүзеге асырылады. Аталған психологиялық-педагогикалық шартты жүзеге асыру үшін біз «Жаһандану жағдайында

болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» тренингтік бағдарламасын ұсынамыз.

Тренинг мамандарды даярлаудың инновациялық технологияларының бірі болып табылады, ол білім мен дағдыны берумен шектелмейді, зерттелген мәселемен тікелей байланыс орнатуға, адамдардың топтық өзара әрекеттесуінде модельделген өмірлік және кәсіби тәжірибені игеру және түсіну арқылы білім алуға мүмкіндік береді. Мұндай модельдеу оқытудың әртүрлі инновациялық формалары мен әдістерінің көмегімен жүзеге асырылады – шағын дәрістер, жобалық оқыту, топтық пікірталастар, жағдайларды талдау, іскерлік және рөлдік ойындар, қажетті дағдыларды дамытуға арналған жаттығулар. Олардың үйлесімі жаттығу материалдарының дәстүрлі сабақтарға қарағанда әлдеқайда тиімді игерілуіне ықпал етеді. Біз ұсынған тренингтің негізгі мақсаты – жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды практикалық тұрғыдан қамтамасыздандыру.

Тренинг бағдарламасына кіріспес бұрын, кейбір ұйымдастырушылық, мазмұнды мәселелерге тоқталу қажет деп есептейміз.

Тренингтік бағдарламаның ұйымдастырушылық аспектілері. Қатысушылар саны – 10-12 адам. 10-12 адамнан тұратын топ оңтайлы, себебі ол әртүрлі көзқарастарды ұсынуға мүмкіндік береді және жаттығулар мен ойындарды орындау үшін жұп құруға ыңғайлы. Бір сабақтың ұзақтығы – аптасына 1-1,5 сағат, топтық жұмыстың ұзақтығы – 7 сабақ. Сабақтарды өткізуге арналған аудитория жеткілікті кең, оқшауланған болуы керек, сонда сіз ашық ойындар мен жаттығулар жасай аласыз. Сабақтар шеңберде өтеді. Орындықтар ыңғайлы, бір-бірімен бекітілмеген болуы керек және олардың саны қатысушылардың санына тең. Аудиторияда плакаттарды орналастыруға арналған тақта немесе стенд, үстелдер (интерактивтік тақта) болуы тиіс. Қатысушыларға алдын-ала дайындалған үлестірме қажет. Сізге тапсырманың белгілі бір түрінің басталуы мен аяқталуы туралы сигнал беруге көмектесетін қоңырау, доп, смартфон немесе ноутбук, сурет салуға арналған керек-жарақтары, жазу қағазы және қолжетімді wi-fi желісі болуы керек. Жұмысты бастамас бұрын қатысушылармен келесі сұрақтарды талқылау қажет: «Тренингтен не күтесіз?», «Сіз тренинг тобында оқығыңыз келе ме?», «Сізде жұмыстың бағытына, біз талқылайтын мәселелерге қатысты қандай да бір тілектеріңіз, ұсыныстарыңыз бар ма?». Топты құру кезінде қатысушылардың кәсіби мүдделерін ескеру қажет. Шағын дәрістердің, ойындар мен жаттығулардың материалдарын қатысушылардың мүдделерін және олардың болашақ кәсіби қызметінің ерекшелігін ескере отырып таңдау қажет. Бұл әр қатысушының қызығушылығын арттырады және оған болашақ практикалық қызметіне қатысты бірқатар мәселелерді шешуге көмектеседі.

Тренингтік бағдарламаның мазмұндық аспектілері. Тренингтік бағдарлама 7 сабақтан тұрады. Бірінші сабақ кіріспе болып табылады және болашақ педагог-психологтың жаһандану жағдайында кәсіби дайындығы туралы жалпы идеяны жетілдіруге бағытталған. Қалған алты сабақ инновациялық және толеранттылық құзыреттіліктің өлшемдері ретінде бекітілген алты тақырыптық блокқа бөлінген: бірінші блок сыни ойлау, екінші

блок зерттеушілік, үшінші блок кәсіпкерлік, төртінші блок толеранттылық, бесінші блок өзін-өзі дамыту және алтыншы блок шиеленістерді шешу.

Тренинг бағдарламасына сәйкес сабақ жоспары:

1. Сабақты бастауды ұйымдастыру (5 мин).
2. Сабаққа ынталандыру (5 мин).
3. Сабақтың мақсатын анықтау (5 мин).
4. Білімнің бастапқы деңгейін бақылау (15 мин).
5. Тапсырмамен жұмыс бойынша нұсқаулық.
6. Тапсырмамен өзіндік жұмыс (30 мин):
 - нәтижені топтарда талқылау;
 - кіші топтар бойынша нәтижелерді талдау;
 - нәтижелерді ұсыну.
7. Талқылау қорытындысын шығару, бекіту (30 мин).
8. Қорытынды білім деңгейін бақылау (15 мин).
9. Тренинг қатысушыларының жұмысын бағалай отырып, сабақты қорытындылау - (10 мин).
- 10 үй тапсырмасы (5 мин)

Тренингтен күтілетін нәтижелер:

- жаңа ақпаратты игеру (мәселені терең зерттеу);
- деректерді жинау әдісін меңгеру;
- оқытудың жаңа тәсілін ұсыну;
- тренинг қатысушыларының кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру;
- талдау әдісін меңгеру (проблемалық талдау) ;
- мәтінмен жұмыс істей білу;
- теориялық және практикалық білімді ұштастыру.

Сабақтарды өткізу кезіндегі жұмыстың негізгі әдістері: case study, project-based learning, problem-based learning, SWOT analysis, Fishbone method, жаттығулар, рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, пікірталастар, әңгімелер, визуализация және т.б. Бұл тренинг қатысушыларына осы тақырып бойынша теориялық материалмен танысуға және кейбір практикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Негізгі жаттығуларды жұмысты жандандыру үшін немесе негізгі жаттығулардан кейін психологиялық және эмоционалды босату үшін қоланылады.


«Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» тренингінің мазмұндық аспектілерін 21-сурет ретінде бейнелеуді жөн көрдік.

Тренингтік бағдарламаның мазмұны. Бірінші сабақ тренингке қатысушыларда жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту туралы жалпы идеяны жетілдіруге арналған.

Мақсаты – жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту туралы жалпы түсінікті қалыптастыру.

Бірінші сабақ келесі міндеттерді шешеді: тренингке қатысушылармен танысу және байланыс орнату, бір-бірінің алғашқы әсерлерін қалыптастыру; топта жұмыс істеу үшін қолайлы жағдайлар жасау; алдағы сабақтарға оң мотивация беру және өзара түсінушілікке, өзара әрекеттесуге көзқарасты

калыптастыру; топ қатысушыларын жұмыстың мазмұны, тренингтің мақсаты мен міндеттері туралы хабардар ету тренинг ұзақтығы мен кестесін айқындау; жұмысқа қосу, жұмыстың одан арғы бағыттарын айқындау; тренингтік топтағы жұмыстың негізгі принциптерімен (ережелерімен) танысу және оларды анықтау; рефлексия дағдысын дамыту.



Сурет 21 – «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» тренингінің мазмұндық аспектілері

Бірінші сабақтың негізгі бөлімінде: Kahoot платформасы арқылы тестілеу түрінде тренинг қатысушыларының «жаһандану» феномені туралы жалпы түсінігін анықтау, әзіл түрінде берілген кейбір сұрақтар арқылы

қатысушылардың көңіл-күйін көтеріп, өзін еркін ұстап, тренингке деген ынтасын арттыру көзделеді. «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбында шағын дәріс (мақсаты – жаһандану үрдісінің педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін дамытудағы рөлімен таныстыру); «Venn diagram» (Венн диаграммасы бұл – екі немесе одан да көп ұғымдардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарының визуалды көрінісі. Ол шеңберлерді сурет ретінде қолдана отырып, екі немесе одан да көп мәліметтер жиынтығы арасындағы қатынасты бейнелейді) шынайы кейс, 2 практик педагог-психологтардың кәсіби қызметін талдау және салыстыру, бірі жаһандану тенденцияларына сәйкес заманауи кәсіби маман болса, екіншісі жоғары білім алғаннан кейінгі құзыреттілігін ары қарай дамытпаған, білімін жетілдірмеген жаһандық трендтерге сәйкес келмейтін маман (мақсаты – педагог-психологтардың 2 моделін көрсетіп, талдау және салыстыру арқылы жаһандану жағдайында қосымша құзыреттіліктер мен дағдылардың қажеттігін дәлелдеп, тренинг қатысушыларының жаһандық деңгейдегі маман болуға мотивацияларын арттыру).

Екінші сабақ жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудағы «инновациялық құзырет» блогының «сыни ойлау» компонентіне арналған.

Тренингтік бағдарламаның екінші сабағының мақсаты – болашақ мамандардың жаһандану жағдайында кәсіби қызметіндегі сыни ойлау дағдысының маңыздылығын ашып, оны дамыту бойынша жаттығулар кешенін ұйымдастыру:

1. Қолданылатын тәсіл: *Brain Storming* (Миға шыбуыл). Миға шабуыл-бұл – топтық шығармашылық әдісі, оның көмегімен қатысушылар өздігінен енгізген идеялар тізімін жинау арқылы белгілі бір мәселені шешуге күш салады. Басқаша айтқанда, ми шабуылы бұл – тыйымдарды жою арқылы белгілі бір мүдделер аймағында жаңа идеялар мен шешімдер шығаратын жағдай. Тренинг қатысушылары еркін ойлана алады және мүмкіндігінше өздігінен жаңа идеяларды ұсынады.

Тапсырма №1 (22-сурет).

Сұрақ
Білім беру сапасы төмендеп кетпейді ме?
Неліктен үлгерімі жоғары оқушы, үлгерімі төмен оқушымен қатар жазғы уақытта ұзақ оқуы тиіс?
Жазғы уақытта қызмет атқаратын мұғалімдерге үстемақы төлене ме?
Мұғалімдер үшін бұл шамадан тыс жүктеме болмай ма?
Осы ұзартылған уақытта оқушылар немен айналысады?

Сурет 22 – №1 тапсырма бойынша сұрақтар тізімі

Бизнесмен және Vi Group құрылыс холдингінің негізін қалаушы Айдын Рахымбаев Қазақстанда мектеп демалысының ұзақтығын төрт аптаға қысқартуды және соның есебінен оқу жылының ұзақтығын 38 аптаға дейін

ұзартуды ұсынды. Оның айтуынша, оқу жылының ұзақтығы Азияның алдыңғы қатарлы елдеріне қарағанда көп, бұл оқытудың тиімділігіне кері әсерін тигізеді.

Бұл ұсыныс қоғам арасында пікірталас туғызуда.

Берілген жағдайға дұрыс баға беру үшін келтірілген сұрақтардың қайсыларына жауап алу қажет?

Тапсырма №2. Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының президенті Мәдина Тыныбаева түсіндіріп өткендей, қазақстандық және халықаралық сарапшылар жүргізген зерттеулер мен талдау бірінші сынып оқушысына бір мезгілде үш тілді үйрену қиын екенін көрсетті (23-сурет).

Ұйғарым
Бірінші сыныпта баланың алдымен ана тілінде және жас ерекшеліктеріне сәйкес өз ойларын жеткізуге, оқуға, дұрыс жазуға үйренуі маңызды.
Екі немесе одан да жақсысы үш тілді білу – біздің артықшылығымыз. Ағылшын тілін білу қажеттілігі күмән тудырмауы тиіс. Ғылыми мақалалардың 90% - дан астамы ағылшын тілінде, интернеттегі контенттің 60% - ы ағылшын тілінде.
Біз тілдерге қатысты жаңа дискурс қалыптастыруымыз қажет. Қазір бізде тілге байланысты парадокс «немесе-немесе», ал біз мемлекеттік тілді білудің айқын және сөзсіз басымдылығын ескере отырып, «және» жүйесін ұстануымыз қажет.
Үштілділіктің үлкен бір мәселесі «жартытілділік» болып табылады, баланың тілдік жүйесі қалыптаспай жатып ығысады. Бізде жартылай тілді балалар көп. Бұл үштілділік емес, жартытілділік, яғни балалар сөз қазақ тілінде, орыс тілінде немесе ағылшын тілінде екенін толық ажырата алмайды.

Сурет 23 – №2 тапсырма бойынша ұйғарымдар тізімі

Ұсынылған ұйғарымдардың қайсысында ағылшын тілі маңыздылығының идеясы берілген?

Тренинг қатысушылары үйренеді:

– мәселе туралы ақпаратты оның белгілі бір мақсаттарға сәйкестігі тұрғысынан бағалауды;


– мәселе туралы өз пікірін білдіру үшін қандай ақпарат жетіспейтінін талдауды.

Үшінші сабақ жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудағы «инновациялық құзырет» блогының «зерттеушілік» компонентіне арналған.

Тренингтік бағдарламаның үшінші сабағының мақсаты: болашақ мамандардың жаһандану жағдайында кәсіби қызметіндегі зерттеушілік дағдысының маңыздылығын ашып, оны дамыту бойынша жаттығулар кешенін ұйымдастыру.

Қолданылатын тәсіл: *SWOT analysis* (Свот талдау). SWOT талдауы (немесе SWOT матрицасы) бұл – адамға немесе ұйымға бизнестегі бәсекелестікке немесе жобаны жоспарлауға байланысты күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіптерді анықтауға көмектесетін стратегиялық жоспарлау әдісі.

Мысал ретінде, Солтүстік Алабама университетіне жасалған свот талдауды қарастырамыз (24-сурет).



Сурет 24 – Солтүстік Алабама университетіне жасалған свот талдау

Тапсырма №1.

Туризмнің дамуы ағылшын тілінің әлемдегі ең маңызды тілге айналуына үлес қосуда. Кейбір адамдардың ойынша, бұл тенденция ағылшын тілінің жаһандағы жалғыз тілге айналуына алып келуі мүмкін.

Берілген тұжырымдамаға SWOT analysis тәсілі арқылы талдау жасаңыз.

Қатысушылар үйренеді:

- нақты мақсат қоюды;
- зерттеудің басым бағыттарын анықтауды;
- инновациялық ұйымдастырушылық шешімдерді енгізуді;
- мүмкіндіктерді оңтайлы пайдалануды.

2. Қолданылатын тәсіл: *Project-based learning* (жоба негізінде білім беру).

Жоба негізінде білім беру (PBL) бұл – білімгерлерге бағытталған педагогика, ол нақты мәселелерді белсенді түрде зерттеу арқылы білімгерлердің терең білім алуына бағытталған сабақ барысында динамикалық әдіс-тәсілдерді ұстанатын білім берудегі инновациялық тәсіл. Білімгерлер күрделі сұрақты, қиындықты немесе мәселені зерттеу және жауап іздеу үшін ұзақ уақыт жұмыс жасау арқылы тақырыпты тереңірек зерттейді.

Біз өзіміздің тренингтік бағдарламада Pam Grossman (2019) бастаған бір топ зерттеушілері практик-педагогтармен жүргізген ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ұсынған «Жобалық оқытудың негізгі тәжірибелері» аты моделін негізге аламыз (25-сурет).



Сурет 25 – «Жобалық оқытудың негізгі тәжірибелері» моделі

Жоғарыда көрсетілген модельге сәйкес біз тәжірибелі мұғалімдердің зерттеу жобаларына негізделген оқытудың төрт мақсатымен мен байланысты негізгі әдістерін сипаттаймыз. Сондай-ақ, біз осы әдістерді жобаларға негізделген сыныптарда қолданудың мысалдарын келтіреміз, мұғалімдердің төрт оқу мақсатына жету үшін осы негізгі әдістерді қолдана алатын бірнеше тәсілдерін суреттейміз.

Тапсырма №1. Берілген жаһандық мәселе бойынша өзіңіздің шешу жолдарыңызды ұсыныңыз.

Жаһандық өзгерістер институтының ресми сайтында жарияланған «Hunger in Africa Is Getting Worse – Here’s Why» атты мақаласында БҰҰ-ның «2020 жылға арналған әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігі мен тамақтану жағдайы» атты баяндамасын жариялады. Баяндамада Африкадағы аштықтың басты себептері көрсетілген. Баяндаманың толық нұсқасын <https://institute.global/advisory/hunger-africa-getting-worse-heres-why> сілтемесі арқылы оқып, аштықты алдын алу жолдарын ұсыныңыз.

Ағылшын тілін білмейтін қатысушыларға мақаланың қазақ, орыс тілдеріндегі аудармасы ұсынылады.

Қатысушылар үйренеді:

– зерттеуді қажет ететін үлкен және ашық сұрақтар немесе мәселелерге тыңғылықты назар аударуды;

– сыни ойлау, коммуникация серіктестік, креативтілік сынды 21 ғасыр дағдыларын қолдануды;

– зерттеу мәселесімен, үрдісімен, тәсілдерімен және нәтижелерімен шынайы ғылыми зерттеу жұмысы немесе шынайы жоба ретінде таныстыруды және конструктивті критиканы қабылдай білуді.

Төртінші сабақ жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудағы «инновациялық құзырет» блогының «кәсіпкерлік» компонентіне арналған.

Тренингтік бағдарламаның төртінші сабағының мақсаты – болашақ мамандардың жаһандану жағдайында кәсіби қызметіндегі кәсіпкерлік дағдысының маңыздылығын ашып, оны дамыту бойынша жаттығулар кешенін ұйымдастыру.

Қолданылатын тәсіл – *Case study* (Кейс стади). Кейс стади – көптеген пәндерді оқытуда педагогиканың ажырамас бөлігі болып табылады. Кейстар озық тәжірибені суреттеу, құралдарды қолдану, талқылауға шақыру, шешім қабылдауды жеңілдету, сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту сияқты бірқатар мақсаттарда қолданылады.

Кейспен жұмысты ұйымдастыру

1. Дайындық кезеңі

Жаңа жағдайда шешім қабылдау, әрекет ету тәжірибесінің пайда болуы.

Негізгі міндет – оқытушы кейс үшін материалды оңтайлы таңдауды жасау;

- 1) қосымша және қосалқы кейс үшін материал;
- 2) проблемалық жағдаяттарды шешу нұсқалары әзірленеді;
- 3) тренинг қатысушыларын жаңа жұмыс түріне дайындау.

2. Бірлескен қызметке кірісу кезеңі

Негізгі міндет – бірлескен жұмысқа деген мотивацияны қалыптастыру қатысушылардың инициативаларын арттыру .

- 1) тренинг қатысушыларына мәтін таратылады;
- 2) істің негізгі мәселесі анықталады.

3. Бірлескен қызметті ұйымдастыру кезеңі

Негізгі міндет: мәселелер шешу бойынша қызметті ұйымдастыру, іс-шаралар шағын топтарда немесе жеке ұйымдастырылуы мүмкін.

1) тренинг қатысушылары топтарға бөлінеді және бөлінген уақыт аралығында сұрақтарға жауап береді;

2) тренинг қатысушылары жеке жауаптарды презентация үшін бірыңғай позицияда жасайды;

3) шешіммен таныстыратын спикер таңдалады;

4) шешімнің мазмұндық жағы, презентацияның техникалық жағы бағаланады;

5) оқытушы жалпы дискусты ұйымдастырады және бағыттайды

4. Бірлескен қызметті талдау мен рефлексияның кезеңі

Негізгі мақсат – кейспен жұмыс істеудің білім беру және оқу нәтижелерін көрсету.

1) сабақты ұйымдастырудың тиімділігі талданады;

- 2) одан әрі жұмыс істеу үшін міндеттер қойылады;
- 3) оқытушы пікірталасты аяқтайды, топтардың жұмысын талдайды, қорытынды шығарады.

Тапсырма – 1


«Атамекен» ҚР ұлттық кәсіпкерлер палатысының ресми сайтынан алынған «Тез тамақтану кафесі» бизнес жоспары [https://atameken.kz/uploads/content/files/6_Дәмхана\(1\).pdf](https://atameken.kz/uploads/content/files/6_Дәмхана(1).pdf).

1. Берілген бизнес жоспарды талдаңыз.
2. Ұсынылған бизнес жоспарды жақсарту бойынша ұсыныстар беріңіз.

Қатысушылар үйренеді:

- белгісіздік жағдайында дұрыс шешім қабылдау;
- шешім қабылдау алгоритмін әзірлеу;
- жағдайды зерттеу дағдыларын меңгеру;
- іс-қимыл жоспарын әзірлеу;
- алған теориялық білімдерін тәжірибеде қолдану;
- басқа мамандардың көзқарасын ескеру.

Қолданылатын әдіс: Fishbone (Фишбоун). Фишбоун әдісі бұл – проблемаларды түсінуге, оларды шешу тәсілдеріне және білім беру міндеттерін қоюға негізделген мақсат қою әдісі. Бұл әдіс – балық қаңқасы түріндегі схемалық диаграммаға негізделген, ол белгілі бір объектіні немесе құбылысты талдау барысында анықталған проблемалардың себептерін және тиісті қорытындылар мен талқылау нәтижелерін нақты көрсетуге мүмкіндік береді (26-сурет).



Сурет 26 – Фишбоун әдісі

Тапсырма – 2. Фишбоун әдісін қолдана отырып, «COVID-19 дағдарысы кезінде бизнесіңізді қалай бейімдеуге болады» мәселесіне талдау жасаңыз.

Қатысушылар үйренеді:

- себептер мен салдар арасындағы қатынасты визуализациялауды;
- факторларды олардың маңыздылығы бойынша саралауды.

Бесінші сабақ жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудағы «толеранттылық құзырет» блогының «эмпатия» компонентіне арналған.

Тренингтік бағдарламаның бесінші сабағының мақсаты – болашақ мамандардың жаһандану жағдайында кәсіби қызметіндегі эмпатия дағдысының маңыздылығын ашып, оны дамыту бойынша жаттығулар кешенін ұйымдастыру.

Қолданылатын әдіс: Interview әдісі бұл – ақпарат алу үшін сұрақтар қойылатын әңгімелесу түрі:

1 кезең: Алдын-ала сұрақтар мен талқылау (10 мин) интервьюер екі сериядан тұратын кіріспе сұрақтардан тұрады. Сұрақтардың бірінші сериясы төзімділікке қатысты (Эмпатия дегеніміз не? Неліктен бұл қазіргі кездегі танымал сөз?, Оған деген жеке көзқарасыңыз қандай?); алдын-ала сұрақтардың екінші сериясы мәдениетке қатысты (сіз кейбір американдық құндылықтарды атай аласыз ба? Дәстүрлі қазақи құндылықтар? Құндылықтар дегеніміз не?, Сенімдер мен пікірдің арасындағы айырмашылық неде?). Интервьюер әртүрлі мәдениеттің құндылықтар мен нанымдары әртүрлі жиынтығымен сипатталады және олар мен олардың өкілдері арасындағы түсініспеушілік іс жүзінде мүмкін емес деген алдын-ала қорытынды жасайды.

2 кезең: төзімділік принципін тұжырымдау (10 мин), интервьюер қатысушыларға тағы бір сұрақ қояды: «Толеранттылық әмбебап қағида ма, әлде ешқашан төзуге болмайтын нәрселер бар ма? Біз еш нәрсеге қарамастан толерантты болуымыз қажет пе?». Жүргізуші қатысушыларды толеранттылық принципі адамның негізгі құқықтары мен моральдық құндылықтарымен теңдестірілуі керек («сіз өлтірмеуіңіз керек» және т.б.) салалар бар деген ойға жетелейді. Алайда, егер біз басқа адамдардың белгілі бір мінез-құлқы мен құндылықтарына қарсы тұрудан бас тартсақ та, біз оларға ешқашан құрметсіздікпен қарамауымыз керек және олардың негізгі адам құқықтарын бұзбауымыз керек. Баяндамашы топқа толеранттылық принципін тұжырымдауды ұсынады (шағын топтарда), топқа толеранттылық ұғымының анықтамасын ойлап табуға көмектеседі және қатысушылар ұсынған қорытынды анықтаманы жазады.

3 кезең: жүргізуші толеранттылық тиімді қарым-қатынас пен тұлғааралық және мәдениаралық түсіністік үшін ерекше маңызды болатын нақты салалар туралы сұрақтар қояды. Ол қатысушыларды әртүрлі адамдар бірдей құндылықтарды (мысалы, отбасы, қайырымдылық және т.б.) бөлісуді талап ететін, бірақ бұл құндылықтарды білдіруде күрт ерекшеленетін салалар ерекше күрделі деген қорытындыға әкеледі. Жүргізуші топты төрт шағын топқа бөледі, олардың әрқайсысына кішігірім карталарда басылған белгілі бір «мәдениет сипаттамасын» тағайындайды. Топтардың әрқайсысына бөлменің бір бұрышына барып, олардың «мәдениетімен» танысу ұсынылады. Мәдени сипаттамалардың мысалдары (оларды тіл және қол жетімді материалдар / тіректер тұрғысынан бейімдеуге болады):

Мәдениет 1: бұл елде бәрі шулы және қатты сөйлейді. Адамдар өздерінің эмоциялары мен сезімдерін ашық білдіруге дағдыланған. Отбасы, денсаулық проблемалары, аурулар, туыстар сияқты мәселелер жайлы егжей -тегжейлі сұрау және талқылау сыпайылықтың белгісі болып саналады және әңгімелесуші мұндай сұрақтарға бірдей қызығушылық танытады. Олардың

әңгімелері көптеген физикалық жанасулармен сипатталады. Қонақжайлылықтың ең жоғары көрінісі-қонақтарға тәттілер ұсыну.

Мәдениет 2: бұл елдің азаматтары мейірімді және жайдарлы. Олар қонақтарын күлімсіреп қарсы алады, бірақ тұйық күйді сақтайды. Олар өз қонақтарына барынша көңіл бөледі, бірақ сонымен бірге жеке басының сұрақтарына жауап беруден бас тартады. Олардың өміріндегі әр қадам тек өзіне белгілі дәстүрлер мен ережелермен реттеледі (бұл әдет-ғұрыпқа сәйкес, бұл әдет-ғұрыпқа емес). Егер сіз оларды дәстүрлеріне қарсы бірдеңе жасауға көндіруге тырыссаңыз, олар көбіне әрқашан «бұл әдет-ғұрыпқа сәйкес емес» деп жауап береді. Олар ешқашан өз руларына жатпайтын адамға қол тигізбейді. Кэмпиттер қасиетті; адам оларды жегеннен гөрі аштықтан өледі. Кэмпиттердің көптігі қоғамдағы жоғары мәртебені білдіреді. Бұл мәдениеттің адамдары физикалық жанасулардан өздерін аулық ұстайды.

Қатысушылар үйренеді:

- өзінің құндылықтары мен сенімдерін айқындауды және дәлелдеуді;
- эмпатия мен өзара байланысты білімді дамытуды, әлемді басқа адамның көзімен көру қабілетін дамытуды;
- әртүрлі мәдениетте тиімді жұмыс істей білу, мәдени айырмашылықтардан туындайтын динамиканы түсіну және әртүрлі мәдени ортадан адамдарды бейімдеу процестерін құру.

Алтыншы сабақ жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудағы «толеранттылық құзырет» блогының «Life long learning» компонентіне арналған.

Тренингтік бағдарламаның алтыншы сабағының мақсаты: болашақ мамандардың жаһандану жағдайында кәсіби қызметіндегі LLL (өзін-өзі дамыту) дағдысының маңыздылығын ашып, оны дамыту бойынша жаттығулар кешенін ұйымдастыру.

3. Қолданылатын тәсіл – *Evidence-based learning* (Дәлелді білім алу бұл – білім беру практикасы дәстүрлерге, жеке пікірлерге немесе басқа ақпарат көздеріне емес, дәлелденген ғылыми мәліметтерге негізделу қағидасына сүйене отырып, білім алу тәсілі).

Тапсырма №1.

Кейбір адамдар Covid-19-дың әсерінен жоспарланбаған және тез онлайн режимде оқуға көшуді – бірі қажетті практикасыз, оқу сапасының төмендеуі және жеткіліксіз дайындық – тұрақты өсуге әкелмейтін тәжірибе деп есептесе, енді бірі басқалары айтарлықтай артықшылығы бар жаңа гибридті білім беру моделі пайда болады деп санайды.

Жүргізілген ғылыми эксперименттердің нәтижесінде дәлелденген сенімді дереккөздердің, ғылыми зерттеу нәтижелерінің көмегімен онлайн оқыту бүкіл әлем бойынша оқушылардың білім сапасына теріс әсер еткенін растаңыз (30-кесте).

Кесте 30 – Ақпарат көзін талдау

Дереккөздің беделі	Ақпарат сенімді, беделді адамнан немесе ұйымнан келе ме? Маңыздылығы жоғары немесе сенсация қуды ма? Жаңалықтар көзін кім қаржыландырады?
Көздері	Сұрақ мұқият зерттелді ме? Хабарлама бір көзге негізделген бе? Қандай көздер алынды: сенімді, адал, объективті? Олар ашық пікірде ме, әлде фактілерді біржақты көрсете ме?
Мақсаты	Өзіңізден: «Берілген жаңалықтың мақсаты қандай: ақпараттандыру немесе көңілді аударту ма? Жарнама жасау немесе аудиторияны біреудің жағына шығаруға шақыру қажет пе?»
Сарын	Егер жаңалықтардың сарыны негативті, сыни бағытта болса, онда бұл дұрыс дәлелдер емес, біреуге жала жабу мақсатында болуы мүмкін.
Сенімділік	Ақпарат басқа көздерде ұсынылған ақпаратқа сәйкес келе ме ?
Өзектілік	Бұл ақпарат сенімді, жақында шыққан ба? 20 жыл бұрын болған шындық бүгінде ескіруі мүмкін. Қазіргі жылдам өзгеретін жаһандану жағдайында оқиғалар жылдам дами берсе, қазіргі уақытта бұл ақпаратқа толықтай сеніммен қарауға бола ма?

Бұған қоса сізге қарама-қарсы пікірді қолдау үшін де бір дәлел келтіру қажет.

Қатысушылар үйренеді:


- фактілерді пікірлерден ажыратуды;
- дұрыс диалог құруды;
- маңызды және объективті дәлелдерді таңдауды;
- біреудің көзқарасын құрметтеуді;
- оқиғаның толық және айқын көрінісін қалыптастыру үшін қажетті, сенімді ақпаратты іздеуді және табуы.

Жетінші сабақ жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудағы «толеранттылық құзырет» блогының «Конфликтті шешу» компонентіне арналған.

Тренингтік бағдарламаның жетінші сабағының мақсаты: болашақ мамандардың жаһандану жағдайында кәсіби қызметіндегі «Конфликтті шешу» дағдысының маңыздылығын ашып, оны дамыту бойынша жаттығулар кешенін ұйымдастыру.

Қолданылатын тәсіл – *Problem-based learning* (Мәселеге бейімдеп оқыту). Мәселеге бейімдеп оқыту бұл – студенттерге бағытталған педагогика, онда студенттер оқу материалында кездесетін ашық мәселені шешу тәжірибесі арқылы тақырыпты толықтай ашып үйренеді.

Тапсырма 1. Neil Katz & Kevin McNulty ұсынған «Конфликтті шешу моделі» (Conflict Resolution Model) сәйкес келесі сызбасы бойынша конфликтті шешуге тырысыңыз (27-сурет).



Сурет 27 – Конфликтті шешу моделі

«Әріптес оқытушы екеуміз ағылшын тілі мамандығының екінші курс студенттеріне ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша тапсырма құрастырдық. Өзара келісім бойынша білімгерлер 4-5 беттен тұратын ғылыми жұмыс өткізуі қажет болды, алайда әріптесім талапты өзгертіп өз тобының білімгерлерінен 2 беттен тұратын жұмыстарды қабылдап, бұған қоса білімгерлерге берілетін уақыт мөлшерін ұзартқаны белгілі болды. Бұл менің тобымның білімгерлерінің наразылығын тудырып, олар маған түрлі сұрақтармен шағымдана бастады».

Қатысушылар үйренеді:

- жанжалды конструктивті (бірлескен) жолмен шешуді;
- тараптардың ұстанымдары мен уәждерін дәл түсінуге, мүдделерінің заңдылығын тануға және екі жақтың қажеттіліктерін ескеретін шешім іздеуді.

Қорыта айтқанда, жүргізілген элективті курс, тренингтік бағдарлама мен аудиториядан тыс жұмыстарының ұйымдастырылуы болашақ педагог-психологтардың жаһандану жағдайында кәсіби құзыреттілігін дамытуға үлкен ықпал етеді деп есептейміз. Себебі, аталған жұмыстар барысында ұйымдастырылған case study, project-based learning, problem-based learning, SWOT analysis, Fishbone method, жаттығулар, рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, пікірталастар, әңгімелер, визуализация және т.б сынды білім беру саласына негізделген іс-шараларға қатысу арқылы білімгерлер өздерінің кәсіби құзыреттілігін жаһандық талартарға сәйкес дамытты.

2.4 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері


Зерттеудің қорытындылау кезеңінің мақсатын іске асыру жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың біз айқындаған психологиялық-педагогикалық шарттар кешені негізінде жасалған әдістеменің тиімділігін растауды талап етеді.

Диссертациялық жұмыстың 2.2-бөлімінде біз жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша ұсынған моделге сәйкес, инновациялық, толеранттылық және дүниетанымдық құзыреттер блогы және әр блогқа қарасты көрсеткіштердің инновациялық

(сыни ойлау, зерттеушілік, кәсіпкерлік), толеранттылық (эмпатия, өзін-өзі дамыту, шиеленістерді шешу), дүниетанымдық (әлемді тану, мәдениетаралық коммуникация, шет тілін меңгеру) құзыреттер бойынша респонденттердің бастапқы деңгейін анықтау нәтижелерін талдадық. Ендігі кезекте жүргізілген қалыптастырушы эксперименттің тиімділігін анықтау үшін диагностикалық әдістемелерді қайта жүргізудің қажеттілігі туындайды.

Инновациялық құзырет блогының сыни ойлау көрсеткіші бойынша эксперименттік жұмыс нәтижелері.

Эксперименттен кейінгі сауалнаманың нәтижелерін растау факторлық талдауы (Confirmatory factor analysis) сауалнаманың үш өлшемді құрылымының сәйкестігін растады: барлық нүктелер сауалнама құрылымының кейінгі моделінің диаграммасында көрсетілген тиісті факторларға жеткілікті жүктемелерге ие болды (28-сурет).



Сурет 28 – «Critical Thinking Skills of Prospective Teachers» сауалнамасы құрылымының эксперименттен кейінгі үлгісі

Көрсеткіштердің ортасында факторларға (шеңберлерге) нүктелердің (шаршылардың) факторлық жүктемелері көрсетіледі.


Модельдің жарамдылық көрсеткіштері өте жоғары болды ($\chi^2(24) = 16.763$ ($p = 0.859$); $RMSEA = 0.0$ ($0.0-0.047$); $CFI = 1.0$; $TLI = 1.122$; $SRMR = 0.046$), бұл жиынтықтың құрылымдық дұрыстығын және теориялық үш факторлы модельдің эмпирикалық мәліметтерге сәйкестігін дәлелдейді. Жалпы коэффициент α ($0,706$ ($0,605-0,789$)), жартылай бөліну коэффициенті ($0,717$ ($0,569-0,814$)) және корреляцияланған пункттердің орташа көрсеткіші ($0,22$) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді. Эксперименттік әсер ету аяқталғаннан кейін жүргізілген сауалнама нәтижелері 31-кестеде келтірілген.

Әр респонденттің сауалнамасының нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді: төмен (1-3 балл), орташа (4-5 балл) және жоғары (6-7 балл).

Кесте 31 – Сыни ойлау дағдысының деңгейінің диагностикасы

Факторлар	μ (σ)	
	бақылау тобы (n = 45)	эксперименттік топ (n = 45)
I. Жүйелілік	6,01 (0,83)	4,29 (0,76)
Мен өзімнің немесе басқалардың пікірін әділ бағалаймын	2,80 (0,94)	6,16 (0,71)
Мәселені шешкен кезде мен әдетте осы мәселені шешу үшін дерек көздерін жүйелі түрде ұйымдастырамын	5,18 (0,81)	5,44 (0,78)
Мен мәселені шешу үшін қорытындыларды тұжырымдамаларыма сүйене отырып жасаймын	5,04 (0,71)	6,27 (0,78)
II. Өзіне деген сенімділік	2,71 (0,85)	6,80 (0,77)
Мен кез-келген күрделі мәселені шеше аламын деп ойлаймын	2,73 (0,72)	2,84 (0,90)
Мен күрделі мәселені ынталы түрде шешемін	4,69 (0,79)	5,78 (0,74)
Мен әдетте өзім белгілеген критерийлерді қолдана отырып, күрделі мәселелерді шешемін	2,71 (1,01)	5,78 (0,67)
III. Скептицизм	4,83 (0,96)	5,90 (1,01)
Маған сұрақ қойылғанда, жауап бермес бұрын бірнеше рет ойланамын	4,84 (0,88)	2,87 (0,97)
Әдетте менің кез-келген шешімімде ақылға қонымды дәлелдер бар	2,56 (0,84)	2,67 (0,95)
Менің ойымша, кез-келген пікірде дәйекті себеп болуы қажет	6,09 (1,08)	6,18 (1,05)
Ескерту – Қорытынды эксперимент		

Әр фактор бойынша топтар арасындағы айырмашылық төмендегі 29-суретте көрсетілген.



Сурет 29 – Эксперименттен кейінгі «Critical Thinking Skills of Prospective Teachers» сауалнамасының шкаласы бойынша мәндер


Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара сегмент орташа (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік маркерлер) көрсетеді. Квадрат жақшалардың үстінде Р мәндері орналасқан (екі таңбалы t-тест).

Төмендегі 32-кестеде анықтаушы және қорытынды эксперимент кезеңіндегі сыни ойлау дағдысын диагностикалау бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық көрсетілген.

Кесте 32 – Сыни ойлау дағдысын диагностикалау бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық

Дағды	Деңгейлер	Бастапқы тексеру Сандық/пайыздық			Қорытынды тексеру Сандық/пайыздық		
		бақылау тобы	эксперименттік топ	айырмашылық, %	бақылау тобы	эксперименттік топ	айырмашылық, %
Сыни ойлау	Төмен	22/49%	20/44%	5	19/42%	10/22%	20
	Орта	15/33%	16/36%	3	17/38%	13/29%	11
	Жоғары	8/18%	9/20%	2	9/20%	22/49%	29

Берілген нәтижелерге сүйене отырып, сыни ойлау дағдысы бойынша бастапқы тексеру мен қорытынды тексерудегі бақылау тобы мен эксперименттік топ арасында деңгейлер бойынша айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін көруге болады. Мысалы, бастапқы диагностиканың нәтижелері бойынша БТ мен ЭТ жоғары деңгейіндегі айырмашылық бар жоғы 2%-ды құраса, қорытынды тексерудің нәтижесі бойынша айырмашылық 29%-ды құрады. Сондай-ақ, орта деңгей бойынша айырмашылық өсімі 8%-ды құрады, яғни бастапқы тексеруде айырмашылық 3 %-ды құраса, қорытынды тексеруде 11%-ға жеткен. Төмен деңгей бойынша да маңызды өзгешеліктер бар, осылайша, бастапқы диагностиканың нәтижесі бойынша екі топ арасындағы айырмашылық 5%-ды құрап, қорытынды эксперимент нәтижесіндегі айырмашылық 20%-ды көрсеткен. Кестеден көріп тұрғандай, сыни ойлау дағдысы бойынша қорытынды экспериментте жоғары деңгейді көрсеткен білімгерлер саны едәуір артқан, орта деңгей бойынша шамалы кему байқалса, ал төмен деңгейді көрсеткен респонденттер саны күрт төмендеген. Бұл көрсеткіштер ЭТ нәтижелерінің жалпы оң динамикасын көрсетеді. Әр деңгей бойынша өзгеріс векторлары келесі 30-суретте көрсетілген.




а – бақылау тобы; ә – эксперименттік топ

Сурет 30 – Сыни ойлау деңгейі бойынша сандық көрсеткіштер (білімгерлер саны) анықтаушы эксперимент (әрбір суреттің сол жақ секциясы) және қорытынды эксперимент (оң жақ секция) нәтижелері

Осылайша, эксперименттік топ қатысушылары бақылау тобындағы респонденттерге қарағанда барлық үш фактор бойынша (жүйелілік, өзіне деген сенімділік, скептицизм) өздерінің сыни ойлау деңгейін статистикалық тұрғыдан айтарлықтай жоғары ($P < 0,01$) бағалады.

2. Инновациялық құзырет блогының зерттеушілік компоненті бойынша эксперименттік жұмыс нәтижелері

Эксперименттен кейінгі сауалнаманың нәтижелерін растау факторлық талдау сауалнаманың екі өлшемді құрылымының сәйкестігін растады: барлық нүктелер анкета құрылымының кейінгі моделінің диаграммасында көрсетілген факторларға жеткілікті жүктемелерге ие болды (31-сурет).



Сурет 31 – «Research Competence scale» сауалнамасы құрылымының эксперименттен кейінгі моделі

Факторларға (шеңберлер) пункттердің факторлық жүктемелері (тік төртбұрыштар) бағыттаушылардың ортасында көрсетілген.


Модельдің жарамдылық көрсеткіштері жеткілікті болды ($\chi^2(34) = 38.906$ ($p = 0.258$); $RMSEA = 0.040$ ($0.0 - 0.090$); $CFI = 0.960$; $TLI = 0.948$; $SRMR = 0.063$), бұл жиынтықтың құрылымдық дұрыстығын және теориялық екі факторлы модельдің эмпирикалық мәліметтерге сәйкестігін дәлелдейді. Ал жалпы коэффициенті ($0,743$ ($0,656 - 0,815$)), жартылай бөліну коэффициенті ($0,800$ ($0,696 - 0,869$)) және корреляцияланған пункттердің орташа көрсеткіші ($0,22$) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді. Эксперименттік әсер ету аяқталғаннан кейін жүргізілген сауалнама нәтижелері 33-кестеде келтірілген.

Кесте 33 – Эксперименттен кейінгі «Research Competence scale» сауалнамасының шкаласы үшін сипаттамалық статистика

Факторлар	μ (σ)	
	бақылау тобы ($n = 45$)	эксперименттік топ ($n = 45$)
I. Зерттеуді жоспарлау	1,33 (0,68)	5,59 (0,75)
Маған нақты зерттеу сұрақтарын / гипотезаларын құру қиын.	1,13 (0,69)	3,47 (0,66)
Зерттеу мәселесін айқындау үшін қандай деректер / көздер / материалдар қажет екенін шеше аламын.	1,31 (0,82)	5,58 (0,72)
Мен зерттеу үрдісін жоспарлай аламын	3,47 (0,63)	5,60 (0,84)
Зерттеу үрдісінің әрбір кезеңін жүзеге асыру маған қиынға соғады.	5,40 (0,54)	2,73 (0,75)
II. Әдістерді таңдау және қолдану	3,22 (0,60)	3,40 (0,82)
Белгілі бір зерттеу тақырыбын қарастыру үшін қандай әдістерді қолдану керектігін шешу мен үшін оңай.	1,27 (0,65)	3,42 (0,94)
Белгілі бір зерттеу тақырыбын қарастыру үшін қандай әдіс терді қолдану оңтайлы емес екендігін шешу мен үшін оңай.	1,16 (0,47)	2,18 (0,65)
Мен сапалы деректерді сенімді түрде талдай аламын.	3,24 (0,53)	3,47 (0,76)
Мен зерттеу тақырыбыма сәйкес келетін әртүрлі зерттеу әдістерін қолдана аламын.	1,16 (0,67)	5,58 (0,97)
Мен деректерді/дереккөздерді / материалдарды талдау үшін күрделі әдістерді сенімді түрде қолдана аламын	1,29 (0,73)	3,42 (0,69)
Мен деректерді талдаудың әртүрлі әдістерін сенімді түрде қолдана аламын	1,22 (0,52)	2,36 (0,86)

Әрбір респонденттің сауалнама нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді: ол төмен (1-2 балл), орташа (3 балл) және жоғары (4-5 балл) деп түсіндірілді.

Әр фактор бойынша топтар арасындағы айырмашылық төмендегі 32-суретте көрсетілген.



Сурет 32 – Эксперименттен кейінгі «Research Competence scale» сауалнамасының шкаласы бойынша мәндер

Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара сегмент орташа (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік маркерлер) көрсетеді. Квадрат жақшалардың үстінде Р мәндері орналасқан (екі таңбалы t-тест).


Төмендегі 34-кестеде анықтаушы және қорытынды эксперимент кезеңіндегі зерттеушілік дағдысын диагностикалау бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық көрсетілген.

Кесте 34 – Зерттеушілік дағдысын қайта диагностикалау бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық

Фактор	Деңгейлер	Бастапқы тексеру Сандық/пайыздық			Қорытынды тексеру Сандық/пайыздық		
		бақылау тобы	эксперименттік топ	айырмашылық, %	бақылау тобы	эксперименттік топ	айырмашылық, %
Зерттеушілік	Төмен	36/80%	33/73%	7	29/64%	11/24%	40
	Орта	7/16%	11/24%	6	11/24%	17/38%	14
	Жоғары	2/4%	1/3%	1	5/12%	17/38%	26

Зерттеушілік дағды бойынша қорытынды эксперименттің нәтижелері келесідей тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді: бастапқы тексеру нәтижесінде БТ мен ЭТ арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмаған, әсіресе, жоғары деңгейдегі айырмашылық небәрі 1%-ды құраған, жалпы жоғары деңгейдегі көрсеткішті БТ мен ЭТ-да білімгерлер сәйкесінше 4% бен 3%-ды құраған. Ал қорытынды тексеру нәтижесіндегі ең үлкен айырмашылық төмен деңгейге тиесілі. Бұл деңгей бойынша екі топ арасындағы айырмашылық

40%-ды құрайды. ЭТ-да бұл деңгейдегі көрсеткіші бастапқы тексерумен салыстырғанда 49%-ға азайған, сәйкесінше орта деңгейдегі көрсеткіш 14%-ға, жоғары деңгейдегі 35%-ға өскен. Бұл көрсеткіштер ЭТ-да зерттеушілік дағдының дамуы бойынша жалпы оң динамиканы аңғартады. Әр деңгей бойынша өзгеріс векторлары келесі 33-суретте көрсетілген.




а – бақылау тобы; ә – эксперименттік топ

Сурет 33 – Зерттеу дағдысының деңгейі эксперимент басталғанға дейін (әр суреттің сол жақ секциясы) және одан кейінгі (оң жақ секция) бақылау және эксперименттік топтарының нәтижелері

Осылайша, эксперименттік топ қатысушылары өздерінің зерттеу дағдыларының деңгейін зерттеуді жоспарлау шкаласы ($P < 0,001$) бойынша да, әдістерді іріктеу және қолдану шкаласы ($P < 0,01$) бойынша да бақылау тобындағы респонденттермен салыстырғанда статистикалық маңызды жоғары бағалады.

3. Инновациялық құзырет блогының «кәсіпкерлік» компоненті бойынша эксперименттік жұмыс нәтижелері

Эксперименттен кейінгі сауалнаманың нәтижелерін растау факторлық талдауы сауалнаманың бір өлшемді құрылымының сәйкестігін растады: барлық нүктелер анкета құрылымының кейінгі моделінің диаграммасында көрсетілген факторға жеткілікті жүктемелерге ие болды (34-сурет).



Сурет 34 – «Кәсіпкерлік дағдылар» сауалнамасы эксперименттен кейінгі моделі

Факторларға (дөңгелектер) пункттердің факторлық жүктемелері (тік төртбұрыштар) бағыттаушылардың ортасында көрсетілген.

Модельдің жарамдылық индексі жалпы қанағаттанарлық болды ($\chi^2(35)=53.360$ ($p = 0.024$); $RMSEA = 0.076$ ($0.028 - 0.116$); $CFI = 0.907$; $TLI = 0.881$; $SRMR = 0.068$), бұл құрылымның құрылымдық дұрыстығын және теориялық бір факторлы модельдің эмпирикалық мәліметтерге сәйкестігін дәлелдейді. А жалпы коэффициенті ($0,805$ ($0,739 - 0,860$)), жартылай бөліну коэффициенті ($0,753$ ($0,624-0,838$)) және корреляцияланған пункттердің орташа көрсеткіші ($0,29$) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді. Эксперименттік әсер ету аяқталғаннан кейін жүргізілген сауалнама нәтижелері 35-кестеде келтірілген.

Кесте 35 – Эксперименттен кейінгі «Кәсіпкерлік дағдылар» сауалнамасының сипаттамалық статистикасы


Пункттер	μ (σ)	
	бақылау тобы ($n = 45$)	эксперименттік топ ($n = 45$)
1	2	3
Мен өз идеяларымды ұсына аламын	2,96 (0,95)	3,24 (1,0)
Мен күнделікті өмірдегі тәуекелдерді анықтай аламын және олардан аулақ болу жолдарын білемін	2,93 (0,84)	5,02 (1,14)
Мен идеяларды дамыта аламын және оларды жүзеге асыру мақсаттарын негіздей аламын	5,18 (0,96)	5,09 (0,87)
Мен тәуекелдерді түсінемін және өз әрекеттерім үшін жауапкершілікті өз мойныма аламын	5,07 (0,94)	6,42 (1,01)
Мен тұжырымдаманың жобасын елестете аламын және бизнес-жоспардың мақсатын түсіне аламын	2,98 (0,89)	5,09 (1,02)

35-кестенің жалғасы

1	2	3
Мен идеяларды бизнес ұсыныстарға айналдырып, олардың инновациялық тәсілдері мен нарықтық әлеуетін бағалай аламын	5,04 (0,74)	3,27 (0,99)
Мен кейс-стади әдісі арқылы бизнес тәуекелдерін бағалай аламын және тиісті шешімдер қабылдай аламын	2,98 (0,84)	6,27 (1,01)
Басқалармен пікірталаста мен өз идеяларымды құрылымдық түрде қолдайтын дәлелдер таба аламын	6,16 (0,82)	6,31 (1,06)
Мен бизнес-жоспарларды оқи, түсіндіре және бағалай аламын	3,04 (0,88)	6,31 (1,04)
Мен әлеуметтік кәсіпорынның бизнес-моделі аясында / өз бизнес-жоспарымды жасай аламын	5,04 (1,02)	6,20 (1,04)

Әрбір респонденттің сауалнама нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді: ол төмен (1-3 балл), орташа (4-5 балл) немесе және (6-7 балл) деп түсіндірілді.

Сауалнама нәтижелеріндегі топтар арасындағы айырмашылықтар 35-суретте көрсетілген.



Сурет 35 – Эксперименттен кейінгі «Кәсіпкерлік дағдылар» шкаласы бойынша мәндер

Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара сегмент орташа (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік маркерлер) көрсетеді. Тікбұрышты жақшаның үстінде Р мәні орналасқан (екі таңбалы t-тест).


Төмендегі 36-кестеде анықтаушы және қорытынды эксперимент кезеңіндегі кәсіпкерлік дағдысын диагностикалау бойынша алынған

нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық көрсетілген.

Кесте 36 – Кәсіпкерлік дағдысын диагностикалау бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық

Фактор	Деңгейлер	Бастапқы тексеру Сандық/пайыздық			Қорытынды тексеру Сандық/пайыздық		
		бақылау тобы	эксперименттік топ	айырмашылық, %	бақылау тобы	эксперименттік топ	айырмашылық, %
Кәсіпкерлік	Төмен	28/62%	24/47%	15	25/55%	9/20%	35
	Орта	13/29%	16/35%	6	17/38%	13/29%	9
	Жоғары	4/9%	8/18%	9	3/7%	23/51%	44

37-кестеден көріп тұрғандай, бастапқы тексеру кәсіпкерлік дағдысының төмен деңгейі бойынша БТ мен ЭТ арасында біршама (15%) айырмашылықты көрсетті. Қалған екі орта төмен деңгейлерде айтарлықтай айырмашылықтар болмады. Қорытынды тексеру нәтижелеріне сәйкес кәсіпкерлік дағдының төмен деңгей мен орта деңгей көрсеткіштерінде БТ мен ЭТ арасында маңызды айырмашылықтар болды. Орта деңгейдегі айырмашылық 35% құраса, жоғары деңгейде бұл көрсеткіш 44%-ға дейін жеткен. Әр деңгей бойынша өзгеріс векторлары келесі 36-суретте көрсетілген.




а – бақылау тобы; ә – эксперименттік топ

Сурет 36 – Эксперимент басталғанға дейін (әрбір суреттің сол секциясы) және одан кейін (оң жақ секция) бақылау және эксперименттік топтарының нәтижелері

Осылайша, эксперименттік топтың қатысушылары өздерінің кәсіпкерлік әлеуетінің деңгейін бақылау тобындағы респонденттермен салыстырғанда статистикалық тұрғыдан жоғары ($P < 0,01$) бағалады.

4. Толеранттылық құзырет блогының эмпатия дағдысы бойынша эксперименттің жұмыс нәтижелері

Эксперименттен кейінгі сауалнаманың нәтижелерін растау факторлық талдауы сауалнаманың үш өлшемді құрылымының сәйкестігін растады: барлық нүктелер сауалнама құрылымының кейінгі моделінің диаграммасында көрсетілген тиісті факторларға жеткілікті жүктемелерге ие болды (37-сурет).



Сурет 37 – «Everyday Multicultural Competencies/ethnocultural Empathy Revised Scale» сауалнамасы құрылымының эксперименттен кейінгі моделі

Факторларға (дөңгелектер) пункттердің факторлық жүктемелері (тік төртбұрыштар) бағыттаушылардың ортасында көрсетілген.

Модельдің жарамдылық индекстерінің барлығы бірдей қанағаттанарлық емес ($\chi^2(32) = 55,854$ ($p = 0,006$); $RMSEA = 0,091$ ($0,049 - 0,130$); $CFI = 0,852$; $TLI = 1,122$; $SRMR = 0,073$), алайда жалпы коэффициент α ($0,777$ ($0,701 - 0,840$)), жартылай бөліну коэффициенті ($0,784$ ($0,671-0,858$)) және корреляцияланған тармақтардың орташа көрсеткіші ($0,33$) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді. Эксперименттік әсер ету аяқталғаннан кейін жүргізілген сауалнама нәтижелері 37-кестеде келтірілген.

Кесте 37 – «Everyday Multicultural Competencies/Revised Scale of Ethnocultural Empathy» эмпатия дағдысының деңгейінің диагностикасы

Факторлар	μ (σ)	
	бақылау тобы ($n = 45$)	эксперименттік топ ($n = 45$)
1	2	3
I. Мәдени ашықтық	1,69 (0,81)	5,94 (0,78)
Мен әртүрлі мәдениет өкілдерімен қарым-қатынаста болу мүмкіндігі бар ұйымда жұмыс істегім келеді.	1,64 (0,83)	5,98 (0,78)


37-кестенің жалғасы

1	2	3
Мен университеттің түрлі мәдени іс-шараларына қатысуға мүдделімін.	3,78 (0,70)	3,96 (0,74)
Менің елімнің тұрғындарының көпшілігіне басқа елдердің мәдениеті туралы көбірек білу пайдалы болар еді.	1,64 (0,88)	5,89 (0,83)
Мен тәуекелдерді түсінемін және өз әрекеттерім үшін жауапкершілікті өз мойныма аламын	5,07 (0,94)	6,42 (1,01)
II. Өзара әрекеттесу	1,66 (0,85)	5,81 (0,74)
Мен оқу үрдісі немесе топтық жобалар аясында басқа мәдениет өкілдерімен өзара әрекеттесуге қарсы емеспін.	1,62 (0,83)	1,71 (0,79)
Өзге мәдениет өкілдерімен қарым-қатынасқа түсу мен үшін ыңғайсыздық тудырады.	3,73 (0,94)	5,84 (0,74)
Мен басқа нәсілдегі адамдардан қорқамын.	3,67 (0,85)	5,82 (0,78)
Менің мәдениетімнен тыс мәдениет өкілдерімен берік достық қарым-қатынасым болуы мүмкін екеніне күмән келтіремін.	1,60 (0,81)	5,87 (0,66)
III. Эмпатия	3,71 (0,70)	5,79 (0,78)
Маған өзімнен басқа нәсілдік немесе этникалық адам болу қандай болатынын түсіну оңай.	6,00 (0,67)	4,09 (0,76)
Маған нәсілдік немесе этникалық жағынан өзгеше адамның орнына өзімді қою қиын.	1,58 (0,72)	1,69 (0,67)
Адамдар өздерінің нәсілдік немесе этникалық шығу тегіне байланысты қиындықтарға тап болуы мені алаңдатады.	3,56 (0,62)	1,58 (0,81)
Ескерту – Қорытынды эксперимент		

Әрбір респонденттің сауалнама нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді: ол төмен (1-2 балл), орташа (3-4 балл) және жоғары (5-6 балл) деп түсіндірілді. 16-суретте студенттердің зерттеудің бастапқы және қорытынды кезеңдерінде белгіленген көрсеткіш деңгейі көрсетілген.

Әр фактор бойынша топтар арасындағы айырмашылықтар 38-суретте көрсетілген.

Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара сегмент орташа (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік маркерлер) көрсетеді. Тікбұрышты жақшалардың үстінде Р мәндері орналасқан (екі таңбалы t-тест).




Сурет 38 – Эксперименттен кейінгі «Everyday Multicultural Competencies/Revised Scale of Ethnocultural Empathy» сауалнамасының шкаласы бойынша мәндер

Төмендегі 38-кестеде анықтаушы және қорытынды эксперимент кезеңіндегі эмпатия дағдысын диагностикалау бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық көрсетілген.

Кесте 38 – Эмпатия дағдысын диагностикалау бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық

Фактор	Деңгейлер	Бастапқы тексеру Сандық/пайыздық			Қорытынды тексеру Сандық/пайыздық		
		бақылау тобы	эксперименттік топ	айырмашылық, %	бақылау тобы	эксперименттік топ	айырмашылық, %
Эмпатия	Төмен	23/51%	21/47%	4	247/53 %	13/29%	24
	Орта	17/38%	15/33%	5	18/40%	7/16%	24
	Жоғары	5/11%	9/20%	9	3/7%	25/55%	48

Берілген бастапқы және қорытынды тексеру нәтижелеріне сәйкес, бастапқы тексеруден кейін БТ мен ЭТ арасындағы деңгей бойынша айырмашылық айтарлықтай емес екені байқалды. Дегенмен, қорытынды тексеру нәтижелеріне сүйенсек, деңгейлердегі өзгешелік бірден көзге түседі, әсіресе, БТ мен ЭТ арасындағы жоғары деңгейдегі айырмашылық бастапқы тексерумен салыстырғанда 39%-ға өскен. Бұл көрсеткіш қалыптастырушы эксперименттің тиімділігін және нәтижелілігін толықтай растайды. Ал қалған екі деңгей бойынша айырмашылық бірдей 24%-ды құрады. Әр деңгей бойынша өзгеріс векторлары келесі 39-суретте көрсетілген.




а – бақылау тобы; ә – эксперименттік топ

Сурет 39 – Эксперимент басталғанға дейін (әрбір суреттің сол секциясы) және одан кейін (оң секция) бақылау және эксперименттік топтарының эмпатия дағдысының деңгейі

Осылайша, эксперименттік топ қатысушылары өздерінің эмпатия деңгейін бақылау тобындағы респонденттерге карағанда үш фактор бойынша да (мәдени ашықтық, өзара әрекеттесу, эмпатия) шкаласы бойынша статистикалық тұрғыдан жоғары ($P < 0,01$) бағалады.

Толеранттылық құзырет блогының өзін-өзі дамыту дағдысы бойынша эксперименттік жұмыс нәтижелері.

Эксперименттен кейінгі сауалнаманың нәтижелерін растау факторлық талдауы сауалнаманың бір өлшемді құрылымының сәйкестігін растады: барлық нүктелер анкета құрылымының кейінгі моделінің диаграммасында көрсетілген факторға жеткілікті жүктемелерге ие болды (40-сурет).



Сурет 40 – «Lifelong learning Competence scale» сауалнамасы құрылымының эксперименттен кейінгі моделі

Факторларға (дөңгелектер) пункттердің факторлық жүктемелері (тік төртбұрыштар) бағыттаушылардың ортасында көрсетілген.


Модельдің жарамдылық индексі жалпы шекті мәндерге сәйкес келді ($\chi^2(54) = 68.431$ ($p=0.089$); $RMSEA=0.054$ (0.0 - 0.090); $CFI = 0.968$; $TLI = 0.961$; $SRMR = 0.048$), бұл құрылымның құрылымдық дұрыстығын және теориялық бір факторлы модельдің эмпирикалық мәліметтерге сәйкестігін дәлелдейді. Жалпы коэффициент α (0,908 (0,877-0,933)), жартылай бөліну коэффициенті (0,887 (0,828-0,926)) және корреляцияланған пункттердің орташа көрсеткіші (0,46) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді. Эксперименттік әсер ету аяқталғаннан кейін жүргізілген сауалнама нәтижелері 39-кестеде келтірілген.

Кесте 39 – «Lifelong Learning Competence scale» өзін-өзі дамыту дағдысы деңгейінің диагностикасы

Пункттер	μ (σ)	
	бақылау тобы (n = 45)	эксперименттік топ (n = 45)
Мансаптық дамуға қолжетімді мүмкіндіктерді анықтай алу	3,02 (0,75)	4,20 (0,87)
Мансап немесе білім беру саласына қатысты барлық оқу іс-шараларының бағдарламаларын орындау	1,89 (0,75)	3,13 (1,04)
Оқу үрдісінде еш кідірместен сұрақ қою қабілеті	1,96 (0,77)	4,16 (1,07)
Өз кәсіби саласында кез келген мәселе бойынша қызығушылық таныта білу	3,0 (0,77)	3,22 (0,90)
Қызықтыратын пән бойынша білім алу кезінде тұжырымдамалық карталарды қалыптастыру мүмкіндігі	1,98 (0,84)	4,13 (0,99)
Зерттелетін пән бойынша маңызды тұстарды таңдау мүмкіндігі	1,93 (0,81)	3,04 (1,02)
Мансаптық өсуге ықпал ететін құжаттарды таңдау мүмкіндігі	4,02 (0,81)	4,18 (0,91)
Оқуды жеңілдететін материалдарды таңдау мүмкіндігі	1,93 (0,72)	2,00 (0,98)
Оқу үрдісінде жаңа ақпаратқа зейін салу мүмкіндігі	4,04 (0,85)	4,16 (0,95)
Оқу үрдісінде туындайтын қиындықтарды түсіну қабілеті	1,80 (0,73)	4,98 (0,94)
Оқу процесінде тілді тиімді пайдалану мүмкіндігі	4,04 (0,85)	4,16 (0,95)
Оқу процесінде эмпатияны қалыптастыру қабілеті	1,80 (0,73)	1,98 (0,94)
Ескерту – Қорытынды эксперимент		

Әрбір респонденттің сауалнама нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді, ол төмен (1-2 балл), орташа (3 балл) немесе жоғары (4-5 балл) деп түсіндірілді.

Сауалнама нәтижелеріндегі топтар арасындағы айырмашылықтар 41-суретте көрсетілген.



Сурет 41 – Тәжірибеден кейін «Lifelong Learning Competence scale» шкаласы бойынша мәндер

Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара сегмент орташа (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік маркерлер) көрсетеді. Тікбұрышты жақшаның үстінде Р мәні орналасқан (екі таңбалы t-тест).


Төмендегі 40-кестеде анықтаушы және қорытынды эксперимент кезеңіндегі өзін-өзі дамыту дағдысын диагностикалау бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық көрсетілген.

Кесте 40 – Өзін-өзі дамыту дағдысын диагностикалау бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық

Фактор	Деңгейлер	Бастапқы тексеру Сандық/пайыздық			Қорытынды тексеру Сандық/пайыздық		
		бақылау тобы	эксперименттік топ	айырмашылық, %	бақылау тобы	эксперименттік топ	айырмашылық, %
Өзін-өзі дамыту	Төмен	32/74%	31/68%	6	28/62%	7/16%	46
	Орта	7/13%	9/20%	7	7/16%	12/27%	11
	Жоғары	6/13%	5/12%	1	10/22%	26/57%	35

Анықтаушы және қорытынды диагностика нәтижелеріне сәйкес, өзін-өзі дамыту дағдысы бойынша да алғашында БТ мен ЭТ арасындағы айырмашылық көп емес, яғни екі топқа тиесілі білімгерлердің бастапқы деңгейлері ұқсас болған. Алайда, қорытынды эксперименттің нәтижелері назар аудартарлық, бұл орайда, әсіресе, төмен деңгей мен жоғары деңгейдегі үлкен айырмашылықты атап көрсетуге болады, олар сәйкесінше 46% бен 35%-ды құрады. Ал орта деңгейдің қорытынды тексерудегі айырмашылық көрсеткіші төмен деңгей мен

жоғары деңгеймен салыстырғанда аса маңызды болмады, тек 11%-ды көрсетті. Дегенмен, қорытынды тексерудегі ЭТ-тағы жоғары деңгейдің өсуі, ал төмен деңгейдің керісінше күрт төмендеуі қалыптастырушы эксперименттің тиімді болғанын дәлелдейді. Әр деңгей бойынша өзгеріс векторлары келесі 42-суретте көрсетілген.



а – бақылау тобы; ә – эксперименттік топ


Сурет 42 – Өзін-өзі дамыту дағдысының эксперимент басталғанға дейін (әрбір суреттің сол секциясы) және одан кейін (оң секция) бақылау және эксперименттік топтарының көрсеткіштері

Осылайша, эксперименттік топтың қатысушылары бақылау тобындағы респонденттермен салыстырғанда өзін-өзі дамыту дағдысы бойынша статистикалық тұрғыдан жоғары деңгей көрсетті ($P < 0,01$).

Толеранттылық құзырет блогының шиеленістерді шешу дағдысы бойынша эксперименттік жұмыс нәтижелері

Эксперименттен кейінгі сауалнама нәтижелерінің растаушы факторлық талдауы сауалнаманың төрт өлшемді құрылымының сәйкестігін растады: барлық нүктелер сауалнама құрылымының кейінгі моделінің диаграммасында көрсетілген тиісті факторларға жеткілікті жүктемелерге ие болды (43-сурет).

Факторларға (дөңгелектер) пункттердің факторлық жүктемелері (тік төртбұрыштар) бағыттаушылардың ортасында көрсетілген.



Сурет 43 – «Everyday Multicultural Competencies/ethnocultural Empathy Revised Scale» сауалнамасы құрылымының эксперименттен кейінгі моделі

Модельдің жарамдылық индекстерінің барлығы бірдей қанағаттанарлық емес ($\chi^2(129) = 175,711$ ($p = 0,004$); $RMSEA = 0,063$ ($0,037 - 0,086$); $CFI = 0,80$; $TLI = 0,763$; $SRMR = 0,087$), алайда жалпы коэффициент α ($0,736$ ($0,649 - 0,809$)), жартылай бөліну коэффициенті ($0,820$ ($0,727 - 0,882$)) және корреляцияланған тармақтардың орташа көрсеткіші ($0,15$) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді. Эксперименттік әсер ету аяқталғаннан кейін жүргізілген сауалнама нәтижелері 41-кестеде келтірілген.

Кесте 41 – «Dutch Test of Conflict Handling» шиеленістерді шешу дағдысының деңгейінің диагностикасы


Факторлар	μ (σ)	
	бақылау тобы ($n = 45$)	эксперименттік топ ($n = 45$)
1	2	3
I. Ынтымақтастық	3,30 (0,99)	3,46 (0,96)
Мені және өзге тарапты қанағаттандыратын шешімді қабыламас бұрын мен мәселені жан-жақты саралаймын	3,29 (1,04)	3,36 (0,98)
Мен ортақ компромис табудың қажеттілігін жақсы түсінемін	3,31 (0,92)	3,51 (1,01)
Мен мәселені өзімнің және өзгелердің пайдасына шешу үшін барынша тырысамын	3,20 (1,06)	3,33 (0,95)
Мен оптималды шешімді қабылдау үшін мәселені екіжақты қарастырамын	3,31 (0,90)	3,44 (0,94)
Мен 50/50 компромисын табу үшін барынша тырысамын	3,36 (1,07)	3,40 (0,96)
Мен екі жақтан да талаптан шегінудің болуын қадағалаймын	3,27 (1,03)	3,58 (1,01)
Мен алтын ортаны табуға тырысамын	3,36 (0,98)	3,62 (0,91)
II. Жалтару	3,26 (1,05)	3,17 (1,07)
Мен басқаларға қарсы тұрмауға тырысамын	3,27 (0,94)	3,22 (0,95)

41-кестенің жалғасы

1	2	3
Мен пікірлердің әртүрлігінен сескенемін	3,20 (1,10)	3,11 (1,09)
Мен біздің әртүрлігімізге қатысты шиеленістерден аулақпын	3,31 (1,12)	3,18 (1,17)
III. Көнгіштік	3,31 (0,96)	3,34 (0,91)
Мен өзге тараптың мақсат-мүдделеріне бейімделемін	3,31 (1,08)	3,27 (1,07)
Мен өзге тараптың қызығушылығын бірінші орынға қоямын	3,53 (0,81)	3,58 (0,81)
Мен өзге тарапқа қол ұшымды созуға тырысамын	3,09 (0,97)	3,18 (0,89)
Мен өзге тараппен толықтай келісемін	3,31 (0,95)	3,36 (0,80)
IV. Табандылық	3,34 (0,99)	3,56 (1,06)
Мен үнемі өз пайдамды іздеймін	3,22 (1,04)	3,36 (1,09)
Мен өзіме жағымды нәтиже шығару үшін барынша күресемін	3,24 (0,96)	3,44 (1,08)
Мен барлығын жеңу мақсатында жасаймын	3,38 (1,09)	3,64 (1,07)
Мен өз көзқарасымды қорғаймын	3,53 (0,84)	3,78 (0,97)
Ескерту – Қорытынды эксперимент		

Әрбір респонденттің сауалнама нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді, ол төмен (1-2 балл), орташа (3 балл) немесе жоғары (4-5 балл) деп түсіндірілді.

Факторлардың әрқайсысы бойынша топтар арасындағы айырмашылықтар 44-суретте көрсетілген.



Сурет 44 – Эксперименттен кейін «Dutch Test of Conflict Handling» сауалнамасының шкаласы бойынша мәндер


Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара сегмент орташа (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік маркерлер) көрсетеді. Тікбұрышты жақшалардың үстінде Р мәндері орналасқан (екі таңбалы t-тест).

Төмендегі 42-кестеде анықтаушы және қорытынды эксперимент кезеңіндегі шиеленістерді шешу дағдысын диагностикалау бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық көрсетілген.

Кесте 42 – Шиеленістерді шешу көрсеткішін диагностикалау бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық

Фактор	Деңгейлер	Бастапқы тексеру Сандық/пайыздық			Қорытынды тексеру Сандық/пайыздық		
		бақылау тобы	эксперименттік топ	айырмашылық	бақылау тобы	эксперименттік топ	айырмашылық
Шиеленістерді шешу	Төмен	29/64%	31/68%	4%	24/53%	10/22%	31%
	Орта	10/22%	7/16%	6%	12/29%	16/36%	7%
	Жоғары	6/14%	7/16%	2%	9/20%	19/42%	22%

Берілген нәтижелерге сүйене отырып, біз, келесі қорытындылар жасаймыз: біріншіден, бастапқы тексеру нәтижесінде БТ мен ЭТ білімгерлердің арасында ешбір деңгей бойынша айтарлықтай айырмашылықтар болмаған. Қорытынды тексерудің нәтижелері төмен деңгей мен жоғары деңгейдегі айтарлықтай өзгерістерді байқатады. Мысалы, бастапқы тексеруде төмен деңгейдегі айырмашылық небәрі 4% болса, қорытынды тексеруде 31%-ды құрады, сондай-ақ жоғары деңгей бойынша анықтаушы эксперименттегі топтар арасындағы айырмашылық 2% ғана болса, қорытынды эксперимент көрсеткішіне сәйкес 22%-ға жеткен. Бұл қалыптастырушы эксперименттің тиімділігін айқындай түседі. Әр деңгей бойынша өзгеріс векторлары келесі 45-суретте көрсетілген.




а – бақылау тобы; ә – эксперименттік топ

Сурет 45 – Шиеленістерді шешу көрсеткішінің эксперимент басталғанға дейін (әр суреттің сол жақ секциясы) және одан кейін (оң жақ секция) бақылау және эксперименттік топтарының деңгейлік көрсеткіштері

Осылайша, эксперименттік топ мүшелері шиеленістерді шешу қабілетінің деңгейін бақылау тобындағы студенттерге қатысты барлық факторлар бойынша статистикалық тұрғыдан жоғары ($P < 0,05$) бағалады.

Дүниетанымдық құзырет блогының әлемді тану көрсеткіші бойынша эксперименттік жұмыс нәтижелері

Эксперименттен кейінгі сауалнаманың нәтижелерін растау факторлық талдауы сауалнаманың үш өлшемді құрылымының сәйкестігін растады: барлық нүктелер сауалнама құрылымының кейінгі моделінің диаграммасында көрсетілген тиісті факторларға жеткілікті жүктемелерге ие болды (46-сурет).



Сурет 46 – «Әлемді тану» сауалнамасы құрылымының эксперименттен кейінгі моделі

Факторларға (дөңгелектер) пункттердің факторлық жүктемелері (тіктөртбұрыштар) бағыттаушылардың ортасында көрсетілген.


Модельдің жарамдылық көрсеткіші жалпы қанағаттанарлық болды ($\chi^2(32) = 48.290$ ($p = 0.032$); $RMSEA = 0.075$ ($0.023 - 0.116$); $CFI = 0.961$; $TLI = 0.946$; $SRMR = 0.058$), бұл конструкцияның құрылымдық дұрыстығын және теориялық бір факторлы модельдің эмпирикалық мәліметтерге сәйкестігін дәлелдейді. Жалпы коэффициент α ($0,728$ ($0,635 - 0,804$)), жартылай бөліну коэффициенті ($0,868$ ($0,798 - 0,913$)) және корреляцияланған пункттердің орташа көрсеткіші ($0,21$) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді. Эксперименттік әсер ету аяқталғаннан кейін жүргізілген сауалнама нәтижелері 43-кестеде келтірілген.

Әрбір респонденттің сауалнама нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді: ол төмен (1-2 балл), орташа (3 балл) және жоғары (4-5 балл) деп түсіндірілді.

Факторлардың әрқайсысы бойынша топтар арасындағы айырмашылықтар 47-суретте көрсетілген.

Кесте 43 – «Әлемді тану» көрсеткішінің деңгейінің диагностикасы

Факторлар	μ (σ)	
	бақылау тобы (n = 45)	эксперименттік топ (n = 45)
I. Әлемді тану	1,73 (0,99)	1,64 (0,99)
Өз елімнен басқа, мен кем дегенде бір басқа елдің тарихы мен географиясымен таныспын.	2,69 (0,95)	1,62 (0,91)
Өз елімнен басқа, мен кем дегенде бір басқа елдің саяси -экономикалық жүйесімен таныспын	4,58 (1,03)	1,47 (1,06)
Өз елімнен басқа, мен кем дегенде бір басқа елдің тілі, мәдени нормалары, діні, нанымдары мен әдет-ғұрыптарымен таныспын	2,93 (0,96)	3,84 (0,98)
II. Жаһандануды білу	1,67 (0,96)	1,63 (0,96)
Мен жаһандану феноменін және оның даму тенденцияларын түсінемін.	1,56 (0,99)	4,53 (1,06)
Мен жаһанданудың ел дамуына, қоғамның жеке өмір салтына және ғылыми-зерттеу жұмыстарына әсерін түсінемін.	4,69 (0,92)	3,71 (0,97)
Мен халықаралық ұйымдар мен институттардың қазіргі әлем мен қоғамдағы рөлін түсінемін.	4,78 (1,02)	1,60 (0,89)
Мен жаһандық оқиғалар мен халықаралық іс- шараларға назар аударамын.	1,67 (0,90)	4,69 (0,95)
III. Ғылыми эрудиция	1,57 (0,96)	1,53 (1,04)
Мен өзімнің білім алу немесе кәсіби саладағы халықаралық танылған теориялар мен ғылыми мектептермен таныспын.	1,62 (1,01)	1,51 (1,06)
Мен өзімнің білім алу немесе кәсіби саладағы озық халықаралық зерттеу мәселелерімен және теорияларымен таныспын.	1,47 (0,87)	4,58 (1,03)
Мен өзімнің білім алу немесе кәсіби саладағы негізгі халықаралық танылған зерттеу әдістерін білемін.	4,62 (1,01)	4,51 (1,06)
Ескерту – Қорытынды эксперимент		



Сурет 47 – Эксперименттен кейінгі «Эрудиция» сауалнамасының шкаласы бойынша мәндер

Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара сегмент орташа (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік маркерлер) көрсетеді. Тікбұрышты жақшалардың үстінде Р мәндері орналасқан (екі таңбалы t-тест).


Төмендегі 44-кестеде анықтаушы және қорытынды эксперимент кезеңіндегі әлемді тану дағдысын диагностикалау бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық көрсетілген.

Кесте 44 – Әлемді тану көрсеткішін диагностикалау бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық

Фактор	Деңгейлер	Бастапқы тексеру Сандық/пайыздық			Қорытынды тексеру Сандық/пайыздық		
		бақылау тобы	эксперименттік топ	айырмашылық	бақылау тобы	эксперименттік топ	айырмашылық
Әлемді тану	Төмен	23/51%	26/58%	7 %	19/42%	6/13%	29%
	Орта	8/18%	4/9%	9%	14/31%	13/29%	2%
	Жоғары	13/31%	15/33%	2%	12/27%	26/58%	31%

Бастапқы тексеру бойынша БТ мен ЭТ деңгейлер арасында айтарлықтай айырмашылық болмағанын байқаймыз. Қорытынды тексеру нәтижесіндегі орта деңгей бойынша да айырмашылық жоқтың қасы. Алайда, қорытынды эксперименттен алынған сандық және пайыздық көрсеткіштер төмен деңгей мен жоғары деңгейдегі үлкен айырмашылықты көрсетеді. Мысалы, ЭТ бастапқы тексерудегі төмен деңгейінің көрсеткіші 58% болса, қорытынды тексеруде күрт төмендеп, бар жоғы 13%-ды көрсеткен, ал екі топ арасындағы айырмашылық 29%-ды құрады. Дәл солай, жоғары деңгейді көрсеткен ЭТ қатысушылары бастапқы тексеруде 33% болса, қорытынды тексеруде бұл көрсеткіш біршама нығайып, 58%-ға жеткен, ал мұндағы екі топ арасындағы айырмашылық 31%-ды құрады. Берілген нәтижелерге сүйене отырып, біз әлемді тану дағдысы бойынша ЭТ білімгерлері нәтижеліліктерін біршама арттырғанын анық көре аламыз. Әр деңгей бойынша өзгеріс векторлары келесі 48-суретте көрсетілген.

Осылайша, эксперименттік топтың қатысушылары жаһандануды түсіну ($P < 0,01$) және ғылыми әлемді тану ($P < 0,05$) факторлары бойынша бақылау тобының респонденттерімен салыстырғанда өздерінің әлемді тану көрсеткіші бойынша деңгейін статистикалық маңызды жоғары бағалады.




а – бақылау тобы; ә – эксперименттік топ

Сурет 48 – Әлемді тану көрсеткіші бойынша эксперимент басталғанға дейін (әр суреттің сол жақ бөлімі) және одан кейін (оң жақ бөлім) бақылау және эксперименттік топтарының деңгейлік көрсеткіштері

Дүниетанымдық құзырет блогының мәдениетаралық коммуникация көрсеткіші бойынша эксперименттік жұмыс нәтижелері

Эксперименттен кейінгі сауалнаманың нәтижелерін растау факторлық талдауы сауалнаманың бір өлшемді құрылымының сәйкестігін растады: барлық нүктелер анкета құрылымының кейінгі моделінің диаграммасында көрсетілген факторға жеткілікті жүктемелерге ие болды (49-сурет).



Сурет 49 – «Мәдениетаралық коммуникация» сауалнамасы құрылымының эксперименттен кейінгі моделі


Факторларға (дөңгелектер) пункттердің факторлық жүктемелері (тік төртбұрыштар) бағыттаушылардың ортасында көрсетілген.

Модельдің жарамдылық индексі жалпы қанағаттанарлық болды ($\chi^2(35) = 53.360$ ($p = 0.024$); $RMSEA = 0.076$ ($0.028 - 0.116$); $CFI = 0.907$; $TLI = 0.881$; $SRMR = 0.068$), бұл конструкцияның құрылымдық дұрыстығын және теориялық бір факторлы модельдің эмпирикалық мәліметтерге сәйкестігін дәлелдейді. А жалпы коэффициенті ($0,836$ ($0,775 - 0,884$)), жартылай бөліну коэффициенті ($0,771$ ($0,651-0,849$)) және корреляцияланған пункттердің орташа көрсеткіші ($0,50$) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді. Эксперименттік әсер ету аяқталғаннан кейін жүргізілген сауалнама нәтижелері 45-кестеде келтірілген.

Кесте 45 – Мәдениетаралық коммуникация көрсеткіші деңгейінің диагностикасы

Пункттер	μ (σ)	
	бақылау тобы ($n = 45$)	эксперименттік топ ($n = 45$)
Мен мәселелерді шетелдік мәдениет тұрғысынан талдай және бағалай аламын.	3,76 (0,80)	2,62 (0,83)
Мен шетелдіктерді түсінуге күш салдым, сондықтан біз бірге жұмыс істей аламыз немесе бірге өмір сүре аламыз.	1,42 (1,12)	1,58 (0,84)
Мен әртүрлі мәдениет өкілдерімен қарым-қатынасымдағы мәдени айырмашылықтарды түсіне аламын.	2,58 (1,10)	4,64 (0,86)
Мен әртүрлі мәдениет өкілдерімен қарым-қатынас кезінде ортақ тілде тез сөйлесе аламын.	2,56 (0,97)	1,58 (0,92)
Мен өз мәдениетімнен тыс оқи аламын, жұмыс істей аламын және өмір сүре аламын.	1,42 (1,10)	2,38 (0,98)
Ескерту – Қорытынды эксперимент		

Әрбір респонденттің сауалнама нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді: төмен (1-2 балл), орташа (3 балл) және жоғары (4-5 балл) деп түсіндірілді. Сауалнама нәтижелеріндегі топтар арасындағы айырмашылықтар 50-суретте көрсетілген.



Сурет 50 – Эксперименттен кейінгі «Мәдениетаралық коммуникация» шкаласы бойынша мәндер

Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара сегмент орташа (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік маркерлер) көрсетеді. Тікбұрышты жақшаның үстінде Р мәні орналасқан (екі таңбалы t-тест).


Төмендегі 46-кестеде анықтаушы және қорытынды эксперимент кезеңіндегі мәдениетаралық коммуникация дағдысын диагностикалау бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық көрсетілген.

Кесте 46 – Мәдениетаралық коммуникация көрсеткішін диагностикалау бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық

Фактор	Деңгейлер	Бастапқы тексеру Сандық/пайыздық			Қорытынды тексеру Сандық/пайыздық		
		бақылау тобы	эксперименттік топ	айырмашылық	бақылау тобы	эксперименттік топ	айырмашылық
Мәдениетаралық коммуникация	Төмен	21/47%	23/51%	4%	19/42%	9/20%	22%
	Орта	14/31%	13/29%	2%	17/38%	12/27%	11%
	Жоғары	10/22%	9/20%	2%	9/20%	24/53%	33%

Көрсетілген нәтижелерді саралай келе, біз, бастапқы тексеру кезінде БТ пен ЭТ мәдениетаралық коммуникация дағдысы бойынша деңгейлік айырмашылықтар аса маңызды болмаған деп қорытындылай аламыз. Қорытынды эксперименттің нәтижелеріне сүйенсек, БТ пен салыстырғанда, ЭТ білімгерлерінің төмен деңгейдегі көрсеткіштері 31%-ға төмендеген, ал жоғары

деңгей бойынша керісінше 23%-ға, орта деңгей бойынша 11%-ға артқан. Бастапқы тексеру мен қорытынды тексерудегі деңгей бойынша ең үлкен айырмашылықты жоғары деңгей (33%) көрсетті, қалған орта және төмен деңгейлердегі айырмашылық сәйкесінше 11 және 22%. Әр деңгей бойынша өзгеріс векторлары келесі 51-суретте көрсетілген.




а – бақылау тобы; ә – эксперименттік топ

Сурет 51 – Мәдениетаралық коммуникация көрсеткіші бойынша эксперимент басталғанға дейін (әр суреттің сол жақ секциясы) және одан кейінгі (оң жақ секция) бақылау және эксперименттік топтарының деңгейлік көрсеткіштері

Осылайша, эксперименттік топ қатысушылары бақылау тобындағы респонденттермен салыстырғанда мәдениаралық коммуникация бойынша деңгейін статистикалық тұрғыдан жоғары ($P < 0,001$) бағалады.

5. Дүниетанымдық құзырет блогының шет тілін меңгеру көрсеткіші бойынша эксперименттік жұмыс нәтижелері

Эксперименттен кейінгі сауалнаманың нәтижелерін растау факторлық талдауы сауалнаманың бір өлшемді құрылымының сәйкестігін растады: барлық нүктелер анкета құрылымының кейінгі моделінің диаграммасында көрсетілген факторға жеткілікті жүктемелерге ие болды (52-сурет).



Сурет 52 – «Шет тілін меңгеру» сауалнамасы құрылымының эксперименттен кейінгі моделі

Факторларға (дөңгелектер) пункттердің факторлық жүктемелері (тік төртбұрыштар) бағыттаушылардың ортасында көрсетілген.

Модельдің жарамдылық индекстерінің барлығы бірдей қанағаттанарлық емес ($\chi^2(9) = 18,832$ ($p = 0,027$); $RMSEA = 0,110$ ($0,036 - 0,180$); $CFI = 0,924$; $TLI = 0,873$; $SRMR = 0,052$), алайда жалпы коэффициент α ($0,768$ ($0,685-0,835$)), жартылай бөліну коэффициенті ($0,765$ ($0,642 - 0,846$)) және корреляцияланған тармақтардың орташа көрсеткіші ($0,35$) сауалнаманың ішкі сәйкестігін көрсетеді. Эксперименттік әсер ету аяқталғаннан кейін жүргізілген сауалнама нәтижелері 47-кестеде келтірілген.

Кесте 47 – Шет тілін меңгеру дағдысының деңгейінің диагностикасы


Пункттер	μ (σ)	
	бақылау тобы ($n = 45$)	эксперименттік топ ($n = 45$)
1	2	3
Мен әртүрлі мәдениеттердегі адамдармен қарым-қатынас кезінде ортақ тіл тез таба аламын.	3,73 (1,03)	3,84 (1,09)
Мен оқу немесе кәсіп саласында шетел әдебиетін оңай түсіне аламын.	3,82 (0,96)	4,11 (0,93)
Кәсіби әдебиеттерді түсінудегі қиындықтарға тап болған кезде мен бастама көтеріп, автормен байланысып, кеңес ала аламын.	3,60 (1,12)	3,84 (0,90)
Мен өзімнің басшыларыммен бірге SCI, SSCI, ISTP, EI және басқа индекстелген журналдарда немесе конференцияларда мақалалар жариялауға күш салдым.	3,60 (1,10)	3,93 (1,03)
Мен халықаралық академиялық конференцияларда зерттеу мәселелерін талқылау үшін шетелдік ғалымдарды белсенді түрде іздей аламын.	3,58 (1,10)	3,82 (1,05)

47-кестенің жалғасы

1	2	3
Мен халықаралық академиялық конференцияларда шетелдік ғалымдармен зерттеу мәселелерін оңай талқылай аламын.	3,40 (1,07)	3,53 (1,25)
Ескерту – Қорытынды эксперимент		

Әрбір респонденттің сауалнама нәтижелері үшін орташа арифметикалық мән есептелді: төмен (1-2 балл), орташа (3 балл) және жоғары (4-5 балл) деп түсіндірілді.

Сауалнама нәтижелеріндегі топтар арасындағы айырмашылықтар 53-суретте көрсетілген.



Сурет 53 – Эксперименттен кейін «Шет тілін меңгеру» шкаласы бойынша мәндер


Қисық аймақ сандық деректердің таралу тығыздығын көрсетеді. Қара сегмент орташа (орталық маркер) және стандартты ауытқуды (бүйірлік маркерлер) көрсетеді. Тікбұрышты жақшаның үстінде Р мәні орналасқан (екі таңбалы t-тест).

Төмендегі 48-кестеде анықтаушы және қорытынды эксперимент кезеңіндегі шет тілін меңгеру дағдысын диагностикалау бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық көрсетілген.

Кесте 48 – Шет тілін меңгеру көрсеткішін диагностикалау бойынша алынған нәтижелердің деңгей бойынша жіктелуі мен топтар арасындағы айырмашылық

Фактор	Деңгейлер	Бастапқы тексеру Сандық/пайыздық			Қорытынды тексеру Сандық/пайыздық		
		бақылау тобы	экспери менттік топ	Айырма шылық	бақылау тобы	экспери менттік топ	айырма шылық
Шет тілін меңгеру	Төмен	26/58%	24/53%	5 %	27/60%	11/24%	36%
	Орта	10/22%	9/20%	2%	9/20%	13/29%	9%
	Жоғары	9/20%	12/27%	7%	9/20%	21/53%	33%

Берілген нәтижелерге сүйене отырып, біз келесі тұжырым жасадық: бастапқы тексеру кезінде БТ мен ЭТ арасындағы деңгейлер бойынша өзгешеліктер айтарлықтай емес. Яғни екі топтың да шет тілін меңгеру деңгейлері ұқсас нәтижені көрсеткен. Алайда қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижелер біршама өзгерістерді байқатады. Мысалы, ЭТ бойынша төмен деңгей көрсеткіші 29%-ға кеміген, ал бұл деңгейдегі екі топ арасындағы айырмашылық 36%-ды көрсетті. БТ бойынша қорытынды тексеру нәтижелеріне көз жүгіртсек, бастапқы тексерумен салыстырғанда айырмашылық жоқтың қасы. Бұл нәтижелер ЭТ-қа бағытталған қалыптастырушы эксперименттің тиімділігін растайды. Әр деңгей бойынша өзгеріс векторлары келесі 54-суретте көрсетілген.



а – бақылау тобы; ә – эксперименттік топ

Сурет 54 – Шет тілін меңгеру көрсеткіші бойынша эксперимент басталғанға дейін (әрбір суреттің сол жақ секциясы) және одан кейін (оң жақ секция) бақылау және эксперименттік топтардың деңгейлік көрсеткіштері

Осылайша, эксперименттік топтың қатысушылары өздерінің шет тілін меңгеру деңгейін бақылау тобындағы респонденттермен салыстырғанда статистикалық тұрғыдан жоғары ($P < 0,05$) деп бағалады.

Зерттеудің осы тарауында жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту негізінде әзірленген әдістеменің тиімділігін тексеру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың барысы мен нәтижелері көрсетілді.

Сонымен, эксперимент тобындағы білімгерлердің анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент барысындағы жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымына сәйкес инновациялық, толеранттылық және дүниетанымдық құзыреттердің даму деңгейіндегі айырмашылықтары статистикалық маңызды екені анықталды, себебі p деңгейі $p=0.072$. Демек, аталған көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалады.

Ал бақылау тобындағы респонденттердің анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент барысындағы жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымына сәйкес инновациялық, толеранттылық және дүниетанымдық құзыреттердің даму деңгейіндегі айырмашылықтары статистикалық мәнді емес екені анықталды, $p=0.0026$.

Қорыта келгенде, өткізілген эксперимент жұмысы жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту әдістемесінің тиімділігі туралы біздің болжамымызды растады. Тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында алынған нәтижелер ұсынылған болжамның дұрыстығын дәлелдеді және айқындалған психологиялық-педагогикалық шарттары мен оларды іске асыруда жасалған әдістеме жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды тиімді жүзеге асыруға ықпал ететінін көрсетті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды теориялық тұрғыдан негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеруге арналған зерттеу жұмысымыздың негізгі нәтижелері анықталып, **тұжырымдар** мен ұсыныстар жасалды:

1. Зерттеу нәтижесінде диссертациялық жұмыстың пәніне сәйкес философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектерде берілген теориялық анықтамаларға жасалған талдау негізінде біз «жаһандану», «жаһандық білім беру», «жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі» ұғымдарының мәнін нақтыладық.

Біздің тұжырымдамуымызша, жаһандану бұл – әлемнің әр түкпіріндегі елдер мен қоғам арасындағы құндылықтарды, білімді, технологияны және мінез-құлық ережелерін білу, бейімдеу және дамытуға қатысты процес. Осы ретте жаһандық білім беру – адамдарға қазіргі әлемнің күрделі болмысы мен процестерін түсінуге және өзара байланысты әлемнің қиындықтарына төтеп беруге мүмкіндік беретін құндылықтарды, көзқарастарды, білім мен дағдыларды дамытуға бағытталған процес.

Осыдан педагог-психологтың кәсіби портретін жасау мен жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрамын айқындау бізге жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін олардың диагностикалық, коррекциялық, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу функцияларын жүзеге асырудағы жаһандық білім беру талаптарына сәйкес гумандық ұстанымдағы толеранттылық тұлғалық сапасы мен инновациялық, дүниетанымдық білім, білік, дағдыларының кіріктірілген жиынтығы деп нақтылауымызға мүмкіндік берді.

2. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың көрсеткіштері мен деңгейлері инновациялық, толеранттылық, дүниетанымдық құзыреттері құрамына сәйкес және Б.Блумның оқу мақсаттарының дәстүрлі классификациясына негізделіп айқындалды және жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі дамуын бағалаудың тиімділігін көрсетті.

3. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі тұжырымдамалық (мақсаты, әдіснамалық тұғырлар, жаһандық білім беру принциптері), мазмұндық (дамыту процесінің мазмұны, формалары, әдістері, құралдары, кезеңдері), нәтижелік (көрсеткіштері, деңгейлері, диагностикалық әдістері) бөліктерінің бірлігін қарастырады.

4. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың деңгейлерін Б.Блум таксономиясына негіздеп айқындайтын диагностикасын; жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін мотивациялық, білімділік, біліктілік кезеңдермен дамытудың әдістемесін: «Formation of global competence in the context of higher education» элективті курсы, «Жаһандану жағдайында болашақ

педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» атты тренингін, «Secret of success of educational psychologist» ашық есік күндері мен «10 сұхбат» аудиториядан тыс іс-шараларын практикаға ендіруді біз ұсынған инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданып жүзеге асырғанда нәтижелі болады.

Жүргізілген зерттеу бойынша келесідей ұсыныстар жасалады:

1. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің мәні мен құрамы және оны дамытудың моделі осы салада білім алушыларға теориялық білімдерді жүйелі түрде меңгеруге септігін тигізеді. Оларды педагогтердің біліктілігін жетілдіретін институттардың бағдарламаларына енгізу қажет.

2. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда жоғары оқу орындары білім беру процесін тиімді пайдалану қажет.

3. «Secret of success of educational psychologist» ашық есік күндері мен «10 сұхбат» аудиториядан тыс іс-шаралар бағдарламаларының мазмұнын іске асырудың мүмкіндіктерін практикаға ендірген жөн.

4. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда біз ұсынып отырған элективті курс тренинг бағдарламасы аясында инновациялық технологияларды қолдану негізінде жүзеге асырған дұрыс.

5. Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстарды жоғары оқу орындарының және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарында тақырыптық іс-шаралар өткізуде негізге алу қажет.

Зерттеу нәтижелері болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесін қарастыруға бағытталған жұмыстарды жетілдіруге негіз болып табылады. Зерттеу тақырыбы ауқымды әрі күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын жеткілікті дәрежеде қамту мүмкін емес. Қарастырылып отырған зерттеу мәселесі толығымен шешімін тапты деуге болмайды, сондықтан жинақталған теориялық және практикалық материалдар мазмұны, үнемі дамыту мен нақтылауды талап етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі: Қазақстан халқына жолдауы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100002021>. 12.03.2022.
- 2 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылдың 28 наурызда, №248 бекітілген // <https://online.zakon.kz/Document/?>. 17.04.2023.
- 3 Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің м.а. Бұйрығы. «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы: 2022 жылдың 15 желтоқсаны, №500 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149>. 17.04.2023.
- 4 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №726 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>. 17.04.2023.
- 5 Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319-III қабылданған // <https://online.zakon.kz/Document>. 05.01.2023.
- 6 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Бұйрығы. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы: 2022 жылдың 20 шілдесі, №2 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>. 05.01.2023.
- 7 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы: 2022 жылғы 3 тамызы, №348 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031#z1163>. 05.01.2023.
- 8 Афанасьев В.Г. Человек в управлении обществом. – М.: Политиздат, 1977. – 385 с.
- 9 Аверьянов А.Н. Философия нейтральности: монография. – М.: Логос, 2004. – 171 с.
- 10 Садовский В.Н. Основания общей теории систем. Логико-методологический анализ. – М.: Наука, 1974. – 276 с.
- 11 Юдин Э.Г. Методология науки. Системность. Деятельность. – М.: Эдиториал УРСС, 1997. – 446 с.
- 12 Абдильдин Ж.М. Вопросы философии. – Алматы, 2008. – 187 с.
- 13 Абишев К.А. Предметная деятельность как отношение субъекта к объекту // В кн.: Проблема субъекта и объекта в марксистской философии. – Алма-Ата: Казахстан, 1975. – 192 с.
- 14 Балгимбаев А.С., Абдильдин Ж.М. Диалектика активности субъекта в научном познании. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1977. – 303 с.
- 15 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – М., 2000. – 350 с.
- 16 Ананьев Б.Г. О методах современной психологии // В кн.: Психодиагностические методы: в комплексном лонгитюдном исследовании студентов. – Л.: ЛГУ, 1976. – С. 13-35.

- 17 Божович Л.И. Личность и её формирование в детском возрасте: психологическое исследование. – М.: Просвещение, 1968. – 464 с.
- 18 Леонтьев А.А., Леонтьев Д.А., Соколова Е.Е. Алексей Николаевич Леонтьев: деятельность, сознание, личность. – М.: Смысл, 2005. – 431 с.
- 19 Намазбаева Ж.И. Психологическое обеспечение развития интеллектуально-творческой личности в образовательной среде // Психология обучения. – 2014. – №6. – С. 13-21.
- 20 Тоқсанбаева Н.Қ. Психологияны оқыту әдістемесі: оқу құр. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 194 б.
- 21 Аралбаева Р.К., Сапарғалиева А.Ж. Современные проблемы подготовки педагога-психолога как специалиста помогающих профессий // Психолого-социальная работа в современном обществе: проблемы и решения: матер. междунар. науч.-практ. конф. – СПб., 2016. – С. 225-228.
- 22 Бабанский Ю.К. Педагогика. – М.: Просвещение, 1988. – 478 с.
- 23 Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. – М.: Высш. шк., 1990. – 117 с.
- 24 Сластенин В.А. и др. Педагогика. – М.: Академия, 2002. – 576 с.
- 25 Хмельок Р.И. Профотбор и первоначальная подготовка студентов педагогических институтов: автореф. ... док. пед. наук: 13.00.01. – Л.: Ленинград, 1970. – 30 с.
- 26 Конаржевский Ю.А. Педагогический анализ учебно-воспитательного процесса и управление школой. – М.: Педагогика, 1986. – 143 с.
- 27 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 с.
- 28 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. – Алматы: Ғылым, 1998. – 320 с.
- 29 Успанов К.С. Теория и практика формирования профессионально значимых качеств у будущих учителей: автореф. ... док. пед. наук. – Алматы, 1999. – 53 с.
- 30 Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Технология трехмерной методической системы обучения: сущность и применение. – Алматы: Зерде, 2018. – 480 с.
- 31 Хан Н.Н. К проблеме формирования национального самосознания студента в педагогическом процессе вуза // Матер. междунар. форума «Самореализация личности в современном социуме». – Екатеринбург, 2012. – С. 131-136.
- 32 Құдайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық–әдіснамалық негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2010. – 336 б.
- 33 Меңлібекова Г.Ж. Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың кәсіби–дидактикалық құзіреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. ... автореф. – Астана, 2003. – 50 б.
- 34 Таубаева Ш.Т. Компетентностный подход в структуре методологического зания педагогики. – Алматы, 2009. – 90 с.
- 35 Кунанбаева С.С. Современное иноязычное образование: методология и теория: монография. – Алматы, 2005. – 264 с.

36 Жалолова Э.Б. Компетентностный подход – основной путь достижения современного качества образования младших школьников // Достижения науки и образования. – 2019. – №7(48). – С. 81-83.

37 Джадрина М.Ж. Ориентация на результат как условие реализации компетентностного подхода к образованию в школе. – Алматы: Казахская академия образования им. Ы. Алтынсарина, 2004. – 26 с.

38 Қаңлыбаева Д.Т. Оқушыларға коммуникативтік құзыреттілік білім берудің негіздері // Білім әлемінде. – 2002. – №4(4). – Б. 57-60.

39 Турчинов А.И. Профессионализация и кадровая политика теории и практики. – М.: Флинта, 1998. – 272 с.

40 Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования // Народное образование. – 2003. – №2. – С. 58-64.

41 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003. – №5. – С. 34-42.

42 Варданян Ю.В. Структура и развитие профессиональной компетентности специалиста с высшим образованием: на материале подготовки педагога и психолога: автореф. ... док. пед. наук: 13.00.01, 19.00.07. – М.: Моск. пед. гос. ун-т., 1999. – 38 с.

43 Vare P. The Competence Turn // In book: Competences in Education for Sustainable Development: critical perspectives. – Cham: Springer International Publishing, 2022. – P. 11-18.

44 Boyatzis R., Stubbs E.C., Taylor S.N. Competency development through an integrated MBA program, a longitudinal examination // Academy of Management Learning and Education Journal. – 2002. – Vol. 1, Issue 1. – P. 150-162.

45 Горбунова Н. В. Реализация компетентностного подхода в системе педагогического образования // Реализация компетентностного подхода в системе профессионального образования педагога: матер. 4-й всерос. науч.-практ. конф. – Евпатория, 2017. – С. 39-48.

46 Евдокимова Н.В. Становление понятий «компетентность» и «компетенция» в современной педагогической практике // <http://www.t21.rgups.ru/archive/doc2007/1/07.doc>. 25.01.2023.

47 Шадриков В.Д. Личностные качества педагога как составляющие профессиональной компетентности // Вестник Ярославского государственного университета им. П.Г. Демидова. – 2006. – №1. – С. 15-21.

48 Толеубекова Р.К., Мугауина Г.О. Определение компонентов культуры педагога-психолога // Professionalism of a teacher in the information society: formation and problems of improvement: proced. 4th internat. scient. conf. – Prague, 2018. – P. 49-53.

49 Жаксыбаева А.Ж. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру // Молодой ученый. – 2014. – №1.2(60.2). – С. 55-57.

50 Бақытбекқызы Б., Дюсенбаева А. Болашақ педагог психологтардың кәсіби құзыреттілігінің негіздері // <https://articlekz.com/kk/article> 10.04.2022.

51 Магауова А.С. Компетентностная парадигма подготовки социальных педагогов // ЦИТИСЭ. – 2019. – №1(18). – С. 18-25.

52 Салханова Ж.Х. Компетентность и компетенции: монография. – Алматы: Казах. нац. ун-т им. Аль-Фараби, 2013. – 178 с.

53 Сапаргалиева А.Ж. Совершенствование профессиональной подготовки педагога-психолога как специалиста помогающих профессий: дис. ... док. PhD: 6D010300. – Талдыкорган, 2015. – 155 с.

54 Lowenstein L.F. Research and the School or Educational Psychologist // School Psychology International. – 1982. – Vol. 3, Issue 4. – P. 189-190.

55 Забродин Ю.М., Леонова О.И. Организация применения профессионального стандарта «Педагог-психолог (психолог в сфере образования)» в режиме адаптации // Психолого-педагогические исследования. – 2017. – Т. 9, №3. – С. 19-29.

56 Fernández J. Psicólogo/a educativo: formación y funciones // Papeles del psicólogo. – 2013. – Vol. 34, Issue 2. – P. 116-122.

57 Славутская Е.В. Психологическое сопровождение учащихся начальной школы в условиях введения ФГОС НОО. – Чебоксары, 2013. – 78 с.

58 Давыдов Д.Г. Требования к профессиональной подготовленности специалиста в области психологии безопасности // Психология безопасности личности в современных условиях: матер. межведом. науч.-практ. конф. – Голицыно, 2008. – Ч. 1. – С. 46-48.

59 Михно О.С., Чмыхова Е.В., Давыдов Д.Г. и др. Проектирование компетентностно-ориентированной образовательной программы по направлению «педагог-психолог» в практике электронного обучения // Психология обучения. – 2017. – №8. – С. 89-107.

60 Abdullayeva P.T., Abdullayeva Zh.T. Problems of formation of diagnostic competence of specialists in education in psychological and pedagogical literature // Bulletin of KazNPU named after Abai. – 2020. – Vol. 62, Issue 1. – P. 303-309.

61 Аманова А.К. Болашақ педагог-психолог мамандарының кәсіби кұзіреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: 6D010300: док. PhD. ... дис. – Астана, 2017. – 143 б.

62 Есимгалиева Т.М. Формирование профессиональной компетентности будущих педагогов-психологов в условиях полиязычного образования: дис. ... док. PhD: 6D010300. – Алматы, 2020. – 194 с.

63 Аяганова А.Ж., Гани А.М. Болашақ педагог-психологтардың коммуникативтік кұзыреттіліктері // Молодой ученый. – 2018. – №50.1(236.1). – С. 3-5.

64 Барышникова Е.В. Профессиональная компетентность будущих педагогов-психологов: монография. – Челябинск: Юж.-Урал. гос. гуман.-пед. ун-т, 2017. – 239 с.

65 Фещенко Е.М. Профессиональная компетентность педагога-психолога в новых образовательных условиях // Вестник Брянского государственного университета. – 2011. – №1. – С. 253-256.

66 Алисултанова З.М. Педагогические условия формирования профессиональной компетентности у будущих педагогов-психологов в

самообразовательной деятельности: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08. – Махачкала, 2012. – 176 с.

67 Марголис А.А., Коновалова И.В. Критерии профессиональной компетентности педагога-психолога // Психологическая наука и образование. – 2010. – Т. 15, №1. – С. 13-20.

68 Marín-Díaz V., González-López I., Flores J.F. Professional Competencies in the Field of Educational Psychology Seen from the Perspective of the Students // World Journal of Education. – 2014. – Vol. 4, Issue 6. – P. 1-8.

69 Scott P. Globalisation and higher education: Challenges for the 21st century // Journal of studies in International Education. – 2000. – Vol. 4, Issue 1. – P. 3-10.

70 Russo S.L., Osborne L.A. The globally competent student // <https://studylib.net/doc/25543824/globally-competent-student-russo>. 10.08.2022.

71 Bakhtiari S. Globalization and Education: Challenges and Opportunities // International Business & Economics Research Journal. – 2006. – Vol. 5, Issue 2. – P. 95-102.

72 Lee W.O. The conceptual framework of the 21st century competences // Procced. conf. Symposium on Education and 21st Century Competencies. – Oman, 2013. – P. 22-24.

73 Alhothali H.M. Inclusion of 21st Century Skills in Teacher Preparation Programs in the Light of Global Expertise // International Journal of Education and Practice. – 2021. – Vol. 9, Issue 1. – P. 105-127.

74 Breitreuz K.R., Songer T.D. The emerging 360 degree model for global citizenship education // International Journal of Research on Service-Learning and Community Engagement – 2015. – Vol. 3, Issue 1. – P. 21561.

75 Камашев С.В. Россия в условиях современной глобализации // Философия образования. – 2015. – №4(61). – С. 134-143.

76 Оразбаева К.О. Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: бД010300: док. PhD ... дис. – Алматы, 2016. – 163 б.

77 Kavenuke P.S., Kinyota M., Kayombo J.J. The critical thinking skills of prospective teachers: Investigating their systematicity, self-confidence and scepticism // Thinking Skills and Creativity. – 2020. – Vol. 37. – P. 100677.

78 Marrs S.A., Quesada-Pallarès C., Nicolai K.D. et al. Measuring Perceived Research Competence of Junior Researchers // Frontiers in psychology. – 2022. – Vol. 13. – P. 834843-1-834843-10.

79 Komarkova I., Gagliardi D., Conrads J. et al. Entrepreneurship competence: An overview of existing concepts, policies and initiatives: final report. – Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2015. – 162 p.

80 Mallinckrodt B. et al. Developing a comprehensive scale to assess college multicultural programming // Journal of Counseling Psychology. – 2014. – Vol. 61, Issue 1. – P. 133-145.

81 Uzunboylu H., Hürsen Ç. Lifelong learning competence scale (LLLCS): The study of validity and reliability // Hacettepe Üniversitesi Eğitim Fakültesi Dergisi. – 2011. – Vol. 41, Issue 41. – P. 449-460.

- 82 Bao Y. et al. The research of interpersonal conflict and solution strategies // *Psychology*. – 2016. – Vol. 7, Issue 4. – P. 541-545.
- 83 Liu Y., Yin Y., Wu R. Measuring graduate students' global competence: Instrument development and an empirical study with a Chinese sample // *Studies in Educational Evaluation*. – 2020. – Vol. 67. – P. 6.
- 84 Levitt T. The globalization of markets. – *The McKinney Quarterly*, 1983. https://edisciplinas.usp.br/pluginfile.php/4180851/mod_resource/content. 25.03.2023.
- 85 Human Development Report / UNDP. – NY.: Oxford University Press, 1993. – 138 p.
- 86 Cheng C.Y., Lee F. Multiracial identity integration: Perceptions of conflict and distance among multiracial individuals // *Journal of Social Issues*. – 2009. – Vol. 65, Issue 1. – P. 51-68.
- 87 Кефели И.Ф., Мозелов А.П. Идея глобализма и идея коммунизма: за и против // *Управленческое консультирование*. – 2006. – №2. – С. 74-80.
- 88 Pelegrinová L., Lačný M. The Impact of Globalization on Economies of Developed Countries // *Journal of Economic Development, Environment and People*. – 2013. – Vol. 2. – P. 25-34.
- 89 Федорова Ю.В. Глобализация: экономический аспект // *Вестник экономической науки Украины*. – 2015. – №2(29). – С. 108-113.
- 90 Володин А.Г., Широков Г.К. Глобализация: истоки, тенденции, перспективы // *Полис*. – 1999. – №5. – С. 83-93.
- 91 Rodionova L.A. Modeling the links between institutional and actual globalization in the countries of the world // *Business Informatics*. – 2021. – Vol. 15, Issue 4. – P. 61-75.
- 92 Зарецкая С.Л. Международная составляющая современного высшего образования // *Глобализация и образование: сб. обзор*. – М., 2001. – С. 38-74.
- 93 Михеев В.В. Глобализация и азиатский регионализм: вызовы для России. – М.: РАН, 2001. – 224 с.
- 94 Чумаков А.Н. Глобализация. Контурь целостного мира: монография. – М.: Проспект, 2005. – 365 с.
- 95 Пардабеков Д.А., Мейрбаев Б.Б. Теоретико-методологические аспекты глобализации // *Вестник КазНУ*. – 2018. – Т. 62, №4. – С. 188-200.
- 96 Hanvey R. G. An Attainable Global Perspective // *Procced. the American Forum for Global Education*. – NY., 2004. – P. 2-47.
- 97 Botkin J.W., Elmandjra M., Malitza M. No Limits to Learning: Bridging the Human Gap: The Report to the Club of Rome. – Oxford, 1979. – 159 p.
- 98 Хайрутдинов Р.Р. Глобализация образования и мир глобального образования // *Глобальная экономика и образование*. – 2021. – Т. 1, №2. – С. 82-88.
- 99 Zheldibayeva R., Sapargaliyeva A., Rimantas Z. Defining «global competence» in the framework of Kazakhstani educational psychologists' professional competence // *The Scientific Heritage*. – 2022. – Vol. 87, Issue 2. – P. 19-23.
- 100 Global Education Guidelines. Concepts and Methodologies on Global Education for Educators and Policy Makers / Council of Europe. – Lisbon, 2019. –

154 p.

101 Мацуура К. Глобализация – это также культурный процесс // *Международная жизнь*. – 2000. – №8-9. – С. 25-32.

102 Amerdinova M., Akbotoeva Z. Globalization in the sphere of education and educational reform // <https://cyberleninka.ru/article/n/globalization-in>. 12.03.2023.

103 Barrett B. Globalization and change in higher education: The political economy of policy reform in Europe. – NY.: Palgrave Macmillan, 2017. – 323 p.

104 Алтынбасов Б.Ө. Жаһандандудың қазақстанның жоғары білім саласына ықпалы: саяси-құқықтық аспектілері // *ҚазҰУ Хабаршысы*. – 2021. – Т. 96, №4. – Б. 4-15.

105 Лысенко В. Философия и практика глобального образования в российской школе // *Народное образование*. – 1994. – №9-10. – С. 10-16.

106 Ломакина Г.Р. Проблемы формирования профессиональной компетентности специалистов с высшим образованием // *Дискуссия*. – 2012. – №2. – С. 144-147.

107 Chomsky N. Language and thinking. – M.: MSU publishing house, 1972. – 122 p.

108 Философиялық сөздік / ред. Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 б.

109 Гребенюк Т.Б., Гурова В.П. Формирование мотивационной компетентности у старшеклассников в учебно-воспитательном процессе: монография. – Калининград, 2007. – 95 с.

110 Шишов С.Е., Кальней, В.А., Бухтеева, Е.В. Проблема формирования компетенций методическими средствами в процессе обучения // *Вестник РМАТ*. – 2014. – №1. – С. 73-78.

111 Мильруд Р.П. Компетентность в языковом образовании // *Вестник Тамбовского университета*. – 2003. – №2(30). – С. 100-106.

112 Herreras E.V. Aprendizaje basado en competencias. Una propuesta para la evaluación de las competencias genericas // *Estudios Sobre Educación*. – 2009. – Issue 16. – P. 197-199.

113 Gómez Martín M.E. et al. Plan Integral de Acompañamiento al Estudiante PIAE+ // <https://www.upv.es/perfiles/futuro-alumno/integra-piaeacom-es>. 25.03.2023.

114 Marin-Garcia J.A., Alfalla-Luque R. Teaching experiences based on action research: a guide to publishing in scientific journals // *WPOM-Working Papers on Operations Management*. – 2021. – Vol. 12, Issue 1. – P. 42-50.

115 Жекибаева Б.А., Садыков К.И., Искаков М.И. Изучение проблемы взаимодействия субъектов педагогического процесса // *Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований*. – 2014. – №11-3. – С. 423-426.

116 Маркова А.К. Психология профессионализма. – М.: Знание, 1996. – 308 с.

117 Семёнова Е.С. Формирование профессиональной компетентности будущих учителей иностранного языка на основе контекстного подхода: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08. – Чебоксары, 2007. – 222 с.

118 Лебедев О.Е. Компетентностный подход в образовании // *Школьные*

технологии. – 2004. – №5. – С. 3-11.

119 Кустова А.П. Профессиональная компетентность психолога органов внутренних дел: автореф. ... канд. психол. наук: 19.00.06. – СПб., 2011. – 22 с.

120 Далингер В.А. Компетентностный подход и результаты его внедрения в российскую систему образования // Академическая наука – проблемы и достижения: матер. 12-й междунар. науч.-практ. конф. – Северный Чарльстон, 2017. – С. 61-64.

121 Аржаник М.Б. Комплексная математическая подготовка как условие повышения профессиональной компетентности будущих психологов: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.08. – Томск, 2014. – 23 с.

122 Байденко В. Компетенции в профессиональном образовании (к освоению компетентностного подхода) // Высшее образование в России. – 2004. – №11. – С. 3-13.

123 Аймаганбетова О.Х., Сагнаева Т.Ж. Эмпирическое исследование профессиональной компетентности как детерминанты, определяющей готовность к профессиональной деятельности будущих психологов // Вестник КазНПУ им. Абая. – 2014. – №2. – С. 29-35.

124 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя: автореф. ... док. пед. наук: 13.00.01 – Киев, 1986. – 46 с.

125 Желдибаева Р., Сапаргалиева А. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби кәзіреттілігін дамытудың өзекті мәселелері // Торайғыров университетінің Хабаршысы. – 2021. – №2 – Б. 192-201.

126 Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе. – М.: Совершенство, 1997. – 298 с.

127 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. Бұйрығы. Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы: 2022 жылдың 25 тамызда, №377 бекітілген. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029288>

128 Mansilla V.B., Jackson A. Educating for Global Competence: Preparing Our Youth to Engage the World. – NY., 2011. – 137 p.

129 Zheldibayeva R., Sapargaliyeva A. Development of professional competencies of future pedagogue-psychologists in the context of globalization // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2020. – №1-2. – Б. 112-117.

130 Li J. The literature of innovation competence // In book: Innovation Competency Model. – London: Routledge, 2020. – P. 43-64.

131 Симбирских Е.С., Суворова Ю.Б. Методы формирования инновационной компетентности // Вестник Мичуринского государственного аграрного университета. – 2010. – №2. – С. 253-255.

132 Коновалова О.Ю. Развитие толерантности как социально-педагогическая проблема // Инклюзивное образование: методология, практика, технологии: матер. конф. – М., 2011. – С. 185.

133 Yürüşen M. Tolerance as a political and moral concept in liberal theory. – İzmir: Ege Üniversitesi, 1993. – 325 s.

134 Soanes C., Stevenson A. Oxford Dictionary of English. – Ed. 2nd. – Oxford: Oxford University Press, 2003. – 2088 p.

- 135 Raatma L. Tolerance. – Mankato, Minesota: Capstone Press, 2000. – 24 p.
- 136 Brown W. Regulating Aversion: Tolerance in the Age of Identity and Empire. – Princeton: Princeton University Press, 2006. – 259 p.
- 137 Pryor K.J. The Macmillan encyclopedia of Australian plants and animals // <https://catalogue.nla.gov.au/Record/3308617>. 25.03.2023.
- 138 Zheldibayeva R., Sapargaliyeva A. Formation of global competence of future educational psychologists // Болашақ педагогтарды заманауи білім беру кеңістік жағдайында даярлау: республ. ғыл.-тәжір. конф. матер. – Талдықорған, 2021. – Б. 174-178.
- 139 Longview Foundation. Global competence // <https://longviewfdn.org/what-were-learning/global-competence/>. 25.03.3023.
- 140 Куikliна Н.С. Глобальные компетенции: доклад // <http://edu.mari.ru/mouo-mariturek/sh11/DocLib88/Методический>. 25.03.2023.
- 141 Global competency for an inclusive world / PISA // <https://globalcitizen.nycu.edu.tw/wp-content/uploads/2016/12/2.-Global-competency-for-an>. 25.03.2023.
- 142 Sälzer C. et al. Assessing global competence in PISA 2018: Challenges and approaches to capturing a complex construct // International Journal of Development Education and Global Learning. – 2018. – Vol. 10, Issue 1. – P. 5-20.
- 143 Leal M.S., Gómez M.L.O., Toma R.B. Conceptual construction of global competence in education // Teoria de la Educacion. – 2022. – Vol. 34, Issue 1. – P. 83-103.
- 144 Johnson J. Children, robotics, and education // Artificial Life and Robotics. – 2003. – Vol. 7, Issue 1-2. – P. 16-21.
- 145 Чубарова Е.В. Метод Dogme: обучение без учебника // Концепт. – 2017. – Т. 3. – С. 253-257.
- 146 Mertes L. Thinking and writing // Middle School Journal. – 1991. – Vol. 22. – P. 24-25.
- 147 Edward Z., Paul C.A. Critical thinking and computing project in computer studies postgraduate methods course: Technology perspective // Education Research International. – 2014. – Vol. 3, Issue 1. – P. 88-102.
- 148 Klooster D. What is critical thinking // Thinking Classroom. – 2001. – Vol. 2001, Issue 4. – P. 36-40.
- 149 Zheldibayeva R.S., Rimantas Z. The development of critical thinking among future teachers-psychologists in the context of globalization // Bulletin of Toraighurov University. – 2023. – Issue 1. – P. 127-133.
- 150 Glaser E.M. Critical thinking: Educating for responsible citizenship in a democracy // National Forum. Phi Kappa Phi Journal. – 1985. – Vol. 65, Issue 1. – P. 24-27.
- 151 Demirel Ö. Program Development in Education: From Theory to Practice. – 2005. – Ankara: Pegem A Publishing. – 18 p.
- 152 De Neys W., Pennycook G. Logic, fast and slow: Advances in dual-process theorizing // Current Directions in Psychological Science. – 2019. – Vol. 286 Issue 5. – P. 503-509.
- 153 Carracedo A., Valenzuela J. A Study of the Internal Structure of Critical Thinking Dispositions // Inquiry: Critical Thinking Across the Disciplines. – 2012. –

Vol. 27. – P. 31-38.

154 Zheldibayeva R.S., Rimantas Z., Murat Sh. Critical thinking as a premise for the professional competence in the era of globalization // Болашақ педагогтарды заманауи білім беру кеңістік жағдайында даярлау: республ. ғыл.-тәжір. конф. матер. – Талдықорған, 2021. – Б. 181-184.

155 Thiry H., Laursen S.L., Hunter A.B. What experiences help students become scientists? A comparative study of research and other sources of personal and professional gains for STEM undergraduates // The Journal of Higher Education. – 2011. – Vol. 82, Issue 4. – P. 357-388.

156 Linn M.C., Palmer E., Baranger A. et al. Undergraduate research experiences: impacts and opportunities // Science. – Vol. 347, Issue 6222. – P. 1261757-1-1261757-11.

157 Gonzalez A.B. Boosting Research Competence // The Lamp. – 2010. – Vol. 1, Issue 2. – P. 5-8.

158 Kılıç R., Keklik B., Çalış N. A research on entrepreneurship tendencies of university students: Bandırma I.I.B.F. an example of a business department // Journal of Faculty of Economics and Administrative Sciences. – 2012. – Vol. 17, Issue 2. – P. 423-435.

159 Hirsch R.D., Peters M.P. Entrepreneurship. – Ed. 4th. – Boston: Irwin McGraw-Hill, 1998. – 681 p.

160 Yılmaz E., Sünbül A.M. Towards the Development of Entrepreneurial University Students Scale // Selcuk University Journal of the Institute of Social Sciences. – 2009. – Vol. 21. – P. 195-203.

161 Желдибаева Р. Научные основы развития профессиональных компетенций будущих педагогов-психологов в условиях глобализации // Глобальная наука и инновация 2020: Центральная Азия. – 2020. – №5(10). – С. 6-10.

162 Гаврилова Т.П. Эмпатия и её особенности у детей младшего и среднего школьного возраста: дис. ... канд. психол. наук: 19.00.07.. – М., 1977. – 178 с.

163 Тюлин М.Ю. Эмпатия как важнейшее качество педагога в искусстве внутренних трансформаций субъектов образования // Вестник Тверского государственного университета. – 2013. – №2. – С. 51-56.

164 Сутурина Ю.В. Влияние педагогической эмпатии и проявлений алекситимии на академическую успеваемость студентов: дис. ... канд. психол. наук: 19.00.07. – Иркутск: Восточ.-Сиб. гос. акад. образ., 2011. – 209 с.

165 Uzunboylu H., Hürsen Ç. Lifelong learning competence scale (LLLCS): The study of validity and reliability // Hacettepe Üniversitesi Eğitim Fakültesi Dergisi. – 2011. – Vol. 41, Issue 41. – P. 449-460.

166 Demirel M. Implications of lifelong learning on educational institutions // Cypriot Journal of Educational Sciences. – 2009. – Vol. 4. – P. 199-211.

167 Гаврилова Е.Н. Системно-методическое обеспечение инновационной направленности в процессе преподавания математических дисциплин в ВУЗе: дис. ... док. PhD: 6D010900. – Талдықорған, 2021. – 154 с..

168 Шамликашвили Ц.А., Островский А.Н. и др. Внедрение системы эффективного предупреждения и разрешения конфликтов в практику российского здравоохранения как ответ на вызов времени: основные задачи и пути их решения // Социология медицины. – 2015. – Т. 14, №2. – С. 19-24.

169 Akgun S., Araz A. The effects of conflict resolution education on conflict resolution skills, social competence, and aggression in Turkish elementary school students // Journal of Peace Education. – 2014. – Vol. 11, Issue 1. – P. 30-45.

170 Hanvey R.G. An attainable global perspective // Theory into practice. – 1982. – Vol. 21, Issue 3. – P. 162-167.

171 Yoo E. The Implications of Emotion for Global Citizenship Education // Association of Global Studies Education. – 2023. – Vol. 15. – P. 89-116.

172 Griffith R.L., Wolfeld L., Armon B.K. et al. Assessing intercultural competence in higher education: Existing research and future directions // ETS Research Report Series. – 2016. – Vol. 2. – P. 1-44.

173 Deardorff D.K. Identification and assessment of intercultural competence as a student outcome of internationalization // Journal of Studies in International Education. – 2006. – Vol. 10, Issue 3. – P. 241-266.

174 Romijn B., Slot P., Leseman P. Increasing teachers' intercultural competences in teacher preparation programs and through professional development: A review // Teaching and Teacher Education. – 2021. – Vol. 98. – P. 103236.

175 Stein-Smith K. Foreign language skills as the ultimate 21st century global competency: Empowerment in a globalized world // International Journal of Research Studies in Language Learning. – 2017. – Vol. 7, Issue 3. – P. 71-86.

176 Желдибаева Р.С. Қазақстандық ЖОО-дарындағы болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктеріндегі «жаһандық құзыреттіліктің» рөлі // Торайғыров университетінің Хабаршысы. – 2021. – №4. – Б. 367-375.

177 The English Effect: The Impact of English, What It's Worth to the UK and Why It Matters to World / British Council. – Manchester, 2013. – 20 p.

178 Zheldibayeva R. The adaptation and validation of the global competence scale among educational psychology students // International Journal of Education and Practice. – 2023. – Vol. 11. – P. 35-46.

179 Lee C.G. English Language and Economic Growth: Cross-Country Empirical Evidence // Journal of Economic and Social Studies. – 2009. – Vol. 1, Issue 1. – P. 5-20.

180 Education First. English Proficiency Index 2021 // <https://www.ef.com/wwen/epi/regions/asia/kazakhstan/> 20.06.2021.

181 The Benefits of the English Language for Individuals and Societies: Quantitative Indicators from Algeria, Egypt, Iraq, Jordan, Lebanon, Morocco, Tunisia, and Yemen / Euromonitor International. – London, 2012. – 268 p.

182 Bloom B.S. et al. Taxonomy of educational objectives: Handbook 1: Cognitive domain – NY.: Longmans, Green and Company, 1956. – 212 p.

183 Штофф В.А. Роль модели в познании. – Л.: Ленингр. ун-т, 1963. – 128 с.

184 Дахин А.Н. Моделирование в педагогике // Идеи и идеалы. – 2010. – №1(3). – С. 11-20.

- 185 Лодатко Е.А. Моделирование образовательных систем в контексте ценностной ориентации социокультурного пространства // Научно-культурологический журнал. – 2008. – №1(164). – С. 2-3.
- 186 Sheets, Rosa. What is Diversity Pedagogy Theory // CreativeWriting Section of Multicultural Education Magazine. –Virginia, 2009. – 11 p.
- 187 Pardjono P. Active Learning: The Dewey, Piaget, Vygotsky, and Constructivist Theory Perspectives // Jurnal Ilmu Pendidikan. – 2016. – №9(10). – P. 163.
- 188 Тупталов Б. Философия образования для XXI века. – М.: Логос, 2012. – Т. 10. – 207 с.
- 189 Борытко Н.М. Методологическая культура педагогов школы как условие ее инновационной деятельности // «Целостный учебно-воспитательный процесс: исследование продолжается»: матер. методол. семин. памяти В.С. Ильина. – Волгоград, 1997. – Вып. 4. – С. 107-110.
- 190 Немов Р.С. Психология: в 3 кн. – М.: Владос, 2015. – Кн. 1. – 394 с.
- 191 Павлов С.Н. Организационно-педагогические условия формирования общественного мнения органами местного самоуправления: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Магнитогорск, 1999. – 23 с.
- 192 Алисултанова З.М. Педагогические условия формирования профессиональной компетентности будущих педагоговпсихологов в самообразовательной деятельности: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.08. – Махачкала, 2012. – 22 с.
- 193 Ипполитова Н. Анализ понятия «педагогические условия»: сущность, классификация // General and Professional Education. – 2012. – №1. – P. 8-14.
- 194 Хушбахтов А.Х. Терминология «педагогические условия» // Молодой учёный. – 2015. – №23(103). – С. 1020-1022.
- 195 Мухамедьянов С.А. Портфолио: введение в теорию и практику. – Уфа: Чурагул, 2007. – 103 с.
- 196 Баймуханбетов Б.М. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру: 6D010200: док. PhD ... дис. – Алматы, 2014. – 159 б.
- 197 Zheldibayeva R., Sapargaliyeva A. Conditions for the development of professional competencies of future pedagogue-psychologists in the context of globalization // Bulletin of KazNPU named after Abai. Series «Psychology». – 2020. – Vol. 3, Issue 67. – P. 87-91.
- 198 Таженова Г.С. «Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары» атты еңбегінде студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыру: 6D010300: док. PhD ... дис. – Алматы, 2022. – 160 б.
- 199 Айтенова Э.А. Дуальді-бағдарлық оқыту жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру: 6D010300: док. PhD ... дис. – Алматы, 2022. – 197 б.
- 200 Сыздықбаева А.Д. Формирование исследовательской компетентности будущего учителя начальных классов: док. PhD ... дис.: 6D010300. – Алматы, 2016. – 201 с.

201 Методические рекомендации по профилизации в организациях образования / Национальная академия образования им. Ы. Алтынсарина. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 52 с.

202 Далингер В.А. Проектирование элективных курсов по геометрии посредством локальной аксиоматизации // Современные проблемы науки и образования. – 2006. – №3. – С. 67-70.

203 Лернер П.С. Роль элективных курсов в профильном обучении // Профильная школа. – 2004. – №3. – С. 12-17.

204 Сапаргалиева А.Ж., Аралбаева Р.К. Вопросы организации тренинга формирования профессиональной компетентности будущих специалистов // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия Педагогика и Психология. – 2015. – №1. – С. 189-194.

205 Реутова Е.А. Применение активных и интерактивных методов обучения в образовательном процессе вуза. – Новосибирск: НГАУ, 2012. – 58 с.

206 Вербицкий А.А., Ильязова М.Д. Инварианты профессионализма: проблемы формирования: монография. – М: Логос, 2011. – 288 с.

ҚОСЫМША А

Анықтама



Анықтама

Бұл анықтама Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің PhD докторанты Желдибаева Райгүль Сериковнаның «Жаһандану жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы зерттеу жұмысының эксперименті Сарсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің 6В01101- «Педагогика және психология» мамандығы студенттерінің арасында жүргізілгендігін растайды.

Педагогика, психология және
мәдениет Факультетінің деканы

Г.Б.Куленова

Орын: Раксов КР
Тел: 87232/24-12-79(мх 129)

ҚОСЫМША Ә

Ендіру актісі

«Бекітемін»
Академиялық мәселелер
жөніндегі проректор
п.ғ.д., профессор
Д.Ж. Қадияров



16. 2020 ж.

Ендіру актісі

Бұл ендіру актісі І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің PhD докторанты Желдябаева Райгуль Сериковнаның зерттеу жұмысына негізделген «Formation of global competence in the context of higher education» злективті курсы Педагогика және психология жоғары мектебінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасына қарасты 6B01101 «Педагогика және психология» мамандығында 2020-2021 оқу жылында білім беру үдерісіне енгізілгендігін және білімгерлер арасында эксперимент жүргізілгенін растайды.

Педагогика және психология
жоғары мектебінің деканы,
п.ғ.д., профессор



К.Т. Ыбыранмжанов

«Педагогика және психология»
БББ жетекшісі
PhD доктор



А.Ж. Сапарғалиева

ҚОСЫМША Б

«Болашақ мұғалімдердің сыни ойлау дағдылары: олардың жүйелілігін, өзіне деген сенімділігі мен скептицизмін зерттеу» Patrick Severine Kavenuke, Mjege Kinyo

Берілген сауалнама сыни ойлау дағдысын бағалауға бағытталған «The Critical Thinking Skills of Prospective Teachers: Investigating their Systematicity, Self-confidence and Scepticism сауалнамасының түрлендірілген (модификацияланған) нұсқасы. Сауалнама Лайкерт шкаласы бойынша «мүлдем келіспеймін» дегеннен «толық келісемін» дегенге дейін бағалануды қажет ететін 3 факторға негізделген 9 мәлімдемеден тұрады:

Жүйелілік:

1. Мен өзімнің немесе басқалардың пікірін әділ бағалаймын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

2. Мәселені шешкен кезде мен әдетте осы мәселені шешу үшін деректер көздерін жүйелі түрде ұйымдастырамын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

3. Мен мәселені шешу үшін қорытындыларды тұжырымдамаларыма сүйене отырып жасаймын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

Өзіне деген сенімділік:

1. Мен кез-келген күрделі мәселені шеше аламын деп ойлаймын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

2. Мен күрделі мәселені ынталы түрде шешемін:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

3. Мен әдетте өзім белгілеген критерийлерді қолдана отырып, күрделі мәселелерді шешемін:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

Скептицизм:

1. Маған сұрақ қойылғанда, жауап бермес бұрын бірнеше рет ойланамын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

2. Әдетте менің кез-келген шешімімде ақылға қонымды дәлелдер бар:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

3. Менің ойымша, кез-келген пікірде дәйекті себебі болуы қажет:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

ҚОСЫМША В

«Жас зерттеушілердің зерттеу құзыреттілігін өлшеу» Sarah A. Marrs, Carla Quesada-Pallarès, Korinthia D. Nicolai, Elizabeth A. Severson-Irby

Берілген сауалнама зерттеушілік дағдысын бағалауға бағытталған «Measuring Perceived Research Competence of Junior Researchers сауалнамасының түрлендірілген (модификацияланған) нұсқасы. Сауалнама Лайкерт шкаласы бойынша «мүлдем келіспеймін» дегеннен «толық келісемін» дегенге дейін бағалануды қажет ететін 2 факторға негізделген 10 мәлімдемеден тұрады:

Зерттеуді жоспарлау:

1 Маған нақты зерттеу сұрақтарын / гипотезаларын құру қиын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

2. Зерттеу мәселесін айқындау үшін қандай деректер / көздер / материалдар қажет екенін шеше аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

3. Мен зерттеу үрдісін жоспарлай аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

4. Зерттеу үрдісінің әрбір кезеңін жүзеге асыру маған қиынға соғады:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

Әдістерді таңдау және қолдану:

1. Белгілі бір зерттеу тақырыбын қарастыру үшін қандай әдістерді қолдану керектігін шешу мен үшін оңай:

- мүлдем келіспеймін;

- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

2. Белгілі бір зерттеу тақырыбын қарастыру үшін қандай әдістерді қолдану оңтайлы емес екендігін шешу мен үшін оңай:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

3. Мен сапалы деректерді сенімді түрде талдай аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

4. Мен зерттеу тақырыбыма сәйкес келетін әртүрлі зерттеу әдістерін қолдана аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

5. Мен деректерді/дереккөздерді / материалдарды талдау үшін күрделі әдістерді сенімді түрде қолдана аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

6. Мен деректерді талдаудың әртүрлі әдістерін сенімді түрде қолдана аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

ҚОСЫМША Г

«Кәсіпкерлік дағдылар» Ivana Komarkova, Dimitri Gagliardi, Johannes Conrads,
Antonio Collado

Берілген сауалнама кәсіпкерлік дағдысын бағалауға бағытталған «Entrepreneurship Competence: An Overview of Existing Concepts, Policies and Initiatives» сауалнамасының түрлендірілген (модификацияланған) нұсқасы. Сауалнама Лайкерт шкаласы бойынша «мүлдем келіспеймін» дегеннен «толық келісемін» дегенге дейін бағалануды қажет ететін 10 мәлімдемеден тұрады:

1. Мен өз идеяларымды ұсына аламын:
 - мүлдем келіспеймін;
 - келіспеймін;
 - келіспейтін шығармын;
 - келісетін шығармын;
 - келісемін;
 - толық келісемін.
2. Мен күнделікті өмірдегі тәуекелдерді анықтай аламын және олардан аулақ болу жолдарын білемін:
 - мүлдем келіспеймін;
 - келіспеймін;
 - келіспейтін шығармын;
 - келісетін шығармын;
 - келісемін;
 - толық келісемін.
3. Мен идеяларды дамыта аламын және оларды жүзеге асыру мақсаттарын негіздей аламын:
 - мүлдем келіспеймін;
 - келіспеймін;
 - келіспейтін шығармын;
 - келісетін шығармын;
 - келісемін;
 - толық келісемін.
4. Мен тәуекелдерді түсінемін және өз әрекеттерім үшін жауапкершілікті өз мойныма аламын:
 - мүлдем келіспеймін;
 - келіспеймін;
 - келіспейтін шығармын;
 - келісетін шығармын;
 - келісемін;
 - толық келісемін.
5. Мен тұжырымдаманың жобасын елестете аламын және бизнес-жоспардың мақсатын түсіне аламын:
 - мүлдем келіспеймін;
 - келіспеймін;

- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

6. Мен идеяларды бизнес ұсыныстарына айналдырып, олардың инновациялық тәсілдері мен нарықтық әлеуетін бағалай аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

7. Мен кейс-стади әдісі арқылы бизнес тәуекелдерін бағалай аламын және тиісті шешімдер қабылдай аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

8. Басқалармен пікірталаста мен өз идеяларымды құрылымдық түрде қолдайтын дәлелдер таба аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

9. Мен бизнес-жоспарларды оқи, түсіндіре және бағалай аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

10. Мен әлеуметтік кәсіпорынның бизнес-моделі аясында / өз бизнес-жоспарымды жасай аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

ҚОСЫМША Ғ

«Күнделікті көпмәдениетті құзыреттер/этномәдени эмпатияның қайта қаралған шкаласы» Mallinckrodt B., Miles J.R., Bhaskar T., Chery, N.

Берілген сауалнама эмпатия көрсеткішін бағалауға бағытталған «Everyday Multicultural Competencies/revised Scale of Ethnocultural Empathy» сауалнамасының түрлендірілген (модификацияланған) нұсқасы. Сауалнама Лайкерт шкаласы бойынша «мүлдем келіспеймін» дегеннен «толық келісемін» дегенге дейін бағалануды қажет ететін 3 факторға негізделген 10 мәлімдемеден тұрады:

Мәдени ашықтық:

1. Мен әртүрлі мәдениет өкілдерімен қарым-қатынаста болу мүмкіндігі бар ұйымда жұмыс істегім келеді:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

2. Мен университеттің түрлі мәдени іс-шараларына қатысуға мүдделімін:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

3. Менің елімнің тұрғындарының көпшілігіне басқа елдердің мәдениеті туралы көбірек білу пайдалы болар еді:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

Өзара әрекеттесу:

1. Мен оқу үрдісі немесе топтық жобалар аясында басқа мәдениеттер өкілдерімен өзара әрекеттесуге қарсы емеспін:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

2. Өзге мәдениеттердің өкілдерімен қарым-қатынасқа түсу мен үшін ыңғайсыздық тудырады:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

3. Мен басқа нәсілдегі адамдардан қорқамын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

4. Менің мәдениетімнен тыс мәдениет өкілдерімен берік достық қарым-қатынасым болуы мүмкін екеніне күмән келтіремін:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

Эмпатия:

1. Маған өзімнен басқа нәсілдік немесе этникалық адам болуды елестету оңай:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

2. Маған нәсілдік немесе этникалық жағынан өзгеше адамның орнына өзімді қою қиын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

3. Адамдар өздерінің нәсілдік немесе этникалық шығу тегіне байланысты қиындықтарға тап болуы мені алаңдатады:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;

- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

ҚОСЫМША Д

«Үздіксіз білім беру құзыреттілігі шкаласы: жарамдылық пен сенімділікті зерттеу» Hüseyin Uzunboylu, Çiğdem Hürsen

Берілген сауалнама өзін-өзі дамыту көрсеткішін бағалауға бағытталған «Lifelong learning Competence scale» сауалнамасының түрлендірілген (модификацияланған) нұсқасы. Сауалнама Лайкерт шкаласы бойынша «мүлдем келіспеймін» дегеннен «толық келісемін» дегенге дейін бағалануды қажет ететін 12 мәлімдемеден тұрады.

1. Мансаптық дамуға қолжетімді мүмкіндіктерді анықтай аламын:
 - мүлдем келіспеймін;
 - келіспеймін;
 - келіспейтін шығармын;
 - келісетін шығармын;
 - келісемін;
 - толық келісемін.
2. Мансап немесе білім алу саласына қатысты барлық оқу іс-шараларының бағдарламаларын орындай аламын:
 - мүлдем келіспеймін;
 - келіспеймін;
 - келіспейтін шығармын;
 - келісетін шығармын;
 - келісемін;
 - толық келісемін.
3. Оқу үрдісінде еш кідірместен сұрақ қоюға қабілеттімін:
 - мүлдем келіспеймін;
 - келіспеймін;
 - келіспейтін шығармын;
 - келісетін шығармын;
 - келісемін;
 - толық келісемін.
4. Өз кәсіби саласында кез келген мәселе бойынша қызығушылық танытамын:
 - мүлдем келіспеймін;
 - келіспеймін;
 - келіспейтін шығармын;
 - келісетін шығармын;
 - келісемін;
 - толық келісемін.
5. Қызықтыратын пән бойынша білім алу кезінде тұжырымдамалық карталарды қалыптастыра аламын:
 - мүлдем келіспеймін;
 - келіспеймін;
 - келіспейтін шығармын;

- келісетін шығармын;
 - келісемін;
 - толық келісемін.
6. Зерттелетін пән бойынша маңызды тұстарды таңдай аламын:
- мүлдем келіспеймін;
 - келіспеймін;
 - келіспейтін шығармын;
 - келісетін шығармын;
 - келісемін;
 - толық келісемін.
7. Мансаптық өсуге ықпал ететін құжаттарды таңдай аламын:
- мүлдем келіспеймін;
 - келіспеймін;
 - келіспейтін шығармын;
 - келісетін шығармын;
 - келісемін;
 - толық келісемін.
8. Оқуды жеңілдететін материалдарды таңдай аламын:
- мүлдем келіспеймін;
 - келіспеймін;
 - келіспейтін шығармын;
 - келісетін шығармын;
 - келісемін;
 - толық келісемін.
9. Оқу үрдісінде жаңа ақпаратқа зейін сала аламын:
- мүлдем келіспеймін;
 - келіспеймін;
 - келіспейтін шығармын;
 - келісетін шығармын;
 - келісемін;
 - толық келісемін.
10. Оқу үрдісінде туындайтын қиындықтарды түсінемін:
- мүлдем келіспеймін;
 - келіспеймін;
 - келіспейтін шығармын;
 - келісетін шығармын;
 - келісемін;
 - толық келісемін.
11. Оқу үрдісінде тілді тиімді пайдалана аламын:
- мүлдем келіспеймін;
 - келіспеймін;
 - келіспейтін шығармын;
 - келісетін шығармын;
 - келісемін;
 - толық келісемін.

12. Оқу үрдісінде эмпатияны қалыптастыра аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

ҚОСЫМША Е

«Шиеленістерді шешу бойынша голландиялық тест» Yingshan Bao, Fangwei Zhu, Yue Hu, Ning Cui, Yuan Gu

Берілген сауалнама шиеленістерді шешу көрсеткішін бағалауға бағытталған «Dutch Test of Conflict Handling» сауалнамасының түрлендірілген (модификацияланған) нұсқасы. Сауалнама Лайкерт шкаласы бойынша «мүлдем келіспеймін» дегеннен «толық келісемін» дегенге дейін бағалануды қажет ететін 4 факторға негізделген 18 мәлімдемеден тұрады:

Ынтымақтастық:

1. Мені және өзге тарапты қанағаттандыратын шешімді қабыламас бұрын мен мәселені жан-жақты саралаймын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

2. Мен ортақ компромисс табудың қажеттілігін жақсы түсінемін

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

3. Мен мәселені өзімнің және өзгелердің пайдасына шешу үшін барынша тырысамын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

4. Мен оптималды шешімді қабылдау үшін мәселені екіжақты қарастырамын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

5. Мен 50/50 компромиссын табу үшін барынша тырысамын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;

- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

6. Мен екі жақтың да компромиске бет бұруын қадағалаймын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

7. Мен «алтын ортаны» табуға тырысамын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

Жалтару

1. Мен басқаларға қарсы тұрмауға тырысамын

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

2. Мен пікірлердің әртүрлігінен сескенемін:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

3. Мен біздің әртүрлігімізге қатысты шиеленістерден аулақпын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

Көңгіштік:

1. Мен өзге тараптың мақсат-мүдделеріне бейімделемін:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;

- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

2. Мен өзге тараптың қызығушылығын бірінші орынға қоямын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

3. Мен өзге тарапқа қол ұшымды созуға тырысамын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

4. Мен өзге тараппен толықтай келісемін:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

Табандылық:

1. Мен үнемі өз пайдамды іздеймін:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

2. Мен өзіме жағымды нәтиже шығару үшін барынша күресемін:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

3. Мен барлығын жеңу мақсатында жасаймын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;

- толық келісемін.
- 4. Мен өз көзқарасымды дәлелдеймін:
 - мүлдем келіспеймін;
 - келіспеймін;
 - келіспейтін шығармын;
 - келісетін шығармын;
 - келісемін;
 - толық келісемін.

ҚОСЫМША Ж

«Білімгерлердің жаһандық құзыреттілігін өлшеу: қытай үлгісіндегі құралды әзірлеу және эмпирикалық зерттеу» Yang Liua, Yue Yinb, Ruilin Wu

Берілген сауалнама әлемді тану көрсеткіштерін бағалауға бағытталған «Global Competence Scale for graduate students» сауалнамасының түрлендірілген (модификацияланған) нұсқасы. Сауалнама Лайкерт шкаласы бойынша «мүлдем келіспеймін» дегеннен «толық келісемін» дегенге дейін бағалануды қажет ететін 3 факторға негізделген 10 мәлімдемеден тұрады:

Әлемді тану:

1. Өз елімнен басқа, мен кем дегенде бір басқа елдің тарихы мен географиясымен таныспын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

2. Өз елімнен басқа, мен кем дегенде бір басқа елдің саяси - экономикалық жүйесімен таныспын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

3. Өз елімнен басқа, мен кем дегенде бір басқа елдің тілі, мәдени нормалары, діні, нанымдары мен әдет-ғұрыптарымен таныспын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

Жаһандануды білу:

1. Мен жаһандану феноменін және оның даму тенденцияларын түсінемін:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

2. Мен жаһандандудың елдің дамуына, қоғамның жеке өмір салтына және ғылыми-зерттеу жұмыстарына әсерін түсінемін:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

3. Мен халықаралық ұйымдар мен институттардың қазіргі әлем мен қоғамдағы рөлін түсінемін:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

4. Мен жаһандық оқиғалар мен халықаралық іс- шараларға назар аударамын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

Ғылыми эрудиция:

1. Мен өзімнің білім алу немесе кәсіби саладағы халықаралық танылған теориялар мен ғылыми мектептермен таныспын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

2. Мен өзімнің білім алу немесе кәсіби саладағы озық халықаралық зерттеу мәселелерімен, мәселелерімен және теорияларымен таныспын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

3. Мен өзімнің білім алу немесе кәсіби саладағы негізгі халықаралық танылған зерттеу әдістерін білемін:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;

- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

ҚОСЫМША И

«Білімгерлердің жаһандық құзыреттілігін өлшеу: қытай үлгісіндегі құралды әзірлеу және эмпирикалық зерттеу» Yang Liua, Yue Yinb, Ruilin Wu

Берілген сауалнама мәдениетаралық коммуникация көрсеткішін бағалауға бағытталған «Global Competence Scale for graduate students» сауалнамасының түрлендірілген (модификацияланған) нұсқасы. Сауалнама Лайкерт шкаласы бойынша «мүлдем келіспеймін» дегеннен «толық келісемін» дегенге дейін бағалануды қажет ететін 5 мәлімдемеден тұрады:

1. Мен мәселелерді шетелдік мәдениет тұрғысынан талдай және бағалай аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

2. Мен шетелдіктерді түсінуге күш салдым, сондықтан біз бірге жұмыс істей аламыз немесе бірге өмір сүре аламыз:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

3. Мен әртүрлі мәдениеттердегі адамдармен қарым-қатынасымдағы мәдени айырмашылықтарды түсіне аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

4. Мен әртүрлі мәдениеттердегі адамдармен қарым-қатынас кезінде ортақ тілде тез сөйлесе аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

5. Мен өз мәдениетімнен тыс оқи аламын, жұмыс істей аламын және өмір сүре аламын:

- мүлдем келіспеймін;

- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

ҚОСЫМША К

«Білімгерлердің жаһандық құзыреттілігін өлшеу: қытай үлгісіндегі құралды әзірлеу және эмпирикалық зерттеу» Yang Liua, Yue Yinb, Ruilin Wu

Берілген сауалнама шет тілін меңгеру көрсеткішін бағалауға бағытталған «Global Competence Scale for graduate students» сауалнамасының түрлендірілген (модификацияланған) нұсқасы. Сауалнама Лайкерт шкаласы бойынша «мүлдем келіспеймін» дегеннен «толық келісемін» дегенге дейін бағалануды қажет ететін 6 мәлімдемеден тұрады:

1. Мен әртүрлі мәдениеттердегі адамдармен қарым-қатынас кезінде ортақ тілде тез тілдесе аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

2. Мен оқу немесе кәсіп саласында шетел әдебиетін оңай түсіне аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

3. Кәсіби әдебиеттерді түсінудегі қиындықтарға тап болған кезде мен бастама көтеріп, автормен байланысып, кеңес ала аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

4. Мен өзімнің ғылыми кеңесшіммен бірге SCI, SSCI, ISTP, EI және басқа индекстелген журналдарда немесе конференцияларда мақалалар жариялауға күш салдым:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

5. Мен халықаралық академиялық конференцияларда зерттеу мәселелерін талқылау үшін шетелдік ғалымдарды белсенді түрде іздей аламын:

- мүлдем келіспеймін;

- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.

6. Мен халықаралық академиялық конференцияларда шетелдік ғалымдармен зерттеу мәселелерін оңай талқылай аламын:

- мүлдем келіспеймін;
- келіспеймін;
- келіспейтін шығармын;
- келісетін шығармын;
- келісемін;
- толық келісемін.